

84.5к23 - В  
М 16

# Мұқаталу



Шығармашылық

*Аударма  
Хаттар  
Естеліктер*

*Үшінші басылым*



# Мұқаталу

Журнал орталықтандастырылған мәдениет жарнамасы

## Шығармалары



КӨП ТОМДЫҚ  
ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

V-ТОМ

069137-6  
*77*

ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН  
КІТАПХАНАЛЫҚ ЖУМЫСЫ

АЛМАТЫ  
“ЖАЛЫН БАСПАСЫ” 03.08.2009 ж.

2013

2013 - 2014

УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз 7-5  
М-16

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитеті  
“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару”  
бағдарламасы бойынша шығарылды

*2001–2002-жыл аралығында басылған  
4 томдығы негізінде шығарылды*

*V-том ақынның 80 жылдық мерейтойына орайластырылды*

**Макатаев Мұқабали.**

- M -16** Шығармаларының толық жинағы. Көп томдық. Құраст. Қ. Құрманғалиев. 2-басылым. – Алматы: “Жалын баспасы” ЖШС, 2013.  
5-том: Аударма, хаттар, естеліктер – 320 бет.

ISBN 978-601-7286-66-8

Бұл томға ақынның әйгілі А. Дантенің “Құдіретті комедия” атты дастанының аудармасы, кейбір хаттары және анасы мен зайдыбының, басқа да замандастарының естеліктері енді.  
Кітап көпшілік оқырманға арналып отыр.

УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 978-601-7286-66-8 Т-5  
ISBN 978-601-7286-69-9

© “Жалын баспасы” ЖШС, 2013

# Аударма



медиа"  
сы мен  
и.

512.122  
Каз 7-5

С, 2013

# А.Данте

## ҚҰДІРЕТТІ КОМЕДИЯ

### ТАМҮК

#### БІРІНШІ ЖЫР

Бұл фәниде жарты өмірді жасадым да, әрі астым, 1  
Әрі астым да, қара орманға қапелімде жанастым.  
Ойпаттагы опа көрген оң жолымнан адастым.

Ежелгі оның қорқынышын есте тұтып келемін, 4  
Үрей бүкідан тағы орманды тажалдайын көремін.  
Қаңдай еді ол, пәруәрдігер, қалай айттып беремін!

Сүркай еді-ау, өлім одан әлдеқайда сұлу-ды, 7  
Бірақ онда бір игілік мәңгі-бақи бұғулы,  
Бәрін де айтам, нелер көрдім, нені жүрек ұғынды.

Есімде жок, алқапқа қалай барып қалғанмын, 10  
Анық ізден адасқанда абдырадым, таңдандым.  
Сайқымазақ сүм үйқының сайтанына алдандым.

Бектеріне жон-жотаның жақынырақ, келгенде, 13  
Қыратқа кеп иек артқан атырапты көргенде,  
Аузыма кеп тығылады жатқан жүрек кеудемде.

Көрдім соңда, қос жанарым жалт етіп бір ашылып, 16  
Айналага жол сілтеген аппақ нұрлар шашылып,  
Жадырап түр алып таудың иығына асылып.

Сонда ғана жаным еркін жадырады, жай тапты, 19  
Тұла бойда тулаған қан жайыменен қайта ақты.  
Тұңғиық, түн тұралатып, жан азабын байқатты.

- Тол қармаған шыңыраудан шыққан пенде алайтын, 22  
 Жашага кеп, әзер дем ап, құттылдым деп санайтын.  
 Артындағы үрей шашқан толқындарға қарайтын.
- Солай менің рухым да құрақ үшкін, шошынған, 25  
 Ішінде үміттің сәуле сіндей сапарыма тосыннан.  
 Ник-ажалға апаратын хас-соқпақта тосылған.
- Торғ мүшеме сәл дем бердім қалжыраган, қаңсыған, 28  
 Сірмеледім өрге қарай тағат алмай бар шыдам.  
 Ал табаным тіреу болды жердің төсін жаншыған.
- Іілди төмен, мекен етіп балқып жатқан баурайды, 31  
 Құндылжыған бір сілеусін құйындағын аунаіды,  
 Өнекейлі таңғажайып тарғыл жүні лаулайды.
- Шыр айналып тұрып алды сол сілеусін көлденең, 34  
 Сол қуаіпті шыңыраудан шыға алмаймын, сенделем.  
 Үсері қрайтып, қорғансам деп, сәл абдырап көрген ем.
- Ганаша құн тұғырында, таңсәріде, ерте еді, 37  
 Шоқ жұлдыздар бірін-бірі ұзатады, ертеді,  
 Анила бір тұнып тұрған, тұнып тұрған ертегі.
- Күлдіретті махаббат көп жұлдыз шоғын қозгады, 40  
 Сол қақытты сәтке сеніп, жігерім де тозбады.  
 Жүргөтімде тулай ағып қаным дағы қозбады.
- Алибайкақ тағыға мен қарап тұрып алыстан: 43  
 Гана да бір құбыжықпен зәре ұшыра табысқам.  
 Құндағы алдында қасқайып тұр айғыр жадды арыстан.
- Күрсі қарап келе жатыр, жалмайтұғын секілді, 46  
 Құншық, буып, айбат шегіп, үрей бүркіп өкірді.  
 Гұлшан тұрған жан-жағымның тынышын да кетірді.
- Арын ашып, толтыра алмай ашкөздіктің қоржынын, 49  
 Құншық, бөрі ілести де, арыстанға болды күң.  
 Қорғонде оны құты қашқан талай-талай сорлының.

|   |    |
|---|----|
| Өңменімді тесіп тұрган қанды көздің алдында,        | 52 |
| Айлам құрып қалалаңдым, құтылып көр, ал, мұнда.     |    |
| Армандаған биігімнен адастым ба, қалдым ба?!        |    |
| Коңыз-дүние қоламтасын қалт жібермей құрайтын,      | 55 |
| Бір сараңдар болушы еді аш өлуге шыдайтын.          |    |
| Бастарынан дәулет тайса қайғыратын, жылайтын.       |    |
| Мен де солай абыраадым, сабырсызық жаңышыды,        | 58 |
| Қыр сонынан қалар емес аш берінің қанышыры,         |    |
| Ықтырады түнекке бір, сөуленің жоқ талшығы.         |    |
| Ку даға құлатты әкеп қорқыныштың өр қүші,           | 61 |
| Қарсы алдымға келді соңда қалжыраған ер кісі.       |    |
| Қалжырапты кейпінде бар үнсіздіктің белгісі.        |    |
| Мұнды үнмен жалына бір, сол адамды болжадым, —      | 64 |
| “Мейлің аруақ, мейлің адам, мейлің елес бол, жаным, |    |
| Құтқар мені, құтқар мені, бұз пәледен қорғағын!”.   |    |
| Үн қатты ол: “Адам болғам, қазір адам емеспін:      | 67 |
| Ломбардтар ұрпағымын, сол рудан мен өстім,          |    |
| · Мантуюны ломбардтар отаны емес демес кім?         |    |
| Юлий Цезарь кезінде мен кеш болса да туғанмын,      | 70 |
| Августқа мен арқа сүйеп, Римде де тұрганмын.        |    |
| Қасиетті сол жандарға халық тағлым қылған мың.      |    |
| Ақын едім жырга сенген, жырдан рахат сеземін,       | 73 |
| Анхиз ұлы секілденіп аулақ жаққа кезгемін.          |    |
| Жалын құшқан Троядан жанұшыра безгемін.             |    |
| Бар қуаныш бастамасы, себебі мен қорегі,            | 76 |
| Шұғылалы шында неге сүйдірмейсің денені?!           |    |
| Артыңдағы азап-сорға неге кайтқың келеді?».         |    |
| Апырау, сен, Виргилий ме, бар әлемге жыр құйып,     | 79 |
| Мөлдіреген бұлақтысың, теңізбісің тұңғиыл? —        |    |
| Дедім дағы тайды жүзім, барлық жүйем тұрды иіл.     |    |

|   |     |
|---|-----|
| О, шамшырак, ар мен ождан, жыр төресі жер-көкте,<br>Күрмөт көрсет махаббатқа, қажымайтын еңбекке.<br>Алменің жібер, келдім міне, қауымыңа еңбекке!        | 82  |
| Тиглем тұтып, тәрбие алған ұстазымың сен менің,<br>Ол есімде өсем жырды мұра қылып бергенің.<br>Есім жырың аралап жүр барша әлемнің елдерін.              | 85  |
| Көлпі маған, медет берші, о, көреген Адамым,<br>Жыныртқыш тағы тұңғылықта тықсырады, қарағын!<br>Күл үстінде құрақ ұшып, қалтырап мен барамын!            | 88  |
| Үренімді көріп менің тар қапаста қалғанда,<br>Жиңіңа жолды тиістісің, — деді маған, — таңдауға,<br>Ішіл байлайсың артыңдағы жабайы інге бармауға.         | 91  |
| Сен айдынан қанышық, бөрі — қанішерлер ку аңы,<br>Сен келе жатқандарды өлтіреді, қуады.<br>Жиңіңіңдағы заттың бәрін жалмайды да, тынады.                  | 94  |
| Ол озі бір қайырымсыз, қанды аузызды сұрапыл,<br>Жиңілді көрсе, бір азуын бір азуына ұратын.<br>Ол озі бір обыр жауыз, жалмайтын да жұлатын.              | 97  |
| Коршіген бір мақұллықпен құшақтасып аунайды,<br>Ол озірге алдарқатып талайларды алдайды,<br>Күри Тобет келген күні қарасы оның қалмайды.                  | 100 |
| Жиңір бестінің байлығына ол бас ұрмайды, тайқайды,<br>Ал, махаббат, ақыл-парасат не екенін байқайды,<br>Мемлекеттік құшаққа алып, меніреу түнді шайқайды. | 103 |
| Камилла, Нис, Эвриал, Турн өлген жерлерде,<br>Жиңішіңа жай түсіретін жаратылар өр кеуде,<br>Шипилия қалқаны боп қалар мәңгі өлмеуге.                      | 106 |
| Күншілдіктің құрты қозып желіктірген — "жарыққа",<br>Күншішің, бөрі кашып барып, енсе дағы табытқа.<br>Жиңілкесінен сүреп шығып, қақтайды ол Тамұқта.     | 109 |

- Саған айтам, айтам саған, сөз кезегі келгенде, 112  
Мына жерден әкетемін, құры босқа сенделме,  
Ер соңымнан, алып барам махшардағы елдерге.
- Сонда естисің боздауларды, қарғыс отқа қарылған, 115  
Атам заманғы рухтарды азап-сорға таңылған,  
Басқа өлімді арман етіп, босқа кекsep жалынған.
- Ұжмақтағы пенделерге қосылуды қалаған, 118  
От ішінен көресің сен қайрыға жат сан адам,  
Ізгіліктен ниеттеніп үмітпенен қараған.
- Шыңға өрмелеп шығам десен, қанаттанар қарқының, 121  
Қарсы алдыңдан күтіп алар сол бір әйел — алтының.  
Жолың болсын, енді екеуміз қоштасайық, жарқыным.
- Тәкаппарлы тәңірінің қарсы тұрған заңына, 124  
Қаласына кіргізбейді ол, тыйым салған жауына.  
Маган ерген адамдарды жолатпайды маңына.
- Бар ғаламға ол әмірші, сонда өтеді уақыты, 127  
Сонда оның қаласы да, тәжі менен тақыты.  
Жолы болып, соған енген пенделердің бақыты!".
- "О, ақыным, — дедім де мен, — жалбарына жалынам, 130  
Сен шыңдығын аңғармаған құдай ақы табынам.  
Кетейінші ақдаһа ажал, жауыздықтан, тағыдан.
- Мәнгі азапқа жан тапсырған, жалынменен баттасып, 133  
Көрсет маган сол жаңдарды, көрсет тәңір қақласын,  
Өзің өткен жолды көрсет, сөule шашсын, сақтасын".
- Аяңдағы ол, мен артынан келем ізін тап басып. 136

### **ЕКІНШІ ЖЫР**

- Күн де батты, мақұлықтар тірлігінен енді ада, 1  
Бәрісін де үйқыға алды, кешкі ауа, кең дала,  
Кең далада үйсіз-куйсіз жалғыз қалған мен ғана.
- Алда тұрды ауыр шайқас, даярланып, қамданам, 4  
Азап-қайғы, ауыр сапар төзейін деп қарманам.  
Жалғаны жок, есіме алам, жалғыздықтан арланам.

Мұға, саған жалбарынам, шақырамын келе гөр!  
О, ақылдың қазынасы, дана ойындан бере гөр!  
Оңтімеме ақылынан нүр тамызып, себе гөр!

7

Ішілай дедім: "Ей, ақыным, сын сағаты қысқанда,  
Сен шақырган бұл ерлікті опық жемей ұстауға.  
Стро, менде қуаты мол құдіретті күш бар ма?

10

Сен айтасың, пәмле етіп Сильвиердің бабасын,  
Ішілай тұрып, үзбей тұрып тіршіліктің қарасын.  
Тірісінде-ақ, көрді дейсің қияметтің арасын.

13

Жиілгандагы бар күнөні байыппенен еңсерер,  
Іккіласын төгіп оған, ақ, батасын берсе егер.  
Лұпқ, тағдырын, кім болғанын саралаған сол шебер

16

Күлірменді жандарға оның жақсылығы анықты,  
Ол жарапан меңгеруге жақсылық, пен жарықты.  
Күлірлі Рим қасиетті елге баба болып қалыпты.

19

Ол ми, анау да алма-кезек сәтті уақыт төнгенде,  
Оулио Петр мұрагері дүниеге келгенде,  
Ішіл омірде ардақты тақ, тұрғызған-ды, берген де.

22

Ол олінің, сен жыр еткен ерлігінің жолында,  
Ішілди боп қалу үшін бар ынтамен қоруда.  
Аүннеге аса таяқ папа ие болуда.

25

Алға ашарар атышулы, таңдамалы Жол бар-ды,  
Алмек соңда басқалар да сенімменен қорғанды.  
Сенімменен қорғанды да, құтылуды қолға алды.

28

Мен ғұлама Павел емен, Эней емен және де,  
Кімнін осы? Сүйенемін кімдер салған кәдеге,  
Арлік, тұтар жоқ менде, жоқ қой менде дәненде.

31

Ішілтердің ортасына бара қалсам егер мен,  
Ішіл күркәмін, қор боламын өлермен.  
Ішіліміна қанықсың сен, ақылдысың, көрермен".

34

- Айырылған адамдайын жаңа ғана еркінен, 37  
 Шыңырау бір құпияда қайта ойланып елтіген,  
 Бұған дейін ойлағанын ойран-асыр серпіген.
- Мен де солай түнғиыққа, дал болдым да, бас қатты, 40  
 Алдарқатқан, қызықтырган әсем ойдан бастапқы.  
 Ойлай-ойлай жойдым оны, санам менің бас тартты.
- Киелі аруақ, соңда маған салмақпенен үн қатты: 43  
 "Ақиқатты ашып айтып, ашы үнінді тыңдаттың.  
 Амал нешік, рухыңды ұялттың сен, қымбаттым".
- Ақылды үрей билемесін, билемесін әрдайым, 46  
 Әйтпесе біз әр нәрсені құбыжық, көрген аңдайын,  
 Адыра қалып, аулақтаймыз біткен істен дап-дайын.
- Саған айтам бір әңгіме көнілінді бұратын, 49  
 Сейілтейін қауібінді, мұқалмасын мұратың.  
 Қалай білдім сендей жанды аяуыма тұратын.
- Жақсылық, пен жауыздықтың арасында болғанда, 52  
 Ару әйел шақырған-ды, алған мені қолдауға,  
 Барымменен міндеттімін, қарыздармын сол жанға.
- Жанары оның жарқыраган жұлдыздайын тұнық-ты, 55  
 Сорғалаған әңгімесі баурап алар ырықты.  
 Сөзі оның періштенің тәтті үніне жуық-ты.
- "Мантуюның таза жанды, о, ғажайып ұлысың, 58  
 Дүниені дүбірлеткен даңқың менен ұлы ісің.  
 Өшпек емес, дүниемен мәңгі бірге тынысың.
- Досым менің, амалым не, дос бола алмай қалған жан, 61  
 Құзар тауда оң жол таппай, опық, жеген, қарманған.  
 Қорқыныш кеп ығыстырып,abdыраган, қорланған.
- Көк әлемнен бір хабарды есіттім де, тыңдадым, 64  
 Әл беруден кешіктім бе деп, қорқып та тұрганым,  
 Мұқалта алмай қалуы хақ, сор — азаптың тырнағын".

Жапта шипа жақсы сөзбен табыл оның қасынан,  
Күріл аны, соңда мен де тағат табам, басылам.  
Күріл аны, не мүмкіндік қорлында бар, бас ұрам?

67

Мені мұнда қымбат өлке, қимас ұжмақ, гүл-елден,  
Алғаш көлген маҳаббатым, сені осында жіберген.  
Мен — Беатриче, сүйіп айтам, жігерлен.

70

Тогірі алдында есімінді дәңқ, көтеріп, мактагам,  
Сол сан рет есімінді есіл үнім жаттаган".  
Уни тұрған әйелге мен мына сөзді салтагам:

73

Олғанда ортасында жалғыз сенсің мәуелі,  
Солің жарқын жамалың ғой жарқыратқан әуені.  
Нұл тарыншта сенен өтер зат жоқ, шығар әдемі.

76

Солап тана қызымет етсем, ең бақытты жаңдаймын,  
Күріл айді тындырам да, ешбір акы алмаймын.  
Күрілді берсең болды, басқа жаққа бармаймын.

79

Бірік, кілдай үрейленбей қара жерге енесің,  
Тұндағықтан кетпек болыш, қарманасың, көнесің.  
Сол шығран сол биіктің көрмек болыш тәбесін".

82

Неге маган қорқыншысыз енгенімді бұл маңға,  
Миттам саған, ақиқатты білгің келіп тұрғанда, —  
Үш күннің ол, зейін қрайдым оның сөзін тындауға.

85

Ең құлдірілі жақынның қауіп-қатер тәнгенде,  
Солап тана қорку керек, бір жауыздық келгенде.  
Мың кілдің қорку деген — қуатсыз бір шерменде.

88

Нұл шамамың падишағы мені солай жаратқан,  
Түннің мен қаймықдаймын, маңайыма жолатпан.  
Еннап отқа енгеніммен, жалынна жалатпан.

91

Горланшы Мариям ару ізгілікті қолдаған,  
Мың оқиң шеккен жарды аяньшлен қорғаған.  
Тогірілің қыуалдарын жұмсаартуга жолдаған.

94

|  |     |
|--|-----|
| Сол бір әйел Лючияға былай деп бір үн қатты:<br>Ең сенімді серігінді жауыздықтар шырмалты.<br>Ізгілікті жақтаушыны жібер соған, қымбаттым, —         | 97  |
| Лючия — қашаннан да қаталдықтың қас жауы,<br>Рахильмен бірге отырған маған назар тастады. —<br>О, өркенің өскір! — деді, өнгімесін бастады.          | 100 |
| Махаббатын арнап саған құдіретіндей табынған,<br>Күнделікті күйкі өмірдің қоқысынан арылған.<br>Беатриче, ұмтыл соған, қорлықта түр жарымжан.        | 103 |
| Әлде оның жалынышы құлағыңа жетпей ме?<br>Теңізден де жолы тасқын, көремісің, көктей кеп.<br>Күрестерде күш сарыққан сорлыны альп кетпей ме? —       | 106 |
| Мен зытқаңдай ешбір пеңде қайғы-сордан зыттаған,<br>Куанышқа, сірә, мендей басқан емес нық, қадам.<br>Осы сөзді жүргіммен мың қайталап, жүттағам.    | 109 |
| Мактауға да тұрарлық, жан, кем де емес акылдан,<br>Сөзіңе еріп келіп тұрмын, қасиетті сатыдан.<br>Күрмет сыйлас келдім саған, қүрметті батыл жан", — | 112 |
| Деді дағы, көкті нұсқап оның мұнды жанары,<br>Көз жасымен араласып, сәуле шашып жанады,<br>Ұзак, сапар, алыс жолға асықтырып барады.                 | 115 |
| Сол аруды тыңдағым да, саған қарай жытқанмын,<br>Шынырауга шығар жолды шырмал тұрған мықты аңының<br>Тырнағынан, азуынан, талауынан құтқардым.       | 118 |
| Негіл дейсің? Созып тұрсың неге, неге, неге енді?<br>Неге үзбейсің берекесіз бүйірлық, бөгеуді?<br>Ту ғып неге көтермейсің тәқаппарлық, дегенді?     | 121 |
| Үш арудың батасымен көктен қорған тапқанда,<br>Фажайып жол қарсы алдыңда кең ашылып жатқанда,<br>Әл-дәрменің келмей түр ма алға батыл-аттауга?       | 124 |

Сілкін тұнде гүл-жапырақ, бүрісетін, семетін,  
Семетін де, келе жатқан аппақ, таңды көретін,  
Корстін де, сабағында гүл-гүл жайнай беретін.

127

Мен де солай, таңды көріп, қанаттаңым ерлікпен,  
Үржімді бастың сонда журегіме мен бүккен,  
Мен де үн қаттың, салауатпен сөйлеп түрмyn ерлікпен:

130

"Күшдай ғана қайырымды ару мені азаптан арылтқан!  
Ақиқатты әнтімесін сол адамның таңыпқан.  
Сен де үстазым, шапағатты, мені өзіңе табынтың!

133

Алғарыңыңда қуандым да, құлақ, астың, тыңдадым,  
Алған жолды бар ынтамен жалғайың деп тұрғаным,  
Грек, жігер — бәрісін де бұрынғыдай шыңдадым.

136

Екінші де бір тілекте, баста мені, еремін,  
Сен — үстазым, сен — көсемін, сен — тәнірім, сенемін!"  
Алғұлды ол, қарсы алдыңда мен осылай деп едім.

139

Іле қаранды құз арасы, мен артынан келемін. 142

### ҰШІНШІ ЖЫР

Күрәң қалған тұл мекенге — ұнтақтарға апарам, 1  
Моңғі-бақи құңғренген сырқаттарға апарам,  
Күні бітіп опат болған ұрпақтарға апарам.

Алшам менің ақиқатпен шабыттанған, нәр алған:  
Күлдіретті қүш, ағыл-тегіл ұлы ілімнен сан алуан,  
Мен осылай ең алғашқы маҳаббаттан жаралғам.

4

Жалғыз мәңгі жаратылыс менен көне, білгемін,  
Моңғлілікпен де иықтасам, мәңгілікпен біргемін.  
Сөнімінді, үмітінді сөндір мұнда кіргенің.

7

Кіре беріс мандашадан оқыдым да осыны,  
Үстазға айттым, көз алдыңда сұрғылт белгі жосыды,  
"Мөнісіне түсінбедім, жаным менің шошыңды".

- Көрегенім көңіл бөліп, басу айтты маған шын: 13  
 "Жаңың мұнда жасқанбайтын жай оғынан жаралсын.  
 Үрей мұнда кеңес берер болмақ, емес хабаршың.
- Ақыл-ойдың шуағынан біржолата арылған, 16  
 Қарғыс атқан қан-тамүқтың таңбасымен қарылған.  
 Айтқам саған барамыз, — деп, — елестерге сарылған".
- Қолын берді ол, сезбесін деп сезік күдай атқырды, 19  
 Бап-байсалды кейпін құрып, маған қарап шақ тұрды.  
 Бір құпия тар аяға жайлап қана ап кірді.
- Жұлдызызың да, санлаусыз да қараңғыда жаңағы, 22  
 Шыңғырулар, біреу өзөр ақтых, демін алады.  
 Әуелгіде көзім жасы мені буып барады.
- Барша тілдер жамырасып, жабайы наз, оттаулар, 25  
 Ашу, үрей, жылау-сықтау, өтініштер, даттаулар,  
 Ербендеиді, қарманады дене, басы жоқ, қолдар.
- Ұю-қиу, азан-қазан, тынымысыз шу мәнгілік, 28  
 Тас қараңғы тар үнгірде шыр айналды мәнгіріп.  
 Құйын құған қаңқаларға жан біткеңдей әл кіріп.
- Үрей қысқан басымды иіп, өзөр былай дедім мен: 31  
 "Кімнің даусы ол мәнгі-бақи тұңғиықта көмілген.  
 Алырау, бұл неткен жандар қасіретті кемірген?!"
- Деді көсем: "Пешенеге жазылғанды жөн көрер, 34  
 Масқара өлімді ойламайтын, тіршілкпен дөңгелер.  
 Мақтаудан да, мазактан да хабары жоқ, пенделер.
- Бірге олармен бір әумесер періштегер қалтаган, 37  
 Жаратушы тәніріге сенімсіз бол, жақтаған,  
 Қарсы тұра алмайды олар, екі ортаны сақтаған.
- Оларды тәнір аластаган масқараға көнбекен: 40  
 Тамүқтың да құз-қиясы оларға орын бермеген,  
 Әйтпегенде бөсер еді күнә дейтін өр немен".

- "Үстәзым-ау, кім бұларды осыншама қорлаған,  
Жиілбарына бас салуға бас итізіп, зорлаған?" 43  
 "Сүргіңің жауап қысқа, тыңда", — деді ол маған.
- "Ләк, олімнің өзі — олардың қол жеткісіз арманы,  
Іншісіз де, көргісіз де мына өмірдің зардабы.  
Денесенде, имантараз болар ма еді қалғаны." 46
- Лайр бетінде аты аталмас, есімдерін жұрт көмген,  
Шыл қазы, аяушылық енді оларға сырт берген.  
Он отерге тұрмайды олар, жалт қара да, шық бермен!". 49
- Күркідым да, қашып жүрген тобыр көрдім алыстан,  
Шыл айнала қуалаған дүлей күштей жаңышқан,  
Күншырында құйын құған, құйқылжыған шаң үшқан. 52
- Күмірдан соң бір-біріне итіндіре жалғаган,  
Шымдар тұр, әзер сендім, сендім дағы таңданам.  
Мүмдір өлім мұнша адамды қалай ғана жалмаған?! 55
- Бірнұларді шырамыгттым, ал біреуді таныдым,  
Күркік, сорлы жемі болып жігері жок, жаңының,  
Негіндең несібеден сыбаға алмай қалуын. 58
- Түшідім мен пакырларды зәре үшыра зарлаған,  
Күлім деп те құрметтемей, құдай жолын қармаған,  
Лайртікәнға қарсылар да қатарына алмаған. 61
- Приліктің пендесіне келмейді олар қосуға,  
Күршің қалған қалың тобыр тыр жалаңаш босуда,  
Мүкіларын қаңға бояп, маса-сона жосуда. 64
- Інтифрінен қан аралас көздің жасы ағуда,  
Күжінеган жексүрүн құрт құлқындарын қағуда,  
Жиілма-жан кеп жұтып жатыр, коректерін табуда. 67
- Нір киянда, көк айдында тасқын шапшып алышқан,  
Нір тоң жанға кез қызығын тастадым мен алыстан.  
Аншы, ұстазым, саған аян, сірә, осы таныс маң. 70

059137

- Кімдер олар, қандай тағдыр ығыстырыған, айдаған, 73  
 Кімдер олар, қандай қаһар толқындармен байлаған,  
 Кімдер олар, шалғай шеттен көрінуді ойлаған?"
- Жауап қатты ол: "Ахеронға қалған сәтте бір адым, 76  
 Көреміз ғой жағалауды — мұң-қапаның тұрағын,  
 Өз көзіңмен көресің ғой, оның несін сұрадың".
- Ұстазымды ығыр қылмай, алға түсе жөнелдім, 79  
 Жасқаншақташ жанарыммен жерге қарай беремін.  
 Жарқабақты жағаға мен үнсіз түйлік келемін.
- Қарсы жүзіп қарт келеді, қайықпенен қатулы, 82  
 Аңдал тұрмыз екеуміз де ашпақ басты пакырды.  
 "О, сор маңдай, қарғыс атқан үрпактар!" — деп ақырды.
- "Кездескеңде меніменен, пейішінді ұмыт та, 85  
 Мініңдер де қайығыма, баар жерге жуықта,  
 Қамданыңдар мәнгі-баки түн, қапырық, суыққа.
- Ал сен жоғал, мұнда сенің қалуыңа болмайды, 88  
 Тірілер кеп өліктердің ортасына қонбайды!".  
 Басқалардан менің бөлек кеткенімді қолдайды.
- "Келмес жерге кездейсоқта бекер аяқ, басқасың, 91  
 Жеңілдеу бір желқайық, тап, тыңдамаймын басқасын.  
 Басқа жерге мұнан аулақ, апарсын да тастасын".
- Көсем оған: "Харон, дәкір, сөздерінді догарғын, 94  
 Соны қалап — сонау жаққа бетін түзеп, жол алды.  
 Үкімдерін орындауға тиісті енді солардың".
- Сұрқия өзен қайықшысы бола қалды сүмпайы, 97  
 Қорқыншылты өзен қайықшысы бола қалды түрпайы,  
 Жанарының жасыл оты жыланнан да сүрқайы.
- Тыр жалаңаш, тырбың жаңдар тәнірінен қаза альш, 100  
 Құтылуға құлқы қайда, үкім тыңдал ғазарып,  
 Азулары сатырлайды, мұңға батып, бозарып.

|   |     |
|---|-----|
| Толғорғың қарғыс айтып шынғырады, зарлайды,<br>Айм иттікә айтылмаған қара қарғыс қалмайды.<br>Ти көп олке, өнгөн үрық, күн, сағатын қарғайды.         | 103 |
| Күн оленіңе бет алды да, қарт еніреп жылайды,<br>Күнокарлар мәнгі азапта кешер осы лайды.<br>Көркөр оны бұл жалғанда ұмытқандаρ құдайды.              | 106 |
| Харқон сайтан кіжінеді күнөкарларға ес кеткен,<br>Күншілі шоқ — екі көзі қанталап түр кеспеттеген,<br>Ішікім түрган бей әруақты қуып, соғып ескекпен. | 109 |
| Күн шіл күрең кездерінде жапырақтар жайрайтын,<br>Үні тиққан үйенқілер сөйтіп соры қайнайтын,<br>Жорғола жатқан киімдерін көретін де ойлайтын.        | 112 |
| Сорғы бола жаратылған Адам ата ұрпагы,<br>Ніріп бірі кимелеп кеп, тұнғылыққа шырқады,<br>Торғыл алданған топ құстайын кезек күтіп түр тағы.           | 115 |
| Сол мұсіндер жүзді әрі тас-теренің бетінде,<br>Аншыл нешік, үлгермеді арғы жаққа өтүте.<br>Соли үстін өлімші топ қайта қалтап кетуде.                 | 118 |
| Ұлым менің, — деді маған ұлы ұстазым райлы, —<br>Імірлік, пәнде, мемлекеттер қектендірген құдайды,<br>Імірі осыған асығады, бәрі осында құлайды.      | 121 |
| Оркімдер-ақ, асығады баспай кетуге өзенди,<br>Күншілік бұл айналайын ақықаты ежелгі,<br>Ұлғы болып шақырады қорқыншытың өзі енді.                     | 124 |
| Ішт шиет жандар үшін басқа жол бар алайды,<br>Харқон шалдың түйсінгенін зейінге сал, ал ойға,<br>Күншілдікпен айтқандарын түсінесің қалайды".         | 127 |
| Ол да тындағы, барлық, өнір бар күшімен сілкінді,<br>Ісімсіз алып ойлап тұрсам ес кетірген бұл күнді,<br>Ол күнге өз теріме өзім шомам бір түрлі.     | 130 |

Қара жердің қара өзегі қалт дем алды желменен, 133  
Сезімге ине жасуындаи саңдау, сәүле бермеген,  
Шөл-қайғының қандай қызыл жалаңы түр көлбекен.

Үйқы қысқан пендеге ұсал құладым мен көлденен. 136

## ТӨРТІНШІ ЖЫР

Апандаіын азынаған, азынаған гулеген, 1  
Мимырт үйқы зынданына лап қойысты дүрбелең.  
Біреу түртіп оятқаңдай тітіркеніп түр денем.

Толастаған шырағыммен төңірекке қарадым, 4  
Атып түрдым, айналамды актарып жүр жанарым,  
Көрмек болып қияметтің қиян кескі ғаламын.

Алпауыт бір апан гулеп аягымыз астында, 7  
Ию-қиу үн ұласты үрейлі бір тасқынға,  
Құрдым құздың қиясында түр екенбіз тас шында.

Ол соншама қап-қараңғы, көп-көмескі, теп-терен, 10  
Бір нәрсені білмек болып еңкейіпшін текке мен,  
Ештең де туйінбедім, гулейді ұра леппенен.

"Түсеміз біз дүниеге тас қараңғы шарқ ұрган, —  
Деді ақын, өні құп-ку, өзегінде салқын қан, —  
Алдыменен мен жүремін, сен ересің артымнан". 13

Боп-боз болған ұстазымды байқадым да, үн қаттым:  
"Өзі үрейде түрған шакта, көсем досым қымбаттым,  
Сүйенішсіз мен қалайша қапасқа адым бүрмақтын?" 16

"Таяу қатқа құрсауланған ғазиздерді көргенде,  
Өнім құп-ку тартқаңы рас, аяу түрді кеудемде,  
Аяушылық, үрей емес, сол ойыңа келген де. 19

Кеттік әйда, біздің сапар сан салаңы шалғай тым",  
Төмен түсті ол, өкше басып мен де артынан қалмаймын,  
Алғашқы қат, алда түрді апан аузы жалмайтын. 22

Түнек түнек арасынан естіледі түршігіп,  
Жыныу өмес, айналаның әммесі тұр күрсініп,  
Моңғырауга шапши барып, мәңгі-баки тұр сіңіп.

25

Жашылды жеген аурусыз, жалаң-қайғы жарапты,  
Онда, орекек, нәрестелер қаптап кеткен алапты.  
Мұрыларға мұндаған мұндар, мылқау абақты.

28

Күшілдій рух, неңдей әруақ, пана талқан бұл жерде?"  
Аныкты — апан ауырлығын арқалатты кімдерге?  
Аният жолды жалғау үшін не жетеді білгенге.

31

Күнестідер құдай салған адад жолға баруда,  
Анда сеніп, шоқынбаса, бас имесе нанымға.  
Жыныс еңбек жарамайды оттан алыш қалуға.

34

Христиан іліміне дейінгілер — дінімен,  
Гондирған шын табынып қадір тұтпас, біліп ем.  
Соншынде күнәсі жоқ, көп жаңдардың бірі — мен.

37

Андағыты ақ, үкімі, тәңірінің сиынған,  
Сондықтан да айыптаған, бізді осында бүйырған,  
Аншымыз біз, амал нешік, үмітіміз қыылған".

40

Нұл хабарды естігенде, кеудем менің ах үрді,  
Нұмийша осы қайраткерлер құрметті һем ақылды,  
Жыныспамың зәр-сыбаға заһарларын татулы.

43

"Нұл үстазым, ием менің, ұғындырышы, — дедім мен,  
Нұл бүкілесіз, еш құдіксіз бір ашқарақ, сеніммен.  
Соншымменен, жалғандықтан үрдіс биік көрінген, —

46

Соншың бе, өзгенің бе шындығымен жуылып,  
Соншың корден шыққан бар ма рахатқа нұр іліп?"  
Жылуаш берді ол қадірлі сөз қасиетін ұғынып:

49

Женіс түс желпуімен нұр дидарын шайқаған,  
Коңыл алдында көктен түскен құдіретті байқағам,  
Коңыл арада тәнірді мен көргемін деп айта алам.

52

Адам ата мұны кешкен тәңір алғаш жаратқан,  
Адам ата адал ұлы Әбіл мұнда зар атқан,  
Нұқ, пен Мұса кешкен мұны тәңір ісін таратқан.

Бұл арадан Дәуіт, Авраам дей алмаймын құр қалған,  
Әзіреттіл, үрпагы мен әкесі де бұл маңнан.  
Құр қалмаған Рахиль да, қисабы жоқ, құнға алған.

Басқалар да күні бүтін тау шуағы нұр берген,  
Бұларға дейін пеңде жоқты құтқарылған бұл көрден,  
Міне, осылар рахаттанып, ең алғашқы нұр көрген".

Айта берді ол, аяңдағық, аялдамай келеміз,  
Шырқыраған шыбын жаңының шытырманын көреміз,  
Түйіндім мен: өлгендердің ортасында денеміз.

Үйқтап тұрган орнынан алыс емес бектердің,  
Тұртсе білмес түнектерін көз алдынан өткердім,  
Қаратұнек астынан мен қарақоныр от көрдім.

Ол алыста болғанымен, болжай біліп тұрганым,  
Сонда барып саялапты мәртебелі бір қауым.  
Байқаудамын әлдеқалай адал жаңдар тұрганын.

"Білім менен көркемөнер өнеге етіп тұrap-ды,  
Мына көрде, мыналардан несі ерекше бұлардың?  
Тобырлардың ортасында құрметтеулі бұлар кім?"

"Атағымен, атыменен күнірентті олар жерінді,  
Даңқы олардың құдіретке лайықты көрінді,  
Сондықтан да құрметтеулі, нұр — рахат берілді".

Осы сәтте әлдеқалай біреу кенет бақырды:  
"Ең жоғарғы мәртебелі құрметтендер акынды!  
Әнеки ол, ақ, елесін аппақ, нұрга матырды".

Сонда көрдім, бізге қарай ақындардың көркемі  
Келе жатыр, құдіретпен, маңғаз басып төртеуі,  
Жүздері тек жайдары емес, қatal да емес, өр, тегі.

|       |   |     |
|-------|---|-----|
| Күрін | Люлі қадірлі ұстаз, — тәкаппар жан келеді,          | 85  |
| ІІІ   | Биеткүші, ал соңынан ана үшеуі ереді,               |     |
| ІІІ   | Мөмөтін серт ұстаган ұлылықтың желеғі.              |     |
| Айыу  | Гомер, барлық елдің жыршысының құдайы,              | 88  |
| ІІІ   | Гораций жат қылықты осқылаған ұдайы,                |     |
| ІІІ   | Сиодин, Лукан — бәрісі де поэзия Күн, Айы.          |     |
| ІІІ   | Шешірлі сол ұлы атақ, жария қып, жалғап түр,        | 91  |
| ІІІ   | Нұрмек тұтып, жақындағам мен де соган аңдал бір,    |     |
| ІІІ   | Сыңарлік ақ, құрмет тұтам құрметімді арнап бір".    |     |
| ІІІ   | Жырларды дүниені өртеді де шек, кетті,              | 94  |
| ІІІ   | Күндерлердің бастарынан қыран болып көкте өтті,     |     |
| ІІІ   | Симен түйдім, соңда мен де сол бір ғажап мектепті.  |     |
| ІІІ   | Сыңарлықтарды ап, ұстазымның құлімдеді көздері,     | 97  |
| ІІІ   | Ақындардың ақындары жақындағы өздері,               |     |
| ІІІ   | Сыңарлесін жыр желкені тура мені көзdedі.           |     |
| ІІІ   | Жашапта қатысуға жол алғанда олардың,               | 100 |
| ІІІ   | Нұрлім де арта түсті, шалқи түстім, жаңардым.       |     |
| ІІІ   | Көмілшірлер арасында алтыншы боп санаңдым.          |     |
| ІІІ   | Сиңаршы зейін қойып аяңдадық, нұрға бір,            | 103 |
| ІІІ   | Жыныштарды жалмап қойған керексіз-ақ, бұл қабір,    |     |
| ІІІ   | Шіркіш, жарық, дүниеде рахат қой бұл да бір.        |     |
| ІІІ   | Күннің қызынан қызынан қызынан қызынан,             | 106 |
| ІІІ   | Сыңарлардың бұлақ — сылдыр күлкі айналаға жайылған, |     |
| ІІІ   | Күннің алдында сарай тұрды шырқау көкке бой ұрган.  |     |
| ІІІ   | Сиңаршымен өттік біздер жердегідей түрге енген,     | 109 |
| ІІІ   | Күннің қақда арасында ендік ішке сурлеумен.         |     |
| ІІІ   | Жыныш алқап ашылды бір айналасын гүл көмген.        |     |
| ІІІ   | Сиңар екен ойшыл жандар — алты қарыс мәндайы,       | 112 |
| ІІІ   | Сиңаршыменен, салмақленен алыс қарал арнайы,        |     |
| ІІІ   | Сиңарде жайбарақат, бал — тілі, жез — таңдайы.      |     |

Ашық, теңіз бетіндегі ұқсайды аптақ, кемеге,  
Жасыл бақты жайлап тұрган әлде манғаз төре ме?!

115

Қасымызыда қатар тұрган көтерілдік төбеге.

Жасыл барқыт көк майсада жайнап тұрган өң беріп,      118  
Жақсы менен жайсандардың елестерін мен көріп,  
Жүргегімнен нұр атылды, өзөр тұрдым менгеріп.

Ұрпақтардың қауымынан Электраны аңдадым,      121  
Эней, Гектор жыртқыш жанар, майдан еткен жан-жағын,  
Арпалысты ақылшы еткен Цезарьды да барладым.

Пентесилем Камилламен бір жерде отыр сұхбаттас,      124  
Лавина — әкесімен, әкесі оның тіліті ақ бас,  
Тұнғыш елші Брут отыр, сыбағасын үргіттапас.

Цезарь қызы — Коллатинның жан жарын,      127  
Гракхтың да шешекесін, Катонның да алғанын —  
Сонда көрдім, қыыр шеттен Саладинды аңдадым.

Қос жанарым тәменірек баурай жаққа ауышты,      130  
Фуламалар ұстаздарын қоршап отыр, тауышты.  
Көрегендер көсемдерін ортасына альшты.

Сократ Аристотельге жақын барып жайғасқан,      133  
Платондай көрегенге қауым тағым ойласқан.  
Дүние зәру жайсандар дана басын ой басқан.

Аты әйгілі философ Демокрит те осында,      136  
Диоген, Фалес, Анаксагор — бәрі соның қасында.  
Зенон менен Эмпедокл, Гераклит — осында.

Диоскорид, дәріптелген дәлел тауыш дәріге,      139  
Сенека, Орфей, Лин, Туллий — осында отыр бәрі де,  
Откен жаңдар көз алдымда, көз тастадым әріге.

Әнеу жерде — геометр Эвклид, Птолемей — қарсы алда,      142  
Гиппократ, Гален менен Авиценна бар сонда,  
Аверроис, жаңа күнді насиҳаттап жар салған.

Түрмаштың атын атау — ауыр ғой тым, мүмкін бе,  
Түр солбен бірегей бол берісі де тұр тілде.  
Онімомді әлсін-әлсін әлсіреттім бұл күнде.

145

Салтанатты жиынның салтанаты тарқады,  
Шамы олем қап қойды, ауа алапат, тар тағы,  
Іш кіт жолмен қозғалдық, басқа сапар тартады.

148

Соңғы жоқ қара түнек енді мені қоршады.

151

## БЕСІНШІ ЖЫР

Алшықы қат қалды солай, төмен түсे бастадым,  
Екінші қат біріншіден кем де емес, ашқамын,  
Ішінк, мұнда азап басқа, ыңғыранған басқа мұн.

1

Мұнда Минос күтіп тұрды, азу тісін қайрайды,  
Мұнда алапат, босағада сот үкімін байлайды,  
Ішіншіді да, құйрық, сілтеп, қияметке айдаиды.

4

Шілдегі жанның сағы сынып, зауқы қайтып алладан,  
Алшыңда оның есеп беріп, әңгімесін жалғаған.  
Түр кіңіні жіктеген ол қаталдықпен барлағаған.

7

Іүнокорді шырт айналып, қанша иірлесе құйрығы,  
Соншама рет сор маңдаидың жерге кіру — сыйлығы,  
Ішінкқа әкеп тұрғын ету — сол сайтаниң бүйрығы.

10

Әрқашан да жұрт нөпірі, жан қауіптің шетінде,  
Сілтілан-сotқа жакындаған кезекленен етуде.  
Сол үн қатып, сәл сезініп, шынърауга кетуде.

13

“Ей, шақырым, қалап келген қырсық, атқан ұяны, —  
Алай айқайлас, Минос маған көзінен от құяды,  
Ішіншіді да, зәрлі істерін бірер сәтке тыяды, —

16

Пече жүрсің бұл арада, серігің кім қасында?  
Он-ондай-ақ, енемін деп азғырынба, бас үрма!”  
Косем оған жауап қатты: “Доғар сөзді, басынба.

19

- Доғар сөзді, доғар сөзді, неменеге төске алдың?!
- Бұл тамүққа келгендерге кедергі боп кеспе алдын,  
Жаратқаның жазмыштарын орындаиды, еске алғын".
- 22
- Ыңыранған дыбыстарды әзер байқап, тек тұрдым,  
Ию-қиу боздаулар құлаққа дәл кеп тұрды,  
Азан-қазан аныраулар лықсып келіп бетке ұрды.
- 25
- Мінеки, мен пақырмын бір, жарық сөнген жердегі,  
Ұлы теңіз тұнғылығы ұли келіп тербеді,  
Жан берісіп жауласады қос құйынның селдері.
- 28
- Біресе кеп тамүқ, желі тағат алмай сарнайды,  
Жан нәпірі жайрап ұшып бара жатыр шалғайды.  
Шыр көбелек айналдырып, езіп, жаншып, жалмайды.
- 31
- Құзар құзга құрақ ұшып, құйын айдал жеткесін,  
Атылады ашу-айғай, ақ, көбікті кектесін,  
Тәнғіре жаудырады балағат сөз, өкпесін.
- 34
- Сонда сездім бұл қыспақтың алапатты қылығын,  
Ақыл-есін сатқандарға салған бұғау құрығын,  
Кү нәпсіге құл еткендер парасаттың тұнығын.
- 37
- Суық, күзде үйірілген қара торғай көштерін,  
Қанаттары әкететін қағыш алыш естерін,  
Сол сияқты дауыл қуған жауыздақтың дестерін.
- 40
- Азаптары женілмейді, үміттері үзілген,  
Сәл мызғуға бүйірмайды жалғыз тұтам үзік дем,  
Сандалсоқ, боп сенделеді құжынаған, тізілген.
- 43
- Асқар таудың жотасында баяулатып мұнды әнін,  
Үшкілденіп Онғустікке ұшқанындаі тырнаның.  
Көріп тұрмын боран қуған көленкелер тұрганын.
- 46
- Шыр айналыш, торыққанын көрдім дағы олардың,  
Ұстазымнан сұрадым тек, бөтен сезді доғардым:  
"Тұнек ауа жегідей жеп, тұғіп тұрган олар кім?"
- 49

**Жиуап қатты ол:** "Кара да көр қалжыраған бүл жанды: 52  
Сіншынай ойел қаһарлы бір патшалықты құрған-ды,  
Сінші шакта талай тілдер бұған құлдық, ұрган-ды.

**Кү** попсіте құшак, ұрған осынау әйел-балқыма, 55  
Гүлкіріп жағттырмай бір ерік берген халқына,  
Күншіңүйі қауым келіп, салғанынша талқыға.

**І**шіл патша қатыны еді, некеленген жары еді, 58  
Семирихиміда аталатын көне патша бар еді,  
Ішір ғұлтанға берілген-ді жері менен бар елі.

**К**үрі мұнақ құрбан болған, құмар-қүйқыл сойқанды, 61  
Сіншін де Сихей көрі масқара бол шайқалды,  
Ішіл, мұнау Клеопатра — күнәліні, сайқалды.

**А**мният кез айыпкері — Елена анау шатылды, 64  
Күншіменен көрсетеді елестерді, бағдарды.  
Кү попсінің наизағайын махаббатқа батырды".

**Л**ілон жүр ол сан жеткісіз Парис, Тристандарды, 67  
Күншіменен көрсетеді елестерді, бағдарды.  
Кү попсінің құшырынан опат болған жаңдарды.

**А**кылт айтқан, қауесетпен дәріптелген есімдер, 70  
Күнші ойында нелер жаугер, нелер әйел-жесірлер,  
Сіншім сонда күнгірттенді, тас қаранды десім — көр.

**М**іншілардан жауап алсам, — көсеміме қас қағам, — 73  
Міншіна екеуден, қаңбақ, құрлы боран түтіп тастаған.  
Жиуап алсам, осы сәтте, құйын алыш қашпаған.

"**К**үнгілтік онда оларды жел бізге қарай қысқаңын,  
Жиілбарына аят оқып, жағанды да ұстагын,  
Ішініңді қабыл алыш, кояр сонда ұшқаңын". 76

**Ж**иел оларды бізден аулақ айдал кетті, қарадым,  
"Ніймендер, тарт берменге, егер болса амалың,  
Үшіншіншіндер, егер өзі мұрсат берсе АナンЫҢ!"

---

Күлдей

|   |     |
|---|-----|
| Шақырганда, көгершіндер, үясына қонатын,<br>Еріктерін ес тұтып бір, самғайтын да баратын,<br>Қайыспай-ақ, қанаттарын қалықтата қағатын.             | 82  |
| Соларға ұсан елгі екі жан қанат қаға бастады,<br>Дидоның да құжынаған қасіретін тастады,<br>Сәлем берген даусыма назар салды, қашпады.              | 85  |
| "Қанымызбен қара жердің қабыргасы жылыған,<br>Тұнектеміз өте алмаған қияметтің қылынан.<br>Келіпсің-ау иман жүзді, инабатты, тірі жан,              | 88  |
| Біздейлерге дос болса егер әміршісі ғаламның,<br>Қайғымызға ортақ сіздей жаны ашыған адамның.<br>Жанын сақта дер едік біз, жалбарынып оған мың.     | 91  |
| Қазіргідей құйын қумай, құйқылжымай тұрганда,<br>Айтарыңды айт біздерге, қуанамыз тыңдауға,<br>Тыңдаймыз да, құмартамыз біз де әңгіме құрганға.     | 94  |
| Толқындары хабаршыдай қажып, ерні кезерген,<br>Кездесетін сан өзендер По дейтүғын өзенмен,<br>Сол жағада тұған едім, тұрган едім, сезем мен.        | 97  |
| Махабbat ол өртейді ғой нәзік, шырын жүректі,<br>Ол да солай құл еткен-ді кү нәпсіге тілекті,<br>Міне содан қорлық, көрді ол, қорқынышты күні өтті. | 100 |
| Сүюіме жарлық, еткен ынтызарлы сүйіктім,<br>Тартқан мені, тәкаппарлы әміріне тиіппін,<br>Көріп тұрсың, айрылмайды ол лағындаі киіктің.              | 103 |
| Сол махабbat екеумізді апатқа әкеп қамады,<br>Тек Кайнде біздің күндер сөнеді де қалады".<br>Екеунің аузынан осындаі сөз ағады.                     | 106 |
| Жапа шеккен елестерге сұле-сопа қарадым,<br>Басымды иіп уайымда, мен-зен болып барамын,<br>Сұрады ұстаз: "Қандай ойлар қажылты, — деп, — қарагым?". | 109 |

Інші ме екен бірер адам, сезді ме екен қатал жан,  
Но соопілік, не еркелік, қандай ғана от — арман,  
Сыңарды осы заһар жолға, сор-сапарға апарған!".

112

Үшінші құлған жандарға мен қарадым, сөз арнаадым:  
Франческа, тебірентті өтінішің, жан зарың,  
Жашын зарыңда жаным ашып, көз жасымды жалғадым.

115

Күннеккі қарс айырган нәзік күндер шебінде,  
Сыншылышып, махаббаттың ояңғаны тегін бе,  
Күннің сол құмарлықтар қулақ түрді не үнгे?"

118

Шының шактты есіне алса қапастағы кімде-кім,  
Тек сол ғана азап-сордың ауырлығын білгені.  
Сыншыл кепіл көсемің де, — деп ол маған үндеді. —

121

Сыншыл қызыңсыз махаббатты білуге сен шөлдесен,  
Жашылышыз дәнін жарып тұрып, сырын ашып бер десен.  
Алғыла төріл көздің жасы сездіреді сенбесен.

124

Алмалып бір отырганда оқыған ек бірде біз,  
Алғыншыл туралы бір тәтті әңгіме білгеміз,  
Екіншіміз де қамсыз едік, тек екеуміз біргеміз.

127

Сыншыл біздің жанарымыз бір-біріне төнген-ді,  
Оңғыз бозарып, өнбойымыз діріл қага берген-ді.  
Нірик, орі кітап бізді жетелеген, женғен-ді.

130

Гүл тартқан еріндерді еркек келіп өлкенде,  
Сыншыл кітаптың осы түсын біздер оқып өткенде,  
Меніменен мәңгі-бақы құрсауланған көк пенде.

133

Алғыл қағып аузымнан мені сүйе бастады,  
Галсуг болып тұрды бізге махаббаттың дастаны!  
Ніништың басқада еді, оқи алмай тастанды".

136

Рұх оксіп, жаншиды кеп қорқыншты бір ағын,  
Етілім де жан азабын, біреулердің жылауын,  
Мондай шылқып қара терге, тамұқ, болды тұрагым:

139

Күргі күйрекен өліктейін мен де соңда құладым.

142

## АЛТЫНШЫ ЖЫР

- Төзө алмай күнгірлекен тілдер менен үндерге, 1  
Күреніткен елестерге, күнірекен тұндерге,  
Енді өзіме өзім келіп, енді есім кіргенде,
- Ортасынан бір-ақ, шықтым тағы да бір азаптың, 4  
Қан қақсаған құрбандықтар әлсін-әлі, ғажап тым,  
Айналамның барлығы көр қасірет пен мазақтың.
- Қарғыс атқан қан-нөсерлі сол үшінші қатта бір, 7  
Мәңгі-баки мұз бүріккен мұңдар зындан жатты ауыр:  
Мәңгі-баки толастамас, мәңгілікке ол жат бауыр.
- Қорғасындаі ауыр бүршақ, ақ, қар, сызды шірінді, 10  
Кез түрткісіз көр-ауаны көлбей қалтап жүтірді,  
Сүп-сүйқылтым буалдырдың астында жер булінді.
- Өз қына өзі батып, нәжісіне мatalған, 13  
Үш өңешті алыш Цербер жыртқыш жүртқа төніп, тақалған,  
Тақалған да, дүйім елге ит бол үріп, қақалған.
- Қара сақал майға шылқып, найза тырнақ, зыр қағып, 16  
Жанарлары қанталаған, қарны кеүіп, жүрді алыш,  
Шыбын жанды түтіп жатыр, ет-терісін жүлді алыш.
- Ал сорлылар несер төпеп, қанышқтайын ұлыған, 19  
Жаппақ, болыш жасырады бүйірлерін қырыған,  
Жан үшыра дәңгелейді жатпақ, болыш қырынан.
- Бар төнінің баршасы да қыбыр-қыбыр қозғалыш, 22  
Бізді көріп Цербер зұлым аузын ашты қозданыш,  
Айыр тырнақ, саусақтарын ашып-жұмып, созды алыш,
- Көсем сол сәт еңкейді де, кос уыстал, табанда, 25  
Қос алақан топырақ алыш, қомағай сол тағы аңға,  
Дәлдеп тұрып лақтырды, аллауыттай аранға.
- Бір төбеттер болушы еді сүйек сұрап ұлыған, 28  
Кү сүйекті құшырлана кеміретін құныға.  
Еci кірмей, қажалайтын кү сүйекті құрыған.

|   |    |
|---|----|
| Солтүстік ұсақ сатқақ тұмсық, Цербер пері "кенелді",<br>Онда үшінші естігенше түршіліктірген дененеді,<br>Солтүстік жандар сүйкімдірек көрушіл еді керенди.             | 31 |
| Гүлшілілік арасымен алға қарай аттадық,<br>Күншілілік-нәсер иеленіп, бұл қапасты жатты алыш,<br>Күншілілік мәйіттердің кейіпін біздер талтадық,                         | 35 |
| Гүлшілілік жатыр екен қияметтің жандары,<br>Мұсіншілік деңгелік бізді байқап, аңдады,<br>Сол үмітшылыш, қайта отырды: бізге назар салғаны.                              | 38 |
| Гүлшілілік тірі жан, саған айтам енген мына тамүққа, —<br>Ал олті, — мүмкін, мені түр шығарсың таныш та:<br>Сол күлгансың, бордай тозғам, мен кеткемін табытқа".        | 41 |
| Аудым: "Бейнең тым мұсәпір, көзге бөтен соншама,<br>Гүлшілілік рең көз алдыма келмей отыр оншама,<br>Ал коскінді тану қының ең жақының болса да.                        | 44 |
| Гүлшілілік күйікті емес, бірақ сүрқай түр, жаны.<br>Солтүстік сайдын жазалаған қасіреттің зынданы,<br>Ал күлшілілік маған, сен кім едің, кекті тағдыр құрбаны?"         | 47 |
| Солтүстік қалаң бір кездерде болған менің қалам да,<br>Көпшілдектеп, сүмдышқ құншіл толған еді адамға,<br>Солтүстік алыш түрушы еді, сынған жоқ па, аман ба?            | 50 |
| Ал күншілілік арасында Чакко деп мен атанғам,<br>Күншілілік ұрып мешкейлікке, күншілікке нәпсіге қақалғам.<br>Ал күншілілік посердің астында енді ширіп барам қапамнан. | 53 |
| Ал күншілілік жан мен ғана емес тосқан құдай жарлығын,<br>Сол күншілілік осы жерде жазалайды барлығын", —<br>Ал күншілілік үзді ол әңгімесін өтінішін, зар-муңын.       | 55 |
| "Чакко, сенің мақшардағы қорлығыңа қиналадам,<br>Коғам жасы кекірек қысып, уайым, дерпт жинаған.<br>Ал күншілілік мен өтінемін, бір ауыз сөз қи маған!                  | 58 |

Өш қалада өшіккендер неге апарып соқтырмак;  
Өзара бұл жауласуда кімі әділ бол түрмак,  
Қастандыққа желік беріп, желіген не от бұлғап?"

"Ұзынсонар айттыстан соң қаны — сөлі төгілер,  
Ақтар жағы үстем болып, бар үкімет берілер,  
Ал жаулары құғындашп, масқара бол көрінер.

Үш мәртебе жұз көрсетіп жарқ, еткенде күн қызып,  
Құлайды олар, бұл шақтағы екібетті бір бұзық,  
Қараларды демеп, сүйеп, жібереді тұргызып.

Ақтарды олар аямайды, жаншиды да езеді,  
Ұзақ мерзім дестік етер келеді де кезегі,  
Қырғындардың тым қымбатқа түскендейтін сезеді.

Игі жанды екеуте, сірә, мойын бұрган ба,  
Менмендік пен күншілдік, озбырлықтар бұл маңда.  
Мәнгі-бақи қалғымай, ұшқын атып тұрганда".

Опық, жеген сөздерге ол тоқтады да, езілді,  
"Қырсық шалған зынданнан, құрбан еткен төзімді,—  
Дедім оған, — қиышы маған иті, жомарт сөзінді.

Тегтіяйо, Фарината рухтары қуатты,  
Парасат пен ақылға бай жандар еді шуақты,  
Арриго, Москва, Рустикучиді неңдей тағдыр құлатты?

Әлде Тамүқ, қинады ма, еркелетті әлде аспан,  
Тағдырларын білмек болыш, жалын жүрек алжасқан,  
Тарландарды көрсем егер қуанар ем әу бастан!"

"Күнәлілер арасында бізден бетер датталған,  
Өткендеңі айыптары төмен сүйреп сотталған;  
Кездесесің оларменен алдыңдағы қаттардан.

Бір-ак, нәрсе өтінерім: оралғанда жарыққа,  
Арасында өмір сүргем, ескерт мұны ғалыққа.  
Ақыргы сөз, жауап та осы: ал, бара ғой, қамықда".

Мүш үшілген көздерімен алаң етіп, бір қарап,  
Мұндаған бара жатты өз-өзінен үрланад,  
Мұндаған арасына құлагат түсті сырғанап.

91

Сында шіриді де, — деді үстазым, — тұрмайды,  
Сында ошак қиямет соты күніренткенше сырнайды.  
Сында прі араласып, аспан асты шулайды.

94

Күндеңгі оз көріне бәрі соңда үмттылар,  
Күндеңгі қалпына кеп, бір сурініп, бір тұрап,  
Күндеңгін жаңғырықты мәнді естіп тынышығар".

97

Шоғор олес, мибаттақ, арасында келеміз,  
Шоғор омір туралы тұнғызық, ойға тәнеміз,  
Шоғор мәдаймыз әртүрлі, үнсіз ойлай береміз.

100

Ұмт үстазым, бұлардың азаптары арылмай,  
Ұмт үкім бойынша қала ма естіп алынбай?  
Ұмт үкім бойынша қала ма естіп алынбай?

103

Жасағаның бір өзі жетілдірсе пәндені,  
Жасағаның азапқа онан сайын дәндеді,  
Жасағаның айтады ғылымың, пәнде дейтін зәндеңі.

106

Күнокарлар тірілгенмен, көгермейді қайтадан,  
Күнокарлардан бетер оны мына тамұқ, жайпаған,  
Күнокарларды баяғыдай бейіш тербеп, шайқаған".

109

Міншір енді осы жолмен қатқа қадам басамыз,  
Міншір жайды босқа сөз ғып, несін жүргітқа шашамыз,  
Міншір бізді бастағандың ындаңға бір тас ауыз.

112

Міншір қарап, қарсы тұрды Плутостай хас жауыз.

115

## ЖЕТИНІШ ЖЫР

"Pape Satan, pape Satan aleppe!" —  
Күнірекіндеған Плутос айғайлайды ала өкпе.  
Ашуына ашу қосқан дүлей, кәрлі әлекке.

1

- Күлақ аспа, жаныңа үрей, қорқынышты түсірме, — 4  
Деді маған демеу беріп, ғұлама ұлы кісім де, —  
Не кедергі болмақ, бізге бұл жартастан түсуге?"
- Жекіді ол жауыздықтан жалын атқан тұмсыққа: 7  
"Унінді өшір, бейбақ, бөрі, қат та қалғын қырсықта!  
Шұрылдаған құрсағында шірі де жат, тұншық та!"
- Тұнғиыққа түсеміз біз келіс мейлің, келіспе, 10  
Бізге медет тәңір өзі, өр Михаил періште.  
Құдірет өзі қолдан отыр, сенесің сен не күшке?"
- Алысқанда қайраты мол ағтал, атан кісімен, 13  
Мың бұралып құлаушы еді жел үрлеген күшіген,  
Сол тәріздес жыртқыш құлап, айырылды қүшнен.
- Күллі әлемді күрмеп алған зұлымдықты көрдік біз, 16  
Күнірентен азаптармен төмен түсе бердік біз,  
Ушіншіден төргінші қат төріне енді ендік біз.
- Жаратқанның жазуын-ай! Бұл алапат ғажапты, 19  
Кім есебін айыра алар көзім көрген тозақты?  
Қаңдай күнә қамап қойған мұнша сорды, мазақты?
- Харибданың үстіменен ақбас толқын ұмтылып, 22  
Бөгеттерге кездескенде, кері ағатын жұлқынып,  
Сол сияқты адам селі бір жығылып, бір тұрып.
- Лек-лек ағылады қараң қалған қар — халық, 25  
Екі тобыр келе жатыр нықла-нық, қарманып.  
Кеудесімен ауыр жүкті итереді зарланып.
- Құлады да, өзер-өзер артқа қайта соқтықты, 28  
Ығысады, теңселеді, әлдері де жоқ, тіпті.  
Айғайлайды, бір-біріне ағызады боктықты.
- Қүреніткен қапаспенен олар және ығысып, 31  
Қарсыдағы нұктеге кеп екі жақтан тұрысып,  
Ұмтылады қайтадан, баяғыдай үрысып.

- Күнің тағы шегініп, қайта айнала бергенде, 34  
 Жұлдызласқан сұрланып сол тобырды көргенде,  
 Намалі ледім жүрегім жайрап тұрып қеудемде:
- "Алғым-ау, кімдер бұлар салбыраған иығы? 37  
 Сол жақтары сонау қатар — төбел таздар сиығы  
 Су, поліктен мұның бәрі клириктер жиыны?"
- Кошың шалған мұның бәрі — бақас болған өмірде, 40  
 Ақылдырын пакырлар сарып еткен көнілде,  
 Сүнді нарқын білмегендег шығындарын бөлуде.
- Күрестыгады қиястанып, итше үріп зынданда, 43  
 Ың біріне бетпе-бет кеп опасыз бол туғандар,  
 Ың біріне қарсы тұрған қияметте бұл жаңдар.
- Ал шапалар — клириктер төбе шашы алынған: 46  
 Ың дө сараң шендеспейтін, жұрт та құлай табынған,  
 Қординал мен папа дағы шығар әлі алдынан".
- "Сындардың арасынан ойда жүрген көптенгі, 49  
 Әлер едім ласталған өңшең қара беттерді,  
 Опасыздар кеше ғана арсыздықпен өткен-ді".
- "Қорудің де керегі жоқ, олар көрге көмілген, 52  
 Мінбағтаққа батқан олар мимырт сүркай өмірден,  
 Аиттың болмас арамдыққа ақылдары жеңілген.
- Олар мәңгі сенделеді, әл-дәрмені таусылып, 55  
 Қорлерінен тұрады да, көрсетеді қарсылық,  
 Соқа басын соыйл қыльп, жұдырылын қамшы ғып!
- Манасыз дүние жиып, қайта шашса кімде-кім, 58  
 Гүліктен құралақан, жаһаннамда жүргені,  
 Менсіз де оны ұғындың, сол рой жаңың білгені.
- Онгілік отын қаулатып, өзеуреткен жер бетін, 61  
 Қоресің, ұлым, Фортuna зекетінің зер бетін,  
 Өмірдегі тым өткінші жалғандықтың келбетін.

Бұл жалғаның бар алтынын бергөніңмен жұбанбас,  
Мына тобыр арасында бір аруақ та қуанбас,  
Азап-сорды алтының да алдәрқатып жыға алмас".

"Өсиеттер өркеніндей, о, үстазым, ар-тұлға!  
Құрыш тырнақ шенгелінде құрыстырган қалпында,  
Барлық үрпақ, бақыттыңдай бар емес пе Фортунан?"

"О, есі жоқ, ақымақтар, аңқауын-ай тағдырдың,  
Қандай ғана қара түнге акылыңды алдырдың!  
Ал үғып ал, уағызға сусынныңды қандыргын.

Дана құдай әлімсақтан бұл ғаламды менгерген,  
Жаратушы жаратқанда әммесін де тенгерген,  
Өзгелерге нұр құятын көсемдікті жөн көрген.

Жөн көрген ол көсемдерден нұрлы шуақ, атқан-ды;  
Тағдырлардың тәніріне әмір сөнін тартқан-ды,  
Сондықтан да сол бір әйел әмірші боп жатқан-ды.

Өлкелерден өлкелерге, үрпақтардан үрпаққа,  
Бақыт тастап, байқұстарды салып қойған бұлтаққа,  
Өлімте де өзі ие боп, бөліп отыр бұл шақта.

Бір халықтың бір халықты жаңыштауы, басуы,  
Соның ғана билігінде, соның қатал кәсібі.  
Шалғындағы жыландаильин көрінбейді ол, әсілі.

Өзі құдірет патша да, сот та болған адамға,  
Ешкім дағы таласа алмас ол әйелмен әманда,  
Құдірет сол құдайлардай өткен-кеткен заманда.

Ол толассыз әділ сотын бір минут та тымайды,  
Уақыттың әр сағаты асықтырып, қинаиды,  
Жұмыр басты пендесіне қысқа әмірін сыйлайды.

Сол аруға жала жауып, қайбар айттып, оттауда,  
Аяққа арын басып оның, ақмақтар таңтауда,  
Амал қанша, сол бір жаңды тұрар еді мактауға.

|  |     |
|--|-----|
| Шырғулана естілмейді балағат сөз кіл бүлік,<br>Шырғықаның тұнғыштары арасында тұр құліп.<br>Топтір добын айналдырып, рахатта, нүр кіріп.           | 94  |
| Шыримыз не, кеттік енді, алда — нағыз сор-қайры,<br>Шының азап өлі де алда, кешігуте болмайды.<br>Таршыннатағы жүлдый әне ізгі сәлем жолдайды".    | 97  |
| Күнгі кесіп өттік тағы, жеттік долы жылғаға,<br>Коңылдауды морып, қарып, тұтіп әрі жұлмалап.<br>Тұмшың құрдым болып ағып жатыр жындана.            | 100 |
| Жылға реңді қызыл күрең түске еніп, сырланған,<br>Шыңқаса, жанай жүріп, өттік судан сүрланған,<br>Сокиғирмалы соқпақпенен тәмен түстік құз-жардан. | 103 |
| Түнжыр қайнар тұнереді, басылады, жылайды,<br>Шиншілділік батпағында тасынады, сұлайды,<br>Түшінір тасты биіктердің баурайына құлайды.             | 106 |
| Аспансы ласталып, менрейген-ментірген,<br>Күрдім өзен жылымына құр бекерге телмірген.<br>Аниу буган тыр жалаңаш тобырларды көрдім мен.             | 109 |
| Топчысіп жатыр олар аяқпен де, қолмен де,<br>Коңудеменен, баспен де, иықпен де, жонмен де.<br>Тириш-бірі түтпек болып ұмтылады соркеуде.           | 112 |
| Ұлым менің, — деді ұстазым, — алдан тағы көресің,<br>Ақылдарын ашу жеңген пендelerдің тәресін,<br>Түшініңде сан адам бар толқын көмген денесін.    | 115 |
| Ақтық, демі көбіктеніп су бетінде ойнайды,<br>Онип беті қазандығы қара судай қайнайды,<br>Алшын бір арпалысқа көзің жетпей қоймайды.               | 118 |
| Шырмалады, сыйбырлайды: "Күнге қарап қуанған,<br>Алшынайын ауада біз, қуанған да, сыланған,<br>Коңілсіз бір жандар едік айықлаған мұнардан.        | 121 |

Енди, міне, көңілсізбіз, құртты лас құлқынды",  
Кемейінде олардың осындаі бір жыр тұрды,  
Бір лебіз айтпақ, болып бекер босқа үмтыйды.

124

Жылым тұрған сол қуысты орап өттік айналып,  
Тартпа батпақ жиегімен құрғақ, жерді ойға алып,  
Тұрды адамдар балдырменен кеңірдегі байланып.

127

Мұнараның бауырына жеттік әзер айлағып.

130

### СЕГІЗІНШІ ЖЫР

Әңгімемді жалғастырам, ойламағын жетті дәп,  
Сол мұнара әудем жерін әп-сете аттап өтті дәп,  
Керпештерге қарағанда, кемелденген кек тіреп.

1

Жанып тұрған екі бірдей отты біздер байқадық,  
Әлдеқайда үшіншісі әзер көзге байқалып,  
Тұрғандайын бір қызырдан, сірә, жауап қайтарып.

4

Фаламдағы даналықты теңізге мен шақырдым,  
"Бұл нағылған оттар? — деймін, жалбарыныш жатырмын, —  
Ол кім өзі, белгі тастап, жауап беріп жатыр кім?"

7

"Тұмандардың арасымен қарағанда көресің,  
Ылайы аймақ үстінен сен, — деді маған төрешім,—  
Кімдерді олар шақырганын көресің де сенесің".

10

Ешкімнің де көз алдынан бұлай өткен жоқ дерсің,  
Зымыраған женіл қайық, — ауа тілген оқ дерсің,  
Ұшты солай, бізге қарай, қызметін өткерсін.

13

Ұмтыйдыш ол бізге қарай, суды тілген күш мұлде,  
Бір ескекші жар салады, айғайлайды үстінде:  
"Иә, бәлем, күнакар жан қолыма енди түстің бе?"

16

"Жоқ, Флегий. Флегий, айқайтайсың" бекерге,  
Біз сенікі, — деді көсем, — қас қаққанша өтерде,  
Қайығыңа отырамыз белді байладап бекемгे".

19

|  |    |
|--|----|
| Ошык, жейтін жан болатын алдағанда, қызынып,<br>Толығы тарс айрылатын, өзін-өзі қыжырып,<br>Соңғап ұсал Флегий түр ашулы өні бұзылып.              | 22 |
| Ақылқорыққа отырды ұстаз игілікті, байыпты,<br>Мен де міндім әдеппенен ұстазыма лайықты,<br>Соңдым соңда екеумізді ауырлаған қайықты.              | 25 |
| Минненіміз сол екен, көне қайық, заулады,<br>Шашынған су қақ, тілінген қауындағын аунады,<br>Гүлкімдер де, сірә, осылай еркін жүзе алмады.         | 28 |
| Олік селі ортасында ешнәрсені сезбесті,<br>Шокулығпенен кебінделген маған біреу кездесті,<br>Гүлшіл жатыр: "Мерзімінен бұрын неге кездестің?"      | 31 |
| "Күлдім, бірақ алмагайып, ізім өшіп қалады,<br>Міннің ші, өзің кімсің, бар пәнденің жаманы?"<br>Кім жыласа, сол мен едім", — осы болды жауабы.     | 34 |
| Ақыла да зарла, мибатпақ, жібермесін, жабыссын,<br>Күлкіншіңда мәнгілік лас атая тамызсын!<br>Гүлшайы лас, мына бір сұрыңмен-ақ, таныссын".        | 37 |
| Күншін созып қайықтың ернеуіне ол жармасты,<br>Пінгрі ұстаз, әлгінің өні-түсін зэр басты.<br>Жоғорал әрмен күрдымға! — деді ұстазым, — Албасты!"   | 40 |
| Мойыннымнан аймалап, қолымды алып қайтадан,<br>Ұмытты сез айтты ұстаз зердесімен байқаған:<br>Күншіл рух, мейіріммен жұмыртқаңда шайқаған.         | 43 |
| Ол омірде менмен еді, тас жүректі, пәс неме;<br>Ошың озбыр қылықтарын дәрілттемес өсте де ел;<br>Мінде, осында ол — ыза-кектен соқыр өрі таскерен. | 46 |
| Соңшама көп Фәниде желіктіруді үйренген,<br>Анызға ұсал бәрі осы мибатпаққа иленген,<br>Іс күлдірган артына адам шошып, жиренген!"                 | 49 |

|   |    |
|---|----|
| "Кайык, көлден өтпей тұрып, құмартыш бір келем мен,<br>Ұлы ұстазым, соларды мен тартпа жалмап жөнелген,<br>Мибаттаққа батқандарын анығырақ, көрер ме ем!" | 52 |
| Жауап қатты ол: "Жеткеніңше анау тұрган жағаға,<br>Құмарыңды қандыра бер, қарық, больш қара да,<br>Күлкеніңді көріп те қаларсың сол арада".               | 55 |
| Осы сәтте бір өлікке қалттай келіп ұмтылды,<br>Тыржаланаш былғаныш топ жанушыра қылқынды,<br>Сасқанымнан құдайға шүкір дедім мың тұрлі:                   | 58 |
| "Аржентиді жібермендер!" — айғай осы талайғы:<br>Флоренциялық бір рух тар қапасқа қарайды,<br>Жабайы бір ашуменен өзін-өзі талайды.                       | 61 |
| Ол осылай шіріп жатар, әнгіме енді тамам-ды:<br>Алыстан бір күніреніс аударады санамды.<br>Қымылсыз құр бадырайған көрдім екі жанарды.                    | 64 |
| "Ұлым менің, — деді маған ұлы ұстазым мақтаулы, —<br>Мынау, міне, Дит шаһары сормандаілар қақтаулы,<br>Куаныш жоқ, құрыған жұрт мұнға батыш жатқан-ды".   | 67 |
| "О, ұстазым, ар жағында дуалдардың сыз алған,<br>Шіркеулер тұр бір-бірінен мойнын соза ұзарған.<br>Жалын отқа балқығандай қызыл күрең қызарған".          | 70 |
| "Сол дуалдың ар жағында мәңгі жалын жалаулап,<br>Мұнараны боямақсы, — деді ұстазым, — алаулап,<br>Тамұқтың да бір қабаты, міне, ашылды талаурап".         | 73 |
| Толқындардың нән жотасын құшып тұрган өнгеріп,<br>Құзар орга жеңіл қайық, сумаң етіл келді еніп:<br>Шомбал-шомбал дуалдарды шойын дедім, мен көріп.       | 76 |
| Топан судың қарауылы лайқаттал, жөн көрген:<br>"Ал, туңіндер! — деді ақырып, — жағадамыз, кел бермен!"<br>Деген жерге жеткенше біз өттік талай шеңберден. | 79 |

|   |     |
|---|-----|
| Күкпіларда кіре беріс сан күзетші желегі,   | 82  |
| Сонша тұрды, көрдім, нөсер көк бетінен төнеді,<br>Ніңай кім? — деп күзетшілер қадағалай береді, —         |     |
| Алушкірдыш мекеніне неге тірі келеді?"  | 85  |
| Кікем соңда тулейлерге белгі берді келелі,<br>Но үшін біздер келдік мұнда, білсін олар", — дегені         |     |
| Оның соңда тежеді деп қаһарларын батпан зіл:  | 88  |
| Оның тоқта, мықты болса, мынауынды аттаңдыр.<br>Коркын десе көрсін, кәне, әлеметті жатқан бұл.            |     |
| Ішінде оралсын тағы да бір ессіз өткен сапарға,   | 91  |
| Ішімкі, сенсіз, сен қал біздің қасымызда, қатарда,<br>Ішінде оның бастаушысы қаранды түн — апанда".       |     |
| Ішіргіс атқан осы сөзді естігенде ой-жаным,   | 94  |
| Онран болып, қорқыншытың түнегіне бойладым;<br>Ішінде жолды таппасымды көргеннен-ақ, ойладым.             |     |
| Мың түмшалап тұрған шақта десім менің септінеп,   | 97  |
| Сіңғап едің сан мәртебе, сан мәртебе, неше рет, —<br>Ләзін зарланадым, — алдыңда тұр, міне, тағы жетімек. |     |
| Гасстай көрме басыма қатерлі сәт кеп қонғанда!"   | 100 |
| Тыйым сапты бұл шәріге, тыйым сапты қорғанға,<br>Ішінде осында бастап келген оралайық, жолдарға.          |     |
| Күліретті қайраткерім мені осында бастаған:   | 103 |
| "Аспа! — деді, — бұл жолға бара алмайды басқа жан<br>Бұл сапарды әубастан екеумізге тастаған.             |     |
| Осы жерде күт мені, рухынды түсірме,  | 106 |
| Жақсы үміт пен жанынды жоғалтпағын қүшің де.<br>Ори қарай қорғаймын бұл түнектің ішін де".                |     |
| Мейірімді кетті әкем, ешкім де жоқ, қасымда,  | 109 |
| Жалғыз қалдым күйзеліп, жабырқауда, жасуда.<br>Не "бар", не "жоқ" деген ой арпалысты басымда.             |     |

Әке сөзін анығырақ, құлақ, ести алмады:  
Оныменен алайда аз сөйлесіп жаулары,  
Аптыл-ғұпты бәрі де ішке еңді, жалмады.

112

Ұлы кеуде алдында жауып кройды қақданы,  
Қартын сыртта қалдырып, жындар ішке аттады,  
Көрінді қарттың қайтадан шаршап келе жатқаны.

115

Сағы сынып қартымның, сарыуайым мінгесті,  
Әлсін-әлі курсініп өз-өзімен тідесті.  
"Қайғы басқан қалаға сапарымды кім кесті?!"

118

"Мен қайғырып тұрганмен, сен сескенбе мұндымнан:  
Маған қарсы тұрганымен осы жерде зұлым жан,  
Қалт етіп бір қалтыраман, тұғырымнан жырылман.

121

Соғысқұмар сойқаңдардың бұлары емес жаңалық;  
Солай болған, солай болар, солай тұрар жаңарып,  
Ашылмақшы бір қақпәдан бір қақпәға тарағыншы.

124

Жазуды сен көрген едің жаһаннамға енерде,  
Сол арадан, шырқау көктен шын құдірет төнеге де,  
Қосшысыз-ақ, осы араға шыр айналып келер де,

127

Өз қолымен бұл шәріні бізге ашып берер де".

130

## ТОҒЫЗЫНШЫ ЖЫР

Қалжыраган серігім қайта айнала кіргенде,  
Үрей бүққан жанымды дидарымнан білгенде,  
Өкінішін серпіді, өні өзгеріп бір демде.

1

Ол тыңдап тұр, ақылмен маған бағыт берердей,  
Сасық, батпақ, сызды ауа арасымен бөгелмей,  
Алдамшы көз алысқа әкетпесін дегендей.

4

Әйткенменен жеңеміз, — деді ол маған, — алайда...  
Қорғаныш Беатриче, камқоршымыз қалайды!  
Жарық, жұлдыз көрсетер жақыннымыз, о, қайда!"

7

- Түштілім мен, сөзі оның екі үштүлау, сән қашты, 10  
 Қысқаша көсемнің нендей құдік жармасты?  
 Құт берген жаныма сөзі қайда алғашқы?!
- Сол оуезден гөрі де сүрлануым мүмкін-ди, 13  
 Қыншадығым басылып, елтіп сөзге біртүрлі,  
 Сабактраймын қайтадан үзілген ой шпркінді.
- Сонкышты мол теренде, сол бір сорлы күйсқа, 16  
 Ұмттілген жүректе, үміт өлген тыныста,  
 Ұмтпайдакпен бірінші бару өлде дүрыс па?"
- Жиудап берді қолма-қол, сауал алыш ол менен: 19  
 Сол екеуміз түрған бұл, мен таппаган жолменен,  
 Ніңір елес болмаса, басқа етіп көрмеген.
- Алмагайып, бір кезде бұл жерден мен откен ем, 22  
 Ірихто зұлым өңмендеп тәндеректеп кетпеген,  
 Сол тонгे жан беріп сөйлетуге беттеген.
- Құттеген деген әлсіреп, салқын тартқан қан дағы, 25  
 Іор күистың арасымен тамүқ, жолын таңдады.  
 Шұлғының шегіндеі бір тұтқынды алғалы.
- Шыр айналған дүниенің шырмауығы шынында, 28  
 Тым теренде, тым түнекте таудан алыс түрудада,  
 Ұлым оны, жаның жасып, босқа уайым үрудада.
- Сисып жатқан сол ойпаттан бар үмітті жойған-ды 31  
 Ақбас толқын ұлып кеп, атыраңта ойнады,  
 Қындар шашып ол бізге жолды бөгеп қойған-ды".
- Есімде жоқ, ол және айтты қандай хабарды, 34  
 Аударамын мүң басқан мың құбылтыйп жанарды,  
 Арыстан тіс мұнара басына көзім қадалды.
- Кокке кенет атылды қорғамақ, боп жынданыш, 37  
 Үсті-басы қызыл қан үш Фурия сүрланыш,  
 Жеті басты жап-жасыл жалмауызбен шырмалыш.

Қатындардай бастарын түйістіріп құрамы;  
Бұрымдардың орнында құмның улы жыланы,  
Самайында олардың сан бұралып тұрады.

Мәңгі тұндер күндерінің көз жасына таныс жан,  
Қатындарды нұскәды сонарайдан, алыстан:  
“Қара, — деді, — Эриниге шашын жулып алысқан.

Ортадағы — Тисифона өлімге өш, қырсық-ты,  
Солда отырган Мегера қызғанышын ыршығты.  
Оң жақтағы — Алекто”, — деп ұстазым тыншықты.

Ал қатындар қеуделерін түтіп жатыр жұлмалап,  
Айғай-сурен дауыстар, қолдарымен тырмалап,  
Екі көзім ұстазға жәутең-жәутең түр қарал.

“Қайда кеткен Медуза? Тамұқ, тасын көтергіз!  
Сол Тезейден бекер-ақ, өш алмаған екенбіз”.  
Олар солай шынғырды, жаңғырықты мекен-құз.

“Теріс айнал тезірек, қос көзінді тас жұмғын;  
Сұрын көру қауіпті Горгон қара басқырдың,  
Жарық, келіп түскенше жанарынды ашпа, ұлым”.

Осылай деп ұстазым айналдырды өзімді,  
Қолдарымның сыртынан жауып тұрган өзімді,  
Қоса келіп жасырган қолдары оның сезілді.

Ей, есі бар түлейлер, қараңдаршы өздерін,  
Түсінбесің түсінбессің, түсінерсің сезгенің,  
Астарлы өлең ар жағында ақын нені көздеді...

Лай судың ойпанына арпалыса қомдана,  
Жетті міне тозақ үні гүрілдеген долдана,  
Қапелімде дірілдеген оң жаға мен сол жаға.

Арпалысқан ауадағы алапат жел осындаі,  
Алдындағы көлдененге аялдамай, тосылмай,  
Ну орманды күйрететін күркіреген жасындаі.

- Іүніктарды бұлдіреді, қиратады, заулайды: 70  
 Іүнік, бұдақ шаң-тозаңдар әлеметтей қаурайды,  
 Ұлшыла оның қаштай қалған адам да, аң да қалмайды.
- Алжының көзімнен алды да айтты ұстазым: 73  
 Қоюқ кобік қай жерінде қара түтін, күшті ағын,  
 Ініккійсың ба, әне, соны жанарында ұстазын".
- Күнделіздайын жауыз жауы бас көтерсе жылмандал, 76  
 Құржықалар қашатұғын құрак, ұшып, тырбандал,  
 Жынысына пана іздейтін әр тесікті бір қарман.
- Ішін солардай сорлыларға қарадым да қалдым мен, 79  
 Әмбіреу зыгады жан нәпірі алдымен,  
 Інкеше адымдайды ол аттағандай шалғынмен.
- Күнчегейлі түтінді ол кез алдынан ұшырган, 82  
 Ішін қролымен сәл сермел, бет алдынан ысырган.  
 Ініккуюмша, осыдан сәл-сәл ғана қысылған.
- Гарыштың мен елшісін тани кеттім, келеді, 85  
 Қосеміме қарасам, ол бір белгі береді,  
 Үшінші шығармай, тағзым ет, — түсіндім мен дегенін.
- ( ), не деген құдірет түнекке кеп орнады! 88  
 Құқыра алдына тоқтап ол, асасымен қолдағы  
 Құқыланы ашты, қарысқан бір жауыз да болмады.
- "Аласталып аспаннан, қарғыс таңба басылған,  
 ( ), сормаңдай үрпақтар, не сырың бар жасырган? — 91  
 Ұлшы кірді ол есікten, үні үрейді қашырган —
- Алшаң басып, адымын келе жатқан шегелеп,  
 Сорларыңа сор қосқан, нөсердейін себелеп,  
 Қиратқанға жармасып жаза тарту, не керек? 94
- Ануга ақыл жеңдіріп талтадындар тағдырды,  
 Қарберлердің, есте ме, әлі күнге қан мұрны,  
 Гұмсығына Геракл өшпес таңба қалдырды" 97

Қайсыбіреу біреуді ығыстырыған секілді,  
Бір сөз айтпай біздерге, басқаларға жекірді,  
Кері тартты кер жолмен, ойлап енді кетуді.

Шаруа көп қой алдыңда, әуреленіп жатпадық,  
Қасиетті сөздерді медет тұтып, шаттаныш,  
Қақпа жақты бетке алып, екеуміз де аттадық,

Екеуміз де ішке ендік, кездеспеді бір залым,  
Күнәкарлар азабының көрмек болып сұрларын,  
Құрсауланған қорғандардың арасында тұргамын.

Көзімменен тінтемін ә, деп ішке кіргеннен,  
Қаңыраган бос қуыс, жан көрінбес бір жерден,  
Жайлап жатыр құр гөйгөй жұбанышсыз құніренген.

Арльдағы Ронадай жапқан жердің тақтасын,  
Полодағы Карнародай — мол арнамен аққасын —  
Іін тіреп, тұгастырыған Италия қақпасын.

Бедеу алқап болушы еді мекен еткен мазарлар,  
Қаптай келіп кетерілген мұнда да сол тажалдар,  
Бірақ, оған үқсамайды тамұқтағы базарлар.

Сумаңдайды, шыжқырады орды кезіп оттары,  
Сом болаттар балқып кеткен мұндан апан оқпанаы  
Ертеде де болған емес, қазірде де жоқ-ты әлі.

Аузы ашылып көрлердің, әлдекімдер күніренді,  
Күніренгендер куә бол, құдіктілер білді енді,  
Қойны суық, қара жер жасырығаның кімдерді.

"Айшы, ұстазым, — дедім мен, — кімдер мұнда жерленген,  
Жалын атқан неткен үн жатқан мынау көрлерден,  
Зар иletкен не зауал мына ауага дем берген?"

"Дін бұзарлар, — деді ұстаз, — имандары жоқ, халық,  
Танымаған құдайды тәқаппарлар сотқары,  
Жатады олар тапталып, жер түбінде топталып.

Таңғылғары аттапта кімі қалай қарманып,  
Тең төңімен жатады олар мәнгі бақи зарланып".  
Алғанда үстаз оң жаққа бетін түзеп алды анық,

103

Мұшаррамен, жерменен азап жолын жалғадық,

106

## ОНЫНШЫ ЖЫР

Күрімілдің қабыргасы, азап мекен шетінде,  
Соктақпенен ұлы үстазым мені алып өтуде.  
Оның оқшелеп жүріп келем, белді байлап бекемге.

1

"Корлі қаттан зәрлі қатқа бой үрған да үмтүлған,  
Нұрасатты ақылгейім, — дедім қажып түртүлғам, —  
Онишілімді орындашы достық, көңіл, құлқынан.

4

Жасағаның жанып жатқан осынау бір жерінде,  
Інілар ма екен кебіндеген пакырларды көруге?  
Акылдары ашық, жатыр, қарауыл жоқ, көрінде".

7

"Күнметтен оралғанда тәнір берген тағдыры,  
Күйілданып әмірі де, бүйрығы да, жарлығы,  
Ашық, мына лақаттардың жабылады барлығы.

10

Бұл молада — құдайына сенбекендер кешегі  
Шикурдай тәнірге жат, өздері ойлап, шешеді:  
"Ақаһаннамда тән мен жан да бірге мәнгі өшеді.

13

Бұл көрден сен жауап алып, сұрағыңа бас үрған,  
Ой қалауын басасың сен берекенді қашырған.  
Ойларыңа нәр аласың жүргетінде жасырған".

16

"Крайрымды үстаз, өсиетінді есте қатал сақтауға,  
Есім менің екіталай басқа сөзді жаттауда,  
Інсқа сөзді жаттауда, қасиетінді сатпауға".

19

"Ог қаламен тірі жүріп, кешкен оны белшеден,  
Онегелі қаралайым, ақыл-есін теншеген,  
Тосқанаалық, жақын келші, етінемін мен сенен.

22

Бір жақындық, бар тәрізді, сөздеріңе қараши,  
Менің жомарт Отанымның болмағайсың баласы,  
Мүмкін, сени әдегтен тыс қажыгтым-ау, шамасы".

25

Алмағайып, бір қабірден құдіретті үн атты,  
Ой-санамды ойран етіп, тұнғылққа құлатты.  
Жабыстым да, қатыш қалдым көсеміме қуатты.

28

"Неге сонша бұйығасың, неге имене бересің?  
Фарината көтерілді, әне, қара, көресің.  
Кіндігінен жоғары көрініп түр денесі".

31

Жүзіне оның сұқтанып, телміре қарап қалыптын;  
Кеудесі мен маңдаілына кереметтей алып тым,  
Кекірейе көз тастап көлеміне Тамұқтың.

34

Ортасында оттардың өкшемізді жалаған,  
Қауіпсіз мені қозғады жақсы көсем, жан Адам,  
Айтты маған ақырын: "Ашық, сөйлес, бар оған".

37

Ашық, жатқан лақаға барғанымда тіреліп,  
Тәкаппар да, сұсты да, кер ішінде түнеріп:  
"Тұқымысың сен кімнің?" – деп сұрады бір өлік.

40

Көндім, бірақ мен оған жұмған ауыз ашпадым,  
Ашпадым да, алайда бірден тани бастадым;  
Міне, сонда, өлті өлік сәл-пәл керіп қастарын.

43

"Сыбайластар сырластарға өшпенінділік жолдаған,  
Жалғандағы, – деді өлік, – жау үй еді ол маған;  
Екі мәрте талқандап ем, екі мәрте, ол – онбаган".

46

"Күгіндалып кеткенімен, – дедім дереу, – қорамнан,  
Әр қыырдан Отанына олар қайта оралған;  
Ал сендерге еш бақыт жоқ, мынау көрде тоналған".

49

Осы көрдің жиегіне иек артты басқа елес,  
Иек артып, қармана кеп, кемсендеді ашты өңеш;  
Сірә, өзі, сарғідір, сергек-селтең жас та емес.

52

- Ішікі біреу жоқ, па деп, қам жасады ол көргүе, 55  
 Анылға алақтап, қос қуысы тәнуде;  
 11 үміті өшті дағы, өкірді кеп көрінде:
- "Ошак, оты лаулай жанған тотанақ, көр басында; 58  
 Аны ұлы даныштаның ап келді ғой осында,  
 11 үміт қрайда? Ол неге жоқ, мына сенің қасында?"
- Глостордің мекеніне еркімменен келметем, 61  
 Қырық, жұддыз кесемім түр қарсы алдында көлденен;  
 11 үшін ғажап еңбегіне Гвидо ұлың сенбекен".
- Ошың оның, өзін оның көрдім дағы тайындым, 64  
 Құркы алдында кім тұрғанын танындым да айырдым;  
 11 қуаубымды келтесінен, түсінікті қайырдым.
- Күлай дедің? Оларды ол еске алмады дедің бе? 67  
 11 жоқ, па енді сендердің қатарында, шебінде?  
 Қырық, дүние шуағынан аттанды ма өлімге?"
- Нің көгіп есірді жаңагы сол хабардан; 70  
 Қуаубымды сезді де көмейімде қамалған,  
 11 қонғанен құлады ол ғайып болып жанардан.
- Мана бір өркөкірек мені өзіне шақырған, 73  
 Ошың-өзі, сыйбыс жоқ, қазықтай ғып қатырған.  
 11 ғілтүсін өзгерпей, мелшип түр пақыр жан.
- "Олар үшін бұл қабір қайғы менен мұң жатқан, 76  
 Менің көрген азабымнан ауыр болар зілбатпан, —  
 11 үшін тағы қайталап қитар сорлы үн қатқан, —
- Грігі мен өмірін ол орындаған Тамүққа, 79  
 11 у рет сол ханымды көргеніңше жарықта,  
 11 ғай емес екенін де ойланарсың табытта.
- Жарық, дүниеге оралғыр! Айтшы маған, алайда! 82  
 11 кі болған жаңдарыма таңба басу жарай ма?  
 11 үлділарыңыз адамдарға шапағатсыз қарай ма?"

Қанға бөккен Арбияны есте мәңгі сақтауға,  
Дедім оған: "Біздің Орда құлшылықты бағтауда.  
Тәніріге басын іш аяттарын жаттауда".

Жауап қатты ол ақыры қарс айрылып жүргегі:  
"Онда жалғыз мен емес ем, қанды соғыс түр еді,  
Бір де сарбаз еш себепсіз бармағанын біледі.

Флоренция тағдырын саралқа сап, жалтарды,  
Жоймақ боп жер бетінен жойқын күш кеп, қаңтарды,  
Өзім жалғыз қорғап едім көтеріп кекке қалқанды.

"О, сіздердің үрпактар тыныштық тапса егерде!  
Ақыл мен ой осылай кісенге ерік берер ме? —  
Дедім оған, — Есіме шырмая түсіп көрер ме?

Болашақ, құпиясымен араларың тым алшак,  
Байқап тұрмын, — дедім мен, — сәті түсіп сынау шак,  
Көлеңкелі көздерің, көңілдерің мұнар шак".

Қарайғанды кілт жібермей аңғаратын алыстан;  
Қанық, бізге жалғыз ғана қыыр шет пен алыс маң,  
Көсем берген бұл қасиет бізben бірге қабықдан.

Не жақындал келе жатыр, не бол жатыр мекенде,  
Біз осымен ақыл-ойды әуре етеміз бекерге,  
Ақыретті әнғімелеп, арқа сүйеп бөтенте.

Айтарымды аңғарасың, түсінесің өзің де;  
Болашақтың есігі жабылатын кезінде,  
Бізге тәннің өлер бәрі: өнер, білім, сезім де.

Жаңды өртеген өкінішпен қарадым да жан-жаққа:  
"Айтыңызшы, әлгіндегі құлап түскен аруакқа,  
Оның ұлы әлі тірі, жер үстінде аулакта.

Терең ойға шомған едім күдіктене, сескене,  
Күдікке бой алдырганда тұрушы еді есте не,  
Сондықтан да айта алмағам сол сорлыға ештеңе".

Күн омім де шақырды әне, аруаққа ізет сақтадым,  
Оңтімемді үзсем дедім, білсем дедім нақ-нағын,  
Күрішім атқан қара жерде кімдер бірге жатқанын.

115

Міншілан аса жан жайларан осы көрдің апанын,  
Оны үрхіга келіп құлап, осыдан тапқан жатағын,  
Філіпінек екінші мен кардиналды атадым".

118

Гүлшіл болды ол, санам әлі қорқынышты сақтады,  
Күншіл корген көне ақынға үрей қысып аттадым,  
Нұмайр жауап бұраланын іздеп, содан тапқалы.

121

Ори күрай аяндағық; ұстаз салды зердеме:  
Алғүржіммен сезіп тұрмын, абыржисың сен неге?"  
Літтеримді актардым мен сыймай тұрған кеудеме.

124

"Күншінді еске сақта, — деп бұйырды ол, — сұлтпа,  
Гүлшіларынның қатерлі сен ақиқатын ұмытпа,  
Міншіл жәйтті түйініп ал кездесетін жуықта.

127

Күрішін, көркем көздер әлі кездеседі, көресің,  
Лілекланы анықтаған нұр шуаққа төнесің,  
Жілдадарынның болашақ, жарық, жолына енесің".

130

Аспай-саспай ұстазым солға қарай аттады,  
Жазық ылди жетеледі, дуалдардан сақтады,  
Оргасына шенбердің орга таман тартты әрі.

133

Күлкәнаны үрған қолаңса иіс шыққан жақтағы.

136

## ОН БІРІНШІ ЖЫР

Келдік біздер бір қорымның бір шетіне көлденен,  
Оқшеміздің дәл астында құз-жартастар көлбegen,  
Тым үрейлі шынырау жатыр бұрын ешкім көрмеген.

1

Аңқып тұрған шынырау құздан шығандағы муйістен,  
Қолқа қапқан қолаңсалы сасық, мұңсік іістен,  
Мола артына жасырынып, бастарымыз түйіскен.

4

- Нән мазардың тақтасынан жазу көріп, шайлығам: 7  
 "Анастасий папа осында бұғау киген қайғыдан,  
 Фотинага еріп, тәнірі салған ақжолынан айныған".
- "Бұл баурайды басуға әлі асықдағын, қарағым, 10  
 Сәл сабыр ет, мына иіске үйір болсын танауын,  
 Соңда ғана әрі қарай женіл тиер қарауың".
- "Сабыр түбі — сары алтын, уақыт қетпес тегінге". 13  
 Сабыр еттім, серігіме мен осылай дедім де:  
 Ол да мені қоштай кетті: "Қалауым сол менің де".
- "Ұлым менің, — деді ол маған, — ортасында үшпа қат, 16  
 Үш баспалдақ, жатыр мұнда, үш баспалдақ, үш қабат,  
 Бұған дейін көргеніңнен кіші, байқа, тұс қарал.
- Бәрінде де қарғыс атқан елестер жүр мәнгілік, 19  
 Қарал қана өту үшін, түрмау үшін мәнгіріп,  
 Олардың сен айыппарын, азаптарын ал біліп.
- Өшпенділік мақсаты жалғандықпен шектелген, 22  
 Зиян тартып басқалар, құдай да оны жек көрген:  
 Алдау, зорлық, — құралы адамдардың кектенген.
- Алдау дейтін ол — бір дерпт адамдардан таралған, 25  
 Жаратқанға ол жексүрын, соңдықтан да қамалған,  
 Тұнғиықтың түбіндегі жазаланған сан алуан.
- Зорлық мынау бірінші қат зынданына көмілген, 28  
 Көмілген де, үш белдеудің үлесіне бөлінген,  
 Соңдықтан да өздерінше үш одақ бол көрінген.
- Ойран-асыр осынау бір жазаланып жатқандар, 31  
 Жақынына, өзіне де озбырлық, зәр атқандар,  
 Көресің де сезесің, шапқандар мен жаққандар.
- Тонау, өртеу, өлтіру, ес алдырыған қысымға, 34  
 Әлдекімге жара сап, әккі зорлық, уысында  
 Ұстағаннның не өзі, не жақыны осында.

|   |    |
|---|----|
| Кіті олтіргіш қарақышылар, жара салған пендеге,     | 37 |
| Ақылдарын ашу жеңген баукеспелер өр кеуде,          |    |
| Іорін татпақ, дозақтың мынау сыртқы белдеуде.       |    |
| <br>Іші біреулер өз жанын, мүлкін өзі жалмайды,     | 40 |
| Оның-озі өлтіреді, айыпқа айып жалрайды.            |    |
| Солар мынау орта белдеу ортасында зарлайды.         |    |
| <br>.....   | 43 |
| Жирагатқан мен жаратылыс мейіріміне сенбegen,       | 46 |
| Күдайына тіл тигізіп, балағаттап жерлеген.          |    |
| Аның жатқан сол содырлар, зорлық, бойын кернеген.   |    |
| <br>Күлкілдесіп бәз біреулер, құдайына налиды,      | 49 |
| Мынау белдеу өр жағында оларды да таниды.           |    |
| Кипорс пен Содомның қарғыс оты қариды.              |    |
| <br>Алдау дейтін зымиян өр жүрекке таныс-ты,        | 52 |
| Алдарқанған сорлыларға сойқан болып жабысты.        |    |
| Түкке сенбес пақырлар да торға түсті, бағы үшты.    |    |
| <br>Ішіғи тән байланысты қасиеттемей сүйреткен,     | 55 |
| Ішілікті сүйіспендік ізін жойып, күйреткен.         |    |
| Мына тұрган соңғы сойқан тозаққа еркін билеткен:    |    |
| <br>Ікіжүзді жағымпаздар, парақорлар жат жандар,    | 58 |
| Сикырлықпен, жалғандықпен жалған атақ тапқандар,    |    |
| Шен көрсетіп, шіркеудің де лауазымын сатқандар.     |    |
| <br>Күнідас, туыс, махаббатты ылайлаған, қаяусыз,   | 61 |
| Жан сенімін, жан қадірін жайлағандар аяусыз,        |    |
| Алгашқы анау алапатта тұрган солар баянсыз.         |    |
| <br>Дит тәж-тары орын тепкен ең кішкене қаттағы,    | 64 |
| Күрғыс таңба басылған да, қара жерге батқаны,       |    |
| Мөңгілікке жұтады оны әккі әлемнің ақданы".         |    |
| <br>"Ұлы ұстазым, — дедім мен, — ұлағатты сөзіңнен, | 67 |
| Алдыңдағы апаттың сырын ұқтый төзіммен,             |    |
| Арпалысып азаппен кім жатқанын сезінгем.            |    |

Айтышы: осынау қаттағы мибатпаққа батқаңдар,  
Нөсер осып жотасын, құйын түйреп атқаңдар.  
Жан ұшырып, өзді-өзі жағаласып жатқаңдар.

70

Құдіреттің қаһары айырганда еріктен,  
Осынау қызыл шәріге қамалмапты, не күткен?  
Осылай болған жағдайда, бақытсyz бұлар неліктен?"

73

"Байламыңдан байыпты, апырау, неге бас тарттың?"  
Жолсыз, жөнсіз адасып, акылың қайда бастап тұр?" —  
Деп, кесемім реніш көзін маған тастап тұр.

76

Қалайша сен Фибрат қағидастын ұмыттың?  
Пәнденің ең жаманы жыланнан да сұық, тым,  
Жаппар көкке жат болған үш нәрсе бар — мұны ұққын.

79

Ұстамсыздық, ыза-кеқ, хайуандық, қан ұрган,  
Ұстамсыздық — құдайға пәс күнә бол танылған,  
Сондықтан қызыл ошақта сәл жеңілдеу қарылған.

82

Қабырганың сыртында қаңдай орын тұрганын,  
Жазаланған жаңдардың босағада сүрларын.  
Есіңе алыш екше де, мойныңды бұр, жаным.

85

Түсінесің сен олардың бөлінгенін неліктен,  
Айырмасы қанша екенін ашу буган өліктен,  
Айырмасын, құдайдың азабының кеміткен".

88

"О, ғұлама, көзін ашқан, көңілін ашқан соқырдың,  
Әлі сенің ілімінді үйренермін, оқырмын,  
Білмегенді білермін де, көңіліме тоқырмын.

91

Пайдакунем, паң-сараң мыскал беріп, ақша алған,  
Жаратқанның мейірімін қалай былғап, дәқ салған  
Қайта орал да, — дедім мен, — мәнісін айт, абзал жан".

94

Құдіретті тәлімдерін құрметтеген жаңдарға,  
Қайта-қайта философтар қағидастын жалғауда,  
Жаратылыс қайнар көзі неде екенін барлауда.

97

|  |     |
|--|-----|
| Лицелік, пен көркем өнер құдіреті ойдағы,        | 100 |
| Фишкадан да оқисың, бітпек емес байламы.         |     |
| Нарықтап көр тек қана алдыңа оны жай дағы.       |     |
| <br>Ішір өнерін пәнделер табигатқа арнайды,      | 103 |
| Окүшыңдай өкшелеп, жалғыз қарыс қалмайды;        |     |
| Күлімің деп құдайдың өздерінше сарнайды.         |     |
| <br>Ішір кітаптан білуге тиістісің кенеліп,      | 106 |
| Існегіт тен пендеге тәңірі айтқан төрелік,       |     |
| Ішір сүріп адамдар өссін деген көгеріп.          |     |
| <br>Жирагатқанның жолынан пайдақорлар тайған-ды, | 109 |
| Ішігіттың өзін де талақ етіп, жайланды,          |     |
| Ішіжар қарап еңбекке, құлығымен пайда алды.      |     |
| <br>Лицайық, мына көр уақытты тауысты;           | 112 |
| Ішің жүлдізы шығыстың таң сөүлесін ала үшты,     |     |
| Үркөр ауып жамбасқа, Каврге кеп жабысты.         |     |
| <br>Ішіратұғын тұңғиық өлі бізден алыс-ты".      | 115 |

## ОН ЕКІНШІ ЖЫР

|  |    |
|--|----|
| Томен түсер құлама — қорқынышты өудім көр,     | 1  |
| Қияметті қыл көпір, қырсық шалған мәңгү — жер, |    |
| Оркімдерді шошытқан, жүрексінген әркімдер.     |    |
| <br>Жатушы еді бір қорым Трентодан төменде,    | 4  |
| Жер сілкініп, тас құлап, әлеметтен келген бе,  |    |
| Жататұғын, әйтеуір, Адичені бөгендей.          |    |
| <br>Құз жартастың құлама кедірі менен бұдыры,  | 7  |
| Жүргендердің тал қармар аяқ тірер тұғыры.      |    |
| Жалғыз аяқ жолдайын жатушы еді ғұмыры.         |    |
| <br>Мына сүрқай уәлает кейіп солай түр ұйтқып, | 10 |
| Гүнекке түсе берісте айбат шегіп бір иттік.    |    |
| Бұқа басты адам жатыр мазақ болған криттік.    |    |

Пасифая тұған-ды оны бұқамен боп бастаңы,  
Бізді көріп, өзін-өзі ол жүндей түте бастады.  
Мағнасыз айбат қылып ақсияды тастанды.

13

"Жатырмысың тары да күйің келіп жынданып,      16  
Әкелді деп тұрсың ба Афиндықты бірге алып,  
Түйреу үшін жаныңды, — деді ұстазым сұрланып, —

Әрі тұр, әрі, хайуан! Босат жолын апанның,  
Серігім менің сезбейді құлығын сениң апаңның;  
Тындаушысы тек сениң азап пенен жапаңның".

19

Айбалтамен өлтіре соққанда өгіз әңгүдік,      22  
Үзетін де арқанын, қаша алмайтын әл кіріп,  
Жанға батқан жарадан тыптырайтын мәңгіріп.

Солай тұрды бұрқанып, бөксесі өгіз, басы адам;      25  
Айғайлады ұстазым: "Темен қарай қаш одан.  
Ол долданып тұрғанда, сен өтіп кет тасадан".

Ұлди төмен бет алып, екеуміз де аттандық,      28  
Қаусап тұрған қорымдар салмақпенен тапталып,  
Құлайтындаі көрінген құз жартастан сақтанып.

"Жасырған бізді жаңағы жауыз, жыртқыш тары аңан,      31  
Жартастарға таңданып келемісің сан алуан, —  
Деді ұстазым, торлаған ойды қуып санамнан —

Тамүқпенен төменгі өткенде мен енген ем,      34  
Ынтықтырған ымыртқа мен сол соқдақпен келген ем,  
Мына жатқан тастарды, түсін, онда көрмегем.

Сонша жанды Дит көрінен алып кеткен аспанға,      37  
Сол құдірет тозақтың бірінші қатын басқанда,  
Сол келерден сәл бұрын, қақпаны алғаш ашқанда,

Ойран-асыр осы аймақ опырыла сілкінді,      40  
Күйреуден барып жаралған бұл дүние шіркінді,  
Бағзы біреу жорыпты байлам айтып бір түрлі.

- Нұрлар дағы ол осылай астаң-кестең құлаған, 43  
 Гана мұнау шың жартас шыңыраудан сұлаған:  
 Ори жерлерде-ақ, қыраған, қалғаны жоқ, дін аман.
- Ош, қира, әне бір көмкеріп ап баурайды, 46  
 Құнокарды қүйдіріп қанды тасқын заулайды.  
 Қынқышына жат қылық көрсеткендер лаулайды".
- О, корсоқыр ашкөздік, есалаң ыза ашулы, 49  
 Қыраттып, тонал жатырсың біздің шолақ, ғасырды,  
 Молті бақи азаптап, жібересің жасыңды!
- Сіргімнің айтқаңынан сезінгем де, түйінгем: 52  
 Ішір даймақты шеңберге алғып, шегендеген, шүйілген,  
 Ориң жатқан ор көрдім бір доғадайын иілген.
- Жылқы бексе адамдар жыңдана кеп жосыды-ай, 55  
 Жіңір үстінде тағылар да алқымдайтын осылай,  
 Қоқ шалғында емін-еркін көслетін шошымай.
- Күн тастан бізді аңғарып, барлығы да тоқтады, 58  
 Ішір үшеуі жақын келді, жалмауыздай оқданы,  
 Жібelerін желпіндіріп, садақтарын оқтады.
- Үшірінен озып шыққан біреуі кеп шалгайдан: 61  
 "Сөңдерді бұл ізге салған, — деп ақырды, — қандай жан?  
 Гүрган жерден жауап қатқын, болмаса атам мандаидан?"
- "Іі үндің жауап, — деді ұстазым, — тек Хиронның алдында, 64  
 Құркығтпа сен, саялатар қорғаушымыз бар мұнда,  
 Өумесер ең қашаннан, одан "сыбага" алдың да.
- Олердегі қанды кегін өзегінде сақтаған, 67  
 Несс қой мұнау, Деянира үшін тозақ отын аттаған", —  
 Ағрл дағы плашымнан қасымдағы тартты Адам.
- "Анау — Хирон, ортадағы басы төмен иілген, — 70  
 Ахиллдың ұлы ақылшысы алақанда иірген:  
 Үшінші — Фол, қаһарлы, зәрлі ашу үйірген.

- Бұлар топ-топ осы өзенде әрлі-берлі қоршаған, 73  
 Қан толқыннан қалқып шығар қарғыс атқан болса адам,  
 Қақ тәбеден қадап атар қайырымсыз қансоғар.
- Саңлақтанған құбыжық, келдік біздер шетіне, 76  
 Қою мұртын сүр жебемен Хирон бөліп екіге,  
 Алма-кезек сипап қойды ойдым-ойдым бетіне.
- Қалың ернін қозғады да ол, айтып жатыр кімдерге: 79  
 "Әнеу тұрган екінші, мұнда келген бір пеңде.  
 Қозғайды еken тастарды өзі тым дөрекі жүргенде:
- Бірде-бір өлік ешқашан дәл осындаи журмес-ті, 82  
 Адам менен хайуан бір денеге мінгесті.  
 Таюу барып, мергенге көсем былай тілдесті:
- "Тірі адамдар сияқты бұл да тірі, өлмеген,  
 Осы тұрган түнекке өзім бастап енген ем.  
 Мақсатпенен келген бұл, машық, қуып келмеген. 85
- Салауатты сол әйелдің мен — үкімін тыңдырған, 88  
 Осынау жан үшін ол дұғасын да сыңдырған:  
 Күнәкар рух емеспін мен, ұры емес бұл жын қуған.
- Тәнірінің әмірімен барам азап сапарға, 91  
 Біреулерің баста бізді, адаспайық, жапанда,  
 Біздерменен бірге болып, жүрсін біздің қатарда.
- Ауаменен қалқитұғын елес емес, жаны бар,  
 Менің мына серігімді жармастырып жалына,  
 Тайыз жермен алып кетсін өзеннің ар жағына. 94
- Хирон онға бүйірін бұрып, Неске назар тастады: 97  
 "Мыналарға жол көрсетіп, бағыт сілтеп, баста әрі,  
 Аулаққа айда, қарсы алдыннан кездестірсең басқаны".
- Жағамен ол алыш жүрді қан бүркүлдап қайнаған, 100  
 Азан-қазан, үрейлі бір үндер оны жайлаган.  
 Шыжғырылған тірідей шерменделер айналаң.

- Жиілдер көрдік қасынан қанботқаға былыққан, 103  
 Мүнда, — деді кентавр, — ар-ожданын ұмытқан.  
 Некін оқімдер аз емес қанға, алтынға құныққан.
- Марғобесін зорлықпен былғап алған бар жауыз: 106  
 Амександр осында, Дионисий жалмауыз,  
 Сицилия бейбаққа жара салған қанды ауыз:
- Күрі түкті — әйгілі анау Адзолино — граф-ты, 109  
 Іштің шырай бұл Обиццо, бұлік кездे сұлапты,  
 Гүлшұлы өз қолымен құрбан етті, құллатты".
- Кисеміме қарадым мен дегендейін ескерсін, 112  
 Гүлшілі, деп данышпаным: "Сәл сабыр ет, есітерсің,  
 Гүлштыңа енді жауап мына тұрган Несс берсін".
- Жиікіндадық, бір топқа — бізге таяу тұрганға, 115  
 Қорғадектен бүркелген, әрқайсысы бір маңда.  
 Жиіркылдарап тұр қып-қызыл қыздырылған қырларда.
- Нір аруақ, тұр Несс айтты, құдай ұрып, мына адам, 118  
 Қашжар салып жүрекке арылмаған күнәдан,  
 Шоғынг жаңын еске алып, Темза бүтін жылаған!
- Імекуларды анғардым, ылдыында ағыстың, 121  
 Қоуде, қарын, иғын ербендетіп, алысты.  
 Глостердің ішінде кейбіреумен таныспын.
- Ног пәс толқын бәсексіген сәтті уақыт кезенди, 124  
 Айқ, қарыр аязы бар, жыны қайтты ежелгі;  
 Нім сәтті пайдаланып, кесіп өттік өзенди.
- Кінды ботқа қайнаған таяздайды бұл маңда, — 127  
 Айлі бізге кентавр, — басын ылди бүрганда,  
 Күшта келген толқынға пенде шыдан тұрган ба?
- Ош түбі жоғалды да, тасқын қайта төмен кеп, 130  
 Аниласын тықсыра кеп, шенберге алып, шегендей,  
 Некімдер жатқан тозақта кетеді кайта тереңдей.

- Ашулы аспан астында айыптағ құдай жаршысы, 133  
 Аттиланы илейді атанған жердің қамшысы,  
 Пирр, Секст те зарлайды қан болып көздің тамшысы.
- Көз жастары беттерін айғыз-айғыз етеді, 136  
 Риньер де Пацци, Риньер Корнето екеуі —  
 Қарақшылық, күн кешкен қарақшылар жетегі".
- Осы жерде кентавр ғайып болып кетеді. 139

### ОҢ ҮШІНШІ ЖЫР

- Отпей тұрып кентавр, кешпей тұрып тасқынды, 1  
 Тағы орманға іліктік, тағылығын паши қылды.  
 Соқлақ, таппай сорладық біз, еңсемізді бастырды.
- Қошқыл қоңыр жапырақтар салбырап тұр асылып, 4  
 Жыбырлаған әрбір бұтақ шырмауықтай жасырып,  
 Жеміс те жок, қылқандардан у сорғалап, шашылып.
- Сыңсып жатқан жыныс орман жабырқады, соқты мұн, 7  
 Шөлдің тағы аңдары кеп сая табар отты күн,  
 Чечина мен Корнетода мұндай орман жоқтұғын.
- Пері құстар ұясы тұр, ізі жатыр айнала, 10  
 Бал ашқан ол Трояндарға осы жерді жайланаған.  
 Қырсық, шалар мезгілді айттып, Строфадтан айдаған.
- Етек қанат, қыз кейіптес, сыңсиды кеп сылаңдал, 13  
 Түкті қарын, тырнақтары көстең-көстең тырандал.  
 Ағаштарға оралып жүр уайымдал үрандал.
- "Әрі қарай екеуміз аяқ баспастан бұрын,  
 Осы екінші белдеудің біліп алғын тағдырын, — 16  
 Деді маған данышпаным, уағыздап алғырым, —
- Одан әрі алдында шөл жатады лаулаган,  
 Өрт жайнаған құдды бір өртең жерден аумаған.  
 Кереметті көресің бұрын естіп, нанбаған". 19

- Топыректің бәрінен қыңқыл-сыңқыл естідім, 22  
 Анылайын, алайда көре алмадым ешкімін;  
 Анылдым аңырып, әлдекайдан есті мұң?!
- Менің ынан да өзімдей ойда түр ма деп не түрлі, 25  
 Алықайдан, ой, тоба, әлдекімдер өкірді?  
 Менің ында бұтаның жасырынған секілді.
- Анылғың келсе әп-сәтте мынау үрей көздерден, 28  
 Сыңдырып көр бұтақты алдыңдағы кез келген".  
 Менің дана бастаушым айтқан осы сезге ергем.
- Ішір агашқа қол созып, келгенде сәт кезеңі, 31  
 Ішір бұгасын сыңдырсам, о, ғажайып сезеді!  
 Анырып кетті, сыңдырма!" – дейді сыңсып өзегі.
- Күк, бөлінген бүршіктерден көрдім қызыл қан меңін, 34  
 Құшауынды қысқартсаныш! – дейді налып әлдекім, —  
 Шыныменен дәтің берік қайырымсыз жан ба едің?!
- Ішір бір кездे адам едік, енді, міне, өсімдік... 37  
 Ішір шетінен су тамған көз жасындай мөлтендең.  
 Ол пен суды шыжырып, ерегесіп жел төнген.
- Сол сияқты жаралы ағаш сорғалатты қан жасын, 40  
 Құлдан бұтақ, жерге түсті мен абдырап қалғасын,  
 Аныреу менің үнім өшті, зәрем ұшып, жан жасып.
- "Менің жырым хабарлаган жайттардың, бұл пенде, 43  
 Ол жолынан алдын ала кездесерін білгенде, —  
 Аның ұстазым жауап қатты жалынышты үндерге:
- О, бишара, саған қолын созбас еді бұл адам, 49  
 Көреметті сезсін, көрсін деп мен едім сынаған,  
 Мен кінәлі сенің осы азабыңа шыңдаған.

Өзінің кім екенінді бұл адамға түсіндір,  
Жақсылықпен бар айыбын өтейтұғын ісін біл,  
Оралғанда жер үстіне сені еске алар кісің бұл".

"Сенің мынау лебізің еліктірді соншама,  
Жайбарақат ұнсіз, тілсіз, тыңдағам жоқ, оншама,  
Ал айтайын әңгімемді, сіздерге ауыр болса да:

Қаталдық, пен қайрымдылық, дейтін екі қакпадан,  
Фридрих жүргегінің екі кілтін сақтағам,  
Сылдыраттай ашып-жапқам, бөтен ойлар жат маган.

Азды-көпті құпиясын қорғадым да, жинадым,  
Парызымды өтей жүріп, қасиеттеп сыйладым.  
Әзер тұрган дәрменімді, үйқымды да қіғамын.

Бақталастар хандығында бақталасқан сан адам,  
Сайқалданып, селт жібермей, сайтан көзін қадаған,  
Қауымға: оба күншілдіктің орда зәрін жалаған.

Сарайдағы сайқалдар да сумандағы, ісінді,  
Ашу бұған Август әкім мені жалған түсінди,  
Ойран етіп, қара қырсық шыңырауына түсірді.

Қайран рухым қайран қалып, аласұра сендељді,  
Әсектерден өлімімен өш ауды жөн көрді.  
Өз алдында күнәсіз жан күнәлі боп енді өлді.

Ант етейін тубірімнің түбіндегі қанымен,  
Әстім, өштім өзімнің иманымның арымен,  
Еттім қызмет мырзама, күрметтедім тағы мен!

Жайсаң жарық дүниеге осыннан есен шыққаның,  
Ескерсін де, ерітсін арымның менің шықтарын,  
Естісін жұрт күншілдік көрге әкеліп тыққанын!"

"Ол тыңды, — осы лебізді естідім мен ақыннан,  
Сейлесіп көр онымен, — уақыт алға шакырған,  
Сұрағыңа не жауап берер екен бақыл жан".

|  |     |
|--|-----|
| Миңшың пайда келтірер болса оның несі бар? —<br>Ұлым өіраз қысылып, — сұрап өзің шешіп ал,<br>Ішімдікім бармай, ауырлап тұрганымды есінде ал". | 82  |
| Манау, — деді қасымда қайырымды серігім, —<br>Ішімдікі орындауға беріп те түр сенімін,<br>Ішімдікі зарыққан, мойныңды бүр, өлігім.             | 85  |
| Шырмауығы бұтақтың жанды қалай шаңдиңи,<br>Ұқырат болса, айт бізге, қалай жанды аңдиңи,<br>Күшіла ма бір күні бұл тұзақтан сан қылы?"          | 88  |
| Оны жерде ағаштың өзегі ауыр күрсінді,<br>Жишишан атқан жалын сөз жарып шықты дүрсілді:<br>Ал тыңдаңдар, жауабым келте болар бір сырлы.        | 91  |
| Аришіліскан азап жан өзі болып білермен,<br>Аирылғанда денеден, үзілгенде шідерден,<br>Минес оны жетінші тұңғылыққа жіберген.                  | 94  |
| Ішілі шек бермейді береке жоқ, сорларға,<br>Күйіттай ғана дән болып құлайды олар орманға,<br>Таптырына табынып, тұрады өсіп сол маңда.         | 97  |
| Лішалады сол бір дән жас бұтаққа, сабакқа,<br>Жапырағын пері құс айналдырып тамаққа,<br>Лұыртады жаңағы сендерге ұсал, алад та.                | 100 |
| Қиямет соты болғанда, тәнімізге барамыз,<br>Алайда оған ене алмаймыз, құр әншнейін табамыз.<br>(О)з тәніміз өзімізге жат бол кеткен, қараңыз.  | 103 |
| Іір кездерде еркіменен тастап кеткен денені,<br>Сорлы аруақтар сүр саяға сүйреп алыш келеді,<br>Керегіміз жоқ оларға, пері құстар — қорегі".   | 106 |
| Уайым сорған сорлы бұта сейлейді деп әлі де,<br>Үстазымыз екеуміз де ойлаган ек дәніге.<br>Жыныс орман кенет шулап, басты ежелгі әніне.        | 109 |

Аңшыдаймыз тосқауылда тына қалған тың тыңдал, 112  
Тазы құған тарлан қабан зытқандайын ыңқылдал,  
Естігендейміз бұталардың сынғандығын сыртылдал.

Жыныс қопа бұталарын кеудесімен сыңдырып, 115  
Бұтақтардың арасында, сол жақта, әне, жын қуып,  
Тыржалаңаш, пәре-пәре келеді екеу шыңғырып.

“Өлім, тез жет маган карай!” — деп зарлайды алғысы, 118  
Артындағы үмтүлады, оның да жоқ қалғысы,  
Айғайлайды: “Бүгін, Лано, жылдамсың фой, қарғышы!

Топподада сен дәл осылай тырмыспап ең, гөзелім! 121  
Айналаға қарады да ол, алқындырып өзегін,  
Бұта құшып құлады-ай кеп, аяқтады кезегін.

Ал кейінде, орман толы өлекшіндер қап-қара, 124  
Босатылған тазылардай арсаландал, топтана,  
Аш-жалаңаш заулайды кеп, қарамайды артқа да.

Құлаганға жармасты олар, желіктіріп қолқасын, 127  
Азуларын салды келіп жұла тартып арқасын,  
Кекпар тартып бара жатыр бишараның қаңқасын.

Мені ұстазым ыңырсыған бір түп бұтаға әкелді, 130  
Қызыл ала қанға батып, жылап жатқан екен-ді.  
Сынған мүше пайдасы жоқ, көз жасымен өтеулі:

“О, Джакомо да Сант-Андреа! Бұ неғылған ермегің? 133  
Бодауыңа мені беріп, сорлаттың фой сен мені!  
Қарғыс атқан өмірінді жынды қылған мен бе едім?”

Уағызшы ұлы ұстазым қасына оның аялдал: 136  
Кім едің сен, жаралы жан, айтшы, — деді, — баяндал,  
Қанжосаның арасында қалжыраған қай аруақ?”

“О, тірілер, келіп көрген мәңгі түнек тағдырын, — 139  
Деді ол бізге, — актардыңдар ақыреттің хандығын,  
Көрем десең пәре-пәре табыттымның дал-дұлын,

Жашырағымды жинаңдар, жаңағылар қырыққан! 142

Ниша үшін байырғы қоргаушысын ұмытқан,  
Ішір той бір жер, сол — менің қалам едібылыққан.

Соңдықтан да толассыз тозақы ашу кектенген, 145

Іомшегі Арно суында сақталмаса, не еткенмен,  
Күмас еді ештеңе қазіргіден, өткеннен.

Аппланың үрейлі құлі үстіне, жаңадан, 148

Күннілар еді бекерге қорғап соққан сан адам,  
Еңбектері еш кетіп, өлер еді наладан.

О) үйімде өзімді-өзім жазалағам, қанағам. 151

## ОН ТӨРТІНШІ ЖЫР

Гүшін-оскен жерімді ойлап, қайғы буып, шайқалдым, 1

Жапирап жатқан жапырақтарды жинадым рой, не айтармын.  
О) құрып, әлсіреген дәрменсізге қайтардым.

Шетке шықтық орманнан, ол маң өлі күшінде, 4

Үшінші белдеу жаңағы екіншінің ішінде,  
Күймет соттың жарлығы қақ, төбеден түсуде.

Алтайын мен жаңадан нені аңғарды от жанар, 7

Анна жатыр бір қылпық жоқ, көз сүрініп тоқталар,  
Анна жатыр алдымызды, тіршіліктен жоқ хабар.

Күйінап жатқан қан өзен өзін қалай ораса, 10

Алланы солай сорлы орман көмкеріпті орасан;  
Серігіміз екеуміз шетте тұрдық оңаша.

Бір шетінен бір шетіне Катон өтіп, таптаған, 13

Ортеп жатқан жазықтайын жалын өзек, от-табан.  
Сұсымалы қып-қызыл құм қиян қырды қаптаған.

О) құдайдың алмас кегі, жазғанымды менің не, 16

Оқығандар ойран-асыр шошынады-ау, тегінде,

Шошынады-ау сұмдықтардан көзім көрген өнімде.

- Күмдә қалған тыр жалаңаш тобырларды мен көргем,19  
Бәрі боздап, мәңгі бақи азап-сорда сенделген.  
Әрқайсысы әр түрлі тағдырменен шенделген.
- Шалқасынан құлаған біреулерін қан жауып,21  
Бүрісіп отыр біреулер қолқасымен шаң қауып,  
Біреулері ерсіл-қарсылык айналуда сандалып.
- Сапын түзеп сандалғандар бір тасынып, бір акты,23  
Жатқаңдары шамалы екен, бірақ сүмдышқ, мұң атты,  
Шыбындары шыңғырады, тұндырады құлақты.
- Желсіз күнгі қардайын тау жотасын бүркеген,25  
Жалын нөсер қанат жайып, шөл үстінде түр төмен.  
Баяу келіп басып жатыр баяу-сабыр діңкемен.
- Үндістанмен қолын бастап өткен кезде Ескендір,31  
Құлап түскең алқызыл от арасымен кешкен бір,  
Ми қайнатқан ыстықтарда от лаулап ескең құр —
- Сарбаздарға бүйіраратын жерді туте талтауды,34  
Жанып жатқан жалыннан аңдыз-аңдыз сақтаңды,  
Фарасат оты ауызын сол тәсілмен жапқан-ды, —
- Отты құйын араласты от деміне алтаптың,37  
Шәйтіт лаулап жанып жатыр білтесіндей шақпақтың,  
Жазалылар жан азабын екі еселеп таптап мың.
- Қаңқа қолдар ербен-ербен мәңгілік би билеуде,40  
Аруақтардың құр сүлдерін әрі-бері сүйреуде,  
Желіккен от ішіндегі жалын қармап илеуде.
- “Урейлі сол қақпаның жолын бізге бөгеген,43  
Сол жындардан басқаның бәрі таныс көнеден,  
Айтты маған үстазым, “Бұ не сүмдышқ? — деген ем, —
- Айналаны өртеген селт етпеген жалынға,46  
Фарасат отын сөндіре алмай сабап жатыр жауын да,  
Түнжырап жатқан үп-ұзын мынауың кім тағы да?”

|  |    |
|--|----|
| Нұрғындарлігер, о, ғажап! Түсініп қойды ол, тегінде, | 49 |
| Нұрғындар жан айғайлас жауап қатты көрінде,          |    |
| Нұрғын болсам, өмірде сондай тұрам өлімде!           |    |
| <br>   |    |
| Нұрғы күні иырымнан қызып түсер басымды,             | 52 |
| Нұрғын алған қолынан, қыл қабатын жасын-ды,          |    |
| Нұрғы берсін сол ұстаны, мейлі, Зевіс ашулы.         |    |
| <br>   |    |
| Моңлі, босқа әуре боп, ауыр жаза арнасын,            | 55 |
| Моңлің көмейіне тықсын, мейлі, жалмасын,             |    |
| Нұрғыра көр, құрметті Жанар тау!" — деп зарласын.    |    |
| <br>   |    |
| "Филогра үстіндегі қайталасын шаруасын,              | 58 |
| Моңлі, мені сағат сайын жасынменен жалғасын,         |    |
| Нұрғы, бірақ қайткеммен де қанды кегін алмасын!"     |    |
| <br>   |    |
| Сінди менің кесемім бар күшімен үндерген,            | 61 |
| Сіндиң мұндаидай әр сөзін естімегем, білмегем:       |    |
| "О, Қапаней, менмендігің — әлі көзін ілмеген, —      |    |
| <br>   |    |
| Сіл гой сениң зәһар қайғың, зауалыңды зілдерген,     | 64 |
| Сіндиқтан да өзің-өзің өшіге кеп мінген ең,          |    |
| Күйірымсыз соттан қатал өзіңе айып ілген ең".        |    |
| <br>   |    |
| Ұстаз маган бұрылды да, бап-байсалды реңі,           | 67 |
| "Гағы еді бұл тәқаппар, жүрттың бәрі біледі,         |    |
| Фиваны қоршап алған жеті патша біреуі.               |    |
| <br>   |    |
| Құдайға тіл тигізген ол, бас имеген дегенмен,        | 70 |
| Жаңа өзіңде айттым гой мен, қылышына кенелген,       |    |
| Лөрекі сөз даңқыменен "құрметке" бөлентген.          |    |
| <br>   |    |
| Сен — соңында, мен — алда, әдет бар гой бекіген,     | 73 |
| Кеттік енді әр қарай, бірақ, сенен өтінем,           |    |
| Іыса көрме от құмды, айналып өт шетінен".            |    |
| <br>   |    |
| Жеттік біздер жылғаға, үнсіз көңіл жасыды,           | 76 |
| Орман жақтан шапшыған шапшаң жылға тасуы,            |    |
| Олі күнге таңданам, сүмдышқ, оның ашуы.              |    |

- Жезөкшелер су алатын шипа етерге сыйынып, 79  
Буликаме көлінен бір бұлақ, ағар бүйірып,  
Сол тәріздес мына жылға құмға жатыр құйылып.
- Арғы-бергі жағасында, жиегінде жылғаның, 82  
Тұбінде де, шетінде де көріп тастың түрганын,  
Өтер жолдың сол екенін сезіп, біліп түр жаным.
- “Бері қарай, босағаға есік ашып, енгеннен, 85  
Осы жылға өзгешерек, сол екеуміз көргенин,  
Бұл бір ғажап, олай болса, сол ғажапты көрген жөн.
- Бас идіріп, ырыққа бағындырыған, көндірген, 88  
Бұл күшімен кез келген өрт-жалыңды сөндірген,  
Осы бұлақ, ғажайып, ғажайыптан сен білген”.
- Солай деді көсемім; ақылын-сырын жалғауда, 91  
Аштық, дейтін бәлекет артымыздан қалмауда,  
Азық сұрап өтіндім өзегімді жалғауға.
- “Крит атты өлке бар жастық, еткен тенізді, 94  
Әмірінің күшімен дүние рахат дегізді, —  
Деді көсем, — ол өлке күнәсіз де, көне, ізгі, —
- Алып таулар арасында аты әйгілі Ида бар; 97  
Бір кездерде ылғалмен, жапырақпен құйған нәр.  
Бұл күндерде ол ұмытылған еске алған жан қиналар.
- Рея оған сәбиін аманаттап, сенген-ді, 100  
Пана тауып басына, бақылауға берген-ді.  
Жылағаның дабырмен естіртпеуді жөн көрді.
- Әлдекәндай ұлы қарт тау басында түрган-ды, 103  
Дамиатқа арқасын, Римге бетін бұрган-ды,  
Қарағандай айнаға қасын керіп, нұрланды.
- Жарқыраған басы оның жасалған-ды адтыннан, 106  
Кеудесі мен қолдары ақ, құміспен тартылған,  
Абыройына дейін қызғылт мыспен шарпылған.

- Күнгап жері қаралайым темірменен сапталған,** 109  
**Алайда оң жақ табаны балшықпенен қапталған,**  
**Күнгап да тіреудейін қатып қалған, сақталған.**
- Моійнынан төмен қарай қақ бөлінген бар тәні,** 112  
**Күлдегі аққан көздің жасы жарықтан дым тартады.**  
**Шымыраган толқынын шыңырау мұжіп, қарпады.**
- Лиғарің шыңырау түкпірінде шым-шым қайнап олардан,** 115  
**Ахорон менен Стикс, Флегетон жаралған,**  
**Олар осы жылғамен ақыретке де таралған.**
- Ониш ап соңғы баурайдан, төменде Коцит құруда,** 118  
**Корсетер көзге қылығы осал емес мұның да,**  
**Літтіймын өзір, көресің шығанақты жуырда".**
- "Егер жердің үстімен жеткен болса мұнда ағып,  
**Олдеқайда бұл бізден жасырынып тұр неғып?" –** 121  
**Лиши сүрадым көсемнен, әртүрлі ойға шырмалып.**
- "Гүңғиықтың түбіне тұсу үшін сен бөлек,  
**Они соқпақпен сол жаққа жүргеніңмен өрмелеп,** 124  
**Көзделсер-ді бір шұңқыр шеңбердейін дөңгелек.**
- Ол і толық өткеміз жоқ, сол шеңберден басталған,** 127  
**Жаңдай егер жаңа бір зат жайып салып жатса алдан.**  
**Гиңдандығын, таңғажайып жанарыңа жасқанған".**
- "Лета қайдың, қайды Лета, неге атамай келесің?  
**Күйіда әлгі Флегетон, қалай оны көресің?** 130  
**Оно бірде көз жасынан жаратылған дегесің".**
- "Лұрыс сұрак, — деді ұстазым, — жауабымды жалғармын, 133  
**Алқызыл су гүрілдеген арасынан аңғардың,**  
**Алайды өзің бір шешімді өз көзіңмен аңғардың.**
- Күнәкар жан ғұсылға шығарғанда денесін,** 136  
**Мол күнәні тазартқан Летаны да көресің,**  
**Күсіретті ұмыттырар Летага да келесің.**

Қоштасайық аруақтармен өзін-өзі жерлеген, 139  
Із жоғалтпа, ер артымнан, қалып қойма сен менен,  
Арна бойлап, ағынменен соқпақ жатыр көлбекен.

Ылғал ауа отты өшірген — жүреміз сол жерменен". 142

### ОН БЕСІНШІ ЖЫР

Кезіп біздер келеміз тасты өлкенің жан-жагын, 1  
Жылға ұстінде жойқын бу жосыла кеп парлады,  
Жалаңдаған жалын өрттен жасқап, қорғап арнаны.

Бруджа мен Гвидзанто арасында қорған нән, 4  
Орнатуды алдын ала фламандтар қолға алған,  
Алапат су апатынан күні бұрын қорғанған.

Къярентан ұстінде аптап қарып жатқанда, 7  
Сарайларын, қыстақтарын алдын ала сақтауға,  
Падуандар Брентаға берік қамал соққан да.

Мыналар да сол сияқты екі жақты түр жиып, 10  
Болмағанмен сонша мол, болмағанмен тым биік,  
Нағыз шебер жасаған өз ісіне нұр құйып.

Тогайдан да алысадық, бет түзедік бөтенге, 13  
Қорғандарға қаншама қайрылғанмен кетерде,  
Қарағанмен қадалып, кетер де еді бекерге.

Бізге карай екі елес алдымыздан шыға қап,  
Төмен жақтан қарайды сығырайып, сығалап,  
Өстүші еді адамдар бірін-бірі сынамақ,

Абайлап кеп қарайды, бірін-бірі түйгелі,  
Бір нүктені тесіліп қас-қабагы үйіреді,  
Тігіншідей қартайған сабактаған инені.

Қадала қарап келеді бізден көзін алмасстан,  
Сол екеудің біреуі таныды мені жазбастан,  
"О, ғажап!" — деп айғайлап, етегіме жармасқан. 22

- Шипашымның әдібіне шап бергенде ол келіп, 25  
 Құттым да қалдым қадалып жалындаған өң көріп,  
 Ұмыттыңыр оның бейнесі санама түрдү дем беріп.
- Ониң кейіпі айдан анық таныс болды жаңыма, 28  
 Істіндегі өрт күйдірген үңілдім де дағына:  
 "Трунегто мырзасыз ба?" – деп тіл қаттым тобына.
- "Ұшамсыз боп жүрмей ме, ұлым, ғафу ет, тегі,  
 Іншіларды қалдырып, оңашада, шеткери,  
 Ұттино сеніменен сәл-пәл кейін кеткені?" 31
- "Сізден кетіп басқаны, әсте, ұстазым, іздемен,  
 Жайып салып жаңымды өтінемін сізден мен;  
 Құласаңыз егерде, отырайын сізбенен". 34
- "Іізбен бірге жазаланып жатқандардың біреуі,  
 Қошқіссе, ұлым, жұз жыл бойы сорлайтынын біледі,  
 Оғосқылап, қызыл ошақ мойындарына іледі". 37
- "Алдымен жүр, мен — тәменде, ерем сенің артынан,  
 Сонан кейін, мәңгі бақи зор жазаға тартылған,  
 Оз үйіріме қосыламын, зар еніреп, шарқ, ұрган". 40
- Шін тіреп оныменен бір жүргуте батпадым, 43  
 Һасым тәмен салбырап, от жазықтан сақтаңдым,  
 Һағынышты адамдай байыппенен аттадым.
- "Әлмей тұрып өзінді бұл ақыретке тастаған,  
 Қандаидай жазмыш, деген кім қияметке бас қадам?  
 Лайтын маған кім анау, сені жолға бастаған?" 46
- "Орағытыш аңдыған айуандармен таластым,  
 Жарық, дүние жапанында жалғыз өзім адастым,  
 Жалғандағы ғұмырымды жалғай алмай қалмаспын. 49
- Кеше ғана таңтертең арқамды оған қараттым,  
 Кездестіріп сол жерде, кейін тағы қараптын;  
 Үтеге бастап барады осы менің қанаттым". 52

- "Аңғарғаным анық болса, сол бір қымбат өмірде, 55  
 Желқайығың даңққа бөленеді, тегінде,  
 Оннан туған жұлдызыңды сене бергін көруге.
- Сенің бала шағында мен аман болсам өлімнен, 58  
 Бағыт беріп жолына, құдайға жөн көрінген,  
 Сенің таудай талабыңа көмектесер едім мен.
- Амал қанша, Фъезола биігінен ағылған, 61  
 Мынау көне жауыз халық, қайырымысыз, қағынған,  
 Әлі күнге қасрет пен қара тасқа табынған.
- Жақсы ісінің барлығын жау санағы керегар, 64  
 Шетендердің арасында жеміс ағаш не болар,  
 Жапырағын жайқалтып қалай жеміс бере алар.
- Әузелбастан көрсоқыр деп текке айтпаған оларды, 67  
 Өңшең күншіл қомағай, меммен сорлы жол алды,  
 Ар-атағың былғанар жуықтасаң оларды.
- Қаралар да, Ақтар да еңбегінді көргенде, 70  
 Берекесіз бейшара боп, жұтынар сені жерлеуге,  
 Шайнаймын деп, тісі сынар өлепат өңшең шерменде.
- Фъезола мақұлықтары, өзін-өзі жалмасын, 73  
 Бұршіктерді бұлдірмесін — жаңа өмірдің жалғасын,  
 Қоламталы қоқсығынан қоқыстарын алмасын.
- Қоқыстардан таза ұрықты Римдіктер алғасын, 76  
 Жамандық, пен жалғандықтың мекен еткен арнасын,  
 Римдіктер таза ұрықты ұрпағына арнасын".
- "Жалынышым, тілегім орындалса, сеніңіз,  
 Сөнбес еді күніңіз, біттес еді деміңіз,  
 Әлі күнге адамдармен ажыраспас едіңіз. 79
- Ақыл алыш сізден сан, уағыз үққан күндерім,  
 Ақпейіл әке, бейненіңіз жүргегімде жүр менін,  
 Құрметті ақылшым не күйде қалған, білмедім. 92

|   |     |
|---|-----|
| Күнгій адам өшпес даңққа бөлөнерін айтқасыз,<br>Алдыңызда парызымды, бұйырманың айыпқа сіз,<br>Жиғрымменен зерлеймін тез өмірге қайтқасын.      | 85  |
| Сипамдағы сөзіңізді сол бір әйел басқамен,<br>Сипастырысын деп ойлап, сарыла күтіп тосқан ем,<br>Існегрічені көрсем деп, сапарды осы бастап ем. | 88  |
| Арым келіп жанымды жазғырмауы үшін де,<br>Жашаннамның жазуын көрмекке ырқым қүшінде,<br>Лүпім мұны ұғыңыз, есіңізден түсірме.                   | 91  |
| Жибірейіл ай балтамен шықсын, мейлі, жортуға,<br>Алғалағын айналдырысын қалауынша Фортuna,<br>Іүл азапқа ет үйренген, қиналмаймын қоркуға!"     | 94  |
| Оң иықпен бұрылып, ұстазым қарал тұр маган,<br>Іскерту айтты жайғана әлденеге ындаған,<br>"Найқағыш жаңды жақсы ғой байыппенен тындаған".       | 97  |
| "Ісауырластар арасында ең атақты кім?" — деген,<br>Сүрағыма Брунетто жауап қатып, үндеген,<br>Алғанда ол аяқсыз тастауды әсте білмеген.         | 100 |
| "Біреулерді бұл жерде еске алу да орынды,<br>Ал біреулер туралы доғарамыз жоруды,<br>Күнлай санап шығарсың қалттаған қалың қолынды.             | 103 |
| Олар әлті шіркеудің маңызы мен қаймағы,<br>Барлық, елге белгілі ғалымдар ол жайдары,<br>Іюрісін де тәнірім бір жіппенен байлады.                | 106 |
| Прицциан да осынау шерлі шеру қауымда,<br>Аkkурсио перзенті Франциск те жанында,<br>Жексүріндар жөнінде, қаласан, айтам тағы да.                | 109 |
| Төңірінің құлдарының құлы құмды қалттырған,<br>Сөрлы да бар Арнодан Баккильонға шаптырған,<br>Төннің таза жамылғысын соңда былғап лақтырған.    | 112 |

Әңгіменің мерзімі кеп асықтырып тұрғаны, 115  
Ақтарар ем талайлардың өлеметті сырларын;  
Күм да әне құтырды, жалаулатып туларын;

Кетуім керек олардан, керемет толы жан-жағым,  
"Қазынамды" сақтай гөр, сонда менің бар жаңым;  
Өтінемін өзіңнен — осы менің арманым". 118

Веронаның түбінде, естіп пе едің дабысын,  
Кек шұға үшін қарманған жалаңаштар жарысын?  
Озғандай-ақ, бұрылып ап, зытты менің танысым, 121

Ойламайды-ау пақырың бір үятты мен намысын. 124

### ОН АЛТЫНШЫ ЖЫР

Алдағы бір қатқа құлай, салмақпенен лап ұрган,  
Алапатты су сарынын, аңдал түрмyn жақыннан,  
Баларадай улдейді омартастын салырган. 1

Қара нөсер қасіретімен құрақ ұшып самсаған,  
Тасқын бойлап келе жатқан қалың топтан зарлаған,  
Үш әруей тартты кенет бізге қарап жалма-жан. 4

Абыр-сабыр үшеуі де айғайлады сонадан:  
"Тоқта! Біздер киіміңнен танып түрмyz манадан,  
Келгенінді біліп түрмyz кеселді сол қаладан?" 7

Сорлылардың ұсқыны отты азаппен зарыққан,  
О, қаншама кесепат, тұтап тұрған тамұқта,  
Есіме алсам, өлі де есім кетіп, тарыққам. 10

Естіді көсем олардың ұрандарын, нәлетін,  
Маган қарап үн қатты, оны тыңдау әдетім,  
"Көрсетейік, аялда, әдептілер әдетін. 13

Желкеден түйреп жайратқан желігінде жебенің,  
Алтапта мынау алау от болмаса егер, жөнегін,  
Олар емес, өзің асық, өзің ұмтыл дер едім". 16

- Анладық сөл ғана, олар бізге самгады, 19  
 Гүте жүрген ескі әнін есі кетіп жалгады,  
 Үшсүі де шенбермен шыр айнала заулады.
- Атластердей жалаңаш жалаң қағып жайланған, 22  
 Аренада шыр көбелек, қарама-қарсы айналған,  
 Айр кезінде бір-біріне жармасуды ойланған.
- Гүесі алға ұмтылғанда, мойнын кері бұрып ап, 25  
 Істін маган қаратады, берекесіз тыным ап,  
 Гоніркептеп біздерді шыр айналды зымырап,
- "Іорпылдаған осынау топыраққа келгенде, — 28  
 Айді аруақ, — қан жапқан өнімізді көргенде,  
 Жалынышты біздерді жақтырмая бар сендерде.
- Алайда иіл біздегі құдіретіне даңқтын, 31  
 Жанай өтіп біздерді, соқлағымен тамұқттын,  
 Іара жатқан есен-сау кім едің сен, танытқын!
- Басып тұрган мен ізін мына бір жан, о, бәлі! 34  
 Болғанымен жалаңаш, болғанымен жаралы,  
 Сен ойлаған биіктен жұлдызы оның жоғары.
- Ойтілі Гвальдрада немересі осы еді, 37  
 Гвидо Гверра атанған көңілі разы — хош елі,  
 Ақыл менен семсердің айнымайтын досы еді.
- Менің мынау артымдағы қоп-қою шаң бүрқаған, 40  
 Теггайю Алъдоранди аты қекке шырқаған,  
 Оның ісін еске алған жөн құрмет тұтып біршама.
- Кейуана едім керемет алау отта қарылған, 43  
 Қылығына жұбайымның қырсық болып танылған,  
 Рустикуччи едім мен қарғыс таңба тағылған".
- Алау оттан арылар айлам егер болғанда, 46  
 Жағадағы жолымнан атылар ем сол маңға,  
 Макұл көріп бұл ісімді сонда ұстазым қорғар да

Амал нешік, жалтартпайтын дергтен шошып ділгірдім, 49  
Елестерге барудан сөтте безіп үлгірдім,  
Амалым не, аянышты қорқынышқа ілдірдім.

Оларға айттым: "Ей, жарандар, жек көрмеймін сендерді, 51  
Тәңірі жазған қасіреттерің жүрегіме енген-ді,  
Сондықтан да қастарыңа барғым менің келген-ді.

Осы жерден көсемім көргенде азап мекенін, 53  
Болған маган белгілі сендердің кім екенін,  
Ақиқаттаң анықтап айтқан сөздің бекемін.

Атамекен — Отаным сендерменен бір менін, 58  
Даңқтарыңды, туыстар, қаршадайдан білгенмін,  
Жаныма алыш ардақтағам, жадымда ұстап жүргемін.

Ашуымды талақ, етіп, бақ, қалаймын мәуелі, 61  
Талап етем тағдырыма көсем берген уәдені;  
Алайда жер ортасына жетуім керек өүелі".

"Сақ, дененде салауат жан емін-еркін жасауда, 64  
Қақың да бар ұзақ, бірге бас сергектеніп алға,  
Ақ, жолында ақ, даңқтың нұры жүрсін қашанда!

Айтшы маган: жақсылыққа, жайсан, адамшылыққа, 67  
Сүттей үйшіп отыр ма ел, әлі күнге тұнық, па?  
Әлде аймаққа аты шығып, айналды ма былыққа?

Гульельмо Борсиере бір жат хабар жеткізген, 70  
Әнеки, ол шөлде жатыр отқа тәнін өпкізген,  
Жазаланып жатыр қазір, қыл көпірден откізген".

"Керенаулық, кесапатқа сатылдың да, тоидың да,  
Келімсектер, дүние қоныз... еркелетіп қойдың да,  
Енді, міне, Флоренция, қайғы жатыр қойныңда!" 73

Осылай деп ақырдым мен, ақыл, ашу, таласып, 76  
Жауабымды түсінді олар зерделерін жаңа ашып,  
Ақиқатқа күлақ, аскан адамдардай қарасып.

Ісағенің табылып, сусының бір қанғанда,  
Сілмій жауап қайтарған не арман бар адамда?  
Мыралты жан екенсің, ақиқат берген жалғанға!

79

Мағынқ дүние тамашасын, жолың болсын, қайта көр,    82  
Гүлжіленен қоштас тағы, мекеніңе қайта бер,  
Сілді "олармен кездестім" деп тірілерге айта гөр!

Күншылшепен есіңе ал: "Көргемін, — деп, — өлімді!"    85  
Сінші айтып зытты олар, бойлай тартып өнірді,  
Мықтары бір түрлі қанағат болып көрінді.

Коңден ғайып болғанша "әүмин" деуге болмас тым,    88  
Күтті олар, келдім мен, кесеміммен қолдастым:  
Ори қарай жүруге бет алыпты жолбасшым.

Тұлім оған бір сәтте, таяқ тастам жақыннаан,    91  
Сұлбың үні естілді зенбірекше атылған.  
Гүлшықтырып дыбысты тұңғиыққа батырған.

Монгте — Везо шатқалынан шеру тартып шығысқа,    94  
Оңен бар-ды Апеннинмен алғашқы рет туысқан,  
Апенниннен жол алған да Апеннинмен ұғысқан.

Ақвакета атанған алғашында, бастауда,    97  
Оңасыз елге асыққан ойрандап, жайпап тастауға.  
Форлиге жеткенде, аты түгіл, бас сауға,

Боларлықтай баспана сопыларға мындаған,    100  
Сан Бенедетто Горноның түбіне кеп жындана,  
Кұлама өзен болатын гүрілдеуден тынбаған.

Сол тәрізді жарқабақтан шынырауға ұрына,    103  
Қызыл күрең толқын гулеп, жынданады жұлыша,  
Гүлімен құлақтың етін жейді құныға.

Бір кездерде қыл арқанды орап қойған беліме,    106  
Сілеусінді ұстамақ, бол құмартқамын желіге;  
Құмартқамын құйқылжыған, жалтылдаған теріге.

|   |            |
|---|------------|
| Арқанды алдым белімнен, ағытқандай тендерден,   | <b>109</b> |
| Арқанды алды ақынның қадір тұтып мен берген,  |            |
| Жиып үстап, жақсылаш құлаштауды жөн көрген.   |            |
| .....   | <b>112</b> |
| Ұстазымның соншама үңілгенін көрем де:  | <b>115</b> |
| "Бұл ғажайып белгіні бір ғажайып еренде,<br>Сезе қойып, кім білсін, алдыңызға келер ме?!" |            |
| Жалғыз ғана әрекетті өңгімелеп қоймаған,  | <b>118</b> |
| Санамыздың шыңырауына шыныменен бойлаған,   |            |
| Қандай пендे бұл жерде қандай төзім ойлаған.  |            |
| "Қазір сениң жанарың кереметке тұнады,  | <b>121</b> |
| Мен де күткен құдікпен, сен де күткен шығады<br>Деді менің ақылшым, — алдымызда тұрады".  |            |
| Мына біздер шындықты тілімізді тұсаған,   | <b>124</b> |
| Міндеттіміз сақтауға, өтірікке ұсаған,  |            |
| Әйтпейінше арынды масқара кеп қысаған.  |            |
| Алайда мен бұл жерде ауыз жұмып тұра алман,   | <b>127</b> |
| Өлеңіммен ант етейін, о, окушым, сыр алған,   |            |
| Жылдар бойы, мейлі, ол арылмасын мұнардан,  |            |
| Көтерілген түнектен бір бейнені көрген ем,  | <b>130</b> |
| Жүзгіштейін шарқ ұрып, келе жатыр көлденен,   |            |
| Орекпіген жүректер де бұл ғажапты көрмеген.   |            |
| Жаңа шыққан сұңгуірдей тұңғиықтан тас-талқан,   | <b>133</b> |
| Кереметтей кемеден бір тұғырына тасталған,  |            |
| Зәкірді босатқандай тұтып қалған тастардан,   |            |
| Батыл жігіт болушы еді ерлігіне мастанған.  | <b>136</b> |

### ОН ЖЕТИНШІ ЖЫР

"Тауды тесіп, бүрғылаған наиза құйрық мынау-ды,  
Тас қабырға, алмас семсер тойтара алмас ылаң-ды;  
Бар жалғанға заһар төгіп уландырған жылан-ды".

Көсемінің көмейінен осы бір сөз атылды,  
Күншін бұлғап ол алыстан сол алыпты шақырды,  
Миңші мәрмәр қабырғаның қасына кеп жатуды.

4

Жиғті жүзіп алдау-арбау жексүрын бір шұнағы,  
Жишилмаған құйрығы құрықтай боп сұлады,  
Ішілдай ұлкен нән дene жағаға кеп құлады.

7

Оныңті оның ап-анық, әп-әдемі, салмақты,  
Жишилдары өні тап-таза, титтей мұдір қалматты,  
Ішіл, қалған денесіне жылан кейіпін жалғапты.

10

Күнжар тырнақ қос табанын желкілдеген жұн басқан,  
Арқы, бүйір, қарын, қалтал — әсем шұбар түрлі аскан;  
Олем-жәлем өшекейлі әр түспенен жымдасқан.

13

Іұдан артық түрлендіріп өрнегі мен арқауын,  
Ори алмас-ты түрік, татар, жұмылса да бар қауым,  
Іұдан шебер тоқи алмас Арахна-қамқаны.

16

Андақтағы қайықтай жатыр мызып, тынығып,  
Сыл бөксері самарқау толқынменен жуылып,  
Күмбай, ашкөз немістей телміреді бұғынып.

19

Сұга малған құйрығын ертегі-құндыз бағалас,  
Сұмпайы сол сұр жылан таста жатты жалаңаш,  
Күмдү аймақты бүрістірген жеті басты араны аш.

22

Іізгегіндей бүйінің, бір кем емес инеден,  
Ұлы құйрық, ағытЫлды тік шанышла түйрекен,  
Күңзыраған тұңғынықта иір-қыыр билеген.

25

"Енді жолдан ауытқимыз, тайдырамыз табанды,  
Тасқа қарап аяңдаймыз өрекпіткен тағы аңды".  
Леді дағы ұлы ұстазым мені бастап жол алды.

28

Оңға қарай құлдилап, жүрдік жиек жақты алып,  
Бойды жазып, бос жермен он қадам біз аттадық;  
Жапалақтап жауған оттан, құмнан безіп, сактанаңып.

31

Жақындаі кеп көрдім мен бір топ жанды жуырдан, 34  
Құламалы құзға жақын отыр екен бұрыннан,  
Күм үстіңде қирап отыр аптап-азап қуырган.

"Мынау қаттың ой-шүңқырга зертеу үшін жан-жақты, 37  
Сан алуан тағдырларға, — деді көсем салмақты, —  
Бар да қара, жазмыштары не сыбага арналғы?

Бас-аяғын байыпта ал, қысқа сөйле алайда, 40  
Мен жаңағы жексүрынмен сөйлесейін, жарай ма?  
Иығына міну үшін көндірмекпін қалайды".

Жетінші қат жиегінде жарқабақпен тағы да, 43  
Аяңдадым жалғыз өзім, жан жуымай жаныма,  
Үнсіз мүрең, қайғы басып отырғандар маңына.

Отыр олар көздерінен қасіретін үшырып, 46  
Ербендереген қолдарын да бір көтеріп, түсіріп,  
Тыным алмай біресе құм, біресе отты ысырып.

Дәл осылай сорлы иттер талма түсте бас ұрып, 49  
Шыр айналған шыбын, сона, бүргелерден ашынып.  
Табанымен, аузызымен қорғанатын қасынып.

Сұққылаған алау оттың қызыл күрең қаламын, 52  
Өндеріне олардың мен айнала кеп қарадым;  
Емес екен бәрі олардың менің таныс адамым.

Белгісі де, бейнесі де тым ерекше тігілген, 55  
Әрқайсысының мойнына ақша қалта ілінген,  
Бір мейірім атқаңдайын байғұстардың түрінен.

Сурет көрдім біреудің мойнындағы дорбадан, 58  
Сары түсті көк түспен шимайлаған, торлаған,  
Арыстанға ұсайды айғыр жалын қомдаған.

Шөлде қалған шөліркеп көрдім және зарықты, 61  
Қан өндес бір қалтаны мойнына іліп алышты,  
Аппак, сүттей ана қаз ақ, суретін салышты.

- Моңшындағы біреудің ақ, қашығы аспалы, 64  
 Қористіп түр көгілдір, тұрпайылау шошқаны,  
 "Но үшін келдің мұнда?" — деп тұрпайы үн тастады, —
- Сүйреп жүрген сұлденді тірісің ғой, сен несін 67  
 Қылғап тұрсың, жоғалмай? Витальяно келгесін,  
 Сынарады, біліп қой, жанаса кеп жерлесім.
- Флоренциялық жандардың арасында бөлекпін, 70  
 Ұнғарі де тұрпайылау, сұрлары да бөлек тым,  
 Ұйдуандақ жан едім, мен басқалардан ерекпін".
- Күнделік жүр батыр басшымыз қасқайған үш текелі?" 73  
 Құмік, түріп барлығы да даңғаза боп кетеді;  
 Орбір елес әрқалай бір әдепсіздік етеді.
- "Ұның, тұрма ортасында!" — деген сөзі дес беріп, 76  
 Ашуланып қалды ма деп, көсемімді ескеріп,  
 Ашындаған адамдарды қалдырым мен сескеніп.
- Оты арада ұстазым жармасыпты тағыға, 79  
 Ұлтіріпті сойқанның арқасы мен жалына,  
 Аштты ол маған: "Ал енді батылдық бер жаныңа!
- Гүңгірыққа түскенше отырасың адында, 82  
 Мен отырам артында, ерік бермей малғұнға,  
 Құлт жібермей құйрығын боламын мен аңдуда".
- Бой сүйнәр қалтырап, безгек алғаш төнгенде, 85  
 Тырнағының көбесінің көгергенін көргенде,  
 Сөзді бітті сырқатты, қалтырайтын шерменде.
- Мен де солай көсемнің айтқанына жасқадым; 88  
 Қожасына алайда білдірмейтін сасқанын,  
 Қызыметшідей қымсынып, қорқынышты тастадым.
- Арқасына тағының отырдым да, аңдадым, 91  
 "(Ойбай, мені құшақтай гөр!" — дегім келіп қармадым,  
 Оз даусымды бірақта өзім билей алмадым.

- Мейірімді ұстазым мерейі үстем, мұсінди, 94  
 Қапелімде қатерімді онсыз дағы түсінді,  
 Қос қолымен құшакқа алды, қорқынышты ысырды.
- "Ал, Герион, ұмтыл алға, тарт жолынды, найқалғын! 97  
 Арқандағы ауыр жүкті абайлап біл, байқағын.  
 Жайлап зула, жайлап бізді мына арқанда шайқағын".
- Жагалаудан жол алған қайықтайын сапарға, 100  
 Тұрган жерден туралап тартты ол бізді апанға,  
 Кереметтей кеудесін кере тастап жапанда.
- Құйрығы бағыт нұсқаған жаққа қарай самғады, 103  
 Жылан балық секілді түп-түзу бол заулады.  
 Ескек етіп табанын, талықсып бір танбады.
- Қолындағы тізгінін тежей алмай тастанған, 106  
 Қылығынан тентектің аспан жана бастанған,  
 Сол Фаэтон сол сәтте, сірә, мендей саспаған.
- Икар дағы балауыздың балқығанын сезгенде, 109  
 "Балапаным, қайдасың?" – деп, әке төнген кездерде,  
 Менен артық қорқыныштың кесапатын сезген бе?
- Айналаның барлығы түпсіз терең қаңыраған, 112  
 Қаптай келіп ауаны, қал-қара бол жамыраған,  
 Тек арқасы тағының, басқа ешнәрсе қалмаған.
- Тұңғиықтан тұңғиыққа байыппен ол самғайды, 115  
 Самрайды да, салауатпен сапар жолын жалғайды,  
 Бетке соққан жел гана тек бейілімді алдайды.
- Он жақтағы төменнен күркіреген үн ұқтый, 118  
 Сарқырама сабап жатыр күреңіткен былықты,  
 Үрейленіп тұңғиыққа үнілдім де, сұыттым!
- Құлама жар құлдынан айғай естіп, откөріп, 121  
 Нелер қатер, қорқынышты көнілімнен өткеріп,  
 Тітіркене шегіндім мен аузыма өкпем кептеліп.

Мопп-мәнісін шыр айналып шыңырауға түсудің,  
Сұмдық азап — алғаш рет — осы жерде түсіндім;  
Літтіларған, жақындаған қорқыныштан күсіндім.

124

Шау сұнқары шайлығып, салған құсты іле алмай,  
Сырыратын құсбегі не қыларын біле алмай,  
“Күтеген-ай!” — деуші еді өкінішпен сынардай:

Самғай алмай шау сұнқар шарықтап кеп, шауланып,  
Носіне қылапттанып, қанаттарын аударып,  
Оқшау барып қонатұғын өз-өзіне шамданып.

Сол сияқты Герион да құлди тәмен шөкті кеп;  
Құз жартастан жоғарыға бойысынған көк тіреп,  
Колігіміз жанай келіп, сәл сырғанап өтті де,

Садақ оғы секілденіп, самғай ұшып кетті іле. 136

### ОН СЕГІЗІНШІ ЖЫР

Гамүқта бір орын бар реңі ұқсас шойынға,  
Бастан аяқ тік жартас — тұлдыр тұла бойында,  
Есімі оның ежелден Сығыр Саңлау қойылған. 1

Құңғірттенген құдықтың апаңдайын көлемі,  
Омырайған ортасында — үнірейген терені,  
Ішкіяттап, қалғанын кейін айтқым келеді. 4

Ал әне бір кертпештер сақинаңай сақталған,  
Тұңғиық пен жартастың арасында тапталған,  
Опырайған он апан көрінеді қаттардан. 7

Қүшеттетін қоршауды, алмақ болып қорғанды,  
Қабырганың іргесінен қазатұғын орларды,  
Мына жер де дәл солай елестетер сол маңды. 10

Қапелімде айналаны жау қоршаған жағдайда,  
Қақ түбінен қамалдың қақласынан шалғайға,  
Қырыдағы жағалауға барап көпір салмай ма. 13

- Сол сияқты оза шауып орлар менен у-шудан, 16  
 Құз-қияның шатқалынан шапшаң шыққан тылсымнан,  
 Жартастардың жотасы кеп құдық тіреп үмсЫнған.
- Сол бір маңға түсірді де, әрі қадам баспады, 19  
 Найза құйрық нар Герион арқасынан тастады,  
 Сонда үстазым солға қарай сапар жолын бастады.
- Жүріп келем, оң жағымнан қасірет көрдім басқа бір, 22  
 Басқа жаза, бөлек азап ракымсыз, тас бауыр,  
 Алғашқы апан осы екен-ді — құнәкарға тосқауыл.
- Жалаңаш жұрт қос қатардан қосарлана ағылды, 25  
 Жеңгетайлар бізге қарай бетін түзеп алуды,  
 Жезөкшелер айналып жүр алшақ тастап адымды.
- Римдіктер мүшел тойын жатқан кездे атқарып, 28  
 Жұрт нөпірі жүрмеуі үшін кептеліп те қапталып,  
 Екі жерден өткел жасап бөлетүғын қақ жарып.
- Жұрт шіркеуге кірісімен ағыл-тегіл қаптаған, 31  
 Көз жазбастан қорғаңдағы қабыргадан, қақпадан,  
 Екіншімен қарсы қарал, тәбешікке аттаған.
- Шегенделген шыңырауды көріп, жаным түңілген, 34  
 Мүйізсайтан қамшы сілтеп, әр жерге бір үңілген,  
 Құнәкарлар жотасында жылан қамшы жүтірген.
- Тездігіне көз ілеспес сойқан мынау соққының, 37  
 Дырау қамшы ыскырып кеп өртегенше шоқтығын,  
 Тыраңдаған сорлылардың есінде түк жоктуғын.
- Тотанақтың арасында тоқтатпадым аяңды, 40  
 Екі көзім есі кеткен бір пақырға таянды,  
 "Мұны, апыр-ау, қайдан көрдім?" — сәтте зердем оянды.
- Бұл кім болды, бөлінді ойым сол адамды тануға, 43  
 Үстазым да бұл ойыма шек қоймады жанымда,  
 Күа барып дүдемалды жіті қарал алуға.

- Пәре-пәре сорлы жазған кейпін тұрды жасырып, 46  
 Онысынан түк те шықпай мысы құрды, басылып;  
 "Ей, сен, — дедім, — жерге үнілген жетімсіреп бас үрүп.
- Оның үқсан тұрган шақта өзінің сол қалпыңа, 49  
 Нонедико Каччанемико емеспін деп тантыма,  
 Но күйменен түстің мына сонша қатал талқыра?"
- "Саган жауап қатпас едім, қатырмас ем миымды, 52  
 Амал нешік, ақиқатты анық сөзің қыын-ды,  
 Ескі өмірді еске салып, еске алуға бүйірдү.
- Масқаралы іс туралы өтірігін бөскенмен, 55  
 Гизолабелла маркизге берілуін шешкем мен,  
 Мен — сол жанмын, екеуінің еншісіне дес берген.
- Мен гана емес балондық, еңіреген мұндағы, 58  
 Тірісінен де өлісі көп Болонья ұлдары,  
 Лек-лек, құжынап кеп осы арада шулады.
- Савена мен Реноның екі арасын жерлеген, 61  
 Несі ғажап, құзғындармыз қу нәпсісін жеңбекен,  
 Ашқөздіктен арылмаймыз шыбын ұшпай қеудеден.
- Сөзін үзіл сорлының, шыбықленен тілгілеп, 64  
 Мүйіз сайтан ақсия желкесіне мінді кеп:  
 "Мұндағылар қатын емес, қаш, жеңгетай, сұм жүрек!"
- Мен қайтадан өзімнің жолбасшыма оралдым, 67  
 Оныменен біраз жүрдім, әңгімені доғардым,  
 Сұлап жатқан жартастардың жотасына жол алдым.
- Көп әуре болмай-ақ, біз көтерілдік заңғармен, 70  
 Оңға қарай бет түзедік ылди-төмен таулармен,  
 Ажырастық біражола азап шеккен жандармен.
- Күмбезденген шоқылар төнген жерде тоқталып, 73  
 Пәре-пәре тобырларға жол беруге оқталып,  
 Былай деді данышпаным ойы баста топталып:

"Жолы бірге тұрғанда менімен де, өзіңмен,  
Әлі жүзін көре алмаған жандарыңды езілген,  
Саябыр ет сол ғана, жанай қара қөнілмен".

76

Ертедегі сол көпірдің астыменен асырып,  
Екінші лек шұбыруда бізге қарай бас ұрып,  
Алғашқыдай азаптанбай, алғашқыдай ашынып.

79

Сұрақ, күтпей көсемім бірден айтты жауабын:  
"Әнебіреу сойталдай дәүте біраз қарагын,  
Тіпті, азаптың өзі де оның тайдырмалты жанарын.

82

Өткен күннің құдіретіне неткен ырза мына жан!  
Әрі ақылды, әрі ержүрек, әрі өктем — бұл адам,  
Бұл — Ясон, алтын жабагы асқарынан құлаған.

85

Әйелдері өлтіріп, еркектерін көмгендे,  
Ардақтының барлығын аластаған жерлерге —  
Түпсіз теңіз ортасында Лемносқа ол келгенде.

88

Бал тамызып тілінен әшекей сөз арнаған,  
Кезек алыш бір кездे серіктерін алдаған,  
Гипсили аруды амалымен қармаған.

91

Арбаған да аруды, жүкті қылып тастаған;  
Жон терісі соңдықтан жауыр болған таспадан,  
Ханша Медея үшін де қан-жазадан қашпаған.

94

Бірге осымен сан түрлі алдамшылар, тегінде;  
Алғашқы апан, ондағы қамалғандар жөнінде,  
Әңгімелеп болмайды, қажеті жоқ көруге".

97

Екінші лек шетінен соқпақ қылып өткенде,  
Көпірге кеп тіреліп, әрі қарай беттеуде;  
Тобырларға тап болдық, осы араға жеткенде.

100

Шыңғырған үн естідік таяу жатқан апаннан,  
Доңызға үсал бір топ жан қорсылдаған, қақалған,  
Шапалақпен өзді-өзін осқылайды шақарлар.

103

|  |     |
|--|-----|
| Шұбатылған бір желім бүркеді кеп баурайды;   | 106 |
| Көтерілген төменнен нәжіс әзер аунайды,<br>Ганауың мен көзінді, қаңсытады таңдайды.                      |     |
| Жасырынған түбі оның тұңғиыққа, тереңге,   | 109 |
| Кору үшін неңдей бәле жатқандығын төменде.<br>Шыққан абзал ана бір көпір тұрған белеңге.                 |     |
| Көтерілдік сонда біз, көрдік бір топ тұр адам,   | 112 |
| Ножіс қыға малынып, тұралап тұр турадан,<br>Жинап алып келгендей қоқыс төккен үрадан.                    |     |
| .....  | 115 |
| Шіріндіде шырмалған арасынан жандардың,  | 118 |
| Қалай ғана мен сенің бола қалдым таңдаулың?" –<br>Ләді ол маған, мен де оған жауабымды аудардым:         |     |
| "Кездестіріп едім фой, сонда бүйра шашың да,   | 121 |
| Жарқыраған. Соңдықтан қарап тұрмын, расында,<br>Алессио Интерминелли жатқандайын осында".                |     |
| Оз төбесін өзі төпеп, өршеленді ол бүліне:   | 124 |
| "Жарамсақтық жабысты да тіліме де дініме,<br>Әкелді де, тықты осында, жетті ақыры тұбіме".               |     |
| Сездім ішкен бұл бейбақ жарамсақтың кересін,   | 127 |
| Айтты көсем маған қарай бұрынқырап денесін:<br>"Иығыңды сәл ғана иіп еңкей алға, көресің.                |     |
| Сабалақ, жұнді жексүрын қатынның нағыз қылабы,   | 130 |
| Былғаныш тырнақтарымен өзін-өзі жұлады;<br>Бір отырып, бір тұрып әуре-сарсаң құрады.                     |     |
| Бұл — Фаида, ойнастың ортасында құн кешкен,  | 133 |
| "Үрзамиысың?", "Ражапсың?", — деп ойнасымен тілдескен,<br>Бұл — Фаида, құмарпаз қу нәпсімен бірге өскен. |     |
| Қанықты фой әзірге жанарымыз бұл көшпен".  | 136 |

## ОН ТОҒЫЗЫНШЫ ЖЫР

- О, Симон-сикыр, о, сормаңдай, сорасы аққан тобырлар 1  
Жаратқанның киелісін жалмап, жұтқан обырлар,  
Күнөдан пәк қазынаны қорладыңдар, содырлар.
- Алтын менен күміс үшін азғырдыңдар талайды, 4  
Енди үшінші Сығыр Саңлау айыптайды, қамайды,  
Енди кезек сендердікі, жазмыш соны қалайды!
- Қыл көпірден өттік біз құрақ ұшып, жан салып, 7  
Жаңа апанның үстінде түү биіктен қаншалық,  
Ортасына ойпаттың қарап тұрмыз тамсанып.
- О, жасаған, неғылған шебер едің, жарықтық! 10  
Қарғыс атқан қуыс, тау, алқаптарды қарық, қып,  
Ақиқатты айнадай көрсетіпсің анық, қып!
- Бар маңайдан, ылдидан, бойынан да арнаның, 13  
Санап болмас лекті қарадым да, аңадым,  
Дөңгелене сұр тасқа тұрған мәрмәр жан-жағым.
- Мениң әсем шіркеуім Сан Джованни нұсқаған, 16  
Құлшылықтың құпиясына тағзым етіп ұстаған,  
Мәрмәрларға мыналар да, шет қарасаң, үқсаған.
- Әуреленіп бір бала азаптанып жатқасын, 19  
Құтқарам деп бір жылы сындырып ем ақ тасын,  
Күнекар болған шіркеуге, құдай өзі сақтасын.
- Ор шұңқырдан тәңірінің айыпталған пендесі, 22  
Қыбырлайды, о, сұмдық, өлік тұрған көрде осы.  
Серендейді сирағы, көрде қалып кеудесі.
- Табандарын от жалап, ирендейді жыландаі, 25  
Бұлқынады бар күшпен, тұншығады шыға алмай,  
Үзілер еді осыған арқан шыдап тұра алмай.
- Май тәріздес бір нәрсе шыжғырады шыдатпай, 28  
Өкшеден кеп тырнаққа құйылады сынаптай.  
Табандағы жіңішке от сумандайды бұлақтай.

- "Алау оттың арасында тым ерекше басқадан, 31  
 әкірылып жыландай, тым құныса бастаған,  
 Айтшы, үстазым, кім мынау, неткен бейбак, қасқа адам?"
- "Лиарайын, қаласаң, әнеу жатқан төменде, 34  
 Оно біреу көрінген барасың ба беленге?  
 Сұрағыңа сонда оның өзі жауап берер де".
- "Гүрганымды көңілімде айтқызбай-ақ, түсінген, 37  
 Озің нені қаласаң, соны ұнатқан кісің мен,  
 Өмірінді ардақтап, ақылымға түсіргем".
- Шықтық, біздер төртінші шыңыраудағы дуалға, 40  
 Солға қарай бет түзеп, құлдиладық шығанға,  
 Үшірейіп үрейлі үңгір апан тұр алда.
- Тар ұрада талықсып, әл-дәрменсіз жасыған, 43  
 Екі аяғы ербендейп, тас қармаған басынан,  
 Жазықтыға жеткенше жібермеді үстаз қасынан.
- "Қара жерге қазық бол басыменен қағылған, 46  
 Қім болсаң да түнекке қарғыспенен қарылған,  
 Ҳалің келсе, қат жауып, — деді оған, — жарымжан?"
- (Сылай поп тұратын құнәкардың жанында, 49  
 Габындырып таубаға, табындырып нанымға,  
 Мінәжат еткен құнакар бір сәт тірі қалуға.
- "Қалай, Бонифацимысың?! Сен де келіп қалдың ба?! 52  
 Гүрмисың сен де, ерте ғой мына тозақ алдыңда?!  
 Гізім де алдайды екен-ау, қандай сиқыр бар мұнда?
- Жалғандықпен жамсатып жақсы көрген жарынды, 55  
 Інастадың ба азапқа қарғыс оты қарулы.  
 Салтанат пен атақпен шаршаттың ба жанынды?"
- Қабылданбай қалауы, болып тұрған үятты, 58  
 Гүсіне алмай жасқанып, таба да алмай миятты,  
 Екі ортада қап қойдым, сондай бір жан сияқты.

- 61
- "Ол емеспін, ол емес, күткеніңнен басқамын, —  
Кеңес берді қөсемім, — осылай үн тастаған".  
Айттым солай ақыры, әміршімнен қашпадым.
- 64
- Осы тұста күнәкар қалтырады, шатылды,  
Қарс айрылып кеудесі, қасіретті үн атылды:  
"Ойран етіп ойымды, онда несін шақырдың?"
- 67
- Мынау жатқан ылдиы кеп тұрганда аттағын,  
Білгің сенің келгенде кімнің мұнда жатқанын,  
Алтын шапан жамылып, рахатқа батқамын.
- 70
- Ұланы едім аюдың, айтсам егер анығын,  
Күшіктерге қам жасап, қазына құрап жарықдым.  
Азапқа сап ашкөздік енді, міне, қалуым.
- 73
- Менен төмен жетерлік кептелгендер, шеккендер,  
Саудагері шіркеудің, менен бұрын өткендер.  
Қара жердің айрығында аяусыз азап шеккендер.
- 76
- Тұңғиыққа жатуға тұра келер, мен де енді,  
Ауыстырып әлгі айтқан артта қалған пендемді,  
Сеніменен әлгінде әңгіме еткен зәндемді.
- 79
- Алайда мен әлі ұзақ күйдірмекпін өкшени,  
Әлгі болса осылай, кеуде қылып бөксені,  
Аз уақыт жатуға жазмыши оған көкседі.
- 82
- Батыстан келер ақыры некесіз ұлы шіркеудің,  
Бәрімізден өзара айласын табар бүркеудің,  
Асқан зұлымдығымен тамүқты да шірітер-ді.
- 85
- Маккавея кітабында Иасонды жан сала,  
Патша ағзам еліктіріп, еркелетсе қаншама,  
Француздың тәж бен тағы қолдар оны соншама.
- 88
- Ақылды сөз айттым ба, өзім де оны білмеймін,  
Алайда мен сөзімді айуанға біл деймін:  
Петрден қалған қазына қайда? — деп мен үндеймін.

- Галкі ме қожамыз алғанда алтын мұліктерді, 91  
 Омріне сеніммен тапсырганда кілттерді?  
 "Ер соңымнан!" — дегенде, екіжүзді мұлт берді.
- Потрігे де, басқаға да Матвей зекет бермеген, 94  
 Пұданың қара орнынан ешбір қайыр өнбекен,  
 Қураң қалған сол жерде үміттерін жерлеген.
- Ішін сынап барыңменен аттанып ең Карлға, 97  
 Арымдықпен жиган пұлды берік сақтап жаңыңда,  
 Аныбыңың азабын тарт, жат осылай дамылда.
- Ігерде мен еске алмасам жүргегіммен ежелгі, 100  
 Гирандар кілт ұсынған қуанышты кезеңді,  
 Осы жерде саған айттар сөзім бөлек, сез енді.
- Христиан қауымын озбырлықпен аздырып, 103  
 Гападыңдар кінәсізді, азғындарды мәз қылыш;  
 Осылай бір өр даудыспен төнер едім жазғырып.
- Еш, діндарлар, Иоанн болжап білген сендерді, 106  
 Аппоктетарың жер-суда ағыздыңдар селдерді,  
 Натшалармен құптасып бұлдірдіңдер елдерді:
- Жаралдыңдар өмірге жеті басты жалмауыз, 109  
 Сактадыңдар біздерді он мүйізді қанды ауыз,  
 Сактадыңдар келгенше папа дейтін жау нағыз.
- Алтын, күміс бүгінде — сенің пірің, құдайың, 112  
 Шоқынғаңдар біреуге-ақ, табынатын лайым,  
 Сендер бірден жұз рет боласыңдар мұләйім.
- ( ), Константин, қаншама бақытсыздық әкелдің,  
 Себепкер сен Римді иеленуіне жат елдің, 115  
 Ліндарларга сый етіп жалғандақты әпердің!"
- Лйтқанымша осылай бар ойымды мидағы,  
 ( )Лде ұяты бейбакты, әлде ашуы қинады.  
 Сереңдеген бүттарын, әйтеуір, бір жимады.

Жымияды көсемім жанарында нұр жанып,  
Сабырлы сол жүзінде салауатты ой тұрды анық,  
Менің айтқан сөзіме көрсеткендей ырзалық,

121

Құшағына ап құшты ұнсіз, бөгде сөзді дөғарды,  
Бастап қойған сапарға тағы қайта жол алды,  
Әйгілі әлгі апанға кері қарай оралды.

124

Ауыр жүктің астында мойы mastan, тал mastan,  
Алып шықты ол мені бір биікке зар басқан.  
Бесінші мен төртінші дуалдар кеп жалғасқан.

127

Жартасқа әкеп қойды мені шынға тіккен шынардай,  
Құлама құз, тайғанақ тас құмырсқа да құлардай,  
Таудың тағы ешкісі де тайғанайтын шыға алмай.

130

Қарсы алдында бір жыргалаң, бимагұлым мұнардай. 133

## ЖИЫРМАСЫНШЫ ЖЫР

Мұлде басқа азаптарды айтуға енді бұрылдым, 1  
Ең алғашқы канцонымен жиырмасыншы жырымның,  
Жырламақпын жай-күйін зындандағы ғұмырдың.

Құламаға қарадым мен қарсы алдынан ашылған, 4  
Азап-сордың зәһарымен суарылып тасынған.  
Қасіреттің зауалына зар еніреп бас ұрган.

Аландағы мылқау қауым — жанарымның көргені, 7  
Сапарларын сап қылып, көз жастарын селдеді.  
Қаралы бір жиындағын қасіретті жердегі.

Сорлылардан көз алмай күй аңғардым бұлардан, 10  
Әрқайсысы, о, сұмдық, бір сұмдық бол тұра алған,  
Теріс қарап беттері, мойындары бұралған;

Бас арқаға бұрылғанда да, ессіз, ұнсіз егілген, 13  
Әзер-әзер адымдаң ол артқа қарай шегінген,  
Мәңгі-бақи қалып қойған түйсінуден, көруден.

Тиресие деріт құрыстырып бүрген де шығар біреуді, 16  
Іұраган шығар денесін, ол жағын білмек кім енді;  
Алайда, қайдам, ой, мұндан көрмегем шығар ренди.

Менің осы әңгімеме тәңірім сен — оқушым, 19  
Голім етіп, ақыл беріп, ізгі ниетте отырсың.  
Сонда менің ниетімді көкейінде тоқырсың.

Жер бетінен келген бейбақ, зар еніреп жанышылад, 22  
Арқасынан аққан жасы жыпқысына тамшылап;  
Күлай ғана құрғақ, көзбен қарамақлын жан шыдап.

Жақпарына жартастың сүйендім де, жыладым, 25  
"Лиыр-ау, сен алжастың ба, мынауың не, мынауың?!" —  
Қысметті серігім осылай менен сұрады.

Ізгілігі өлген адам — ізгілікті осында, 28  
Ұппыраған шермендер тәңірі салған тосынға,  
Қунәсіздер деп тұрмысың, ойлан, тусін, шошынба!

Оне, қара, қара анаған, жеті қатты қармаган, 31  
Фивяндықтар көз алдында оны осы жер жалмаган,  
"Қайда кетіп барасың? — деп, қауымы артта зарлаған, —

Амфиарай, қалдырдың ба жауынгерлік сапынды?" — 34  
Деген еді, ал ол болса тұңғылыққа батулы.  
Бата берді, Минос келіп тежегенде батырды.

Көріп тұрсың: айналдырған жауырынын кеудеге, 37  
Жанарымен тым алысқа қаралған үшін өр неме,  
Артқа қарал, айналыпты адам білмес пендеге.

Мынау тұрган — Тиресий, бет-әлпетін өзгерктен, 40  
Еркектікten әйелдікке айналғанын сезбеп пе ең?  
Бар мүшесі бір сәтте өзгергенде көз жеткен.

Шығыршақ, атқан жыланды қайтадан келіп ұрган-ды, 43  
Қайтадан түсіп қалпына, әйел өңін ысырған-ды,  
Еркектің тағып белгісін, еркек боп қайта тұрган-ды.

Арунс — анау соңында, әзер жылжып келеді;  
Лунидағы асқар тау тұрағы оның дер еді,  
Каррарлықтар қалқа ғып тіршілік еткен жер еді.

Мәрмәр тасты аңғарды ол мекен етіп, жанары  
Тұнгі аспанның жүлдзызын емін-еркін санағы,  
Алыстағы алып теңіздің айдынына қарады.

Жалбыраған шаш жапқан жасырынған кеудесін,  
Көрінбес жүнін көрдің бе тұтып тұрган пердесін?  
Көрдің бе анау әйелді — тозақтың тұл пендесін?

Бұл Манто еді, көшіп, шарлап көп жерді,  
Мениң туған аймағыма тұрақтауға келген-ді;  
Сол туралы әңгімелеп айтып бергім келді енді.

Ата-анадан айрылып, тұлдыр жетім қалғанда,  
Бақытсыз қала Вакхқа кеп құл қамыгтын алған да,  
Ұзақ жылдар тентіреумен күн өткізген жалғанда.

Жоғарыда, біздің әсем Италия төрінде,  
Манья мен Тираллидің түйіқталған жерінде,  
Тауда үйқтаған айдын мәлдір Бенаконың көлінде.

Валькамоника, Гарданың арасында сан бұлақ,  
Баурайын жуып Әлпінің ағатын еді қарғылап,  
Ағатын да, сол жерде дамылдайтын балбырап.

Дамылдатар бір орын, даяр шіркеу онда бар,  
Вероналық, Брештік, Тридентолық, молдалар,  
Діндарларға бата оқып, құдай жолын онғарар.

Көмкөрілген ойпаңмен шығанақта нық, тұрган,  
Пескьера қамалы құдіретін ұқтырған,  
Брешъян мен Берғамдық қарсыласын бұқтырған.

Көл-көсір су көлкілдеп құм шағылда қалмаган,  
Шалғынменен Бенако өзен болып самғаған;  
Қалағанын құмға әкеп аялата алмаған.

- Көлден алған қайнарын Минчо өзені атанип, 76  
 Асқынады жеткенше Говерноға тақалып;  
 Нога келіп құлайтын-ды біражола маталып.
- Орта жолға жеткенде, кездестіріп кедергі, 79  
 Құнылады, тұрады мибатпаққа бөгеулі;  
 Жиізда қаңсып, қауымға безек уын берер-ді.
- Рыкымсыз дырау қыз келді осында жаңағы, 82  
 Мибатпақтың арасынан бір құрлықты табады,  
 Несіз қалған жалаңаш тапты со бір пананы.
- Күлді сонда мекендей, оқшауланып басқадан, 85  
 Нокерімен беріле балгерлікті бастаған,  
 Осы жерде ол тәнін, тәні оны тастаған.
- Лішала бей-жай тайпалар әр нәрседен шошынған, 88  
 Гүйінген де, түгелдей соған қарай жосылған.  
 Қорлайлысын қойнаудың сезе қойып тосыннан.
- Мәйіттердің үстінен қала салып, тапады, 91  
 Гаңдап алған сол жерге орнатты да шаһарын,  
 Ішқандай да сиқырсыз Мантая деп атады.
- Қазалоди тоғышарды өресі өсіп жетпеген, 94  
 Нинамонте зұлым кеп төңкергенше еппенен.  
 Мантая көктеген, халқы болған көптеген.
- Отанымның басында болған осы жағдайды, 97  
 Естімесең халықтан егер осы бар жайды,  
 "Сақта есіңе: етірік қауесеттер алдайды".
- "Ақылшым менің — ұстазым, айтқаныңа қанықтыйм, 100  
 Бәріне де сенемін, ақиқатты таныттың,  
 Басқалардың сөздерін есіткемін, жалықтыйм.
- Босқындардың арасында, айтшы маған, алайда, 103  
 Назарың ауып біреуге, жанарың байқап қарай ма?  
 Мазасыз, ынтық жүргегім білуге құмар қалайда".

"Әне бір жанды, сақалы сапсай түсіп жағынан,  
Құлай келіп арқасын, тотықтан тәнді қарыған,  
Гректерден сол шақта көзің жоқ, сірә, таныған.

106

Танымайсың, таппайсың мұндаі жанды жөргектен,  
Әулие еді ол болжаған әр хабарды жер-көктен,  
Бірлесіп Калхант екеуі ақыл сап жүртты тербетken.

109

Эврипил сол еді, еңсесі биік елінде,  
Шабытты трагедиям шырқаған ол жөнінде;  
Естідің, оны білесің, есінде бәрі сенің де.

112

Әне бір адам келесі бауырынан жараган,  
Микеле Скотто атанып, есімі жүртқа тараған,  
Фажайып сүмдышқ ілімнің иесінен оны балаған.

115

Бонатти анау, опық, жеп, Аздентемен бірлескен;  
Шығармайды Азденте жалманы мен сірді естен,  
Уақытын босқа өткізіп, өкінішпен күн кешкен.

118

Ал мына бір кұнакарлар жоқ, пәлемен санақсан,  
Шөлмек, ине, ұршығын ұмытқан да, бал ашқан;  
Шөп қайнатып, балшықтан қуыршақ жасап, таласқан.

121

Алайда енді жүрейік, қос бедеуге шығуын,  
Севилья әр жағында толқын жұтып ғұмырын.  
Кайн батып барады қолына ұстап шыбығын.

124

Өткен түні туған Ай шарасынан шатынап,  
Үнсіз сәуле нұрына тұнған орман, атырап,  
Есінде болар, есінен шығармасаң мақұл-ақ".

127

Осылай деп сейлесті ол жүріп бара жатып-ақ,

130

## ЖИЫРМА БІРІНШІ ЖЫР

Бір өткелден бір өткелге өте бердік екеуміз,  
Жырдан жырақ, әр нәрсені әңгіме еткен екенбіз,  
Көргіміз кеп және ұмтылдық, алдымызда мекен-құз.

1

- Коріміз келді басқа бір жапсарын Сығыр Санлаудың 4  
 Ыр-біріне жалғасқан босқа кеткен зарлаудың;  
 Үштынады ол құрғыр қап-қара түнек, қармау мұн.
- Шоноция верфінде іс қызатын толағай; 7  
 Қысты құні қайнайтын шұбатылған қара май,  
 Майлау үшін кемені іске тұрган жарамай.
- Қысты құні бәрісі қолға алатын қамдауды; 10  
 Іреу жөндеп ескекті, біреу барып арнаулы  
 Іштейтуғын қорапта су құйылған санлауды;
- Іреу жамап тұмсығын, артын біреу барлайтын, 13  
 Іреу тігіп желкенді, біреу ауды жалғайтын,  
 Не керек, сол маңайда қимылсыз адам қалмайтын, —
- Осылай, оттың күші емес, тәңірі өзі қайнатқан, 16  
 Қоп-қою қарамай тасып, атылып жатыр аймақтан,  
 Айналаның бәріне жабысып, жұғып, май қатқан.
- Не барын сезбей ішінде, текке көзім қарады, 19  
 Бұрқыратты ол көбігін, көтеріліп барады,  
 Ісініп келіп, бір сәтте саябырси қалады.
- Не екенін көруге десім ауды анталап, 22  
 Қенет менің көсемім қолыменен қалқалап,  
 Гартты мені жанына: "Қара, қара, ал қарап!"
- Қорқынышты қатерден екі көзін ала алмай, 25  
 Қимылсыз да шарасыз, қатып қалған бағандай,  
 Үстазыма бұрылдым жан ұшырған адамдай.
- Құламалы соқпақпен жоғарыда шарлаған, 28  
 Қөрдім қара сайтанды бізге қарай заулаған;  
 Есім кетіп сүмдыштың өр қимылын аңдағам.
- О, керемет, бәленің кейіпі неткен үрейлі! 31  
 Сұры солай, сірә да ол жауыздықты тілейді,  
 Жәйіп тастап қанатын, табанымен шірейді.

Күнакарды дағардай иығына лақтырып,  
Сирағынан ұстады басын жерге қалтырып,  
Жақлар-жаклар жартасқа тартты дереу алтырып.

34

"Ейхой, Сайыпқырандар, — көпірге шығып болжады, — 37  
Қасиетті Дзита сендерге мені жолдады!  
Қазына көп қалада, тек таңдасаң болғаны.

Тағы да қарап оларды, тағы да бір сәт барамын, 40  
Бонтуро ғана тек онда "құлы емес" құрдым параның,  
Айырбастар қазнаға "жогы" менен "бары" оның.

Күнакарды иықтан лақтырып ол кенеттен, 43  
Самғады тәмен жартастан әлдекәлай себеппен;  
Жылдамырақ өкшелеп ұрыны қуған тәбеттен.

Әлгі сорлы қалғыды әлпеті үқсап малғұнга,  
Дәл астынан көпірдің айғайлады-ай ақ жындар:  
"Қасиетті Ликтің де бас имейміз алдында!

Серкьюның өзені емес, мұнда жүзу ересен, 49  
Ақ жалманға алқымыңнан ілінейін демесен,  
Қайнап жатқан қара майға қайта сұңғі, және, сен".

Күнакарға жүз істік қадалды да, жөнелді,  
"Тыптырай бер, бірақ та көрсетпегін төбенәнді;  
Шамаң келсе, астыртын алдап-арбал көр енді".

Қалқыған етті қазанға қайта-қайта батырып,  
Ашушаң аспаз тұратын айыршаны матырып,  
Қадағалап қарайтын дәл осылай отырып.

"Жартаста мына байқалмай қалу үшін, тәсілім,  
Әр жағына төбенің етпетіңнен жасырын, —  
Деді менің ұстазым, деді менің асылым, —

Қауіптенбе мен үшін, бір бұл емес көргенім,  
Қақтығыстың мұндаілық қаншамасын женғенмін.  
Мениң етім үйренген, бірнеше рет келгенмін".

- Күшіримды бастаушым көпірден кетті, тастады, 64  
 Алтыншы құздың шетіне абайлап жүре бастады.  
 Некірор емес назары тыныштықтан басқаны.
- Күші келген жерлерде қайыр сұрап, табынып, 67  
 Күші жүрген кедейге кер бөстегін жамылып,  
 Ұмтылатын тәбеттер долдана кеп қағынып.
- Соларға ұқсап сайтандар қалдыра беріп көпірді, 70  
 Жиляндата жалманын жармасқалы секірді;  
 "Желікпендер, тоқтандар! — деп көсемім жекірді, —
- Сол тоқтандар, әзірше таламаңдар, жыртпаңдар! 73  
 Ыреуіңмен сөзім бар, тоқта әзірше құртпаңдар,  
 Сөдан кейін қайтсандер де еріктерің, сырттаңдар".
- "Шық, ку құйрық!" — десті де, айгайлады барлығы, 76  
 Алға шықты біреуі, қалғандары аңдыды;  
 "Іле істемекпін?" — деп, өлгі келе жатыр малғұны.
- "Айтшы, кәне, ку құйрық, кектеріңе кенелгем, 79  
 Қытыгез ашуларыңды қашаннан да сезем мен,  
 Ҳақ, әмірі болмаса, қастарыңа келер ме ем?
- Таңдыры бірге, ей, жазған, түр былай жолдан, ділгірме, 82  
 Һасқа бір жанмен енуге жабайы, тағы ұңғірге,  
 Тәңірінің өзі бүйірган мына маған, білдің бе?!"
- Сонда барып сайтанның менмендігі басылды, 85  
 Қолындағы қаруын тастап, құтын қашырды,  
 "Үринуға болмайды", десі қайтты, бас ұрды.
- "Қорыққаннан тастардың арасына бұғынған, 88  
 Үрейленбей, кел бермен, зәресі ұшқан шыбын жан;  
 Тұс ізіме!" — дегенде, ұстаз сөзін ұғынғам.
- Оған қарай асығыс бұрылдым да, аттадым, 91  
 Албастылар жақындал, алға жылжып қаптады,  
 Алдай ма деп, жүректің басылмады аптабы.

- Дәл осылай әскерден қорыққамын, көргемін, 94  
 Капроннан шыққанмын, үдеге ергенмін;  
 Кешіргенмін басымнан жауларымның төнгенін.
- Ұстазымды панағып жабыстым мен сақтанып, 97  
 Қарап тұрмын қалт етпей, ұсқындары жат халық,  
 Көз қарасы өртейді өзегімді қақ жарып.
- Найзаларды оңтайлас, бір-біріне тантыған: 100  
 "Қайтер еді егерде шұқып көрсе артынан?"  
 "Иә, солай, дәл солай, бір шыңғыртып қарпып ал!"
- Сөйлеспек бол көсеммен алға аттаған, ілгери, 103  
 Әңгүдікті шақырды алмағайып бір пері:  
 "Тыныш, Жұлқар! Тиіспе, үніңді өшір, жүр бері!
- Бұл жотамен әріге болмайды енді өтүге, 106  
 Алтыншының көпірі бұзылып, жол бекуде;  
 Текке кетер, болмайды тәуекелдік етуге.
- Әйткенменен, қаласаң, шығам десен, алайда, 109  
 Мына біреу дуалда жатқан ізге қарайла,  
 Жұықтағы жотаға апарады ол қалайда.
- Өткен күнгі сағат бесте осынау аймақ, дүр етті,  
 Одан бері он екі жұз, алпыс алты жыл өтті,  
 Сол апattан жол да жоқ, бұл жер қара түнек-ті. 112
- Жігіттердің істері бар, сол аймақта тоқтаңдар, 115  
 Шолиды олар, салқындақ қалған жоқ па жатқандар:  
 Үрейленбей олардан, бірге, батыл аттаңдар.
- Қайқы қанат, қақсал Тәбет, қайдасындар, жолдасым,  
 Аттанындар жорыққа енді, жолдарынды ондасын! 118  
 Қара сақал барлығының қожайының, онбасын.
- Жауыз Жирен, Қылымсы — бұлар да аздық қылғандай — 121  
 Азулы Қабан, Айдаһар, Құтырған ит, Үрмандаі,  
 Аттанындар бәрің де жасырынбай, ұрланбай.

Сәндер барып тінтіңдер қайнап жатқан тоганды, 124  
Бүтін тұрган тарамға қалдырындар оларды,  
Жиікүнырақ сол маңға есен жетсе болар-ды".

"Іұл не пәле, ұстазым? Құдай үшін, қараңыз, 127  
Көрегі жоқ серіктің, өзіміз де барамыз.  
Іілесіз ғой жолды сіз, өзіміз де табамыз.

Орқашан да көреген, әрқашан да күшті едің, 130  
Шын байқамай тұрсың ба ымдаپ тұрган істерін?  
Шын аңғармай тұрмысың сақылдаған тістерін?"

"Сақылдатса сақылдатсын тісін бе әлде басқасын,  
Бекер босқа қауіптеніп, бекер босқа сасқасын;  
Нісіп жатқан сорлылар дегені ғой жасқансын". 133

Соныменен, сайтандар солға қарай жол шекті,  
Орқайсысы әртүрлі жасырын белгі көрсетті,  
Бастығына біреуі тісінен тілін көрсетті: 136

Оне бірі соңынан кернейлетіп, теңселтті. 139

## ЖИЫРМА ЕКІНШІ ЖЫР

Қаңды майдан жорықтан, байқаудан талай көрлемін, 1  
Жан сауғалап жауынан, яки жауын жеңгенін,  
Ліғарғам атты әскердің ағызған нелер селдерін,

Аретиналықтар-ау, құттарынды қашырып, 4  
Біздің найза, семсерге шыдай алмай бас ұрып,  
Көрлем талай зыттындар қараңды үзіп жасырып.

Кернейлер де жар салып, дабыл қағып барабан, 7  
Мұнаралар белгі беріп, қоңыраулатып қаладан,  
Біздерше де сендерше бар аймаққа тараған;

Жағадан маяк көрініп бұлдыраса таяуда,  
Сырнайлатқан кемеге, аттыға яки жаяуга,  
Мұндай ғажап сыйызғыны көрген емен, ой, алла! 10

Сыбайлас болдық он жынмен біршама сапар кешкелі; 13  
Әйтседе, айтқан бір кезде халықтың сөзі есте еді,  
Ұлулиеге шіркеу — тағзым, мәйхана — сыйлар бөспені.

Қайнап жатқан бұркылдаپ қарамайда жанарым, 16  
Қасиет бар деп қаншама шүңқырга және қарадым,  
Қайнаған қандай жандар деп, ынтызар болып барамын.

Сақтандырып кемелерді кереметті білетін, 19  
Теңізшіге дельфиндер бір белгі беріп жүретін,  
Толқындардың жотасында арқаларын бүтетін, —

Жауырыны жалт беріп, біреулер солай шығады, 22  
Азабын женілдетпекке қайнауда қалқып, ығады;  
Жасыннан да тезірек, әп-сәтте ғайып, тынады.

Жиекке судан суырган иегімен асылып, 25  
Кеңірдегі бұлкілдеп, ісіп-кеуіп басылып.  
Отыратын бақалар басқа жерін жасырып, —

Соған үқсас сорлылар да отыр екі қатарлы, 28  
Бұғынып келген алайда көрді де Қара сақалды,  
Қатерден үркіп, от-майға қайтадан сұңгіп қақалды.

Әйткенмен бірі ілікті, ойласам, әлі шошынам, 31  
Бір сұңгіп, қайта қалқыған, қалып қойып досынан,  
Талтақ бүт бақа толайым үқсайтын еді осыған.

Құтырган итжалманға шашын оның сабактап, 34  
Таяу тұрып бәрінен тартып еді қабаққа,  
Қармақтағы балықтай шықты сорлы салақтап.

Атын білмес сайтаным бұл ортада қалмаган,  
Жол-жәнекей әдейі уақыттыңды арнағам,  
Бірін-бірі жындардың шақырганын аңдағам.

Жамырады жын-сайтандар даңғаза қып өрісін: 40  
“Жауыз жирен, сал тырнақты, болмақ өмес келісім,  
Ал мынаны, тұт түбіттей, таба алмасын терісін!”.

- "Ұттазым-ау, неткен сүрқай, неткен сұмдық, іреңі! 43  
 Ішілар ма еken білуіме, анау нені біледі?  
 Мына жаулар қолына алған сүрқай бұзық кім еді?"
- Сол бұрылып көсемім, әлгіге өзін тақады, 46  
 Жауап қатты жалма-жан азап, сордың жатағы:  
 "Ішварлық, ем, бір кезде Чамполо деп атады.
- Анам мені ақсүйекке малайлыққа бергенде, 49  
 Қылдейленді ынжық әкем, ез болды бір көр кеуде,  
 Оз жерінде өзін жойды өлапат сол шерменде.
- Күйірымды Тебальд король жақын тартып шақырды, 52  
 Оқіметке жетті қолым, парага бердім ақылды,  
 Еңіретіп сол қылығым қарамайға батырды".
- Лұулы қабан ұқсайды қабан десе қабанға, 55  
 Лұз тісін ақситып, ұмтылып сорлы адамға,  
 Болшектеп түте бастады сорлыны дереу табанды.
- Мысықтарға белгілі тышқанның тәтті екені, 58  
 Қара сақал бірақ та қолын бір сілтеп өтеді:  
 "Керегі жоқ, көмектің, қалдырыңдар, жетеді".
- Былай деді сол сәтте көсемге көзін бұрған да: 61  
 "Бірдеме дегің кеп тұрса, айтып қал сен бұл жанға,  
 Жалмандарға іліп ап, жұлмаламай тұрғанда".
- "Арасынан мұндағы жазаланған жандардың, 64  
 Білсең айтшы, қандай сен латынды аңғардың?  
 Жағасынан мына бір қарамайлы жарлардың?"
- "Кездестім жаңа біреумен алыс емес сол маңнан, 67  
 Қарамайға қайтадан тастағамын, сорланған;  
 Өйтпегенде қарудың керегі не қолға алған".
- "Ұзақ қүттік сарыльш!" — деді Ұрмандаі сұқтаныш, 70  
 Салды келіп жалманын сан етіне нық барып,  
 Сурып қайта тартқанда, бір кесегін шықты алып.

- Айдаһар да ұмтылып, жұлмақ болды аяқты, 73  
 Ескерте бірақ онбасы жанарынан жай атты,  
 Қақтығысқан жындардың жын сезімін оятты.
- Татуасты екеуі, татуасты тағы да: 76  
 Анау байғұс қарайды қарс айрылған санына,  
 Көсем одан сүрады дереу барып жанына:
- “Кім еді ол мият боп жан табылған қорғауға,  
 Сорға бола сен мұнда сойқан көріп қалғанда?”  
 “Гомитаның туысы, — Галлурадан, алданба!
- Жақсы көрер жаны оның жалғандықты құйған-ды, 82  
 Әкімінің қозғалтпай жауыздарын жиған-ды,  
 Жиған-ды да, олардан мақтау естіп сыйланды.
- Жасырып ізін, барлығын босатты да, ақша алды, 85  
 Жаны сүймес жалдаптың нәпахасын шашқан-ды,  
 Анау-мынау миқы емес, оқпаны кең қақсал-ды.
- Микеле Цанке екеуі — осында да ашына;  
 Микеле — Логодордан; екеуі ылғи қосыла,  
 Сардиния тұрмысын мақтайды кеп бас ұра.
- Тісі ақсиды, қараңыз, тағы пәле тартамын! 91  
 Жалғар едім сөзімді, амал қанша, қорқамын,  
 Опрыш кетіп жүре ме сүйектерін арқамның”.
- Даярланып сайысқа бір жын алға беттеді,  
 Бәрінен бұрын ұмтылған Ұрмандаі екен шеттегі,  
 Қожайыны көріп қап: “Зұлым құс, жоғал, кет!” — деді.
- Зәресі үшқан күнакар сөзін жалғай беруде: 97  
 “Ломбарда мен Тоскана түрғындарын көруге,  
 Құмармысың, бұйырам қарсы алдыңа келуге.
- Тұруы керек алайда алыста Сайыпқырандар,  
 Көрмеуі тиіс, мұнымыз сайтанадардыңландар,  
 Шақырам сонда осында, наңбасаң көріп біл, аңғар.

Жосткізейін жетеуін, сәл ыскырсам болғаны,  
Ілкітіреді оларды, әдег осы ордағы:  
Тек біреуі сығалап, сылаң етсе, ондады".

103

Күтірган ит тұмсығын шүйіре тұрып, елеңдең,      106  
Ішсін бұлғап ебдейсіз міне былай деген де:  
"Моссаған, мына жымысқы сұңгимін дейді теренге!"

Оғжерген талай қолынан нелер сұмдық ұрысты,      109  
Жауап қатты ол әлгіе: "Жымысқы — нағыз жымысқы,  
Аибын аздап арылтып, ажыратса туысты!"

Күйікы қанат сол сәтте бәрінен де желөкпе      112  
Іскертеді ентелең, барлығынан ерекше:  
"Сен секірсөң, артыңдан қуа түсем керексе.

Кұрамайдың үстінде қанат жайып төнеміз,      115  
Сіттан ұқсанап жүгірмей, беленген самғап келеміз,  
Күлай алдар екенсің сен біздерді, көреміз!"

Ношес түрлі ғажаптар, окушым, аңда тамүқты;      118  
Олдеқайда барлығы мойнын бұрып алыпты,  
Бірінші рет бұрылған әлгі бір қайсар, қауіп-ті,

Зоресі қашқан наварлық оңтайлы шақты таңдады,      121  
Жерге қадап өкшесін, құйындайын аунады.  
Жын ойнақтан ғайып бол жасырынды, жалдады.

Орқайсысында аңы үят, өрт өкініш, зәр қысым,      124  
Бірінен де ашулы Сайыпқыран нар мұсін,  
"Қап, сені ме!" — десін де ол, пәрменімен қарғысын.

Горенге кеткен наварлық, ендігі әуре бекер-ді,      127  
Ғайып болған үрейге қанат қайтіп жетер-ді,  
Мұңайып, қалқып шықты да, кеудесін сайтан көтерді.

Осылай үйрек қарманып, қарасын суға батырар,      130  
Осылай сұңқар алданып, сорғалап босқа шатылар,  
Тұнерген дүлей ашумен қайқайып көкке атылар.

Әлек болып әлі де долданып түр қартамыш, 133  
Жасырынса екен деп, бұзыққа бұрып тартады іш,  
Артынша ол да самғайды, аңсары тілеп арпалыс.

Жасырынды парапор, себеп сол-ды алғашқы, 136  
Тырнақтарын түйреді албастыға албасты,  
Қарамайдың үстінде бір-біріне жармасты.

Сорлы емес еді анау да, қадауға даяр тырнағы, 139  
Қыран екен қасқа да қаршығадай қырдағы;  
Қарамайға өртенген екеуі де тулады.

Қарыған от бірден-ақ, екеулерін айырды, 142  
Ажырасуға алайда шама қайда байырғы;  
Жабысып қалған қанатты жаза алмады, күдай үрды.

Басқалардай, Қарасақал қауілтінген қатарда, 145  
Жалманымен төрт жынға бүйрүқ берді сапарға,  
Жарлық етті қайыра үшүйна апанға.

Қарсылықсыз бәрі де беленғе әлгі жол алған, 148  
Ілмектерін созған болды сорлыларға омарған,  
Ал екеуі оған дейін өртенген де, жоғалған.

Соры қайнап жатқанда кеттік біздер олардан. 151

### ЖИЫРМА ҮШІНШІ ЖЫР

Нөкерсіз үнсіз екеуміз, жетімсірей береміз, 1  
Жанға жұмбақ жат жерде жадырамай келеміз,  
Бауырлас сопылардай-ақ бір-бірімізге ереміз.

Жадына түссе жаңағы жындардың дырду-шатағы, 4  
Елестетіп ескі аңыз тышқан менен бақаны,  
Еріксіз еске келеді Эзоптың мысал-мақамы.

Сол мысалға бұл жағдай соншама үқсағ, сенсеніз, 7  
Бірі — осы, егерде екі оқиға болса егіз;  
Екеуіне бір назар аударыңыз, көнсеніз.

- Бөлгілі ғой ежелден бір ойдың бір ой — қайнары, 10  
 Сарғая санам сарылып, есіме түсті қайдағы,  
 Нерілмес берік қорқыныш екі есе артып, байлады.
- "Жел соқпаса, шөп басы қимылдамас демекші, 13  
 Соры қайнаган жындарға болдық, крой біздер себепші,  
 Құлайда олар өш алыш, ойладым, бізді жемекші.
- Күйнаган кек ширекші қатыгез, жауыз мінезде, 16  
 Ұулымдық бізге істейді-ау қайрымсыз, қатал, бір өзге,  
 Қоянға шапқан тағыдай құлқынын құртып ілеңде.
- Сөзіндім, кірпікшешендей төбенің шашы тік тұрды, 19  
 Қоремет сұмдық, ой келіп, тоқтадым, үрей бұқтырды;  
 Ойран болған ойымды ұстазыма айтыш, ұқтырдым;
- "Ұстазым, жасыр тезірек, келеді қуып жын-пері, 22  
 Негізен сұмдық, ап-айқын алдымда түр тұрлери,  
 Келеді қуып біздерді, естіліп жатыр үндері".
- "Алдында сенің егерде айна болсам ақ, айдын,  
 Сыртыңдан гөрі ішінді көрсетем дәп балаймын,  
 Ішіңнен бұрын сыртыңды көрсетуім негайбіл. 25
- Түйсігіңмен түйсігім тоқайласты, түйісті,  
 Бірін-бірі мақұлдарап ой-санамыз істі,  
 Демек, дереу бір шешім іске асуы тиіс-ті. 28
- Келесі орга жеткенше кең ашылып өткелі,  
 Болса ыңғайлы егерде таудың оң жақ, бөктері,  
 Онда олар бізге жетпей өкпелері кепкені". 31
- Лайтып ауыз жиғанша осы сөзді көсемім,  
 Жалт қарасам, жақын қалтты қанатты өңшең кеселін;  
 Гүтпақ болып асығады қолыңа алыш көсеуін. 34
- Мені дереу бастаушым бас салды кеп жалма-жан,  
 Үйді көріп құтырган жалын құшып жалмаган,  
 Шудан шошып оянған Анадай ұлын қармаган. 37

- Ұлын алып, ұмтылып, жан ұшыра самғаған, 40  
 Кейілегін де кие алмай, зәре-құты қалмаған,  
 Бар жігерін, бар ойын ұлын сақтауға арнаған, —
- Сол анадай мені алып, сырғанады тік төмен, 43  
 Алтыншы апанға қарап, айқара тастар бүктеген  
 Сорғалап ағып келеді қолында мендей жүкпенен.
- Тұтқыыл еңіс науамен қуалай тайғақ тақтайды, 46  
 Диірменнің астында баракты соққан қақпайлышы,  
 Жан берген іске су дағы асығыс бұлай ақпайды.
- Ұстазым мені қолға ұстап, жартастан акты жүлдышдай, 49  
 Досындаі емес, ұлындаі құшақтап, мойын бұрызызбай,  
 Құлама құзбен құйылды денемді тасқа ұргызыбай.
- Тұскені де сол еді жартастан биік көреген, 52  
 Перілер де алқынып, төнген екен төбеден:  
 Сытылдық та, құтылдық үрей дейтін немеден.
- Бесінші апан — жындардың ойнағы да нәсібі, 55  
 Себебі көктен оларға тәнірінің берген кәсібі;  
 Шегінуге сондықтан шамасы жоқ-ты, әсілі.
- Құз жартастан төменде, боялған табыт ренди, 58  
 Айналсоқтап бір топ жүр үмітсіз де суренди.  
 Сорасы ағып көзінен жылжиды зорға құр енді.
- Клуни сопыларындаі бәрі де ұзын шапанды, 61  
 Көлеңке басып еңсенді, көтертпейді жотанды,  
 Ауыр жылжып пақырлар алға қарай бет алды.
- Тысы алтынмен апталған, көздің жауын алатын,  
 Қорғасынды астары соншама ауыр соғатын, 64  
 Фридрих сауыты тіпті жолда қалатын.
- О, мәңгілік жамылғы, о ақырет зілбатпан!  
 Олар солға бұрылды, біз де солай бірге аттап,  
 Аңсарымыз ауып түр сорлыларға мұң жапқан. 67

- Масыл, ауыр сауытты өзөр-өзөр менгеріп, 70  
 Аның дайын сорлылар әлі құрып, сенделіп:  
 Аттаған сайын біздерге жаңа бір топ тең келіп.
- "Ілесе жүріп артынан, аңғарып, көсем, қарарсың, 73  
 Мышалардың біреуін танып та, мүмкін, қаларсың,  
 Аты-жөнін білерсің, бірісін, мүмкін, табарсың!"
- Тосқаналық, сөзімді таныды біреу, үндеді: 76  
 "Алғыңда абай бол, көремісің түрмені,  
 Астында мынау түнектің асықтың неге ілгері?
- Сұрауыңа болады менен жәрдем, жүр бері", — 79  
 Бұрылды да көсемім келіскендей түрге енди:  
 Бол осында мынаумен, қозғалғайсың бірге еріп.
- Гіршілікке тырмысып, тірі жаңдай дамылғып, 82  
 Екенінің жүзінен тірі жан деп танырлық,  
 Аттапайды бірақта тар жол менен ауыр жүк.
- Жақындағы үн-түнсіз сол бір екеу жаңағы, 85  
 Қынығымен көзінің маған ұзак, қарады;  
 Біреуіне біреуі сұрақ, қойды шамалы:
- "Сөздеріне қарасаң, тірі ме деп қаласың, 88  
 Олі ме деп ойласаң, әлдеріне қараши.  
 Сауттарын қалайша көтеріп жүр адасып?
- Шерлі екіжүзділер ортасында түрғанда, 91  
 Жауап қатшы сұраққа, сезіктенбе, үрланба,  
 Тосқаналық, кімсің сен, қалай жүрсің бұл манда?"
- "Гұнық Арно жағасында, туғам ұлы қалада, 94  
 Оскем соңда, — дедім мен, — өмір кешкем жағада,  
 Кескін-кейіпім сол қалпы, тірі жан деп бағала.
- Бұл не қайғы, сендерді нұрландырып ажары, 97  
 Жауыздықлен жармасып, үдетеді жазаны;  
 Литшы, өздерің кімсіңдер, шерлі аймақтың мазагы?

- "Корғасыннан салмақты сары шапан — сәніміз,  
Сүйрете алмай сықырлап, сүйегіміз, тәніміз.  
Сонша сұмдық салмағы, сарқылууда өліміз." 100
- Болонъяда туған гауденталар біз едік,  
Каталано, Лодеринго, енді, міне, біз — өлік,  
Жүртүң қалап, бір кезде жағдайларын түзедік. 103
- Есіңе алсаң, білерсің тыныштықтың құрбанын:  
Бізге сенің халқыңың қаңдай құрмет қылғанын,  
Гардингода өлі күн сезінерсің тұрганын". 106
- "Істеріңмен, туыстар..." дедім дағы ойланғрам,  
Басқа өлікте жанарым, соныменен айналғам:  
Көрдім шаңда біреуді үш қазыққа байланған. 109
- Мені көріп қалтырап, зәре-құтын ұшырып,  
Сақал басқан бет-аузын, курсінеді қысылып;  
Кatalan туыс үн қатты, азап-сордан ұшынып. 112
- "Көріп тұрсың мына бір үш қазыққа керілген  
Екі жүзді қауымға ақылшы боп көрінген,  
Жоймақ болған бір кезде Христосты өмірден. 115
- Көлденеңнен соқлақты тыр жалаңаш жастанған,  
Әрбір өткен күнакар кеудесінен басқанда,  
Оліктерді тартатын таразы боп тасталған. 118
- Қасында қайын атасы, тағдыры естен таңдырған, 121  
Тартуға тозаң тағдырдан — күнакар болған барлық жан,  
Еврейдің халқына қырсық, ұрық, қалдырған".
- Қол-аяғын тәнірі керіп тастап қорлаған,  
Мәңгі-бақи құғындағы қу мандайға сорлаған.  
Виргилидің қалай ғажап қарағанын болжагам. 124
- Қарады да ол, әлгі бір туысканнан өтінді:  
Осы жерден он жаққа көрсетсеңіз өтуді,  
Көрсетсеңіз болғаны, ойлап тұрмыз кетуді. 127

|   |     |
|---|-----|
| Мүмкін болса, айтсаңыз, қалмас едік сапардан,<br>Сілламас едік әлекке бізді әкет деп апаннан,<br>Сиңгандарды әлгі бір қара періште атанған".  | 130 |
| "Оғы жерде, жақында, жотада бір жол бар-ды,<br>Күйірғаларап, қасқайып, кесіп өткен орларды;<br>Сірган түсіп, туыстар, тартсандарап болған-ды. | 133 |
| Амал қанша, ол соқпақ омырылған, құлаған,<br>Үйіндіге өрмелеп, өтесіндер жырадан,<br>Сійдың түбін толтырып, салындылар сұлаған".              | 136 |
| Косем үнсіз басын иіп, былай деді салмақты:<br>"Демек бізді манағы сүм сайтандар алдапты,<br>Амал нешік, өтірікші албастылар сандалтты.       | 139 |
| Болоня жерінде естіп талай таңдаңым,<br>Жауыздыққа жындардың жуықтығын аңғардым,<br>Жындар дейтін көкесі өтірік пен алдаудың".                | 142 |
| Жүріп кетті ұстазым сөл ғана бір шамданып,<br>Сөл шытынып қабағын, адымдады алға нық;<br>Лазап-сорға көмілген артта лаң, дау қалып.           | 145 |
| Ляулымның артынан ере бердім таңданып.  | 148 |

### **ЖИЫРМА ТӨРТІНШІ ЖЫР**

|   |   |
|---|---|
| Жыл өлі де бесігінен шыға алмаған шақтарда,<br>Қауға жұлдыз бүйра шашын күнге жылтып жатқанда,<br>Түн тәуліктің жартысында, асыққанда ақ таңға, | 1 |
| Әдетіне бағып қырау ақ басты қыс ағаның,<br>Сурет сзып жататұғын өніріне даланың.<br>Қадап қойып қылдан бетер тым өлжуаз қаламын.               | 4 |
| Талшық, еткен жем-шебін жеткізе алмай малына,<br>Аппақ, болған жайылымға қарайтұғын шаруа,<br>Қар жауды деп ойлайтын да, бір соғатын санына;    | 7 |

- Ерсіл-қарсыл, күңкілдеп үйге енетін нала ғып, 10  
 Не істеуге біле алмай байғұс кедей қабарып,  
 Тысқа қайта шығатын, мәссаған, бұл жаңалық!
- Дүниенің бір сәтте өзгергенін аңғарып, 13  
 Тағын ап қолына апыл-ғұптыл қамданып,  
 Шығы еріген өріске қуалайтын малдарын.
- Манағы бір кезінде жабырқаған, жасыған, 16  
 Көз алдымда көсемім ұқсан кетті осыған,  
 Байқап қалып дем берді жігеріме шошыған.
- Көрген бетте көпірді әлеметтен құлаған, 19  
 Баяғы тау баурайында кездескендей дін аман,  
 Ақжарқын жұз тастады маған ұстаз, ұлы адам.
- Шамалап бір шолып өтіп, кесепатты ылдиы, 22  
 Сәл ойланып, шарты келген шаруаға нұр қүйді,  
 Қапсыра кеп денемді, құшаққа алды бір қылы.
- Адам бар-тын өлшем беріп, жұмысына өтеулі, 25  
 Тек қана алға қарайтұғын ойына алмай бөтенді.  
 Соған ұсан, тасқа мені лып еткізіп көтерді:
- Көтерді де, басқа тасты белгіледі, үндеді: 28  
 "Енді осыны ыргап та, қозғап та, ұлым, біл, — деді, —  
 Тап басуға болар ма еken жүру үшін ілгері".
- Болмас еді бұл жолды сауыт киіп өтпекке: 31  
 Біздер әзер келеміз құздан құзға етбеттеп,  
 Өрмелейміз жоғары, ол — жеп-жеңіл, мен — ептеп.
- Болмағанда құлама, бұрынғыдан көп төмен, 34  
 Көсемімді білмеймін, мен, сірә да, беттемен:  
 Басқан сайын, ішімнен мен осылай деп келем.
- Болғандықтан құлама Сығыр Сандау аумағы, 37  
 Ортасына апанның еңкейе кеп аунады,  
 Опырайған ұраның тас қабырға жан-жағы.

- Інштігі әрқалай қос бүйірдің арасында, 40  
 Ің соңғы тас сұғынып, сүйеу тапқан асуда:  
 Іліктік-ау әзерде құламаның басына.
- Ори қарай жүргүте әлім менің келмеді, 43  
 Айм жетпеді өкпеме, жүйкем ерік бермеді:  
 Оңтүстік шығып отырдым, қажығандық мендеді.
- Еңжарлықты жой, — деді көсем сол бір қалыпта, — 46  
 Жатып алсаң жантайып, жайлы орында, мамықта,  
 Жүнге алмассың іздеген жеріңе де, даңққа.
- Күра басын күйіттеген сәнқұмар да, жанқұмар, 49  
 Жатып ішер жалқаулар бойын оңай алдырап —  
 Желге түтін, суға із соңдарында қалдырап.
- Гүр орныңнан! Жеңдірме, енжарлыққа құнықпа 52  
 Рұхың алмас қамал жоқ, жадында ұста, ұмытпа,  
 Гөк сөнбесе болғаны, сөнүте оны жуытпа!
- Алдымызыда өлі ұзақ, баспадақтар кез келер, 55  
 Кетуге одан қақың жоқ, кеткенменен өзгелер,  
 Сөргіт, серпілт жаныңды, секем алма, сөзге кел!"
- Ұшып түрдым сөзін естіп қуат берген ақынның, 58  
 Дел-сал болған бойымды жинаған боп жатырмын,  
 Сыр алдырмай жауап қаттым: "Кеттік, сергек, батылмын!"
- Жолға шықтық құлама құз, жарықшақ тас бектермен, 61  
 Опырылған жартастардың сынығымен кептелген,  
 Алдеқайды қынырақ, бұған дейінгі өткелден.
- Қалжырауды жасырмак, боп сөйлей бердім, сөз де емес, 64  
 Жақпардан бір үн естілді, көрінбеді көзге елес,  
 Сөз дейтін бір сөз де емес, көрінбейді көзге де еш.
- Садақтайын иілген, шыққаныммен көпірге, 67  
 Түсінбедім не сөзге, түсінбедім не тілге:  
 Элгі бір үн аулақтап босқа әуре етуде.

- Еңкейіп ем шыңырауға көзді қадап, жүгіне, 70  
 Қап-қаранды тұңғирықтың жетер емес түбіне;  
 "Қолдан енді бір айла, — дедім ұстазға үңіле, —
- Жетейік те дуалға, жиегінде тұрайық; 73  
 Мағынасын түсінбей, құр тыңдаймын — бұл гайып,  
 Үңілсем де көрмеймін, бір амалын қылайық".
- "Болсын солай ендеши, — сұрағыңа жауабым, 76  
 Орындалсын осылай, орынды екен талабың;  
 Ілесе бер үндеңей, сені соңға саламын".
- Жайлап ендік бір жерге, тәмен түстік көпірден, 79  
 Сегізінші апанмен қиуласып, бекінген,  
 Көрдім бүкіл ұраны, жардың басып шетімен.
- Жентектелген керемет жылан көрдім ішінен, 82  
 Әлеметтер әртүрлі жан шошырлық, түсінен,  
 Әлі күнге еске алсам, қаным қатып, құсінем.
- Амфисбена, кенхр, фарей жұмыртқалап, тұқымдаپ, 85  
 Зымиян Якул зәһар шашып жатқанымен жыптырладап,  
 Ливия құм-шагыллы мына аймақта ұтылмақ,
- Мұндағыдан көп те емес, жауыз да емес мұншама, 88  
 Эфиоптың барлық, жері қол астында тұрса да,  
 Барлық суы Чермнің осында кеп тұнса да.
- Құжынаған сұмдықтар қоршап алған жан-жакты, 91  
 Аласұрған жалаңаш, сорлы жандар зарлапты;  
 Жансауталар бұрыш та, киелі тас та қалмапты.
- Қолдарды артқа қайырып, буындыра илейді, 94  
 Құйрығымен, басымен шанышқылап түйрейді,  
 Кеуделерде жыландар шығыршықтай билейді.
- Кенет аждадаған аңғарып, көрнеу тұрған адамды,  
 Батырайын дегендей байыздаған қаранды.  
 Өндеріне бейбақтың наизадайын қадалды.

- Гөндігі оның соншама, қалай десем дәлелді... **100**  
 Ұш етті де, күл болды, тек күл қалды, тән өлді,  
 Гұлай келіп құлады, кейпі ғайып өуелгі.
- Күйрей келіп сұлаған со бір ғажап шағында, **103**  
 Құламта күл бүлкілдеп қайтадан жан алуда,  
 О, керемет! Тірілді ол адам болып тағында.
- Іүл белгілі тек қана ұлы ғұламаларға: **106**  
 Іес жүз жасқа жеткенде үя құрап алар да,  
 Олегтүғын Феникс кейінге мұра боларға.
- Танамы шөп, аузына шырын емес құйғаны, **109**  
 Жанталаста көз жасы атау болып қинады,  
 Осімдікті табиғат кебін етіп сыйлады.
- Луру билеп ақылын, құлап түскен алайтым, **112**  
 Ағлей қүшке түсінбей, таңғражайып қарайтын:  
 Іуып кеткен сұмдықты бұлыңғырга балайтын.
- Қарайтүғын жан-жаққа, орынынан түрегеліп, **115**  
 Лінат, ауыр азаптан алаңғасар түрге еніп,  
 Құрсінетін төңірекке аянышты үн беріп.
- Сондай еді күнакар, орынынан тұрған-ды, **118**  
 Пәрүәрдігер тәңірім-ай, аямайды-ау бір жанды!  
 Эділ жаза жайратар әлеметтік қылғанды!
- Кім еді бұл? — ұстазым сұрады одан көргенде, **121**  
 Тосқанадан едім мен, көп болған жоқ келгенге.  
 Мына жатқан апаңда азапталған шерменде.
- Адам емес, хайуанша күн көруді жөн көргем, **124**  
 Тағы есек, расында, Ванни Фуччи — сенделген;  
 Ұрының нағыз ұясы Пистоядан келгем мен".
- Ұстазға айттым: "Сәл сабыр, аялдастын, сұра одан,  
 Неліктен бұл ұрага кеп, ұрынды екен, сұлаған.  
 Қайтпас нағыз қандыбалак, қайсар еді бұл адам". **127**

- Естіді де, жауапқа даярланды жазалы, 130  
 Маған ауды өні-түсі, есі, көңілі, назары.  
 Масқара істен талақтай бол қызарып түр ажары.
- “Ауыр тиіді жаңыма, — деді ол жиып күш-демін, — 133  
 Кездерімде сорлаған дәл үстімнен түскенің,  
 Өлерде де мұншалық ауыр күйге түспедім.
- Орындағын ойыңың білмек болып тұрғанын, 136  
 Қоймасынан шіркеудің аспаптарын үрладым,  
 Сондықтан да апаңда азап тартып түр жаңым.
- Жазықты бол танылды басқа біреу халыққа; 139  
 Қуанбағын алайда, кездесті деп тамұқта,  
 Қуанбағын, егерде шыға қалсаң жарыққа.
- Құлағың тос қабырыма, айрандарың іриді, 142  
 Пистояда алдыменен қара күштер шіриді:  
 Фьоренца жаңарады, күн кешеді бір игі.
- Марс буы Магараның жазығынан келеді, 145  
 Қара түнекке асылады, қара бұлттар төнеді.  
 Пиценаның даласына құлайды да, өледі.
- Басталады қанды кек, қатал қырғын ланды, 148  
 Өз еркімен алайда ол сыпырады тұманды,  
 Ақтың әрбір адамы күйреп, тағзым қылар-ды.
- Естідің бе, өзегің өртенетін шығар-ды”. 151

### ЖИЫРМА БЕСІНШІ ЖЫР

- Сермейді кеп қос қолын, дөгара сап пышырды, 1  
 Қос қолдағы қос бармақ, қос саусаққа қысылды:  
 Екеуін де же, тәңірім!” — деп шұнтитып ұсынды.
- Міне, содан жыландарға достықпенен қарадым: 4  
 Біреуі кеп жалма-жан жазықтыны орады,  
 Үнінді өшір!” — дегендей буындырды тамағын.

- Күл-аяғын матаған көрдім және басқаны, 7  
 Шырмауықтай шимайлап қатты шандып таstadtы,  
 Ошті болды пақырдың өл-дәрмені қашқаны.
- Орген, өртен, Пистоя, күлің ұшып сен мейлің! 10  
 Іңгіл өмірде тұруға керегі жоқ, сендейдің!  
 Аринасынан астың сен арамзалақ, деңгейдің!
- Фивада көргем біреудің шыңдан құлап өлгенін: 13  
 Гонірге бармақ, көрсеткен тозақыны көрмедім.  
 Бұдан өткен бұзыққа бұл тозақта сенбедім.
- Ошті ұні қың демей, қияметке бас ұрды: 16  
 Жытты бейбак, жетті артынан кентавр да ашулы,  
 Шоқытып кеп айғайлады: "Бөспені кім жасырды?"
- Сауырынан өріліп, салалаган шоқтығын, 19  
 Құнәкардың үстінде жыландарда жоқ тыным,  
 Мұншама көп жыландар Мареммада жоқтұғын.
- Желкесінен мініпті отты қанат айдаһар, 22  
 Соқтыққаннның бәрін де жойып, сорын қайнатар,  
 Кездескеңді жандырып, табан асты жайратар.
- "Авентиннің шатқалында ажал құсып, елірген,  
 Талайларға өлім әкеп, талай қандар төгілген,  
 Қандыбалақ, қанішер Как қой мынау көрінген. 25
- Қаһар, күшін ұрлыққа қасақана арнаған, 28  
 Қасындағы табынды бөрлеген де қарлаған,  
 Қандастардан сондықтан айырылған, қорлаған.
- Тыйым салған Геркулес әдетіне құныққан,  
 Жүз соққан да шоқпармен діңкелеткен, құрытқан;  
 Бұл бәтшагар өмірін он соққанда-ақ, ұмытқан". 31
- Бұл керемет туралы біз сейлесіп жатқанда, 34  
 Жиналыпты уш аруақ, төмен жакта, шатқалда;  
 Көруіміз негайбіл біз оларды нақ, барлап;

- "Кімсіңдер ей?" — деген бір төмен жақтан үн естіп, 37  
 Әңгімені жалма-жан аяқтадық, түтестік.  
 Келгендерге телміріп, үнсіз қарап сірестік.
- Білмейтін ем дозақтың мына тұрган жандарын, 40  
 Бірі олардың алайда сұрақ беріп қалғаны.  
 Бұлар кімдер екенін сонда әзер аңдадым...
- "Алышрау, бұл жартасқа Чанфа неге келмеген?" 43  
 Кесемнің де бұл үнді тыңдағанын жөн көрем:  
 Алаканымды аузыма тақай қойдым көлденең.
- Фажап емес, оқушым, айтқаныма сенбесен, 46  
 Салғырт қарап, өзің біл, санаңды сәл бөлмесен;  
 Айтпас едім, фажапты өз көзіммен көрмесем.
- Қарағаным сол еді, алты аяқ, жылан атылды, 49  
 Құшаққа алды қапсырып, құлшына бір пакырды:  
 Сыға түсіп, сорлыны құшағында қатырды.
- Аяқтары ортаңғы қос бүйірін жайлады, 52  
 Алдыңғысы бейбақтың иықтарында ойнады.  
 Құшырлана аруақтың екі жағын шайнады.
- Артқы аяқтар шенгелдеп, жармасты екі санынан, 55  
 Найза қүйрық сумандарап жүгірді де шабынан,  
 Ирелеңдеп бұралып, жотасында қағынған.
- Ойлайтұғын түрі жоқ тағы — тажал обал-ды, 58  
 Бөлек тәнмен кірігіп, шегенделе оралды:  
 Нән теректі шырмауық, бүйтпеген, сірә, болар-ды.
- Жабысқақ, ыстық, сағыздай екі дене жармасты, 61  
 Қорыттыла бастады өңін жойып алғашқы,  
 Басқа бояуға айналып, басқа реңмен алмасты.
- Жанғандайын лапылдан, қағаздың бір парагы; 64  
 Жалынменен жан-жакқа қоп-қоңыр түс тарады.  
 Қара да емес, ақ, та емес, басқа болып барады.

- "Итеген-ай, Аньел, не көрінді, тетелес? 67  
 Құрашы өзің өзіңе, жалғыз да емес, екі емес".  
 Аштайлады осылай, қарап тұрып екі елес.
- Алым менен жәндіктің біреу болды қос басы, 70  
 Алдымызды тұрды айқын екі беттің қоспасы:  
 Ішіңдер туң жоғалды, о, тәнірдің тоспасы!
- Қолдары да төрт бұтақ — төрт бағытқа сермелер; 73  
 Сандары мен аяқтар, қарын менен кеуделер —  
 Құбыжыққа айналды көрмеген бүрін пенделер.
- Бір ібіліс; ештеңе бастапқыдан қалмады. 76  
 Сүмдүк бейне жылжыды жайлап қана барғалы,  
 Екі дene — бір сайтан сапарларын жалғады.
- Ми қайнатпай ыстықта, жанып тұрган тұтанып, 79  
 Ұыр қағатын кесерткі ауыстырып бұтаны,  
 Найзағайдай жалт етіп, жолды кесіп, зытады.
- Дол осылай, қарасұр бір жыланшық зәһарлы, 82  
 Қалған манағы екеудің қарынына тақалды,  
 Сұмандастып сүм тілін біреуіне апарды.
- Ліарды да, өлгінің кіндігіне қадады, 85  
 Зұлым ісін тындырып, аунап түсіп барады,  
 Аяғына құлады епті зәлім жаңағы.
- Жазымданған бейшара, сейлей алмай әл үзді, 88  
 Есі кетіп есінеп, тек ашады ауызды:  
 Безгегі үстап байғусты тітіркенген тәрізді.
- Жылан оған қарайды, ол жыланға қарайды, 91  
 Анадан — у, мынаның аузынан тұтін борайды,  
 Тұтін келіп зұлым мен жексүрынға тарайды.
- Лукан айтқан: Сабеді, Насиді сорлаған:  
 Мыналарды мен айтсам, байбалам салмас ол маған,  
 Түсінсе болды төркінін түпкі ойымның болжаған. 94

Овидий де жырлаган-ды Аретуза, Кадмды;  
Бірі бұлаққа айналып, жылан бол бірі қарынды;  
Не етсе де еркі гой, ренжітпен жанымды.

97

Екі жәндік осылай бір-бірімен бетпе-бет,  
Бір-бірінің алмасып киімін киіп кетпеген:  
Ауыстырған денесін өлдекәндай сеппенен.

100

Ал мыналар бір мезгілде өзгеруді шақ, көрді:  
Жыланшық, кеп құйрығын екі ашалап қақ, бөлді.  
Адам екі аяғын жабыстырып жатты енді.

103

Қос аяқ, бірге кірігіп, айналды бір-ақ, аяққа,  
Біріккен де, кіріккен ізін, жігін жояд та,  
Ұқсай қойды жұп-жұмыр, жып-жылмағай таяққа.

106

Құйрық, бітті адамға, аяқ, бітті жыланға,  
Жыланның терісі адамда, адамның терісі жыланда,  
Жылан — адам түр мұнда, адам — жылан түр онда.

109

Жыланның көзі бозарды, адамның көзі қызарды,  
Жыланның өңі нұр алды, адамның өңі мұз алды.  
Адамның қолы қысқарды, жыланның бауыры ұзарды.

112

Жыланның аша құйрығы жиырылып, жай қалды,  
Көрсетпейтін еркектің анаусына... айналды;  
Иемденді бәтшагар екі бірдей сайманды...

115

Екеуін де көк түтін көлеңкелеп, қамауда,  
Жаңа бір түсті жамылып, жаңа бір рең қарауда;  
Адамның басы — жыланда, жыланның басы — адамда.

118

Жылан болған құлады, адам болған тік тұрды,  
Арам көздер алайда ауыспалты, ұқттырды;  
Бір-біріне, о, ғажап, бет-әлпетін жұқтырды.

121

Жылан пішін құбыжық, адамзатқа жат әнді,  
Сәл-пәл ғана ысылып, самайына әкелді,  
Құлақтың да үлесін үзіп-жұлқып әперді.

124

- Кейін қарай ысырылмай, кесектеліп қалғаны — 127  
 Мұрын болып көтерілді оймышталып жан-жағы,  
 Басқа еттерін басы артық, екі ерінге арнады.
- Адам-жылан тұмсығын созды шанды керіліп, 130  
 Құс құлағы шұнайып, әзер-әзер көрініп,  
 Құлағындаі ұлудың батып кетті көміліп.
- Құқсауық тіл бір кезгі қақ, ортадан тілінді, 133  
 Гүлінді де, қысқарды, қысқарды да булінді:  
 Қыншап тұрган көк тұтін жоғалғаны білінді.
- Адам-жылан жорғалап, ирелендең, ысылдаң, 136  
 Алыстады аулаққа, құм тастарда тысырлап.  
 Жылан-адам артынан түкіреді пышындаң.
- Құбыжыққа айналған былай деді көр неме: 139  
 "Бар сүмдүктың барлығын маған ғана бермеген,  
 Маған үқсан Буозо жорғаласын жерменен".
- Алмастырып тәндерін жыланы мен адамы, 142  
 Лайырбасталды осылай жетінші ұра ғажабы:  
 Олде менің қаламым, мүмкін, басқа жазады.
- Тұманданып көз алдым, көргенменен түрлерін, 145  
 Олар жасырынғанша Пуччоны ақсақ, білмедім,  
 Айдалада рухым адасқандай жүр менің.
- Баурайында жартастың мана басын құраған, 148  
 Сол ұшеудің ішінде — басқа екеуі құлаған, —  
 Содан бері осынау ақсақ Пуччо дін аман.
- Жылан-адамды еске алып Гавилле де жылаған. 151

### **ЖИҮРМА АЛТЫНШЫ ЖЫР**

Тағдырыңа тәқаппар, Форенца, есір, аласүр!  
 Тенізде де, жерде де қанатынды қағасың,  
 Өзінен де тамүқтың өз даңқынды табасың!

Кездестіріп бес жерден ұры-қары жиылған,  
Отандастарым үшін ұялғам да, қыылғам,  
Үлес қалар саған да менің алған "сыйымнан".

4

Ертең ерте ақиқат түсімізге енсе егер,  
Жақын күндер бірінде жаңың сезіп, теңселер —  
Басқалардан құнығып, Прато да көрсе егер.

7

Боладыдан болғанның өзі жақсы әманда,  
Болса тездеп болса екен, бордай тозған заманда!  
Күндер зулап өткен сайын күдік салмай адамға

10

Әлгіндегі текшемен көтерілді серігім,  
Ердім мен де соңынан, соңда менің ерігім,  
Бой алдырып, басылып, әлім менен желігім.

13

Жалғызаяқ соқпақлен тарта бердік әр қарай,  
Жақпар тастар, жол-жота әуреге салғаны-ай!  
Аяқ, сорлы баспайды екі қолды жалдамай.

16

Азаптаным соңда мен, әлім құрып, шатылды,  
Әлі күнге ойласам, ұмытамын атымды;  
Сондықтан да жүргенім ауыздықтап ақылды.

19

Сондықтан да ақылды арам жолға бастаман,  
Адалдықтан алғанды адастырып тастаман,  
Арамдыққа итерсе, жарты қадам баспагам.

22

Ұлы бесін шағында үйип тұрган мамырдың,  
Дем алуға кеткенде жер-әлемге бауыр Күн,  
Отыратын кейбіреу бір төбеде дамылғып.

25

Шыр айналып шіркейлер, шыбын қарасы үзілген,  
Көретүғын жазықтан заузаларды тізілген,  
Жылтылдаپ жапатармағай шырын алған жүзімнен.

28

Соған үқсас жылтылдаап, алдымызға тақалды,  
Екі жақ, та жалтылдаап, білтедейін от алды;  
Көрдік біздер осылай сегізінші апанды.

31

- (О)тты күйме, тұлпарлар көтерілді аспанға, 34  
 (О)тырғызып отқа орап, Илияны алып қашқаңда,  
 Люлар кегін әперген артынан көзін ашқаңда.
- Жалынды ғана өрт шашқаң, өлгендे әзер аңдаған, 37  
 (О)тты күйме артынан қадала қарап, барлаған.  
 Жалын жалды тұлпарлар аспанда бұлтқа самғаған.
- Комейінде апанның осылай от қозғалған; 40  
 Жатқанымен көрінбей көмеккілік кезді алған,  
 Жасырынған әр отта бір құнәкар боздаған.
- Қарап тұрмын еңкейіп, биік, тайғақ, көпірден, 43  
 Жақпар тастың жармасып, ұстамасам шетін мен.  
 Құлар едім құлдилап, ешкімсіз-ақ, бетіммен.
- Леді сонда көсемім, сезіп менің құлқымды: 46  
 "Мынау оттың ішінде, лаулап жанған мың түрлі,  
 Ыр-бір рух өртеніп, мәңгілікке құртулы".
- "Оны сезіп, ұстазым, өзімнің де тұр жаным, 49  
 Оған менің өзімнің көзім жетіп, тынғамын.  
 Мынау еді сондықтан сұрайын деп тұрғаным.
- Сонау отта кім жатыр, тым шалғайдан көрінген, 52  
 Үшкілденіп үш жағы екі ашаға бөлінген,  
 Сонау жерде Полиник туысымен көмілген?"
- "Тозақ тартқан ондағы Улисс пенен Диомед, 55  
 Жазмышқа ісі жақпаған, екеуі бір ұялы ед,  
 Екеуін бір алған гой енді міне қиямет.
- Жазаланған осынау жапа шеккен оттарда, 58  
 Қара шаңырақ іспеттес римдік зәу-заттарға,  
 Қабыргасын қаланың қайыра ашқаң аттар да.
- Ахиллды жоқтап Тамұқта аядай қуыс ішінде, 61  
 Аруақ Дейдамия да азап, мұнға түсуде,  
 "Сый алған жандар — осылар, Палладий батыр үшін де".

- "Жалынамын жұз рет, жұбатушы мені ұстазым, 64  
 Жалынамын көрүте, түйінгүе де құстамын;  
 Мынау оттың тілге кеп сөйлер сәтін ұстағын.
- Басқаларды аралап, бізге назар бөлгенше, 67  
 Ұстазым менің, күте түр мүйізді жалын келгенше,  
 Қараши маған, қамығып, өлгелі тұрмын көргенше".
- "Оттінішің, — деді ол, маған іле жалғаса, — 70  
 Жол табады жүрекке орындатуға әрқашан;  
 Тілінді бірақ бір сәтке тісіңменен қармасаң.
- Мен сұрайын олардан толқытқан сені жайттарды, 73  
 Тұсініп тұрмын: сұрасаң, саған жауап қайтпауы.  
 Гректердей мелшиіп, мүмкін, бір сөз айтпауы".
- Біз тұрган жартас астында от жақындағап ұлғайды, 76  
 Орыны да, сәті де түскен шақта ыңғайлышы,  
 Мынадай деген ұстаздың сұрағын зердем тыңдайды:
- "Ей, ағайын; ей, оттар қос айрылған жалыны! 79  
 Құрметтегем өмірде, құрметтегем, анығы,  
 Аз ба, көп пе құрметтеп, артқан көңіл нанымы.
- Алмағайып адасып, опат болған біреуің, 82  
 Асқақтата жырлағам, сендерді мен білемін,  
 Сендер маған көрінуге міндеттісің — тілегім".
- Шұбатыла назданып, ертедегі от көлденен, 85  
 Деу мүйізін шайқады секем алып ол неден;  
 Өстүші еді құмдағы өрт ығыр болған жемменен.
- Ұшар басын шалқытты, олай-бұлай бұлғатып, 88  
 Әлде сөйлеп түр ма екен, хабар беріп тыңдатып,  
 Былай деді біздерге отты жалын үн қатып:
- Гаэтаның қасында мені бір жыл жасыған, 91  
 Эней келіп бұл маңға есі кете бас ұрган,  
 Цирцеядан осында ажырасқам, тасынғам.

Ұлға деген нәзік бір ізгілікті жойғамын,  
Оқо алдында қасиетті қаймығуды қойғамын,  
Жарым қалып жайына, мұлде басқа ойладым.

94

Нор-бәрісі: адамның жақсы, жаман жолдары,  
Шолімді менің басуға бірі тоқтам болмады.  
Шарласам деген ғаламды басыма бір ой орнады.

97

Гайлайдан бергі жан досым — сенімді шағын кемемен  
Лидынына теңіздің батылым барып, жөнегем,  
Алған беттен тайдырар болмады бір жан бөгеген.

100

Орта теңіз жағалауын, Морокконы көрген ем,  
Испания, Сардиния өлкелеріне енген ем,  
Бірін дағы қалдырмай, аралдарға төнген ем.

103

Геркулестің өзі қойған шекараны көргенде,  
Міт арқасы қияндағы бір бұғазға келгенде,  
Ерте дүние ерлері едік осы маңға келгенде.

106

Севилья оң жақта, қалып қойды кейінде,  
Сетта қалған сол жақта, дәл осыдан кейін де,  
Геркулестің межесін тұтқандаймыз зейінге.

109

О, бауырлар, — деген едім, — келіп шыққан батыстан!  
Сендерге айтам, серіктерім сан азапқа қатысқан!  
Аз өмірде ойланыңдар, ешнәрсе өнбес жатыстан.

112

Кеуденде арман тұрған шақта, ғұмырыңың қалғанын,  
Иесіз дүние жаңалығын ұғынуға арнағын,  
Мына күндей көріп қалғын бұл өмірдің жалғанын!

115

Ойла кімнің ұлысың, қандай жерден тараудың;  
Тұған жоқсың татуға несібесін тағы аңың,  
Ерлік үшін, еңбек үшін, білім үшін жаралдың".

118

Менің сөзім жолдастарды соншама өткір түйреді,  
Дереу бәрі алға ұмтылып, өзді-өзін сүйреді.  
Менің сөзім серіктердің еріктерін биледі.

121

Атар таңға артын тосып, кеме сонда заулады,  
Қанат болып ескектер де есірте кеп самгады,  
Жүйткі жүзіп біздің кеме солға қарай аунады.

124

Тұнге қарай маған бір басқа әлем көрінді,  
Басқа дүние түнеріп, төбемізден төнулі,  
Багыттымыз әуелгі теңізбенен көмүлі.

127

Бастағаннан бер қарай бұл қатерлі сапарды,  
Бес рет ай төменде жарық етті жапанды,  
Бес рет күн өз сөулесін ұясына апарды.

130

Күреңітіп алыстан тұрды алып тау көлденең,  
Кең иықты кеудесі кең жапанда көлбекен,  
Бұдан өткен алыпты ғұмырымда көрмегем.

133

Шаттығымыз шарт сынып, алапатқа ауысты,  
Жаңа аймақтан жын-дауыл дереу бізге жабысты.  
Кемемізді аударып, ақ толқынға ала ұшты.

136

Алай-түлей үш рет иірімге аунатты,  
Төртінші рет тағы да тұралатып, жалға атты,  
Батты кеме, тәңірінің өзі осылай арнапты.

139

Тегіс білдік, қылғытып, теңіз бізді жалмапты.

142

## ЖИЫРМА ЖЕТИНІШІ ЖЫР

Қайырымды ақын босатқан, үні өшкен жалын жаңып тұр, 1  
Қияметтегі өмірін шалқымай, сөнбей бағып құр,  
Жанбай қайда барады, жан-жағында тамүқ тұр.

Соңында оның лаулаған басқадай бір от жанды,  
Мағынасыз міңгірлеп, жалақтап тілі шоқтанды.  
Сұмандаған сұрына назарымыз тоқталды.

4

Сицилия азбаныңдай ойлап тапқан бір шебер,  
Ыңыранған әуелі күнәкар, шебер мінсе егер;  
Өзіне де сол керек, опасыздар дүмшелер.

7

|  |    |
|--|----|
| Күйілса да құр мыстан сол бір өгіз өтірік,<br>Мінкүлықтай қиналып, құңғренетін лепіріп,<br>Ішілдегі адамның дауысымен өкіріп.                          | 10 |
| Сол тәріздес жол таппай арасынан жалынның,<br>Ажыратып болмайтын айғай-сурен дабырдың,<br>Ішрекесіз сез үшты гүліндей дауылдың.                        | 13 |
| Ақырында дыбыс кеп жеткенде оттың тіліне,<br>Тұра қалды қалтырап, қызыл алау бүтіле;<br>Сонда барып ұғынып, құлак, астым үніне:                        | 16 |
| "Бара ғой, қанды құмарым! – деген жаңды кім деймін? 19<br>Ломбардша сөйледі ол, болсаң дағы кім мейлін,<br>Ей, адамзат, тыңдаши, саған қарап үндеймін! |    |
| Жалынамын, кешігіп, мүмкін, әлде қалдым ба,<br>Жалынамын сәл тоқта, сорлагандар бар мұнда:<br>Күтіп түрмүн, қарашы, күйіп-жанып алдында!               | 22 |
| Сүйікті өлке латынмен қоштасыпсың, келіпсің,<br>Соқыр-мылқау сор көрге енді ғана еніпсің,<br>Күмән үшін күйзелген мекенімді көріпсің.                  | 25 |
| Тыныштық па Романья, әлде жүр ме от алып?<br>Арасында Урбино, алып таулы жотаның,<br>Сусын ішіп Тибрден жатыр менің Отаным".                           | 28 |
| Тыңдал түрдым құныға, ойым ойран, жан-жақта,<br>Шынтағымнан көсемім түртті де бір салмақтап,<br>Леді маған: "Жауап бер латындық, бұл аруаққа".         | 31 |
| Тамағымды қыттықтап, даяр түрған жауабым,<br>Бірден бастап сөзімді: "Ей, рух! – деп қарадым, –<br>Тасталыпсың зынданға, тап болыпты қара күн.          | 34 |
| Сенің Романьяң тып-тыныш, бейбіт құндерде,<br>Озбырлардың жүргегінде соғыссыз, сірә, жүрген бе?!   | 37 |
| Бірақ қазір сол қырғын жоқ сияқты іргенде.   |    |

- Равенна — бәз қалпы, сол ендігі болғаны — 40  
 Полентаның самұрығы оған келіп орнады,  
 Червъяга дейін ол қанат жайып, қомдады.
- Бір кездегі берік қамал ұзақ-ұзақ, қорғанған, 43  
 Төбе-төбе француздың өліктері жон болған,  
 Бұл күндері жасыл табан езгісінде қорланған.
- Жойып Монтаньяны, ілә тауып ісінен, 46  
 Барбос Веруккью мен күшігі оның күшіген —  
 Сол сүйекті әлі күнге кеміруде тісімен.
- Бекем тірек — Ламоне, Сантерноның жағасын, 49  
 Жаныштауда ақ герблі арыстанның баласы,  
 Бір жылда екі ауыстырып дос-жаранын, шамасы.
- Әлгі бір тағдыр, Савъо өзені келіп құйылған, 52  
 Тау мен дала ортасында шыға алмай жатыр қыыннан;  
 Еркіндік пен құлдықтың ортасында қыылған.
- Ал өзің кімсің, өтінем, ағындан жарыл, тегінде; 55  
 Іркілмей жауап қаттым ғой сұрағыңа сенің де, —  
 Өмірде жұрсін есімің сақталып ұзак, көңілде!"
- Әуелі от сәл ғана ыңыранып, гуледі, 58  
 Үшкіл ұшын әзерге қалтырата ұрледі,  
 Отпен бірге қалтырап, оттан біреу үндеді:
- "Қайта көрер жарықты қарсы алдымда бір кеуде, 61  
 Құлақ, асып сөзіме тұрғандағын білгенде,  
 Қалтырамас еді ғой отым менің бір демде.
- Ақыреттен оралар жол жоқ, бізге, тегі, енді, 64  
 Естімегем тозақтан қайтып келді дегенді,  
 Масқарарадан сескенбей, жауап берем мен енді.
- Кордильера белбеуіне ауыстырып семсерді, 67  
 Рахат таптым, көтердім деп ойладым еңсемді:  
 Опат болған арманымды, о, дарига, көрсе енді!

Күнгө мені батырды және де сол дінбасы, 70  
(Бір жақсылық, көрмегір, дінбасы емес, жын басы),  
Сол туралы айтпақтын, көңіл қойып тыңдашы.

Лиамның берген ақ, сыйын арқалап өтті қу мандаі, 73  
Іұлазып өткен құлықпен құрғыр со бір жылдарды-ай,  
Арыстан емес, тұлкідей күн кешіппін жылмандаі.

Іұрылсынын, бұкпе жол құпиясын білгемін, 76  
Алудан сырлы құлық-сұмдық, ажыратып түрлерін;  
Нажабымды бұл жалғанның құлағына ілгемін.

Ақиқатты аңғарып, айылын жияр дана адам, 79  
Жортұылын доғарып, жол алар бөлек жаңадан;  
Шегіме жетіп шарықтау, тусініп мен де қарағам.

Қызыллықтың әммесін кешкемін де, ішкемін, 82  
Борін дағы ұмытып, тәубеге келіп түскемін,  
Сорлымын ғой, сорлымын! Сорақы күнә істедім!".

Жаңа келген жағымпаздар қожайыны алғашқы, 85  
Лагтеран түбіндегі көршісімен жауласты,  
Христиан қауымына қарсы шапты алbastы.

Бұлар емес, сарайцідер — Ақраны алғандар, 88  
Бұлар емес, иудалар — қызылқұлақ тарландар,  
Мұсылманның жерлеріне сауда жасап барғандар.

Құдіретті дәрежесін құдай жолына арнаған, 91  
Барлығын да талақ, етті, қорықпады қар-надан.  
Менің дағы бойымдағы бар тәубамды арбаған.

Константин патшадай алапеспен ауырған, 94  
Сильвестрді шақырттырған Сираттидің тауынан,  
Мені де папа шақыртты; маган ғана табынған,

Паң — тәкаппар аптығын жұбатпақшы болыпты, 97  
Мас адамдай өзеуреп, өтінде де, торықты,  
Не айтута білмедім, сөзге мені тоғытты.

"Корқпа, — деді ол маған, — сен күнәға батпайсың, 100  
Жоюға Пенестриноны қеңес бер маған нақтай, шын,  
Осыныңмен өзіңнің бар күнәнді ақтайсың.

Ашып, жауып ұжмақты әркімге орын арнағам, 103  
Менен бұрын болғанның батылы оған бармаған,  
Екі бірдей кілтті қолға бекер алмағам".

Осынша мықты дәлелдің түсіне қойдым мәніне, 106  
Сейлемеуге болмады, жібермеді әріге,  
"Әке, — дедім оған мен, — өз қолында бәрі де.

Әміріңмен істелген жуып тұрсың күнәмді, 109  
Ісіңнен де уәдең ұзақ өмір құрар-ды,  
Қасиетті тағында шаттықта өмсे тұрар-ды".

Франциск ұшып жеткен-ді, аттанарда ажалға, 112  
Жарыса келді, амал не, қара сайтан, тажал да:  
"Бұл менікі, — деді ол, — жолама бұл адамға.

Барар шағы таянған құлдарымның қасына; 115  
Жауыздық, қеңес бергелі бұл жағымпаз басына,  
Қалт жібермей қылышын, жармасқамын шашына

Өкінбей тұрып әуелі, жазмыш кешпес ондайды, 118  
Құмарта тұрып күнәға, өкінуге болмайды:  
Тәнірі ондай пікірге айып-кесел жолдайды.

Түсінік, түйсік өрерін білмедің бе менен де?" 121  
Жаппар ием, шошыдым ол осылай дегенде,  
Сұрады да ол жармасты, қалтырады денем де.

Алдыңдағы Миноска дереу мені жеткізді, 124  
Құйрығымен арқаны сегіз орап, өткізді,  
Жаза кесіп, ашумен зәһар уын төккізді.

Жансын тозақ отына, жазығы мол жан екен!" 130  
От көйлектің ішінде қозғаламың, зар етем,  
Көзің көріп тұрсың ғой, азап шегіп әлі өтем".

Оңғимесін тамамдап, тайды отты бағана,  
Іара жатты оранып азап пенен налаға,  
Шанышты отты мүйізі лауап жаңып далада.

133

Орі қарай қырқамен тарттық біздер табанда,  
Көліп жеттік тұнерген апан жатқан алаңға;  
Тоніп тұрган төбеден қатыгез бұл зауалда.

136

Жазаланбақ от-ылаң әкелгендер адамға.

139

### ЖИҮРМА СЕГІЗІНШІ ЖЫР

Ііздер көрген зілзалаңы, қан, жараны, сірә, кім, 1  
Літа алады, айта алса егер, сұрағын,  
Қындаі сөзбен қарманса да айта алмайды, шырағым.

Ақыл менен сезіміздің аумағы тар алайды, 4  
Соншама зор сойқандарды сыйдыруға жарай ма?  
Кез келген тіл, сірә, мұнда сүрінер еді қалайды.

Қатерлі Пулья жерінде қырғында, азап байқаған, 7  
Малшынып қанға, мертігіп, жиналғандар қайтадан.  
Олдері құрып, осылай болды деп мен айта алам.

Трояндар жаныштап, ұзын сонар қырғында, 10  
Жүзіктерін салықта төлеңі деп, құрдымға,  
Ақиқатты Ливий дұрыс жазып тұр мұнда;

Робердің сарбазын қиратам деп тырмысқан — 13  
Қиян-кескі қырғында араптар да құм құшқан,  
Біз байқаған сұмдықтан бұл да саяз бір мысқал.

Көмілуде әлі сүйектер Чеперано маңында, 16  
Пульялықтар бұл жерде жұртын сатқан залымға.  
Слейткен еді сүм Алар Тальякоццо жанында.

Сондағы қырғын сұмдықтар еске әлемет салар мұн;  
Жұз есе артып түседі керемет мынау — алау мұн,  
Тогызынышы апаны алапат, тажал зауалдың.

- Қақ, айрылған қарыны біреу жүрді бөгетте, 22  
 Астына дейін ауыздан тілініпті, себеп не?!  
 Үніреймес дәл бұлай тұбі түскен шелек те.
- Қос тізенің арасында салбырап ішек бір буда, 23  
 Өтер жерде жеген ас қарын дейтін құргырга,  
 Жексүрын жұмыр қалтада мазасыз жүрек ыргуда.
- Көзіме көзі түскеңде, бишара бұғып саспады, 24  
 Қанталап, қаннан дымданған қеудесін ашып тастады.  
 "Кейпіме менің қарашы!" — деді де, сөзін бастады:
- "Көрдің бе, міне, Мұхаммед, өң-түсі қалай бұлінген! 31  
 Алдымда Әли барады, азаптан қажып, бүгілген,  
 Бас сүйегі айрылып, ыңырысыған, түнілген.
- Мұндағының әммесі — осынау жатқан ордагы, 34  
 Тірлердің ішінде ылаң тастап алдады:  
 Сол үшін де кінәлі, сол үшін тамүқ, жалмады.
- Артымызда — аксайтан, долдана көзі шатынап, 37  
 Мугедек қып біздерді бастырмайды ақымақ,  
 Толып жатқан тобырды семсерімен жапырад.
- Қайғылы жолдан сайтанға қайтқанша біз оралып, 40  
 Қанды мынау жарақат тәнімізден жоғалып,  
 Қалпына келіп әуелгі жазылмақшы, ол — анық,
- Кімсің өзің, биіктен сонша сұсты қараған? 43  
 Әлде мынау түбектен, күнәкарды қамаған,  
 Шошып түспей тұрсың ба, бізді көріп жағадан?"
- Әруақ емес бұл, әсте, тартпаған күнә кеселін; 46  
 Жер астының көрсін деп соқпақ, сойқан меселін,  
 Бастап мұнда әкелдім, — деді менің көсемім, —
- Қаттан қатқа апарып, Тамұқтан алып өтуге, 49  
 Мақшарда мендей марқұмға жазмышы жарлық етуде;  
 Ақиқат — осы, мінеки, алдында сениң бекуде".

- Жүгіден аса елестер тоқтай қалды жалма-жан, 52  
 Ашындарын ұмытып денелерін жалғаған,  
 Қылдаға қарап бәрісі, сұқтана мені барлағаң.
- Аймактарын шыға алсаң егер Тамұқтан, 55  
 Қылмеймін десе қасыма қатыгез тағдыр тарылтқан.  
 Құмдана берсін берілмей, күғынға салған халықтан.
- Комектеспей тұрғанда новарларға қардан шың; 58  
 Қоротін жинап алсын да, күні бұрын қамдансын,  
 Солдаған жауынан жеңіліп, күйреп қалмау шын".
- Осылыны айтып Мұхаммед жылжыды, ілгері аттады, 61  
 Омірде қалған Дольчина әріптесін жақтады.  
 Өтіп жатыр өлгендер тоғызыншы қаттағы.
- Нір бейбак тұр тамагы так, ортадан тесілген, 64  
 Мұрыны жоқ, қос қабағы қосарлана кесілген,  
 Сыңақ құлақ, сірә да, хабарсыз-ау еш үннен.
- Бірдеме деп кәңгірлеп, аялдады, тоқтады, 67  
 Комейін ашты өуелі, үңірейді оқпанды.  
 Ағені мынау пақырдың көбік шашып от қаны:
- "Ей, күнәсіз, егерде тұрмаса алдап пішінің, 70  
 Бұрыннан-ақ сені мен танитуғын кісімін,  
 Ортасынан көргенмін латындар ісінің.
- Есіне сен де алып көр Пьерді мұнда тасталған; 73  
 Верчеллидің жанынан шекарасы басталған.  
 Тамаша бір жазық бар Маркабоны жастанған.
- Анджолелло, Гвидодай азаматтарға сәлем де, 76  
 Фаноның жайсандарына айтқанымды дәлеңде;  
 Жалғандақ, егер жоқ, болса, көріп келдік әлемде.
- Жалғандақтың жалдама құлдары кеп ластайды, 79  
 Каттолика маңында кемеден сұға тастайды,  
 Әккі тиран өмірі сол сүмдикқа бастайды.

- Аралықта Кипрден Майоркаға дейінгі, 82  
 Қарақшылар, гректер құрган қанды сейілді,  
 Нептун бірақ, көрмеген мұнша зұлым пейілді.
- Екеуін де айдайды сығыр қөз бір жырыңды, 83  
 Қол астына ап, қожа боп, билеп түрған Римді,  
 Оны мәңгі көрмеуге көршім менің бұрылды.
- Екеуін де сол зұлым келісуге шақырап; 88  
 Шақырап да, жол бойы тұңғирыққа батырап,  
 Фокарада екеудің енді қандай қақы бар?"
- "Сен туралы хабарды тірілерге апарам, 91  
 Жарық, көрер күн болса, жатқан мынау жападан:  
 Айтшы маган, көршің кім жанары сөнген қападан?"
- Дегенімде, ол досының жақ, сүйегін қозгады, 94  
 Қолын қойған қалпында, қозгады да, боздады.  
 "Мінеки ол: үні өшкен, бұл өнірдің боздағы.
- Кудаланған бұл бүйрық, құдікті қызып Цезардан, 97  
 Шешен еді топ жарып, қапелімде сөз алған:  
 — Шешінген судан тайынбас, — деп үтітеп, сазарған".
- О, бишара, соншама бола қалты бүйіры, 100  
 Салбырап түр "сәнденіп", кесілген тілдің қыры,  
 От ауызды Курион ғой — шешендіктің құйыны.
- Қолдарының тамтығын көтеріп көрші тұнектен, 103  
 Басқа біреу көрінді мүгедектік жүдеткен,  
 Бет-аузына қан қатқан, айқайлады жүректен.
- "Бітті жұмыс, — қайтты кек, — деп кескиткен мәтеді, 106  
 Еске алғайсың, айтқайсың Москаны да қатерлі;  
 Туган жерге ол лаңның алапатын әкелді".
- Сенің қандастарыңа өлім келсін!" — деген ем, 109  
 Мұңына мұң жамылып, сенделіп ол жәнелген.  
 Қашқандайын ақыл-ес әруақ болған денеден.

Ал мен болсам, қарадым тобыр толы аңғарға,  
Ішін болмас іс көрдім бүлік салған жандарға;  
Ол туралы, сірә да, айта алмас ем жалғанда.

112

Ал мен ұят өмірі аяқ асты қалғанда,  
Ақықаттың сауытын айқара киіп самғарда,  
Аліл ар мен ұяттан асыл, сірә, жар бар ма?

115

Корген едім, өлі де көз алдында түр менін;  
Арысында тобырдың бассызы дене жүргенін,  
Ініуымменен қанша рет айналғанын білмедім.

118

Көкілген басты шырактай көтеріп түрді ол шашынан,  
Күрәді бізге, шошыңдық көзінің қанды жасынан,  
Інійгілы сонда үн шықты қылған адам басынан.

121

Ікеу болып көрінді ол, өзін-өзі жарық, қып,  
Іні жүзді көрсеткен бір өзі екен, қанықтық;  
Но істесе де еркі гой, шебер ием, жарықтық,

124

Ішілер түрган көпірдің жақтауына тоқтады,  
Інс көтерген қолын тік маған қарай оқтады;  
Маған деген айтылмыш әңгімесін соққалы.

137

"Еркінсіген, ей, адам, ішінде өлі жандардың!  
Лаңап пenen сорларға назарыңды аударғын,  
Бұдан аңы жапаны көрген жоқсың, аңғарғын.

130

Менен хабар ала бар, сұрай қалса, Тұныққа,  
Мен Бертрам де Борн екенімді ұмытпа;  
Іір кезде Иоанн корольді үйреткем теріс қылыққа.

133

Іылаң әке-балага мен арқылы орнаған;  
Лвессалом, Давидты ойран етіп, торлаған,  
Ахитофел әзәзіл, сірә, мендей болмаған.

136

Тұысты туысқа айдал сап, бүлік болып санағам, 139  
Жұлыным сосын қызылып, жексүрын болып жаралғам;  
Тозақ екеш тозаққа керексізбін арам қан.

Сол үшін мен де басқадай құтыла алман зауалдан". 142

## ЖИЫРМА ТОҒЫЗЫНШЫ ЖЫР

Жанышылған мынау тобырлар азап-сор, мұнға жол сальп, 1  
Жанарымның құшырын қандырғаны соншалық,  
Жасырмай шерлі-қайғыны, жылағым келді томсарып.

“Жаншыған мынау түнектен мүгедек, қараң адамды, 4  
Іздейсің нені, жарқынның, үқлақсың нендей хабарды?  
Түнеріп жатқан түкпірге жанарың неге қадалды?

Өзінді басқа апаңдар осынша зауықтырмаган, 7  
Қайтесің ғазиз жандарды, жазасын налып тыңдаған,  
Есебіне жетпейсің, ерен бұл Тамұқ, тұр қараң.

Әнеки, сонау тәменде, барады Ай да қалықтап, 10  
Үақыт тығыз, аз қалды, жүрмейміз енді “шарықтап”,  
Басқалар күтіп тұр сені, басқа жәйт өзін танытпақ”.

“Әлденеге ниет қып дағдарып түрған кезімде, 13  
Жанымды жете түсініп, бойласаң ішкі сезімге,  
Аялдауға, сірә да, бұйырапар едің өзің де”.

Бастаушымның сөзіне осылай жауап бергенін, 16  
Ол — алдында, мен арттан өуелгідей ергемін;  
Көмейімде түрғанды айтуға оған жөн дедім.

“Әне бір жерге, апанға, көзімді тіктім, мұң ішім, 19  
Өтеуге тиіс жазасын өзімнің жақын туысым,  
Тартуы тиіс ауырын тартқызыған талай құны үшін”.

Қор қылма оған ойынды, бөлмей-ақ, қойғын сананы, 22  
Кездеспей қалғаныңдан да келер-кетер шамалы,  
Ойламай-ақ, қойғайсың, ушықтырма жараны.

Айдаһардай ашулы екен, көргем оны көпірден, 25  
Саған сұқтап саусағын, бірдеме деп өтінген,  
Естігемін, Джери деп, біреу оған жекірген.

- Онда тұрдың онда сен есіңе алып басқаны, 28  
 Ішікап қалып Готфорлық құдіретті қасқаны:  
 Қорға алмадың сондықтан, ал ол сені тастады".
- "Оны біреу өлтірген, құрбан болған, көсемім, 31  
 Аргығылар кек алмай кетірді оның кеселін,  
 Алмал қанша, жамылдық, намыссыздық, кеселін.
- Сондықтан да ол біздерге мәңгі бақи өкпелі, 34  
 Сондықтан да ол маган ашу шашып өткені,  
 Сондықтан да ол маган аяулы бол кеткені".
- Оңғимелеп осылай ендік жаңа құмбезге, 37  
 Қолесі апан үстінде түнеріп түр түн кезбе,  
 Қорер едік жан-жагын жарық, түссе күн көзге.
- Сойқанды Сығыр Саңлаудың көрер ең соңты тұрагын, 40  
 Сап жеткісіз сенделген қарағы мен шырағын,  
 Ормелеп өрге шыққанда құлаққа үрді бір ағын.
- Ұйым, мұңдар ұшынған ұқсынсыз со бір күйдегі, 43  
 Еңіреулер, қарғыстар наизадай келіп түйреді.  
 Гығындағым құлақты, даңғаза мені биледі.
- Вальдикьяна, Маремма, Сардиния жерінде 46  
 Һарлық аурухананы өкеп тықса көр-інгे,  
 Ұңырысуладың көкесін көрер еді тегінде.
- Дрл солай, бізден тәменде, күніренуде апан жылатып, 49  
 Қаңсыған сасық жарадай, кеулеген ірің былапты.  
 Үстінде мұңсік иісі қолқаны қауып, түр атып.
- Сытылдық та сілемнен, бұрылып сол жақ беттегі, 52  
 Үстазымыз екеуміз дуалға келдік шеткери.  
 Айқын тұрды алдында апанның турлі өткелі.
- Аулаққа кетті жанарым құдайдың құлын таныды, 55  
 Жазалап жатыр қатігез Ақиқаттың ақ, ұлы,  
 Айыптаап жатыр аяусыз кәzzап пенен қарыны.

Жұқпалы қыргын дерт келіп, жамсата бәрін қырғанда, 58  
Жөн тартқан Эгина үстінде түнеріп қайғы тұрғанда,  
Кенелмеген дәл бұлай кеңірдектен мұң-зарға.

Түк қоймай тірі жәндіктен алапат індет таралған, 61  
Ақыры байыргы адамдар құмырсқадан жаралған,  
Жыршылардың бірісі осылай деген ғаламнан.

Сойқандал өткен сол бір шақ зауалға мына жетпеген: 64  
Соқыр зыңдан түбінде аруактар кеткен бетпенен,  
Зарығады пакырлар жалғыз-жалғыз, көппенен.

Бірісі түсіп етбеттен, бірісін бірі жанға алып, 67  
Қисайған бірі біреудің иығына қарманып,  
Біреулер жылжып барады төрт аяқтан шаң қауып.

Дерттенген сормаңдайларды келеміз тыңдал, үніліп, 70  
Аттаған сайын көреміз дәрменсіз жатыр бүгіліп:  
Келеміз үнсіз көз тастап қарманғандарға сүрініп.

Екеуді көрдім арқасын біріне-бірі қалаған, 73  
Орныққан оттың үстінде аумайды екі табадан,  
Тұла бойы тұтасып қабыршықтанған жарадан.

Асықдан атшы сезініп қожаның құтіп тұрғанын, 76  
Абдырар байқап, құннің де батуға ыңғай бүрғанын —  
Сол да осылай тездепес тарақпен атын тырнауын.

Өзін өзі осуда тырнағымен айғыздап, 79  
Құтырынған қышуды бір сәтке солай қойғызбақ,  
Сонымен жаны жай тауып, жанына дамыл жайғызбақ,

Сыдырғандай пышақпен қабыршағын балықтың, 82  
Қотырына әруақтар саусақтарын салыпты,  
Тынымсыз тырма-тырнақтар теріні тұтіп алыпты.

Етті жұлып қан аққан тістеуіктей саусақтан, 85  
Бұлдіріп бүкір жотасын дал-дұл етіп қасытқан,  
Мойныңды бүр, ей, пәнде, өзін-өзі жамсатқан.

- Аїттармысың сен бізге, біз тыңдарлық мән бар ма? 88  
 Міңдайында, пақыр-ау, латыннан жан бар ма?  
 Мына азапты тырнақпен тыя алмайсың жалғанда!"
- "Латындар — біздерміз, алдындағы екеуін, 91  
 Міне, көріп тұрсың фой, азап-сорын, мекенін,  
 Қимсің, бізге мәлімсіз өзінің кім екенің?"
- "Күсімдагы мен мына тіріменен біргемін, 94  
 Құранғы алқап, қара жер қаттан-қатқа кіргемін.  
 Гимашасын тамұқтың көрсеткелі жүргенім!"
- Осы сәтте өлгілер тастай бере тірегін, 97  
 Жабыла маған үңілді қалтыратып реңін,  
 Іңкіл апан таңырқап, бірі тұртіп біреуін.
- Ұстазым маған аударды аспандай тұшық, жанарын: 100  
 "Литарыңды айтып қал, не десен, білсін қалауың!"  
 Барлық ынта-жігермен сөз сөйлеуді қаладым.
- "Оздерің туып, жаралған ең алғашқы өмірде, 103  
 Есімдерің үмыт боп, жоғалмасын көнілде,  
 Баршага ортақ, қыруар күн кешігеді тегінде!
- Қайдансыңдар, кімсіндер, қаңдай жаңдар бар мұнда? 106  
 Жексүрын азаптарынан, айналдырған малғұнға,  
 Үялуға қақың жоқ, екеуіңің алдында".
- "Ареццодан едім мен, ал Альберо-Съеннен, 109  
 Ортегенде жалынмен себепке бөлек сүйенген,  
 Іасқа үшін менің Тамұқта тартқан жазам Иемнен.
- "Ауада да үшіп көргемін, — дегем оған бір кезде, 112  
 Өзіліме сәбидей сене қойып ілеңде.  
 - Үйрет, — деді, не дерсің бұл балалық мінезге.
- Литарып айттай не керек, одан Дедал шықлады, 115  
 Сол үшін де ол мені шіркеуге әкеп жыққаны,  
 Сол үшін де епископ отқа мені тыққаны.

Алхимик едім, алайда жоқ, заттан алтын жонушы, 118  
Сондықтан Минос — мәңгілік қателеспес торушы  
Айдады мені осынау абақтыға оныншы".

"Съендіктерден асқан бұзылған жұрт қайда бар? 121  
Күресу үшін бұлармен француздар да ойланар?.."  
Осылай дедім ақынға, осы еді сөзім ойға алар.

Өре тұрды орнынан әруақтың қотыр бастасы: 124  
"Шығынға сараң, үнемшіл Стриккадан басқасы,  
Тізіміңнен, тірі жан, шығарып оны тасташы.

Қалампир сүйгіш Никколо қосылмайды тағы да, 127  
Бірінші боп сол гүлді ол отырғызған бағына,  
Орасан табыс берген-ді, мал қосқанды малына.

Ашанолық, Качча да, достас болып жанақсан, 130  
Бағын, жерін тәрік етіп, тамашаға таласқан,  
Аббалъято ақыры ақыл-естен адасқан.

Сенімен бірге съендік сорлыларға күлемін, 133  
Азап тартқан рухтың анықтап қара реңін,  
Жадыңа сақта, айтайын, ал енді өзім кім едім:

Әбігер анау дүниеде алхимия ол берген, 136  
Капоккью едім мен — металға алтын өң берген;  
Есінде болар, егерде өзің болсаң мен көрген,

Кәzzаптықтың шебері ем, кәсібімді менгерген". 139

## ОТЫЗЫНШЫ ЖЫР

Сол күндері Юнона ашуды буып келгенде, 1  
Семела үшін кек төгіп фивяндарға тәнгенде,  
Болған жәйтті сан рет көрсеткен-ді елдерге, —

Қолындағы ханшаның перзенттерін көргенде, 4  
Ақыл-есім тұман бол Афаманта шермәнде,  
Айқайлаған патша, ашу есін жеңгенде:

"Төр құрайық, тұтайық, арыстанның қаншығын, 7  
Жолын бөгеп, жәндейік баласын да, балшығын!" —  
Тырнақ жазып үмтүлды ол бүркітіндей аңшының.

Қайыра сілтеп қанатын Леархты ап қалды, 10  
Жайрап түсіп нәресте, соғылып тасқа уақталды;  
Ікіншісін анасы алып суға батқан-ды.

Әжеттікпен, өрлікпен Фортuna келген күндерде, 13  
Трояны төңкеріп, айналдырып тұн-көрге,  
Қожамен қоса меншігін жоқ етіп жойқын бүргенде.

Жоқшылықта, тұтқында Гекуба шерлі жүргенде, 16  
Аңғарып қалып, қызының өлгендігін білгенде.  
Толқын ұрган жағада жатқанын көрген бір кеуде.

Полидордың өлігі өлемет бол құрыпты, 19  
Міне соңда Гекуба ақыл-есін ұмытты,  
Қамап алған қайғыдан төбеттейін ұлыпты.

Фивалық, ашу-ызадан, трояндық, қаһардан, 22  
Әлдекәйда асып түр алдымдағы қатал маң,  
Адамды, аңды жайрата, аластаған қатардан.

Ой, тоба! Құп-ку, жалаңаш мына бір екі адамды-ай! 25  
Айналасын жапырып, қыршып тістеп, жалаңдай,  
Қашаны бұзып, қиратып, қорадан қашқан қабандай.

Капоккью мойнына, қаба тістеп жармасты, 28  
Кетті онымен зымырап, ыңырсыған албасты;  
Тасқа төсей жығылды ол қарын менен жамbastы.

"Мынау Джанин Сикики — жексүрын бір анайы, 31  
Осындағы жандарды титықтатқан жабайы", —  
Осылай деді қалтырап аретина малайы.

"Басқаның қаппағанына шүкірлік ет, шырағым! 34  
Қасында мынау тұрғанда, жауап бер, жеңіл сұрағым,  
Мынауың кім, қай жақтан, білесін бе тұрағын?"

- "Бұл – былапыт рух қой қу нәпсісін тыймаған, 37  
 Тәннің тәлек құлы ғой талақ болған Миррадан,  
 Шатысып тұған әкемен құмарын басқан, қинаған.
- Әкесінен әл алып, арылмай қалған күнәдан, 40  
 Өзіне басқа өң беріп, алдаумен дүние құраған,  
 Әлекке салған өзгөні өне бір жаңдай — бұл адам.
- Әне бір елес бір кездे алмақ, боп асыл қашырды, 43  
 Өлген Буозо орнына жатқызып өзін жасырды,  
 Өсиет айтты өтірік, қараңғы қауым бас ұрды".
- Бұрқанған екі елес те алыстап менен кеткен-ді, 46  
 Жанаарым сонда жай тауып, тінтіді қыыр шеттерді,  
 Басқа бір сормандаілларды қайыра шолып өткен-ді.
- Біреу отыр жазмышқа қарсылық, жок, бой ұрган, 49  
 Шабымен қоса аяғын тастаса алып бойынан,  
 Су құйған құдды бөшкедей іргеге әдейі қойылған.
- Бойында барлық дымқылы шемен болып байланған, 52  
 Қарыны кеуіп тырсиып, басынан асып айналған;  
 Шүйкедей ғана шақша бас әншейін аулак, жай қалған.
- Аңырайтып көмейін, ауру жаңдай шөлдеген, 55  
 От болып жанып денесі, амалсыз бірақ өлмеген,  
 Созады ернін тынымсыз жоғары-төмен, көлденен.
- "Саусындар ғой өздерің, Тамүққа есік ашқандар, 58  
 Қасіретті апанға, — деді ол, — қадам басқандар,  
 Қарандар маған, көріндер, бұрыллып назар тастаңдар!
- Есіл зергер Адамо жазаланған бұл маңда! 61  
 Бар құмарды қандырдым баста дәурен тұрғанда,  
 Бүтін, міне, зәрумін зәредей бір ылғалға.
- Казентино жерінің жылғасы мен бұлағы, 64  
 Жасыл, жайсаң таулардан Арноға кеп құлады;  
 Лайсыз, таза арнада мөп-мөлдір боп тұнады.

- Күшанды тұнық, нәр сөуле жанарымда тұрады, 67  
 Құңсызы жүз, кепті өңеш, қүйреп жігер сынады,  
 Айрт те ит екен дәрменсіз, жейді, қашан тынады?
- Абайсызда бас салған күнәға батқан жұртымда, 70  
 Еңді, міне, сол жерде қылаптанған құлқынға,  
 Үкім етті: жатырмын ыңқыл қосып ыңқылға.
- Ноан патша суреті бар масқаралап тиынды, 73  
 Роменде жалған бір жасап едім бұйымды,  
 Сол үшін де сол жерде отта өмірім қыылды.
- Гвидо, Алессандро, інісі — мұнда келер ме ед, 76  
 Жексүрын, жауыз жандардың елесін, әттең, көрер ме ем,  
 Лайызым қанып, алғысқа Бранданы берер де ем.
- Тобырлардың сөздері тұрарлық, болса сенуге, 79  
 Олтілердің біреуі бас ұрган дейді өлімге;  
 Тұра алмаймын, не шара, қолымнан келер менің не?
- Оғтең, шіркін, мұнша тым ісіп-кеуіп жатпасам, 82  
 Тым құрыса жұз жылда бір қарыс жер аттасам,  
 Ит болар ем мен оны қайтсем дағы таппасам.
- Шіріндінің ішінен қайтсем де оны іздер ем, 85  
 Шақырымдар жатса да арамызда жүздеген,  
 Қашан оны тапқанша қүдерімді үзбер ем.
- Қырсығы ғой солардың күйреткені тосқауыл, 88  
 Жалған алтын тиынмен мен де оларды тосқамын,  
 Солар үшін алтынға уш есе тас қосқамын".
- "Жәйі не мынау екеудің, көк түтінге батқанның, 91  
 Қалғандайын қолдары аязында ақпанның,  
 Сылқ, түсіп сұлаған оң жағында жатқан кім?"
- Деді әлгі: "Тартқанда Тамұқтың мені апаны, 94  
 Осылай еді осылар, беттерін өстіп тақады;  
 Байқаймын, сірә, осылар мәңгілік өстіп жатады.

Мына жатқан Иосифті арбаған да, жалмаған,  
Трояндық грек пен суайт Синон жалдаған,  
Алтап ауру баздандырып, көк түтіні лаулаған".

97

Елестің сөзін көрші елес кенет естіп қалды да,  
Сый нақақ деп ұйғарды белгілі бекзат алдында,  
Жұдышықпен бір түйді тығыршықтай қарнына.

100

Даңғырадай даңғырлап, күніренді құрсағы;  
Бар ашумен зергер де бетке қолын жұмсады,  
Пәрменінің барынша былш еткізіп бір салды.

103

"Денем ауыр тартқанмен мына дерттен талайғы,  
Тәнім бағынбағанмен, қолым әлі талайды  
Көрістіріп көкесін бір туюге жарайды".

106

"Басқанында жалынды, — деді әлгі көкбөрі, —  
Қолың бұлай құлшынып, еш әрекет етпеді,  
Жалған ақша жасауға ылдым-жылдым, епті еді",

109

"Жалған жауап беріп ең, жалдаپ тұрып жаңынды,  
Трояндарға айтқаннан мынау мұлде нанымды;  
Мінеки, мұның ақиқат", — деді жуан қарынды.

112

"Мен сөзіммен алдасам, сен кәсіппен жалмаңың!  
Өмірде теріс қылышқа бір-ақ рет барғамын.  
Ал сен болсан, алдампаз, сайтандарды да алдаңың!"

115

"Ей, ант бұзар, абайла, ағаш атты есіне ал,  
Жалған айтқан жауызда жасағанның өші бар,  
Бар жазаны бүтінде бір өзіне кесіп ал!"

118

Сасық ірің кернесін, жазалансаң жазалан!  
Кепсе, кепсін кенезең, аулақ қал бірақ, қазадан.  
Қампиган, кепкен қарныңмен мәнгі-бақи мазалан!"

121

"Әуелден сенің көмейің былапты сөзден жыртылған, 124  
Шөлдеймін, рас, көрім бар денемде мөнің бұлқынған,  
Дертің жеңіп, ал сенің мужіліп миың құртылған.

Миыңды сенің дерт жайлап, дененәңі алтап талауда: 127  
Лордедей ниет білдірген өнмендер едің адамға,  
Тым құрыса бір рет Нарцистің сүйн жалауға".

Бұлардың мынау сөзіне құлақ түрдім құныға; 130  
Іскертті бірақ көсемім: "Еліттің ненің сырына?  
Роңжуге мен даярмын тамаша көрген мұныңа!"

Осылай деп ол маған тіл қатқан кезде зілменен, 133  
Қысылып сонша, жүзіне қарауды ғана білген ем:  
Олі де менің жадымда, жасқанам әлі қүнге мен.

Күйініп, кейіп, кей адам әлі үйқыра кетерде, 136  
Енсе еken деп түсіме езіле тілек етер де,  
Болмағандай болғанды қиялдайтын бекерге.

Соған ұсан өтініш аузыма кеп тығылды, 139  
Тұсінер де, кешірер деп күттім мен мұнымды,  
Кешкен еken, білмегем, ұлы ұстазым ғұмырлы.

"Таудай ұлken айыпты тарыңдай ұят жуады, 142  
Манадан бергі жәйттарға кірленбес арың шуағы,  
Салынба сары уайымға, — деді ақындар пырағы, —

Есінде болсын, екеуміз жүргенде алға қамданып, 145  
Қарысқандарға кездесіп, қарармыз, мүмкін, таңданып,  
Егескендерге әлгідей бұрылып, назар аударып.

Арсызды тыңдал алайды, ақымақ болып қалмалық, 148

### ОТЫЗ БІРІНШІ ЖЫР

Әлгінде ғана соншама сілейте мені шаққан тіл, 1  
Өнімді тіптен өзгертіп, өзегіме батқан тіл,  
Жарама менің өзі енді шипасын да тапқан тіл.

Әкесі мен Ахилдың көк сұңгісі өстіген, 4  
Азаптарға алғашқы себепші болған, естіп ем,  
Ақырына әдемі көмекші болған, естігем.

- Қияметті ор сырт қалып, жазықпен тарттық, көлбеген, 7  
 Манағы көрген опат ор — оралған бізге белдеме,  
 Тіс жарып дыбыс қатпадық, кездеспеді пенде де.
- Күндіз де емес, тұн де емес, сенбе мейлің, сен мейлің, 10  
 Қияндағы қыырдың шегін, шетін көрмеймін,  
 Естіп тұрдым алайда ашы үнін кернейдің.
- Күркінен аспанның әрі күшті, әрі өктем, 13  
 Көз тастадым әлгі үнге әлденені зар еткен,  
 Жады қылып қойғандай жанарымды әлеқ мен.
- Сарбазынан айрылып Ұлы Карл сол жолда, 16  
 Кері кеткен жылдары керемет қырғын болғанда,  
 Әлгіндей кернейлетпеген жан ұшырған Орлан да.
- Буалдыр сағым сәуледен, мінеки, шылқты қарсы алдан, 19  
 Қатар түзеп, көк тіреп, мұнаралар қарсы алған.  
 "Негілған бұл шәрі?" — деп, ұстазыма тамсанғам.
- "Ынтығып мынау ымыртқа тым алыстан қарадың, 22  
 Қарадың да, көзінді қалт жібермей қададың.  
 Мұндай кезде кей-кейде алдауы мүмкін жанарың.
- Өз көзіңмен көресің, қасына таман барғанда, 25  
 Аңғарғаның алыстан анық па әлде жалған ба,  
 Кесіле, қане, адымда, қайраттан, босқа таңданба".
- Қолымнан алып ізетпен, ескертті көсем сәл күліп: 28  
 "Есінді алып бейнeler жүрмеуі үшін дал қылып,  
 Әлі де көрмей тұрғанда, әзірден бастап ал біліп:
- Мұнара емес мыналар, — алыптардың қатары; 31  
 Құдықтар мен қуыстар айналасы — жатағы,  
 Төмен қарай кіндіктен тас дуалға батады".
- Бұл түнегі серпіліп, кездерде бір ашылған, 34  
 Көрінбей ме дүние көкшіл тұман жасырған.  
 Аңғармай ма жанарың ақ, сәулені шашылған?

- Аттаған сайын осылай алаңқаймен ашылған, 37  
 Тұғыз аяа арасымен ылдига қарай бас үрган,  
 Құдігім менің жойылып, үрейім бірақ, тасынған.
- Мұнаралар айналасын түмшалаған босқа құр, 40  
 Монтереджона тұғырында тұрғанындей тас бауыр,  
 Мұнда да бір қоршаган қаһар шашқан тосқауыл.
- Аспанда Дит әлі күнге есін алған күркіреп, 43  
 Алапаттай алыптар тұр, дүниені сілкімелек,  
 Бой көрсете сұстанады, секілденіп тұр тірек.
- Бет кеудесін біреудің аңдал қалдым ондағы, 46  
 Жалғасқан майлы мықынға анау қарны болғаны.  
 Қос бүйірін қуалап салбыраған қолдары.
- Қызып тастап Марстан дәл мынадай алыпты, 49  
 Табиғат талай қырсықтан аман сақтап қалыпты.  
 Тұсау салып дүлейге жеті әкесін танытты.
- Оз қолынан жасаған киттер менен пілдерге, 52  
 Егер жомарт табиғат өкінбекен күндерде,  
 Мұнданай дүлей алыпты тықлас еді бұл жерге.
- Белгілі фой, біріксе ақыл, ашу, додданыс, 55  
 Аулиені түгелдей тығар еді орга күш,  
 Аладарға ешнәрсе болмас еді қорғаныс.
- Тұрқы оның сонша зор, соншама ұзын, ірі де, 58  
 Ұрығындаш шыршаның орнатылған Римге;  
 Сорған ұқсас бар кескін, барлық тұрқы-түрі де.
- Аяқтары орда тұр, жиегінен ордың сол, 61  
 Жалғасып ап, үш фриз жағасына созса қол,  
 Маңдайына ешқашан жеткізе алмасы анық ол.
- Мықынынан жамбасы отыз сүйем аулақта, 64  
 Үгыз қарыс, санасаң, белуардан сан жаққа;  
 Аладам білмес тілде бір ақырды кеп жан-жакқа.

- Тағы ауыздан дүлей үн атылады қыжыртып, 67  
Баяғыдан сорлыға берілмеген қызыл тіл,  
Мінәжат кып, дұға оқып отырсын деп сыйылтып.
- "Дүлей рух! Одан да кернейлетсең болмай ма, 70  
Бұырқанған ашының басылмай ма ондайда?  
Кернейлетсөң, сайтаның қуылмай ма сол бойда!
- Тозақы рух, мойныңды сипап, қане, көр дейім, 73  
Шынжырды тап алдымен, сипап қара деңгейін,  
Қарыныңың үстінде ілулі тұр кернейің:
- Бұл — Немврод патша ғой, өзін анық танытты; 76  
Кесірінен осының кесапат тарап, жауыпты.  
Әр тілде сөйлеп халықтар, түсінісе алмай қалыпты.
- Жетер енді, лагу — оған деген әңгіме, 79  
Түсінбейді ол, айтқан сөз қонбақ, емес әңгіге,  
Ешкімге де сөзі оның түсініксіз мәңгігे".
- Солға тарттық, біз енді, сапарымыз жалғанды, 82  
Аздап кері шегіндік, тастадық та ол маңды;  
Әлгіден де алапат көрдік басқа палуанды.
- Білу керек нендей күш жұмысатқанын алыпты, 85  
Қайырылып оң қолы арт жағында қалыпты,  
Салбыратып сол қолын алдына әкеп таңыпты.
- Мойынанан өкшеге шынжырменен шандылған, 88  
Қос бүйірін сыға кеп, ақыл-есін таңдырған,  
Шырман, матап бейбакты шырмауықта қалдырған.
- "Өктем неме билікті аламын деп күшпенен, 91  
Диге қарсы соғысып, ақымақтық істеген,  
Зауалда тұр сорлы енді, құдіреті күштеген.
- Бұл — Эфиальт: есте ұста осы басшы болғанын, 94  
Бұзбак, болған алыптар құдайлардың қорғанын;  
Енді, міне, мәңгігে көтермейді қолдарын".

"Теңдесі жоқ Бриарей не күйде екен бүгінде, 97  
Корер ме екем бетпе-бет, болар ма екен білуге?" –  
Ләш сұрадым ұстаздан, онтайланып жүргуте.

"Іізге жақын осында, Антей дейтін мұсін-ер, 100  
Шыныжыр оны бумаған, айтқан сөзге түсінер,  
Шынырауға кеселді, соның өзі түсірер.

Олті сенің айтқаның қөрінбейді алыстан; 103  
Олтіндегі алыптай шыныжырда ол қарысқан;  
Олпетінен өсте бір қаһар төгіп, зэр ұшқан".

Лішу буган Эфиальт сілкінгендей, сірә да, 106  
Жер қозғалса қозғалмас ежелгі алып мұнара,  
Лұр етті бір сілкініп, дүлей тұрған бұл ара.

Олер сәтті күттім мен, зәрем жоқ, жаңым қынжылды, 109  
Олер едім үрейден, есі кеткен жын ғұрлы.  
Көрмегенде мына бір шомбал-шомбал шыныжырды.

Және жүрдік, және тұр тас қараңғы апанда, 112  
Теңдесі жоқ жаһанда алып Антей атанған.  
Төбесінен мойнына бес аттасаң апарған.

"Быттыратып, быт-шыт қып Ганнибалдың өр күшін, 115  
Сципион даңқ алған мекен етіп жерді шын,  
Қатерлі алқап нұында қан сасытқан сенбісің?

Сан жетпес арыстандарды жүндей түтіп жүрмісін, 118  
Бастағанда қырғынға бауырлардың әр күшін,  
Жер ұлдары жеңер деп жүрт мақтаған ермісің?

Жер ұлдарын бастасаң, жеңер еді алыптар, 121  
Тұнерме сен, тұнерген паң кейпінді танытпа,  
Шынырауында мұз қатқан Копитке бізді алып бар.

Тифон, Титий қашықта тұр, біздерден алыста; 124  
Саған менің серігім қымбат сыйын табыстар;  
Ил, кәне, жағынды құрыстыра қарыспа.

Сені әлемге қуана паш етеді тағы да,  
Ұзақ ғасыр байланған бұл тірі адам, жанына,  
Есі ауысқан дүниенің бармаса егер маңына".

127

Деді көсем, алпауыт абыр-сабыр қамдаңды,  
Ашық алақанына дұрыс көрді алғанды,  
Алқид бастан өткерген жойқын осы қорғанды.

130

Аясынан алақан Виргiliйім жай тапты;  
"Мұнда тұр", — деп, мендегі үрейді де қайтартты.  
Алақаны сауыттан сенімді екен, байқатты.

133

Гаризенда мұнарасы, нақ төбеңнен төнілген, 136  
Шырқау көкке шаншылып, шыны аспанмен көмілген,  
Бұлтқа қарай сәл басын иетіндей көрінген.

Соган үқсас төнді Антей, уысындағын қатердің, 139  
Сездім сонда, сірә, мен осылай-ақ өтермін.  
Қапелімде бұл жолды қаламай-ақ, кетермін.

Люцифер, Иуданы жұтқан тұнек апаңды, 142  
Дәлдеп тұрып түсірді, жәйлап бізді апарды,  
Көтерді алып еңсесін, көкте басы қаһарлы.

Діңгегіндей кеменің шолып тұрды жаһаңды. 145

### ОТЫЗ ЕКІНШІ ЖЫР

Қаһарлы оқпан қатал талап тартты, дереу қолға алды, 1  
Барлық құздар құлай келіп, құшақтайды сол маңды,  
Сонда жырым сырыл қағып, сықырлауық болған-ды.

Көмектесті ол терен ойдың нәрін сығып алуға; 4  
Лебізім осы жерде орынсыздау қалуда,  
Сөйлеуім де қыын енді, қыындықтар қаруда.

Алға әкелу бет-бейнесін жаһаннамның тубінің, 7  
Оңай шаруа емес, шырак, тұрса да артып білімің.  
Бұл арада көр-жерменен көгермейді түбірің.

- Сөзбен сырлап жеткізбекке кереметті мол, батпан, 10  
 Амфиондай сырлы әуезben Фиваны орнатқан.  
 Ішер қуат, келер Музга кереметім қолды артқан.
- Сүркия үрпақ, талақ-тағдыр, түні-күні қарандар, 13  
 Іолен деудің өзі қыын, жер бетінде тағы аңдар,  
 Бір қора қой болып неге қалмадыңдар, арамдар!
- Енілік біздер шынырау бір түнегіне тамұқтың, 16  
 Жып-жылмағай алаңқайға, аягына алыптың.  
 Тобемдегі жүрген тауға аузымды ашып қалыптын.
- Үи естідім бір сәтте: "Көзіңе қарап аттағын! 19  
 Кормейсің бе туыстардың соры қайнап жатқанын?  
 Озің тіктен өкшеңменен басымызды таптадың!"
- Жан-жагыма қараңдым мен, қараңдым да, сыр үққам, 22  
 Ластымда бір қол жатыр тас боп қатқан суықтан,  
 Сүры әйнекке үқсайды, су екенін ұмытқан.
- Қарып, қақап түрған шақта алапат қыс ақ, шашты, 25  
 Австрия Дунайы да оранып бұлай жатпас-ты:  
 Қыырдағы Танаис та дәл осылай қатпас-ты:
- Тамберника алмағайып астан-кестен мола ғып, 28  
 Құласа егер Пьетрапане дәл осында жоғалып,  
 Мына көлдің жиегі сыйқырламас-ау, ол — анық,
- Әндепекке көлшікten тұмсырын сөл ыңғайлап, 31  
 Қарманатын көлбака, тыңдасын деп түнгі аймак,  
 Жатқан шақта диқандар күндізгі ісін түнде ойлад.
- Беттен бөлек тәңдері мұз астында көмулі, 34  
 Сақылдайды тістері соққандайын темірді,  
 Күнәкарлар көгеріп, мұз құрсауда көрінді.
- Жасытады жүздерін жаһаннамда ділгіріп, 37  
 Көрсетеді бейнесін тамүқ, жатқан бұлдіріп,  
 Ауыздары — аязды, көздері мұнды білдіріп.

- Айналаны аңғарып, басымды идім және мен, 40  
 Екі жанды байқадым қосарланған денемен,  
 Тұтасып кеткен шаштары, аумайды бір түп көдеден.
- "Төс пен төсі жабысып, мұзбен қатқан кімдерсің?" — 43  
 Деп сұрадым, екеуі мойнын соза ділгерсін,  
 Жалтыраған жанармен маған қарап ұлгерсін.
- Жазғындардың жанары көз жасымен ісініп, 46  
 Дымқыл атып түр екен бір нүктеге түсіріп,  
 Қабактарын қатты аяз қатырды тез үсіріп.
- Темір құрсау бөренені тас бекітсе қаншама, 49  
 Дәл бұлардай болмас еді, тастай қатып қалса да,  
 Текелердей маңдайымен сүзісті олар жан сала.
- Жұтқан аяз құлагын, шұнақ, біреу жәй гана, 52  
 Көтермestен шекесін: "Бұл не? — деді ойлана, —  
 Неге бізге тесілдің қарағаңдай айнаға?
- Білмек болсаң айтайын, мына екі малғұнды, 55  
 Экелері Альберто артына мұра қалдырыды,  
 Бизенцьо жері үшін бірін-бірі жау қылды.
- Бірге туған қос бауыр, мына Каинды аттаған, 58  
 Ол шеті мен бұл шетін тінтісе де таппаған,  
 Екеуіндей еш өлік шегенделіп қатпаған.
- Дәл бұлардай қатпаған қырағы көз Артур да, 61  
 Кек сұңғісін жанышқан өгей ұлға антұрған.  
 Фокаччаның өзі де азғын, сатқын, ант ұл да.
- Татымайтын тар күнде басы маған тақалған, 64  
 Сассоль Маскерони деп Тосканада атанған,  
 Ел білетін елес те жоқ олардай қата алған.
- Камичон де Пацци — мен, анықталсын барлығы, 67  
 Карлиноны күтемін — арамдықтың қалдығы,  
 Бүркелуі үшін күтемін заңсыздықтың жарлығы".

|  |    |
|--|----|
| Біттер көрдім жүздеген бейнесіндей тәбеттің,   | 70 |
| Біттер көрдім сол мұздан берекесіз ерек тым,   |    |
| Олі күні қорқыныш, үрей менде демекпін.        |    |
| Жойлап қана аяңдал сол ортаға енгеміз,         | 73 |
| Лұниедегі бар салмақ түсіп тұрган жерге біз,   |    |
| Қылтырадым елсізде ымырт жапқан көрде — мұз.   |    |
| Олде тәңір, кездейсоқ әлде жазмыш, қалайын,    | 76 |
| Іілу қыын, бастардың аттаганда талайын,        |    |
| Қағып кеттім аяқпен әлдекімнің самайын.        |    |
| "Неге ұрасың? — деді елес ыңырсыған пішінде, — | 79 |
| Келген жоқсың ұруға мені көрдің ішінде,        |    |
| Кек алуға келіп пе ең Монтаперти үшін де?"     |    |
| "Сәл аялда, ұстазым, алайыныш біліп мен;       | 82 |
| ЛайықтырысЫн бұл өлік мені мына құдіктен,      |    |
| Тездетерміз сонан соң жолымызды іріккен".      |    |
| Ағызады әлгі аруақ бар былшылын, білгенін,     | 85 |
| Аялдады бастаушым, әлгі елеске үндедім:        |    |
| "Өзгелерге ызалы азаптағы кім?" — дедім.       |    |
| "Өлілердің беттерін тіріден әрі тапаған,       | 88 |
| Мына Антенорада өзің кімсің, жат адам?"        |    |
| Ол да маған үн қатты мұзды аязда қақаған.      |    |
| "Мен тірімін, сені егер үрпактарға түу алыс,   | 91 |
| Атап өтсем жырымда, табар едің жұбаныш", —     |    |
| Дедім оған, алайда ол білдірмеді куаныш.       |    |
| "Мен басқаны қалаймын, әрмен кетші, шатпағым,  | 94 |
| Кеше тұрып көлденең мына мұздың батпағын,      |    |
| Алдарқатар нәрсені, о, бәтшашар, тапқанын!     |    |
| Қолым барып әп-сәтте шүйде шашқа жармасты:     | 97 |
| "Не өзіңнің атайсың есіміңді алғашқы,          |    |
| Не шашсыз қап құрисың, қарғыс атқан албасты!"  |    |

- "Жалбыраған шашымды ақыр жұлады екенсің, 100  
Ақтармаймын сырымды білмей мені өтерсің,  
Маған десен, біржола түтерсің де, кетерсің".
- Шүйде шашты қолыммен тінткілеп, тәнгем кеп, 103  
Бір топ шашын шыңғыртып жұлып алдым шенгелдеп,  
Итше ұлыды сор қатқан тәмен қарап, өңмендеп.
- Айғайлады әлдекім: "Бокка, тоқтат, бақырма! 106  
Шықшыттарың онсыз да сақ-сақ ұрып жатуда.  
Ұлыдың ғой, жетеді! Не көрінген пакырға?"
- "Өшір енді үнінді, сатқын, жауыз, қақсама, 109  
Қалайсың ба өмірде қылығыңды масқара,  
Мен арқылы мәңгілік білдіресің басқаға".
- "Табаныңды жылтырат, өтірігінді айта бер, 112  
Әңгіменді бірақ та қаз-қалпында айта гөр,  
Дарбаза ауыз мынаның кім екенін байқа, көр.
- Француздар ақшасын жоқтап мұнда жылаган, 115  
"Күнекарлар айдынында Даура да құлаған", —  
Деп айтқайсың жасырмай, жан болса егер сұраған.
- Олар егер сұраса, кім жатыр деп тағын да, 118  
"Беккерия бар мұнда, жауыққан бауыр жанында,  
Қылша мойны қиылып, мәңгі бассыз науда;
- Джанни Сольданьеर бар салбыраған қабагы, 121  
Ганеллон бар, Тебальделло ашып берген қаланы,  
Жаулар еніп, тұн жамыла фаэнданы талады".
- Аулақтадық, олардан, көзім тағы қанықты, 124  
Бір шұңқырға бір-екеу мұзда қатып қалыпты,  
Тәңкерілген бөріктей бірін-бірі жауыпты.
- Есі кеткен аштардай қатқан нанды қажаған, 127  
Айқасыпты тістері ашу, ыза, жазадан;  
Астындағы сорлының желкесіне қадаған.

Ақтүк, демі бітерде өзі дағы Тидейдің,  
Іш сүйекті қажаған мына долы пірдейін,  
Меналиппің маңдайын кемірді ме, білмеймін,

130

"Жыртқыш ашу кернеген, ей, есуас, желіккен, 133  
Кімді мұжіп жатырсың, көрмеп пе едің, көріп пе ең?  
Кімді жалмап жатырсың, себебі оның неліктен?

Шыныменен өштігің орынды болса, дүлейім, 136  
Оқпелеткен кім сені, кімсің өзің, білейін,  
Ақиқат болса, өмірде өңгімеге ілейін.

Байланып тілім қалғанша қызмет етіп жүрейін". 139

### ОТЫЗ ҮШІНШІ ЖЫР

Жемтігінен жексүрын аузын алып жалма-жан, 1  
Ішінің қанын сұртті қалың шашқа қармаған,  
Күнын сұртті қалың шашқа әлгінде өзі жалмаған.

Сосын айтты: "Сор азап көріне тәнім бағынды, 4  
Қайырылы мына жүректі қайта оятың, қағынды:  
Лігі тұрсын, ойлау да жегідей жейді жанымды.

Сөз деген егер ұрықтай өрбісе, бәрін ақтарам, 7  
Жауымды мына түйресе қаңқасын мұжіп таптаған,  
Орі жылап, әрі айтам, рахаттана шаттанам.

Кімсің, білмен, бұл елге жайлап жатқан арман мұн, 10  
Барса келмес межесін қалай өттің, таңдаңым.  
Тосқаналық, екенінді дауысынан аңғардым.

Уголино граф ем, сонау алыс бір шақта, 13  
Руджери — хазірет екеуміз бір сапта;  
Тұыстардан жақынбыз, бекер емес, бұл шақта.

Сенгем оған, ол маган жауыздығын танытты,  
Тұтқындаійын түнекте ұстап мені сарылтты:  
Сарылтты да, өлтіртті — баяғыдан анық-ты.

- Сатқынымның көр-пігілін маған арнал көздеген, 19  
Алайда ешбір замандастым бұған дейін сезбеген,  
Тыңда, айтайын, сүмдәк, ажал қалай маған кез келген.
- Содан бері атанды ол әйгілі Аштық, Мұнара, 22  
Талайларды еркінен де айырылтар бұл ара,  
Жазаландым сол арада, соңда баттым күнәға.
- Темір тордың тесігінен талай айларды өткердім, 25  
Келер күнге кең жамылғы ашқан шақта еткен күн,  
Қатерлі үйкі қалтыратып, қапелімде кептелдім.
- Тұсіме енді, оныменен саятшылар төнеді, 28  
Бөрі менен бөлтіріктерін қуып ала жөнеді,  
Лукканы жасырған сол бетке алыш төбені.
- Елегізген иттерді еліктіріп қорегі, 31  
Бірінші бол алдында жұбын жазбай желегі —  
Гваланди, Сисмонди, Ланфранки келеді.
- Балалар мен әкеден қорғану да жоғалды, 34  
Аңшылардың дегені дер кезінде жол алды.  
Өткір тістер жармасып, қабырғага қадалды...
- Көркін күтпей көк аспанның таңсәріде түргамын, 37  
Үйкі езген, әлсіреген аянышты үн тыңдадым.  
Нан сұрайды төрт нәрестем, төрт құлныым — ұлдарым.
- Бұл күрсініс жүргегіне не хабарлар, сен мұлде, 40  
Көзіңе жас алмайсың ғой, айтқаным сендің бе?  
Бір нәрсеге бір кезде сен жылап, сірә, көрдің бе?
- Қаңсыды Аштық, мұнара, ұландарым оянды, 43  
Абақтыгер талшық берер шақта сол сәт таянды,  
Әлгіндегі ауыр түстен көңіліміз қаяулы.
- Кенеттен бір дыбыс естіп, есім кетті, не керек, 46  
Сұм Мұнара есігін кеп біреу жатыр шегелеп,  
Ұлдарымға қарап қалдым, о не деген керемет!

- Күрсінерге жоқ, дәрмен, қатып қалды төрт таған, 49  
 "Ілең бұлай қарайсың, сүйікті өке", — деп маған,  
 Апсельмұчко сұрады, күніренді төрт балам.
- Мылқаудайын мелшидім де, жыламадым алайда, 52  
 Күн мен түнді өткердім де, шыдап бақтым қалайды,  
 Оралғанша келер күн таңғы шүгыла арайға.
- Іолар-болмас бозғыл сәуле құйылғанда зынданға, 55  
 Озімнің кім екенімді жаңа анықтап бұл маңда,  
 Оз бетіме өзім қарап, қайран қалып түрганда", —
- Лерт қыжырып, сонда мен саусағымды шайнадым, 58  
 Іалаларым, сірә да, аштықтан деп ойлады,  
 Бәрі тұрып орнынан, жалына сұрап қоймады.
- "Же, бізді, өке, жей гой бізді, өзің берген денені,  
 Қараң қалған құр сүлденің шамалы енді керегі.  
 Ақиқаттық, адал үкім өзі осылай дер еді". 61
- Жаңдарыма жауыздықты жасау қайда, тоқтадым, 64  
 Күн өтті үнсіз, екінші күн оның басты соқпағын,  
 О, қара жер, о, қара жер, неге бізді оппадың?!
- Уақыттың иығына төртінші күн асылды, 67  
 Гаддом менің сенделіп кеп аяғыма бас ұрды:  
 "Құтқарсанышы, өке, мені!" — деді де өлді, басылды.
- Қарап тұрган дәл сендей тура маған дөп келіп, 70  
 Қарап тұрдым, үш ұлым кезек-кезек кетті өліп;  
 Бес, алтыншы күндерді араларында өткеріп.
- Көр соқырмын, сипап көрем, үрей кештім, зар бастым, 73  
 Қос күн ұдай өліктерді шақырамын, алжастым,  
 Қайғыдан да қатал екен аштық, дейтін албастың..."
- Үні өшті оның, дереу бір сәт көзі аларып, шатылды, 76  
 Қараң қалған қанқа басқа жармасты да, қатулы,  
 Қак, сүйеккес қашыр-құшыр ит азуын батырды.

|   |     |
|---|-----|
| Фажап өлкө Италия бетіндегі масқара —<br>Уа, Пиза, көршілерің алдарқатып жатса да,<br>Тартарсың сен, болсын солай, мұны естен тастама:              | 79  |
| Капрара, Горгонаның тұрағынан жөнесін,<br>Жөнесін де, Арноның кеп кең сағасын бөгесін,<br>Арсыз жүртүң суға батып, кеткенінен келмесін!             | 82  |
| Макұл, граф Уголино қара ниет болған-ды,<br>Қара данқын қалдырыды да, өзі берді қорғанды,<br>Балаларға қанішерлер неге сонша долданды?!             | 85  |
| Қарашығы-ау Фивтердің, күнәсіз ед сол жандар,<br>Үгүччоне, Бригата жап-жас жаңа толғандар,<br>Күнәсіз еді балалар — жырымда сөз болғандар.          | 88  |
| Ілгері тарттық, бармаққа жазықленен көлбegen,<br>Қaһарлы мұз қapsырғan, қимылдауғa ырық бермеген,<br>Күnекар үрпақ, етпеттеп, азап шеккен жерменен. | 91  |
| Ет жүргегің қан жылайды, көз жасқа ерік бермейді,<br>Ақ, айдынның алжапқышын ауыр дертиң жеңбейді.<br>Тұңғиықта тұтқын азап атырапты кернейді.      | 94  |
| Көлкіп, көзден шыққан жас ақлас бетпен тайғанай,<br>Қас, қабақтың астына қатырып оны қойғаны-ай,<br>Шыққан бойда қатады мөлдір, тұнық, айнадай.     | 97  |
| Сол сағатта менің де бет, қабағым, қол, маңдай,<br>Зәһер сүйқа ұрынып, қaһарынан тоңғандай,<br>Бойымдағы бар сезімім мұлде қатып қалғандай;         | 100 |
| Әлдеқалай лүп етіп, самал есіп үрганда,<br>Ұстазымнан сұрадым: "Қайдан келді зынданға?<br>Мәңгі-бақи бу біткен өшпеп пе еді бұл маңда?"             | 103 |
| Жауап болар сұраққа жерге алып барамын,<br>Түсінесің бөрін де, өз көзіңмен қарагын,<br>Неге екенін білесің қозғалысын ауаның".                      | 106 |

Мұз құрсанған түнде де үні естіледі біреудің, 109  
"Жауыз жандар, қылмыстарың бастан асқан білемін,  
Сол үшін де тамұқтың ең шыңырауына жіберді.

Алыңдаршы қөзімнен, ауыр азап мұздай-ды, 112  
Жас бол ақсын бір сәтке жанды жеген мұң-қайғы,  
Лишиңдаршы, аяз кеп азаптамай тынбайды".

Жауап қаттым: "Жарайды, жанарыңды ашайын, 115  
Ісімінді айт алдымен, өтірік айтсам, ағайын,  
Оніңе үсап көк мұздың қабатында қалайын!"

"Альбериго сопымын, күнім менің тым қараң, 118  
Жеміс-бұтақ өсірдім арам іске бір ғана,  
Лайырбастап отырмын антырымды құрмага".

"Сен өліп пе ең?" – деген сұрақ үйірілді тіліме, 121  
Жауап қатты ол: "Құқығым жоқ, айлам да жоқ білуге,  
Менің тәнім бұл жалғанда неңдей өмір сүруде.

Таломеяда ежелден қатал тәртіп түр мұнда, 124  
Атропос жаныңды алғанынша бір жылда,  
Шыбыныңың бөлшегі өзі-ақ ұшар құрдымға.

Жаға түссін жаныңа, аяздан қорғап қалғанда, 127  
Шыныңдай мұзды қөзімнен өз қолыңмен алғанда,  
Жауыздық іске, біліп қой, жаңадан мен барғанда.

Жаныма кеп орнықсан жалбыр шашты алbastы, 130  
Қалып қойды біржола кетпестей бол жармсты,  
Сәулем қашан сөнгенше арылмас-ты, қалмас-ты.

Дене қалып, шыбын жан құрдымға кетті сөнді де, 133  
Бүрістірген бүрме аяз артымда түр, көр, міне,  
Мұны да жұрт санамай жүрген шығар өлдіге.

Жерден келген пендесің, тиістісің білуге, 136  
Бранка д'Орья — біздің бауыр бүгінде;  
Бірге өткердік жылдарды бұл тамұқтың туғінде"

"Кындау болар, — дедім мен, — ақиқат табу мынадан, 139  
Бранка д'Орья өлген жоқ әлі, тірі адам,  
Іshedі, жейді, үйкәтайды, киінеді дін аман".

"Микеле Цанке сорлыны қарамаймен қайнаған, 142  
Жөнелтпей тұрып апанға, зұлым істі ойлаған,  
Жаны өзінен кеткен де, орнын сайтан жайланаған;

Сайтанға бойын билетіп, сайтанға ойын алдыраған, 145  
Ұялас тумасы екеуі ұятты әдіра қалдыраған;  
Қатігез жандар осылай қара дақты жаңдыраған:

Қолынды, кәне, созсанышы, көзімді ашшы кел менің!" 148  
Қозғалтпадым қолымды, саусақ ұшын бермедім,  
Азғынменен сыйбайлас болғым менің келмеді.

Соңғы ұятын қымқырып, жүрегімен ұрлаған, 151  
Генүя жандары, барлығын да былғаган,  
Жер бетінде неліктен тұқымың шіріп, құрымаған?

Романдық пасықтың пасығын мен білемін, 154  
Бірге онымен сендерден кездестірдім біреуін,  
Жаны көптен тамүқта, жерге тастап реңін.

Көркіменен көзді алдаң, алдаң-арбап жүр елін. 157

### ОТЫЗ ТӨРТІНШІ ЖЫР

"Әміршісі тамүқтың желбіретіп жалауын, 1  
Жақын қалды біздерге, — деді ұстаз адамым,  
Тобырлардың арасынан көрініп тұр, қарағын".

Аспанға біздің тұн келіп, тұнеріп тұрып алатын, 4  
Жарқыраған жанарды немесе тұман жабатын,  
Жел диірмен алыста қанаттарын қағатын.

Түнекте тұрган алыпты сол сияқты ұғындым, 7  
Ұстазымның артына жан ұшыра тығылдым,  
Жайратардай бораннан жан сауғалап бұғындым.

- Інілдүк біздер сол жерде, қорқамын тағат қыла алмай, 10  
 Қыттар мұздың қойнында әруейлер шыға алмай,  
 Үскірік атты тұңғылық, әйнекке тұрган қыраудай.
- Кімісі сұлап, кімісі тікеден тік қатуда, 13  
 Жігіттар мұздары мұзға оранып жатуда,  
 Шіліп қалған доғадай ал қайсыбір пакырлар.
- Орі қарай үн-тұнсіз сапар жолын жалғадым, 16  
 Сұлу болған бір кезде талайлардың арманын,  
 Корсем деген ниетпен көнілімді арнадым.
- Жайлап қана ұстазым алға мені жөнелтті! 19  
 "Мінеки Дит, біз мұнда келгеніміз себепті,  
 Үрей-қорқынышынды аластауың керек-ті".
- Денем суып, әлсіздік басқан мені; сол жайды, 22  
 Сұрама менен, окушым, сөз бұл жерде болмайды,  
 Керек емес көп еңбек жазу үшін ондайды.
- Не тірі, не өлі емеспін, екі ортада бірдеме, 25  
 Озің ойлап қара дағы, байыбын түй, үндеме:  
 Не тірі емес, өлі емес, — сонда ұқсамақ бұл не
- Дозакы жүрттың төресі тым ерекше, төтен-ді, 28  
 Қеудесінің жартысын мұздан алып көтерді,  
 Аждаһадай бір алып, Луюцифер бөтен-ді.
- Сөл көтерген қеудесін алып па деп көресін, 31  
 Қөресің де түгелдей мұзға батқан денесін,  
 Аңғарасың өзің-ак, өз көзіңе сенесін.
- Жаратқанды жазғырып, қайтқан оның меселі, 34  
 Неткен үрей, бір кездер әсем жаның осы еді,  
 Ол ақиқат, бәлекеттің ең бірінші көсемі!
- Денесінен оның мен көргенімде үш бетті, 37  
 Гажайыптан үнім өшіп, есім шығып, тұс кетті  
 Қеудедегі бір бетін қызыл түстен істепті;

Екі иықтың үстіне екі бет кеп жабысқан,  
Айбар шашып жан-жаққа, қорқытады алыстан,  
Желкедегі айдардың дәл астымен қабысқан.

40

Он иықта — оң беті, жапырақтай ақ сары,  
Сол бетінің бояуы көзге қораң, жат, тағы,  
Тұрғындардай сонау бір Ніл дария жақтағы.

43

Екеуінің астында екі қанат гулеген,  
Өмірде ешбір құс тағы бұл сүмдышты білмеген,  
Мұндай үлкен желпуіш кеме де алып жүргемеген.

46

Қауырсының, түбітсіз, жарғақ, қанат түстенген,  
Самалдатып самұрық, топшысымен күш берген,  
Сол бір түнек алқапты тутіп жатыр үш желмен.

49

Суы қатты Коциттің мәңгі мұзға ұсаған,  
Алты көзді, аққан жас, азаптанған, тұсаған.  
Қан аралас сілекей шұбыртады үш аран.

52

Үш жақтан кеп жұлмалай талағанда үшеуі,  
Әр арнаға бір-бірден күнәкарлар түседі,  
Үш күнәкар бір кездे шыңғырады, күседі.

55

Алдыңғысы тырнаққа ілікпеуді тілейді,  
Ақсиган тістен тырнақтар әлдеқайды үрейлі,  
Әлсін-әлі сыйдырып, жон терісін ірейді.

58

“Бәрінен сүмдыш, азапта, — деп көсемім қояды, —  
Жоғарғы сонау Иуда — бас күнәкар баяғы,  
Басы кеткен көмейге, сыртта қалған аяғы.

61

Бастарын тәмен жіберген мыналарды көрдің бе?  
Қара араннан салбырап тұрған Брут, ол мұлде  
Терідейін құрысып, аша алмайды ернін де!

64

Қарсыдағы Кассий ғой, талпақ, майым денелі,  
Уақыт болды жүрейік, тұн салбырап келеді,  
Билігіміз жоқ біздің, көрдің, болса керегі”.

67

|   |    |
|---|----|
| Жарғақ қанат жазылып ашылғанда төсі оның,             | 70 |
| Үстазымның арқасына алқымымды төседім,                |    |
| Сөтті шақта солай маған әмір етті көсемім.            |    |
| Жалбыр жүнді тұлғаны жақын барып тұр ұстап,           | 73 |
| Томен сырғи бастады сайтан жүнін уыстап,              |    |
| Жұн кеуде мен мұз қабықтың араларын қуысталап.        |    |
| Іүйір жамбасты аралап, әзер-әзер өткенде,             | 76 |
| Түйетайлы мықынға, ылдига еңді жеткенде,              |    |
| Әзер дем ап көсемім, дереу жата кеткен де.            |    |
| Ляқ жақты бағдарлап, басын санға соғады,              | 79 |
| Жалбыр жүнге жармасып, көтерілді жоғары,              |    |
| Откен жолға қайтадан баратқандай болады.              |    |
| "Мықтап жармас!" — деді ұстаз, мен де қатып қалыптың, | 82 |
| Құлжыраған адамдай әзер демін алып тұр, —             |    |
| Құтқаратын жол осы құрдымынан тамұқтың".              |    |
| Гиттей қуыс ішімен тапты жартас қатпарын              | 85 |
| Отырызып шетіне, көмек берді, сақтады,                |    |
| Мен отырған жартасқа өзі батыл аттады.                |    |
| Күттім, шолып Сайтанды таста біраз мекендей,          | 88 |
| Ойлагамын оны мен әуелгідей екен деп,                 |    |
| Ляқтары ал оның көкте тұрды секендей.                 |    |
| Ести тұра жырымды еш мәнісін таппаған,                | 91 |
| Торелігін сендер айт нендей қыырды аттағам,           |    |
| Оздерің айт не үрей сонда маған қалтаған,             |    |
| "Тұр орныңнан! — деп көсем есімді сәл кіргізді, —     | 94 |
| Талай алыс сапарлар алдан күтіп тұр бізді,            |    |
| Сапарына аттанды күн қуалап жүлдізды".                |    |
| Ііз тұрган жер төрі емес-ті төрг бұрышты сарайдың,    | 97 |
| Көдір-бұдыр едені бар жай бір қуыс талайғы,           |    |
| Олжуаз бір әлсіз сәуле өлеусіреп қарайды.             |    |

"Айтшы, ұстазым, — дедім мен де дереу қарғып түрдым да, —  
Тұңғиықта тұрганда, мынау осы құрдымға,  
Адаспайын айт маған күдік дейтін құрғыра;

Мұз қайда әлгі екеуміз көп аралап, көп көрген?  
Оқтайды зулап, сорайран, тар қапаста кептелген,  
Түннен таңғы сапарын қалай Күн тез өткерген?"

"Бар әлемнің салмағы астындағы жаншылған,  
Мен жұніне жармасқан дүниеге шаншылған,  
Сайтан тұрган жердеміз деп ойлайсың аршыл жан.

Төмен қарай түсерде, болдың онда шынында,  
Баяғыдан бар салмақ баса келіп жығылған,  
Нұктеге сол жеткенде, жалт беріп мен бұрылғам:

Қазір сенің үстінде аспан әлемі орнаған;  
Оған қарсы құрлықтың өуесі түр қорғаган,  
Мәңгі-бақи саясын құрлығына жолдаған:

Өмір сөніп, күнәсіз тәңірге кеп тақалған;  
Тас төсеніш өзірге өзің көрген аспаннан —  
Кіші шеңбер, Джудекко арғы беті атанған.

Ол жақта тұн, бұл жерде Күн шыққан да, таң алған,  
Мына жұндес баспалдақ баяғыдан жаралған,  
Бәз-баяғы қалпында қара жерге қадалған.

Көктен келіп шаншылған қарғыс ұрып бір кезде;  
Гүлжазира жер беті ертеректе түрі өзге,  
Жер сілкініп теңіздің қойнына енді ілеңде.

Біздер тұрган осы бір жарты шарға өткен-ді,  
Шапшып тау боп, кім білсін, жоғарыға кеткен-ді;  
Кеуекте қалған кер сайтан түбіне жердің жеткен-ді".

Періден алыс бір жер бар құйттай ғана кеңдігі,  
Көрдің қабыргалары әкетері алыс белгілі,  
Гүрлінен танытқан құтылар жол сол ендігі.

Гасты жарып, тасты езіп, ағып жатқан бұлак бар, 130  
Жоғарыдан салдырап естіледі құлаққа:  
Іздиди бар оның да, құласын емес бірақ та.

Ағтандақ, көсем екеуміз, көрінбес жолды көзге алғып, 133  
Енуге жарық, өмірге ынталандақ, тозбадық,  
Бар жігермен жоғары келеміз жылжып, қозғалып.

(Ол алдында, мен артта, сапарымды жалғауға, 136  
Жүріп келем нұрлы аспан көрінгенше саңлаудан,  
Тоқтармын жарық дүние көздің жауын алғанда.

Шықтық, жарық, дуниені қайтадан бір барлауға. 139

## **ДАНТЕ ДАСТАНЫНДАҒЫ ЖАҢАННАМНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ**

Құдіретті комедиядағы қымыл-әрекет бүкіл ғаламды қамтиды. Үақиға күнәкар адамзат мекендерген жер үстіндегі сүркай орманнан басталады да, басқа дүниеге, жаңаннамға ауысады. Кезбе пенде алдымен тамүққа түсіп, одан соң бөлек, қарама-қарсы жарты шардағы жер үстіне шығып, гарасат тауына көтеріледі де, жер үсті ұжмағында болып, ақыры құдайдың құдіретімен гарышқа ұшып, ұжмаққа — құдіреттің мекеніне жетеді.

Дастанның негізгі өрісі болып біздің дәуіріміздің II-ғасырының жартысында өмір сүрген, Еуропа ғылымында Коперник пен Галилей ашқан жаңалықтарға дейін үстемдік етіп келген грек ғалымы Клавдий Птоломейдің әлемдік жаратылыс туралы ілімі алынған. Данте оны ортағасырдың теологиялық және философиялық рухына сәйкестендіріп қайта өндеген.

Дантенің түсінігі бойынша, жер — бүкіл ғаламның кіндігі, қозгалмайтын шар іспеттес. Бүкіл аспан әлемі, күн де, жұлдыздар да белгілі шеңбермен жерді айналады. Бүкіл гарыш басталуы да, аяқталуы да жоқ құдай тұрган шетсіз де шексіз қиялмен көмкерілген.

Люцифердің бүліншілігі басталып, “ақ, періште” сайтанға айналғаннан барып тамүқ, пайда болған. Құдайдың ақжолынан безген ол аспан әлемінен қуылып, жеті қат жер астына мәңгілік тозакқа тасталған. Басымен төмен қарап, ғаламат қүшпен оңтүстік жарты шардан құлаған күнәкар жер ортасына дейін еніп, сонда мәңгілік жазалануға жазылған. Басы мен екі иығы солтүстік жарты шарға ығысып, аяғы оңтүстікте, кеудесі жер кіндігіне дәл келген.

Қаһарлы төңкөріс жердің үстін де мұлде өзгертіп жіберген. Үрейі үшқан құрлық оңтүстік жарты шардан солтүстікке безген жарты шарға ығыстырылып, елсіз-күнсіз қалған. Солтүстік жарты шардың дәл ортасында, бертін келе Иерусалим орналасқан. Адам мекендейтін құрлықтың ең қыры — шығыстағы Ганга өзенінің сағасы, Үндістанда батыста Кадикс қаласы орналасқан Гибралтар

бұғазынан әрі. Жарты жолда, Иерусалим мен Кадикстің арасында, Италия жатыр.

Солтүстік жарты шар қабатының едәуір бөлегін тамүқ, жайлаған. Ол алып бір шыңырау іспеттес, тұғыры жер қыртысымен жалғасып, ұшар басы жер кіндігімен үшігасқан. Шыңыраудың ішіндегі бірінен бірі төмен, бірімен бірі шеңберлене жалғасып жатқан тоғыз қаттағы тамүқта құнәкарлар жазаланады. Албастыға айналған Люцифер — тамүқтың ең алғашқы тұрғыны, өзінің аласталған нөріштегерімен бірге азағталған пәнделердің басқарушысы, ғылқылаушысы тектес. Өздерінің қунәларының ауырлығына байланысты, қунәкарлар мәнгілік зынданда әртүрлі азапсорды тарта бермек. Бұл — айыпкерлердің иерархиясы.

"Күдіретті комедияның" алғашқы бөлімінің бірінде ілеңде нөпір болған, "опат болған ұрпақтардың" легі, "жанышылған мекендердің" тарихы баяндалады. Тамүқтың әрбір қаты, өзінің құрылышы, бедері жағынан да бір-бірінен өзгеше. Онда құлама құз, мидай жазық, жарқабақ, шу орман, жыныс жартас, апаңдар мен ұралар, мибатпақ, шен үрейлі өзендер бірімен-бірі алмасып отырады; тамүқтың баспаңдақтары бірде тік, құлама, бірде онтайлау болып жер шыңырауына түсіреді де, жаһаннамның нағыз тұңғирығы тастай қатқан Коцит көліне апарады. Тамүқтың әр қатының ауа райы да әртүрлі. Әрбір жаңа қатпен танысада алдымен оның сыртқы кейіп бейнесі суреттеледі. Ақын айқын да дәл суреттеуді бәрінен де жоғары ұстаганын аңғарамыз.

Жоғарыда айтылғандай, оңтүстік жарты шарды су басқан алайда оның ортасын ала, Иерусалимге қарама-қарсы жағында жападан-жалғыз арал іспеттес дөңгеленген тау жатыр. Тауда күн сөулесінен нұр шашып, әртүрлі осімдіктер шешек атқан. Қарғыс ұрған Люцифер құлағанда, оның алапат салмағынан сығылған жерден пайды болған тау болуы мүмкін деп пайымдайды Виргилий Данте. Тамүқпен белгілі мөлшерде жымдасып, бірақ рухы жағынан мұлде өзгеше, түбі кең де, басы тарғасаттың тоғыз қаты орналасқан. Мұнда бір қаттан бір қатқа өтіп, адам жаны тазаруы тиіс. Бұл — қунәнің жуылу иерархиясы. Ал енді тау жотасындағы ғаламат әсем, әдемі

ағаш өскен алаңқай жер үсті ұжмағына арналған. Бұл — рахат дүниеге баспаңдақ, жер үсті тірлігінің жеткен жері.

Ұжмақ бүкіл әлемнің ең көп көлемін алып жатыр. Ол да он шеңберлі аспан әлемі. Онда өзінің ақ ниетімен, құдайдың ақжолынан таймаған әртүрлі пеңделер мәңгілік рахатқа батуда. Ұжмақтың қаттары мына турде алмасып отырады: бірінші өуе — Ай (баспаңдақ); екінші өуе — Меркурий (жаны жақсылыққа жаралғандар); үшінші өуе — Шолпан (адал да таза ғашықтар); төртінші — Күн (данышпаңдар); бесінші — Марс (акықат үшін алысқаңдар); алтыншы — Юпитер (әділеттілер); жетінші — Сатурн (ғұламалар); сегізінші — қымылсыз жұлдыздар (әулиелер); тоғызыншы — мөлдір аспан немесе жаратушы ие (ол алдыңғылардың барлығын құшагына алған, періштелердің ең жоғарыларының тұрган жері); оныншы — қиял іспеттес, шетсіз, шексіз гарыш (эмпирей) құдіреттің мекені. Негізінде жаны жай тауып, жалпы одакқа жалғасып, ең жоғарғы рахатқа бөленгендердің барлығы да осы шетсіз-шексіз гарышта табысып, "жаратқанның ақ, гүлінің" шоғырын құрап, құдайдың ақ, жолының ақиқатын бағады. Данте оларды аспанның, аспан әлемінің ән қабатына орналастыруының себебі, әрқайсысының наным, үміт, махаббаттағы ерекшеліктерін дәлме-дәл, көзбе-көз салыстырып көрсетуі үшін ғана еді. Бұл — жаны рахат тапқандардың иерархиясы.

Дантені және оның табынушылары мен таныстырушыларын рухтандырган ғаламның жаратылышы туралы түсінік осындай.

И.М.ГРЕВС

# **АНЫҚТАМАЛАР**

## **БІРІНШІ ЖЫР**

Тамұқтың бірінші жыры — "Күдіретті комедияның" прологы. Онда бүкіл шығарманың ерісі тартылып, ойға алғанын анықтайтын салыстырмалы жалпы символика көнінен айқындалады.

I. "Жер төсінде жарты өмірді өткердім" жеген жолдың мағынасы — адам ғұмырын жаспен өлшеуі, 35 жасты Данте жарты өмірге есептеген: бұл 1300-жылы еді. Дәл осы жылы осы жасында Данте "Күдіретті комедиясына" кіріскең. Дантенің "Жаһаннамға сапарын" дантологтар 25-март 1300-жылғы жұмаға жориды.

2-12. "Жолсыз тағы орман" дегені — адам жанының түкке алғысыз құлдырауы, іріген-шіріген, қомағай шіркеудің күйреуі, Италия халқының бытырауы, ел ішіндегі алауызды қанды шайқас Тамаша мемлекет орнатуға апаратын бірден-бір бастаманы Данте тұныштық, бірлік деп есептейді. "Комедияда" діни және үтикалық-саяси салыстырма (символика) қатар өрбиді. Италия әрі Флоренция (Дантенің отаны) тағы орманға айналған құм шағыл іспеттес.

Сұсты, сұрғылт, зор орманда шақырайған шағылда жолдан адасқан Дантенің өз образы, бір жағынан, оның жеке басының күнөға бас игенін танытса; екінші жағынан, оз заманының бүкіл қауымының "ақ жолдан" адасқан бақытсыздығын меңзейді. "Fapасат майданы" үшін де ақын орманды символ етіп алады; алайда ол жолсыз, жосықсыз орман емес, керісінше жанға жайлы, құтліген бақ, азаптан ажыратып, бақытқа шақыратын жанға мирас басспана, соңдай бақтаған оны мекендеушілердің арасында шын ынтымак, шын махаббат пайда болады.

13-30. Адасып апат болудың символы — сұрқай даладағы жабайы орманға қарама-қарсы, шығып келе жатқан күн сәулесімен шағылысқан төбенің етегіне Дантенің көтерілуі суреттеледі. Бұл — қорғанышқа

бастайтын жол. Данте (яғни адасқан жолаушы — күнәкар адамзат) деру соған қарай ұмтылады.

31-60. Үш жыртқыш аң. Бұлар қорғаныш төбесіне апаратын Дантенің жолын бөгеп, артта қалған күнә толы алқапқа шегіндіреді. Бұл — үш түрлі зұлымдықтың теңеуі: сілеусін — құмарпаз, зинахорлықтың, арыстан — менмендік, қанышық, бәрі — ашқез, қанағатсыздық, Августин кунаға итермелейтін құмарпаздықтың түрлерін былай бөлгенді: 1) тән зинахорлығы; 2) көзі тоймаушылық, әрі қанағатсыз пайдакүнемдік; 3) атаққұмар, билікке өуестік, Данте мұны мүлде өзгертуен. Данте, мысалы, сезім (сүю) құмарлығын сопылықтан безіну деп есептейді; менмендік, атаққұмарлықты да оншама қатал айыптамайды, себебі, бұл екеуінің де қоғамдық қызметтегі бағасын төмендеткісі келмейді. Тіпті әуесқойлықты да құмарпаздық, қылымыс деп қарамайды, өйткені ол білуге ынтықтық, деген сөз ғой. Алайда Данте нағыз қауіпті күнәға қанағатсыздық, ашқөздік, пайдакүнемдікті жатқызады.

Қанышық, бәрінің бейнесі — құмарпаздықтың ішіндегі ең кеселдісі. Бұл — "арынды" тағы, "тыныштықтан жүрдай тағы", ал "тыныштық, Данте үшін — ең ұлы рахат. Қанышық, бәрінің кебін киу дегеніміз, яғни адамның "хайуандық" қалыпқа түсіп, хайуандық, топастықта қалу деген сөз. Қанышық, бәрі — ғаламдағы зұлымдықты арқалаушы. Оның образы Дантенің саяси символикасына енеді. Қанағатсыздық, адам мәдениетінің быт-шығын шығарады. Өз дәүіріндегі үстемдік алған қанағатсыздықтың билігіне Данте тамаша қоғамдық күрілістың рухани жетілгендігін, оның ұлы рахаттарының жиынтығын қарсы қояды: "О, шаттық, о, көл-көсір бақыт! Махабbat пен тыныштыққа толы, о, өмір! Ешқандай қомағайсыз, о, мызығымас байлық!" ("Ұжмақ", 27-жыр, 7-9).

61-90. Виргилийдің келуі — парасаттың символы. Дантенің айтуы бойынша, күнәнің көзі — құмарпаздықта. Одан қорғану — білім мен тануда, түсінуде. Дантенің негізгі пайыздары осындаидай. Фылым — игілікке апаратын жолдың алғашқы баспадағы.

Шындықты тану мағлұматын ертедегі және қазіргі классикалық христиан және мұсылман философтарының

ілімі бермек. Алайда ғылымның көмегімен ақиқаттың шартты сынығы мен қауымның өзара ортақ бақытyna гана жетуге болады. Нагыз шындық, мәңгілік итілік жоғарыдан жаратылады. "Құдіретті комедиядағы" rägatriche — наным, білімнің ең жоғарғы сатысы мен адамзатты қорғаудың бейнесі. Уақытша және мәңгілік екі жақты даналық Дантенің екі жетекшісі арқылы әйкүндәлады, олар — Виргилий мен Beatriche, Дантенің үйімінде наным мен білім, дін мен ғылым, құдайтану ғылымы мен философия, аспан мен жер астарласып, қауышып кеткен.

Виргилий — парасаттың және оның мүшесі, ғылымның өкілі. Онымен қоса Виргилий, Дантенің идеалы бойынша, әділетті мемлекеттік құрылышты, бірлік, бейбітшілік, әділ сот пен парасаттылық саясатты бейнелейді. Виргилий озінің "Энеїда" дастанында Римнің жыршысы болған, соңдықтан да Данте Августың ғасырын бақытты шаққа балаған. Орта ғасырларда Виргилий ұлы ақын әрі данышпандық тұғырдан түспеген. Алланың әмірімен ол озінің шығармасында Христос салтанатын алдын ала болжап айтқан-мыс деп жазады христиан жазушылары. Данте Виргилийді құрметтеген, езін оның шәкірті санаған. Соңдықтан да ол Виргилийді "барлық ақындардың ары мен шамшырагы" дейді.

70. "Юлий кезінде" Виргилий (біздің дәуірімізге дейін, 70-19) Юлий Цезарьдің тірі кезінде туған да, Августың басқарған кезінде өмір сүрген.

100-111. "Төбет" туралы болжам. Бұл жөнінде комментаторлардың арасында айтыс көп. Қаншық, қасқырды жоятуғын төбет кім? Бірнешеуі мұны адам баласын күнәдан құтқару үшін жерге қайта түскен Христостың өзі деп болжалдаған. Ал енді біреулері алланың аспаннан келген елшісі жібірейіл Михаил деп пайымдаған. Олардың ойынша, қолына семсер ұстаған, аспаннан түскен елші қаншық, беріні өзі шыққан іні тамүққа қайта тықлақ, Ал терісін жамылған бейне Данте шығармасында діни образға айналып, орын алуы екіталай. Бірақ, епті де батыл, мейірбанды мақұлық, — ит көкейдегі

мемлекеттік тәртіптің негізін қалаушы, жер үстіндегі өлеуметтік және саяси бәледен айықтырушының бейнесін білдіру ықтимал. Бір кеңдегі Римдегі Август сияқты дүниені бақытқа бөлеп, адамдарды татуастырып, біріктіретін император тұлғасы Дантеңің саяси теориясында осылай суреттелген-ді. Мұндай идеалистік иллюзияның болашағына Данте сенгендейден де, "Құдіретті комедияда" ондай жанның салыстырмалы образын табу қажет-ақ болған-ды.

103-105. Бұл жерде дүниежүзілік көсемге мінездеме беріп түсіндіру қыын. Ол жермен, металмен күнелтпейді, демек қанағатсыздық оған жат. Бұл түсінікті. Ол жауап алып баюға құмартпайды; оның негізгі ниеті — ақылгөй-парасаттылық, махаббат, игілік-рахат.

107-108. Камила. Нис, Эвриал, Тури — Виргилийдің "Энеїда" поэмасының кейіпкерлері.

112-129 Виргилий Дантеңе алда не күтіп тұрганын түсіндіреді. Өзі қалағандай, тәбеле жалғыз көтерілуге жалғыз оның шамасы келмейді. Оны қоршаған күнелар (ашулы аңдар) жолын кес-кестеп аттапайды. Алайда жогарыдан алланың әмірі болады да, жаһаниамда кеше жүріп, барлық жамандық атаулының ақиқатын түйсініп, одан арылудың жолын, ақиқаттың іске асуын, мәңгілік игілік пен бақытты ұғынады. Виргилий — оны азат шөрісін (тамұқтан), ғарасат майданын аралатып, алып шығуға белгіленген жол бастаушы. Әрі қарай ол Дантеңі әлдекайда қадірменді жетекші Beатричеге табыс етпек. Ол оны аспан өлемінің ең биік қабатына — Құдіреттің мекеніне — апармак, Данте сол жерде бар шындыққа көзі жетіп, ұғынып, оны адам баласына айтып бермек.

124. "Тау шыңдары тәңірісі" — құдіреттің өзі.

130-131. Данте оның айтқандарын ~~қ~~был алып, "әулие Петрдің қақпасына" яғни ұжмақтың табаддышығына дейін жеткізууді өтінеді.

## ЕКІНШІ ЖЫР

1-9. Уақыға әлі жер үстінде өтеді. Бұл — 25-марттың жұма кеші. Өзінің сапарын баяндауға кіріскең Данте алда іүрган ұлы істі аяқташ шығу үшін музадан көмек сұрап, руихын шындауды.

13-27-әңгіме Эней туралы. "Энеїда" дастанында, Виргилийдің айтуы бойынша. Эней өз тұқымының тағдыры туралы әкесі Ахиздің алдын ала болжамын тыңдамақ болып, тірідей жаһаннамра барған. Эней алдын ала папалардың болашақ қаласы Римнің негізін қалаушылардың атасы болып белгіленген.

28. "Таңдамалы жол" — яғни христиан дінін жетілдіру үшін сайланған адам. Әулие Павел солай атанған. Ол жөнінде әуелі Павел тамүққа түсіп, содан аспанның үшінші қабатына дейін көтерілген деген сөз болған.

43-126. Виргилий Дантенің салғырттығын кінәлап, оған Beатриче жөнінде әңгімелеп, сергектігін оятқысы келеді. Дантенің жақсылық пен жамандықтың тағдырын ажыратып білуі үшін, тамұқ пен гарасат майданынан оны алып шығуға, Виргилийге тәнірден рүқсат алып, Beатриче ұжмақтан тамүқтың бірінші қатына, Виргилийге келген. Адасқан Дантеге жол көрсетуді ұсынған.

*Beатриче* — Данте творчествосындағы негізгі тұлға. "Beатриченің өндін өзгерктіш образы" Дантенің ішкі лұниесінің түйсігімен кезеңдес. "Комедиядағы" оның образының нендейлік екеніне талай таныстырушылар бастарын қатырған. Дантенің түйсігінше, Beатриче сезімге сыймайтын ақылдылықтың бейнесі деп түсіну нанымдырақ, Биік рухты Beатриче адамдық, ақыл-парасаттың бейнесі Виргилиймен тығыз байланысты. Ол оған ең жоғарғы түйсіктің бастамасы ретінде бағынағы.

"Тамүқтың" екінші жырында Beатриче — махаббат. Мұнда Дантемен ол гарасат тауының шыңында, жер үсті үжмағында кездескенде, Beатриче Дантеге өткөрген күнөсі үшін үлкен иглік іспеттес еді; демек махаббат тағы да алға жетелеген. Махаббат Данте үшін гарыштық, негізгі

заң. "Махаббат" — жалғаның жарығы мен күнді қозғаушы қүш". "Құдіретті комедия" осы сөзбелен аяқталады.

94. "Ізгілікті әйел" — Мария ару. Христостың есіміндей оның да есімі "Тамұқтың" жырларында тұра еске салынбайды. Керекті жерінде ақын мензеп қана кетеді.

97. *Лючия* — христиан дініндегі қасиетті әйел. "Ізгілік иесі" іспеттес бейне. Италия поэзиясы мен сөulet өнерінде "ізгілік" әйелдер тұлғасымен бейнеленген. Данте — бұл жерде оның адаптациясы.

102. Рахиль — патриарх Иаковтың екінші әйелі, "түйсінудің" символы.

124. Аспан әлеміндегі "қадірменді үш әйел" (Беатриче, Лючия және Рахиль) жердегі құмарпаздық, құлы үш тағыға қарама-қарсы.

## ҮШІНШІ ЖЫР

Жолаушылар (Виргилий мен Данте) тамұқтың табалдырығын аттайды да, тамұқтан бөліп тұрган Ахерон өзеніне келеді.

4-8. Маңдайшадағы жазу бірлескен үш түрлі құдіреттің құшімен тамұқ жаратылғанын аңғартады: әкесі — билік, ұлдары — данышпаңдық, пен рух — махаббат. (Люцифер бұлғынен құлап түскен перштегерден кейін).

10. Адамның күнөға белшесінен батуы, Дантенің ұғымында, адам жаңының жазылмастай күйреуі, сезіну, түйсіну, ақылмен ойлану дегеннен мұлде арылу.

19-69. Тамұқтың табалдырығы — жер үстіне жақын зор кеңістік — "түкке алғысыз бишаралар" жазаланатын орын. Ешнәрсені де бұлдіре қоймаған адамдармен бірге, соларға үқсас, құдайға қарсы да тұрмаған, оған жан сала

ілдәл қызмет те етпеген періштелер. "Бишаралардың" жазасы олардың жер үстіндегі өмірлеріне қарама-қарсы. Жер үстінде олар күмыл-қарекетсіз күн кешсе, ал тамұқта көрісінше, алдарқатқан белгінің соңында тынымсыз жүгірумен болады. Иглікті іске бола жер бетінде олардың құны төгілмеген, ал тамұқта жиіркенішті құрт-құмырсқаға жем болуда.

59-60. Өзінің жігерсіздігімен, ұждансыз, "дүниеден беңзен" біреуді кездестіреді Данте. Айтушылар оны патша Целестина деп жорамалдайды. 80 жастағы дуана-монах срікінен тыс 1294-жылы папалыққа сайланып, бес айдан соң кардинал Бенедетто Каэтанидың қысымымен атақ-ләрежесін қолдан берген де, соңынан өзінің мирасқоры (Бонифаций VIII) азааптап өлтірген.

71-78. Ахерон — жаһаннамадағы шекаралық, өзен. Оның өр жағында тамүқ, басталады, тозаққа тап болғандар сол арқылы өтуі керек. Ахерон (қайғы-мұң өзені), Коцит (жылау-сықтау өзені) Флегетон (от өзені), Стикс (урей-корқыныш өзені) және Лета (күнөні тазартушы мінәжат өзені), бұлар — тамүқтың мифологиялық бес өзені.

82-87. Харон — күнәкарлардың жаңын Ахероннан алып отуші үрейлі, қарт кіреші.

## ТӨРТИНШІ ЖЫР

Бірінші қат — сәбілер және шоқынбаған сопылар.  
Ақындар, батырлар, данышшандар.

Бұл қат лимб де аталады. Атаяу латынша шеті, шегі деген үгым береді. Ахероннан Дантенің қалай өткендігі белгісіз. Арғы жағаға өткенін бір-ақ, сезген.

1-3. Ақын тамүқтың тұңғиығынан шыққан айғай-сүренен оянады. Автор "дыбыстан" деп айтпайды. Жапатармагай тамүқ, тұрғындары, бірін-бірі көргісіз.

Ауыр дүбір жолаушылардың құлағына алыстан естіледі. Лимбідегі ауя "аурусыз азааптың" болар-болмас лебінен

дір етеп қалады. Мұнда көп нәрестелер, әйелдер мен еркектер. Бұлар христиан дініне дейін өлгендер. Оған Виргилий де жатады. Олар кінәсіз, алайда шоқындырылмаған, сондықтан да тәнірінің шәрісіне бара алмайды. Олардың тағдыры — аспан әлемінің рахатын үмітсіз бос аңсау. Кінәсіздердің тағдырын алланың әділ сотымен қалай келістіруге болады деп Данте дал болады.

46-63. Христос өлгеннен кейін, Лимбіге түсіп, ататегінен бері қарай келе жатқан күнәларынан тазарған ескі уағыздың сопыларын ұжмаққа алыш шықты деген католик шіркеуінде көзқарас болған.

67-120. Данте ертедегі тарихтың жазушылары, ойшылдары, даңқты адамдары үшін лимбіде ерекше тыныш орын бөлген. Жасырын жарықпен нұрланған олар бөлек сарайда, жанга жайлы көгалды мекен еткен. Ертедегі төрт ақын жолаушыларды кездестіреді: Гомер (акындардың атасы, данышпан), Гораций (сатирик), Овидий (лирик), Лукан (трагедияға бейім эпик ақын). Олар Виргилийдің қайта оралуын құттықтап, Дантені өз қатарларына алады, алтауы жоғары дәрежедегі поэзия туралы әңгімелеседі.

115-129. Алдымен Рим тарихына байланысты батырлардың есімі аталады, Электра — Трояның негізін салушы Дарданның шешесі. Гектор мен Эней — Трояның ардагер батырлары. Рет санын бұзып, олармен бірге Рим империясының негізін қалаған Юлий Цезарьдың бейнесі тұр. Одан әрі Амазонкалардың патшасы, Трояның одактасы Пентесиля; ескі латынның жауынгер әйелі Камила, Лациумның патшасы — Латин және оның қызы Лавина, бұған Италияға барғанда Эней үйленген; Рим республикасының негізін салушылардың бірі Люций Юний Brut. Одан соң Римнің атағы шыққан қадірлі әйелдерін көреміз. Цезарьдың қызы Юлий; елші Коллатиннің ақылды жұбайы Лукреция; ағайынды Гракхтардың анасы, білгір ұстамды Корнелия; Катон-стоиктың әйел Марция, Римнің осынау тұлғаларынан аулақта менмен байсалды қалпын сақтап, крест жорығында өзінің ізгілік-парасаттылығымен

Ләнқы шыққан Египет пен Сирияның сұлтанды Саладин түр.

130-144. Антиканың философтары мен ғалымдары өздерінше ерекше топ құраған. "Кім білсе, соның ұстазы" Аристотель алдымен көрінеді, оның соңында өзінің ұстаздары Сократ пен Платон, Данте де үйренген ортағасыр схоластарының арасында. Аристотель — негізгі ғылыми қадірменді жан. Одан әрі тіпті ертедегі ойшылдар есke алынады: дүние кездейсоқ, атомдардың бірігүйен пайда болған деген теорияны ашқан, материалист, атомдық, дүниетанымның негізін салған Демокрит Абдерский (V ғас. біздің дәуірімізге дейін); Ескендір Зулқарнайнның замандасы, циниктер мектебінің қатал оқыл Диоген, "жеті данышпанның" бірі Фалес: математик-астроном, философ Анаксагор, стоикалық ілімнің негізін салған Зенон; Агригенттік Эмпедокл; Грецияның ең тамаша философтарының бірі Гераклит Эфесский, философиялық бағыттағы рим жазушыларынан тек Марк Тулий Цицерон мен Сенека — стоик есімі аталады. Олармен қатар ертедегі Грецияның екі мифологиялық, ақыны Орфей мен Лин. Данте өзі қабылдаған әлемдік жаратылыс құрылсызы зерттеген ойшыл математиктер Әвклид пен Птоломей; медицина ғылымдарының екілдері — Диоскорид, Гиппократ, Гален. Ақырында араб ғалымдары Авиценнаға, Аристотельді үағыздаушы Аверроэске орын берілген. Бұлардың еңбектері Батыста зор құрметтелген, арап ғылымы Дантеге ықпал жасаған.

## БЕСІНШІ ЖЫР

### Екінші қат: зинахорлар

4-24. *Минос* — антикалық, аңыздарда да тамүқтың әділлітті сотының рөлін атқарған Криттің мифологиялық шатшасы. Мұнда ол тісі ақсиган, құйрықты ібіліске дайналып, немқұрайды әділлікті атқараады.

25-49. Тән күнөсіне ұшырағандар құйындаі құттырган жылдамдықпен тамүққа әкетіледі. Бұл — олардың тойымсыз құмарпаздығының символы.

52-59. Бірінші топтың көсемі ассирияның ертедегі әйел патшасы Семирамида.

61-62. Келесі топты Карфагеннің әйел патшасы Диона бастаған. Ол өзінің қүйеуі Сихеяның аруағын былғамаура ант еткен, алайда жинаң кезіп жүріп тап болған Энейге көңілі кетіп, онымен жанасып қойған. Тағдырына табынған Эней, сапарының соңғы мақсатына жету үшін, Дионаны тастап кеткенде, әйел өзін өзі өлтірген. Дионаның махаббат машақаты Виргилийдің поэмасы "Энейдада" сөз болады.

63-69. Дантенің көз алдынан басқа да елестер (Аруақтар) өтеді әуелі Юлий Цезарьмен, одан соң Антонимен ойнас болған египеттің патша әйелі Клеопатра; Троя соғысының себепшісі болған Елена; Еленаны алдарқатқан, Троя патшасының ұлы Парис; махаббат мәселесі мерт қылған Ахилл; айыпталғандардың арасында Изольдаға деген қылмысты махаббаттан шейіт болған Тристан да бар.

73-142. "Жұбайлар елесі" және олар туралы қайғылы әнгіме. Әңгіме болған оқиғаға құрылған. Франческа — Равеннаның билеушісі Гвидо да Поленттің қызы. Экесі оны екі үйдің арасындағы баяғыдан келе жатқан жауласуды жою мақсатымен, Риминидің шонжар билеушісі Джанчотто Малатестаға айттыруға уәде еткен. Алайда ұсқынсыз, қатал мінезді Джанчоттоға қызды көндіру қыынға түсетінін білгендер, айтушыларға қарағанда, құлық, қолданады, неке қияр шақ, тақағанда, негізгі қүйеудің орнына оның әдемі, білімді інісі Паоланы жіберіп, неке қияр ырымын істетеді. Франческаның жүргегінде Паолаға деген махаббат тұтанады. Жауыздықты түсінбеген Франческа келісіп, некесі қылып, Паоламен бірге Риминиге аттанады. Өтірік ашылады. Қорланған, ызалы Франческа өш алуды ойлайды. Қүйеуінің көзіне шөп салып, Паоламен жүреді. Олардың кездескенін біліп қойған қызметші айтып үлгереді. Томага-тұйық, бөлмеге енген Джанчотто ғашықтардың үстінен түседі. Ғашығын өз денесімен қорғаган Франческа қүйеүінің қанжарының бірінші шейіті болған. Паола да солай өлтіріледі. Бұл оқиға 1285-1289-жылдары болған еді. Өзінің ауыр қылмысы үшін

03 түсісін өзі өлтіргендердің арасында, жаһаннамның  
01 түбіндегі Джанчотта жазалануда.

127-138. Паоламен екеуінің махаббаты, күйеуі жоқта,  
Джиневра ханым мен Ланчелот туралы романды оқығанда  
шынығанын айтады Франческа. Ханымның Ланчелоттың  
құшағына енүіне себепші болған рыцарь Галеот болса,  
Іаола мен Франческаны табыстырған — кітаптың өзі.

## АЛТЫНШЫ ЖЫР

### Үшінші қат: қомағайлар

13-33. Бұл қаттың күзетшісі — үшбасты қабаган тәбет Цербер. Бұл тұлға антикадағы ол дүниеден алынған. Мұнда тойымсыз мақұлық мешкейлік құмарлықтың символы ретінде.

37-57. Флоренциялық біреу өзін Чаккомын деп, Дантеғе сен мені білуге тиістісің дегенді айтады. Сірә да, мұны мешкейлердің жиынтық, лақап аты деп үғынған жөн болар.

58-76. 1300-жылдан бастап Дантеңің тұған қаласында нендей оқығалар болатынын Чакко алдын ала болжап айтыш тұр: осы жылдың 1-мамырынан бастап өзара қанды қырғын болатынын; "Қара" партияның "ақ" гвельфтерді айдал шығатынын (Данте — "ақ"): үшінші жылы (1302 ж.) Дантеғе де салқынның тигізген ақтардың күйреуі, оларға деген ауыр жазаны болжайды. Осы арада бірінші рет "Күдіретті комедиядағы" Чакконың емеуірінімен Данте күншіл, менмен, қомағайлық тұганып, біріне-бірі өшіккен Флоренцияны, оның азаматтарын айыптаиды. Өшпенінділіктің шанағынан шыққанын айтады. Бұл болжамды Дантеғе түсіну қын емес еді, ол осы сөздерді жазғанда, Чакконың айтқаны болып еткен оқыға еді.

Тамұқтағы пакырлар алдын ала болжап айттуға шебер-ақ, мешкей Чакконың аузына сез салғаны сондықтан болар Дантеңін; мүмкін, Чакко бұлғын Флоренцияның өкілі ретінде де алынып отырған шығар.

69. Дәл сол бүліншілік жылдары Флоренцияның тәуелсіздігіне қарсы зымияндық, жүргізген папа Бонифаций VIII-ні (1294-1303) мензейді.

73. Флоренцияда "екі сопы бар, бірақ оларды тыңдамайды". Ақын ондайлар жоқ, дегенді айтқалы отыр деп түсіну керек.

79-87. Флоренцияда әрекет жасаған бірнеше саяси көсемдердің тағдыры туралы сұрайды Данте Чаккодан. Оларды тамұқтың төменгі қатынан кездестіресің дейді Чакко.

106-111. Қияметтің қатал соты болып өткеннен кейін қайтадан тән кебінін киіп, құнәкарлар бұрынғыдан да зор жазаланатынын Виргилий Аристотельдің іліміне сүйеніп айтып тұр.

## ЖЕТИНШІ ЖЫР

**Төртінші қат: сараңдар мен ысырапқорлар  
Бесінші қат: Қаһарлылар**

1-6. Плуто, отқа табыну дініндегі байлық, құдайы, сайтанға айналып кеткен де, осы қаттың құзетшісі болған осындағы құнәкарлардың символы. Келімсектерді түсініксіз ақыруымен қорқытпақ, болады.

11-12. Виргилий аждаға-албастының быт-шытын шығарған жәбрейіл — жауынгер Михайлды — Плутоска ескертеді, сайтанның қорқлайтынын сездіреді.

22. Хариба — Мессина бұғазындағы антика ақындары жырлад өткен су жылымы.

22-66. Сараңдар мен ысырапқорлар ауыр жүкті бірінебірі қарама-қарсы көтеруде. Қақтығысып қалған екі топ бір-бірін аяусыз балағаттайды. Жалғандағы нысапсыздық, тамұқтың ауыр азаптары олардың өнін өзгертіп жібергендіктен, оларды танып болмайды. Олардың

ірасында әртүрлі дәрежедегі адамдардың: көптеген клириктердің, кардиналдардың, тіпті папалардың бар ішкін түсіндіреді Виргилий. Ол біреуінің де есімін атамай, тоқ олардың өте көп екенін анықтап айтады.

67-96. Фортuna туралы анықтама. Виргилий мұның ең жоғарғы рухани құш екенін әңгімелейді. Оған құдай жер үстінің ізгілігін беріп, оны өзінің әділ заңы бойынша адамдарға бөліп беруді тапсырған. Фортунаның ізгілікті адамдарға беруге де, бергенін қайтып алуға да қақысы دار. Адамдар оның берген бақыттының баянсыздығына, кімге не ұсынатының таңдаудағы билеп-төстеуіне ыздаланып, "көр құдай" деп қарғыстайтын-ды, алайда өзінің шешіміне өзі ырза Фортuna өзіне ғана аян ақиқатқа сүйеніп, ісін тыңдыра береді. Бұл — тағдыр туралы ілімнің құлдығы.

100-108. Стикс — мибатпақ, былғаныш көлге құйылатын тамұқтың екінші өзені. "Қорқыныш" деген ұғымның мағынасында.

109-130. Ашу бұзғандар Стиктің мұңсіген суын белшесінен кешуде. Олардың жүргегінде кектенген құмарлық қайнауда. Құтырына төбелесіп, өзара бірін-бірі көргісіз.

## СЕГІЗІНШІ ЖЫР

### Бесінші қаттың акыры

Дит шәрісінің дарбазасы алдында. Көлдің бергі жағындағы мұнарада жанған оттар, тамұқ, қаласы Диттің күзетшісіне бейтаныс жандардың жақынданап келе жатқаны жөнінде берілген белгі. Күзетші жауап белгісін беріп, келімsectерге қайыққа отырғызып Флегийді жібереді.

7. Бұл жерде Дантенің Виргилийге жолдаған құрметті, жаңа теңеуі даңқты ақынның символикалық бейнесін тағы да анықтай түседі.

19. *Флегий* — ертедегі мифологиядан алынған діни тұлға. Бұл жерде ол тамұқтың түбіне жөнелтілген күнәкарларды тасушы сайтанға айналған.

31-64. Флоренциялық Филиппо Арджентимен кездесу, онымен болған қақтығыс. Қаланың орталық көшелерінің бірі есімімен аталған бұл адам — атақты Адимари өулетінен шыққан бай рыцарь. Ызақор, құтырынған ашушаңдығымен аты шыққан.

68. Ішіне “төменгі тамұқ” орналасқан сақина іспеттес қабырға шәрі Дит деп аталады. Люциферді де солай деп атайды. Антикалық мифологияда Дит — Плутон — жаһаннамның падишасы.

## ТОҒЫЗЫНШЫ ЖЫР

### **Дит дарбазасының алдында Алтыншы катқа аяқ басу, құдайсыздар**

1-3. Күрделі өлең жолының мазмұны былай: “Ол қайта оралғанда, менің қорқынштан бозарып кеткенімді көріп, Виргилий өзінің де бозарған түрін өзгерте қойды”.

7-9. Өздерінің сапарын Beатриче қолдап отырғанын, жындардың қарсылығын жоюға жоғарыдан, құдайтағаладан елші келетінін ескертеді Виргилий Данте.

19-30. Лимбадан “тамұқтың төменгі қатына біреудің түсken кезі болды ма?” — деген Дантені толқытқан сұраққа, фессалияның сиқыр әйелі Эрихтоның көзбайлауымен Иуда жатқан тамұқтың ең шыңырауындағы жазаланған күнәкардың жаңын сиқыр әйелдің сөуегейлігі үшін әкелуге бір рет енгенім бар дейді Виргилий.

34-51. *Фурин* — арынан азап шеккендердің символы ретінде алынған тамұқтың мифологиялық, апалы-сіңлілі

үш құдайы. Кейіптегінен қаталдық, пен жауыздықтың қорқынышты нышаны еседі. Олардың есімдері: Мегера — "жауығушылық", Алекто — "жұбанышсыз", Тисифона — "кең алушы". Мұнда олар тірі пеңденің тамұқтың төменгі қатына жіберілгеніне бұлан-талан болады. Виргилий Дантені олардың қастаңдығынан сақтап жүр.

44. Анасы Церерадан үрлап әкетілген жаһаннамың құдайы. Плутонның жұбайы Прозерпина туралы әңгіме болып тұр. Оның державасы "көз жасының елі" (Аид). Мифология.

52. *Медуза* — әр тал шашы бір жылан, адам көргенде тас боп қатып қалатын үш горгонның бірі.

54. *Тезей* — гректің мифтік батыры. Ол Прозерпинаны құтқару үшін тамұққа барып, ұсталып қалады, оны Геракл құтқарады, Фурилер оған жазым келмесін қалайды, оның істегенін ешкім де істей алмас еді деген ойда.

61-63. Бұл жолдарда Данте өз өлеңдерінің аллегориялық магынасын түсінудің қажет екендігіне оқушылардың назарын аударады.

Комментаторлар оны өздерінше былай деп түсіндіреді: құдайға құлшылық етуден безгендер азапталған орынды көріп, оларды бақылап, Данте тәубасына келсін деген мақсатпен, құдірет оны тамұқ, шәрісіне апарған. Оның мінәжат етуіне жындар бөгет жасап, жібермейді. Ақыл-парасаттың (Виргилий) оның санасын оң жолға салып жіберуге жалғыз шамасы келмейді: адам ақиқатқа құмартады, алайда сайтандар шындықтан алыстатаады, ақыр соңында алланың әмірі оған көмектеседі.

98-99. Мұнда жаһаннама енген Геракл туралы діни аңыз, оның тамұққа түсуіне жолын бөгеген Церберді жарақаттауы сөз болады.

112-117. Римнің көптеген мазарлары сақталған Рона қаласының төменгі жағындағы ескі Арла бейітінің

орналасуымен тамұқты салыстырады ақын. Бұл Дантенің Парижге баар сапарындағы алған әсері еді.

Автор өзі барып көрген Истрия қаласы, Поланың да бейнесі болуы ықтимал.

## ОНЫНШЫ ЖЫР

### Алтыншы қат, құдайға құлшылықтан безгендер

10-12. Иосафат жазығы Иерусалимге таяу, шіркеудің нанымына қарағанда, сол жерде қияметтің қатал соты болмақ,

13-15. Алтыншы қаттың осы бөлімінде Эпикурдың ілімін жақтаушылар азапталынады.

22-51-73-92. Фарината — әрі бай, әрі атақты Флоренциялық Уберти әүлетінің көшбасы, гибеллин көсемдерінің бірі. Билік құру үшін өз қаласында олар гвельфтермен күрескен. 1260-жылы Арбия өзенінің бойында, Съена қаласына таяу, император Фридрих II Гогенштауфенің ұлы король Манфредтің әскерінің көмегімен құғынға ұшыраған гибеллиндер Монтеаперти маңында гвельфтерді тізе бүктірген, Флоренция гвельфтерінің тас-талқаны шығып, жаулар Флоренцияны да жер бетінен жоғалтуды ойласқан, бірақ бұған Фарината қарсы тұрған; Отанға деген сезім ондағы саяси ашу-кекті жойған да, оның мақсаты салтанат құрған; Италия мәдениетінің ең қымбат ескерткіші болған қала қорғалып қала берген. Фарината — "Құдіретті комедияның" ең айқын тұлғаларының бірі. Ол эпикурлықтарға көніл аударған, алайда олардың ілімінің қатал талаптарын қабылдамаған.

5-66. Кавальканте Кавальканти — атақты әүлеттен тараған бұл да флоренциялық, Оның ұлы Гвидо Кавальканти Дантенің ең жақын досы болған. Талантты ақын қайсыбір жағдайда Дантеге ұстаз да бола білген, соңыра Данте бастаған "нәзік жаңа стиль" бағытындағы лириктер тобында қаламdas туысы болып кеткен.

Дантені көріп таңырқаған Гвидоның әкесі, жер үстінде жұбын жазбай, Дантемен бірге жүретін баласын өлдіге ылалап есі кетеді, ақынның жауабын теріс түсінеді, оның тірі екендігін Данте айтып ұлгермейді (Гвидо Дантенің жаһаннамға барған сапарынан соң бірнеше айдан кейін 1300-жылы өлген).

79-81. "Ерігі мен әмірін орындақан Тамұққа" — Прозерпина (Ай), Плутонның жұбайы. Өзінің актар шартиясы гвельфтермен бірге Флоренциядан қуылған. Данте елу ай өтпей-ақ жоғалған қақысын қайтарудың оңайлыққа түспейтініне көзі жетеді.

94-108. Тамұққа азап шеккен пеңделер жер үстінде әзір не болып жатқандығынан хабарсыз, білмейді, алайда таяу болашақта не болатынын алдын ала болжай білетін бол корінеді Дантеге.

118-120. Мындаған эпикурлықтардың арасында, Фаринатаның айтуы бойынша, император Фридрих II де азапқа ұшырауда. Гибеллипдердің соңына ерген әрі жаннның мөңгілігіне сенбекен Кардииал Оттавъяно дельи Убалъдини де сонда.

130-132. Фажайып сапарының мән-мағынасын Данте әлдіна жайып салған Беатричені меңзейді.

## ОН БІРІНШІ ЖЫР

### Алтыншы қаттың жалғасы. Тамұқтағы күнәкарларды бөлу

7-9. Папа Анастасий II (496—498) азапталып жатқан көр. Құдайға сенбекен деген ол туралы лақап сақталған. Бұл Данте үшін шіркеудің бүліну шындығын анықтайды, оның діни иелерінің де тамұққа түсетіндігіне көзін жеткізеді.

16-66. Дит шәрісінің қабырғасының ішінде, "төменгі тамұқта" нендей күнәкарлар жазаланатынын, оларды

түрге бөліп алдын ала түсіндіреді Виргилий Данте. Эрбір қастаңдықтың түпкі мақсаты — әділетсіздік: әлдекімге деген ақиқаттың, қақының мүлде бұзылуы. Ол я күшпен, я алдау жолымен іске асырылады. Алдау әлдекайда қатаң жазаланады, ал күш болса, ол хайуанда да бар, алдау тек адамға ғана тән қылық, алдау нағыз қастаңдықтан пайды болған. Жетінші қат зорлықшыларға толы. Зорлықшы қиянатшылардың үш түрі болғандықтан, жетінші қат үш шеңберлі айналымнан тұрады: құдайға, өзіне және жақындарына қиянат жасаушылар. Бірінші айналымда жақынның зорлық, істегендер, кісі өлтірген, жаралғандар және баукеспелер, қарақшылар; екінші айналымда өзіне өзі, өз қадіріне қиянат жасаған, өзін өзі өлтірушілер мен ысырапшыл сәркілдер; үшінші айналымда құдайға тіл тигізген, өнерге, жаратылысқа қарсылар жазаланады. Өтірікші, алдампаз құлар келесі екі қатта азаптануы тиіс. Сегізіншіде — табиғат өзі сыйлаған өзара махаббатың заңдылығын бұзып, "сенімсіздіктен" алдаған жандар жазаланады. "Сығыр саңдаудағы" он апаңда жеңгетайлар, азғырғыштар мен жарамсақтар, шіркеуді сатқандар, сөүегейлер мен сиқырлар, парапорлар мен екіжүзділер, үршілар, зәлімдер, жанжал тудырушуылар мен жалған бүйім жасаушылар жазасын тартады.

Ең соңғы тоғызыншы қатта "сene тұра" алдағандар азапталады. Олар — туыстарына опасызыңық, еткендер (Каин), отанына опасызыңық жасағандар (Антенора), достарына зұлымдық, істегендер (Толомея), қайырымды, ракымшыл жандарға қиянат істегендер (Джудекка), аспан мен жердің қасиетін аяқпен тепкендер (Люцифер). Дантенің тізімінде "Ырза еместер" мен "Менмендер", "күншілдердің" жоқтығы бізді таңдандырып тастайды. Алайда ол сырттан қараганда ғана солай бол көрінеді. Алғашқылар тамүққа кіреберістегі "бишаралармен" бірге азапталуда. Менмендік пен күншілдік барлық күнені қоздыруушы құрт ретінде тамұқтың төменгі үш қатында зауалданады.

50. *Каорса* — француз қаласы Каор. Мұнда өсімкор деген мағынада. Дантенің кезінде бұл қалада ақша қызылқұлақтары қаулап өскен.

67-90. Тамұқтың жоғарғы жағынан орын төпкендер — қылмысты сүйгендер, мешкейлер, сараңдар мен ысырапқорлар, долылар, сайтанның шәрісіне кірмей-ақ, неге жазаланып жатыр деп, Данте Виргилийден қатты түсіндіруді өтінеді. Виргилий Аристотельдің "Этикасына" сүйеніп ондағы күнөнің негізгі үш түрін айттып береді: үстемсыздық, қиянат пен хайуандық, Біріншісі, — деп түсіндіреді ол, — екінші мен үшіншіге қарғанда, құдайға оншама қиянат іstemейді.

94-111. Өсімқорлар мен парақорлардың тағдырының соңшама қаталдығына Данте дал болады. Виргилий өзінің жауабында Аристотельдің "Физикасына" арқа сүйейді. Құдіретті акыл-парасат пен өнер табиғатты жаратады. Адам мен өнер алланың немересі іспеттес құдірет жаратқан жаратылыспен бірігіп, бірегей әрекет жасап, оның заңдылығын бұзбауы шарт. Ал өсімқор болса, ол алла орнатқан тәртіпті, табиғаттың заңын, бір-біріне туысқандық, сыйбайластықты тұрпайы түрде бұзады. Өсімқор өз еңбегімен емес, басқалардың еңбегі арқылы байып, пайда табады. Соңдықтан да оған жазаның ең ауыры жүктеледі. Адам баласын жегідей жеген, барлық күнөнің бастамасы болған қанағатсыз қомағайлышты Данте қанышық, бөрінің кейпімен берген-ді; Виргилийдің жауабы Дантенің көзқарасымен дөп келіп отыр.

112-115. Виргилий Дантені асықтыруда. Көкжиектегі шырақ, алға жүрер уақыттың таянғанын көрсетеді. Воз — Жеті қарақшы (жұлдыз), Кавр — солтүстік батыс желі.

## ОН ЕКІНШІ ЖЫР

**Жетінші қат. Бірінші айналым  
Жақындарына жаттық істеген билеп-төстеушілер,  
кісі өлтірушілер мен қарақшылар**

1-10. Жолаушылар опырылып құлап түскен алып жартастардың арасымен келеді. Ақын бұл көріністі Верона мен Трентоның аralығындағы Адиджа өзенінің үстінде болған тау кесапаты кезіндегі апаттан алған.

12. "Масқара болған криттіктер" — патша Киностопп әйелі Пасифая жаратылысқа жат қылық істеп, бұқамош шатысып, мифтік құбыжық, Минотаврды тапқан. (1) Криттің Киоссе қаласында алып сарайдың түкпірінде Лабиринтте тұрган: Оның жеміне Афиныдан жас жігіттер мен қыздар салық, ретінде жөнелтіліп тұрган. Данте оны жетінші қаттың күзетшісі етіп қояды.

16-21. Лабиринтке еніп, өзіне ғашық болған Минос (1) Пасифаяның қызы Ариаднаның көмегімен Минотаврды өлтіріп, шытырманнан өзер шыққан афины патшасы Эгейдің ұлы Тезей туралы миф.

31-45. Виргилий алғаш рет "төменгі тамүққа" түскендерінде құлап түскен жартастың ізін аңғармаған. Бұл опат есекі уағыздың сопыларының жаңын тозақтан босатпақ, бол Христос тамүққа келгенде болған, бүкіл тамүқты дүр сілкіндірген. Бұл тұста Виргилий қаракетті қақ айырған "жанжалдың" күшімен жаратылған дүние, бірте-бірте біріне-бірін қайта жалғайтын "махаббаттың" күшімен хаосқа айналады деген Эмпедоклдың ілімін есіне алады.

46-48. *Флегетон* — қан тамүқттың қан салырған үшінші өзені.

56-99. *Кентаврлар* — жартылай адам, жартылай жылқы, жабайы жауынгер мифтер.

68. Гераклдің әйелі Деянираны Несс ұрламақ болғанды, бірақ уланған садақ оғымен Геракл оны өлтіріп тынған. Өліп бара жатқан Несс өш алу үшін, сыйлаған адамының маҳаббатын қоздырады деген желеумен, өзінің қанданған плащын Деянирага береді. Деянира оны Гераклға кигізеді, ал ол сүмдік азаптанып қаза табады.

107. Ескендір Зұлқарнайын мен Үлкен Дионисий, Сиракуздың билеп-төстеушілері.

110. *Эццелино да Романо* — гиббелиндердің ірі көсемі, император Фридрих екіншінің күйеу баласы, қолбасы, солтүстік Италияда көптеген жер иеленген князь.

111. *Обиццо II д'Эсте* — Феррара, Модена, Реджоның үрізогі (1240-1293). Бұл әулеттің әкімдері аса қатал шарлықшылдығымен атагы шыққан. Алайда олар оқу мен ойнордің қамқоршылары да бола білген.

119-120. *Ги де Монфор* — француздың графы. Госканадағы Аңжуйлік Карл біріншінің мұрагері кезінде, әкесінің кегін алу үшін, ағылшын королі Генрих үшіншінің женоні Генрихті шіркеуде өлтірген. Генрихтің алтын шыныңқа салынған жүрегі Лондонда Темзадағы көпірге кіреберісте сақталған.

134. *Аттила* — атақты жауладап алушы, ғұндардың патшасы.

135. *Пирр* — эпирдің патшасы, қатал жауынгер әрі әкім. Секст Помпей — ұлы Кней Помпейдің баласы, атақты теңіз қарақшысы.

137. *Риньери ден Пацци* — шіркеудің прелаттарын торап, папа шіркеуден аластаған атақты әулеттің тұқымы. Риньери да Корнето — Римге жақын теңіз жағалауында орекет еткен Дантеғе замандас қарақшы.

## ОН ҮШІНШІ ЖЫР

### Жетінші қат

Екінші айналым: өзіне өзі қиянат жасаушы,  
өзін өзі өлтірушілер мен өз қадірін өзі түсірген  
ысырапшыл сәркілдер

7-9. Жерорта теңізі жағалауында, Чечина өзені мен Корието қаласының аралығында Маремма деген шөлді лаймақ, бар.

10-15. Гарпилер, басы мен кеудесі әйел, қалған денесі құс қанатты мақұлық, мифологиялық құйын құдайы, адам өзінің басынан кешірген қиянат істерін ауыр оймен еске алудың символы. Бұрын олар Ионий теңізінің жағалауын

мекендерген. Олар энегей мен трояндықтарға алдарынаң душар болатын бәлені күні бұрын болжалдап айтып берген.

46-51. "Энеиданың" үшінші жырында мынадай бір жағдай айтылады: Трояның падишасы Полидордың қабіріне өскен бір түп ағаштың бір бұтағын Эней сындырып алса, әлгі ағаштан қан ағып, сейлеп кетілті.

55-78. Фридрих екіншінің канцлері, жаны ағашқа айналып кеткен Пьер делла Винья өзінің аңы тағдыры туралы Дантең әңгімелейді, өзінің қабілетімен, патшага шексіз берілгендейгімен оның сеніміне ие болған канцлерін патша барлық, саяси құпияны ашқан. Күншіл сарай қызметкерлері өтірік жала жауып, оны патшага жамандаган, ол сатқын деп танылып, түрмеге жабылған да, соқыр бол қалған. Әбден шыдамы таусылып, торыққан бейбақ, өзін өзі өлтірген.

64-66. "Жезөкше" деген сөздің мағынасы — император мен папаның сарайындағы құныққан күншілдік.

72. Ақтай жала жабылып, айыпталған сорлы өзін өзі өлтіргендіктен де қүнәкар.

109-129. Қара төбеттер қуалаған екі жалаңаштың бірі — Съендік Лано, Топпо түбіндегі шайқаста қаза тапқан; екіншісі — Падуялық Джакомо да Сант Андреа, екеуі де өз байлығын өздері ысырап қылған бай адамдар.

130-151. Сындырылған бұта — аты белгісіз флоренциялық өзін өзі өлтіруushi.

143-150. Флоренцияның "байырғы мияты" — Марс, соғыс құдайы; жаңа жанашыры — Иоанн Креститель. Арононың жағасында 1333-жылға дейін Марстың сынныры жатқан, ол қаланы жаудан қорғап тұрады деген діни ұғым болған.

149. Флоренцияны Аттиланың талқандауы туралы аңыз.

## ОҢ ТӨРТІНШІ ЖЫР

**Жетінші қат**  
**Үшінші айналым: құдайға тіл тигізген,**  
**құдайдан безгендер.**

1. Өзінің қабыргасынан жазықсыз аластап жіберген тамаша Флоренцияға махаббаты қайта ауып, өзінің туған құласын Данте елжіреп есіне алды.

13-15. Тамұқтың бүл айналымын Данте Кіші Катон Фарсалдың түбінде қираган Кней Помпейдің әсерінің тамтығын алып барған Ливия шөлімен салыстырады.

22-27. Жатқандар — құдайға тіл тигізгендер, сандалып жүргендегі — соломиттер, отыргандар — өсімқор, жебірлер.

31-39. Ескендір Зұлқарнайының әскері Индияға жорыққа аттанған, аспаннан отты жаңбыр жауған бәлеге лушар болды деген аңыз бар.

43-72. Фиваға қарсы жорыққа қатысқан “жеті батырдың” бірі — Каланей. Ол құдайдың қолдауынсызың, қаланы аламын деп ант еткен. Қоршаудағы қаланың қорғанына көтерілгенде, қаһарына мінген Зевс оған жай оғын түсіреді. Менмендігі басынан аскан ол жаһаннамда да құдайды тілдегенін қоймайды.

52-58. *Ковач* — Жанар тау (Гефест) Этна тауының қабабында Зевске наизағай жасап берген Флегра жазығында алыптар құдайға қарсы ұйымдасқанда, Зевс Ковачтан көмек сұраған.

73-84. Орманнан шыққан қанқызыл бұлақ — тамұқтың жетінші қатының бірінші айналымындағы Флегетон өзені.

79-80. *Буликаме* — Витербо маңындағы шипалы ыстық, бұлақ, көзі.

94-120. Виргилий Данте Ида тауының сайын орнатылған алып статуя, "криттік қарт" туралы әңгімелейді. Оның басы — алтыннан, кеудесі мен қолы күмістен, бөкесі мыйстан, аяғы темірден соғылған, оң табаны балшықтан жасалған, алайда бүкіл ескерткішті көтеріп тұрған — сол. Бұл — дүниежүзілік тарихтың ағымы, оның символы. Ол Критте алтын ғасыр кезіндегі жасалған. Сатурн негізін салған ол ізгіліктің салтанат құрган шағы еді. Одан соң ғұрыптың бүлінер шағы жетті. Белшесінен күнәға батқан адамзат ғасырдан ғасырды алмасырған (күміс, мыс, темір). Бұл мәдениеттің құлдырауы туралы антикалық аңыздан алынған. Ал қарттың образы — інжілдегі Навуходононосордың түсүі жөніндегі аңыздың жемісі. Қарттың денесінде ырсыған сызаттар бар; сызаттан жас ағып тұр — адам баласының бұзылғандығына күйінеді. Көз жасынан тамұқтың тасқыны пайда болады. Ол сулардың үшеуін Данте көрді, төртіншісін тамұқтың тұңғирығында көреді. Қарт жотасын шығысқа берген, демек ол жақтан қайта жаңаруды күтпесе де болады; бетін болашақтың айнасы боларлық Римге қаратқан. Рим бас болған империяның гүлденуіне Данте сенеді.

100-103. *Рея* — өз баласын өзі жалмаған Сатурның жұбайы, ертедегі гректің әйел құдайы. Баласы Зевсті әкесінен жасырып, Ида тауында ұстаған, сәбиідің жылауын естіртпеу үшін, оның абыздары қатты шу көтерген.

133-138. *Флегетон* — осында, мына жанып жатқан өзеніді бүркүлдап қайнаған қанқызыл суына қарап-ақ тануың керек еді деп түсінілдіреді Виргилий. Ал Лета өзенін ғарасат майданында көресің дейді.

## ОН БЕСІНШІ ЖЫР

### Жетінші қат Үшінші айналымның жалғасы Жаратылысты жазғыруышылар

1-12. Тас боп қатқан бұлақтың жағалауын ақын Фландриядағы плотинамен, бөгетпен, солтүстік Италиямен салыстырады.

9. Къярентана тауының биігіндегі қар көктем түспей-ләк ериді.

22-29. Брунетто Латини (1294-жылы өлген) Флоренцияның ірі ғалымы, мемлекет қайраткері. Гвельф болғандықтан, коммунада көрнекті қызмет атқарған Гибеллиндер дәуірлеген 1260-жылдары Францияда құғында жүрген. Гвельфтер билікті қайта алғанда, республиканың канцлері болып тағайындалған. Сол кездегі білімнің барлық түрін қамтитын "Қазына туралы кітапты" француз өлеңімен жазған, ол үлкен ғылыми әнциклопедия еді. Бұл еңбетін жатық италия тілінде қайта ондеп, "Кіші қазына" деп атаған. Бұл — автордың Табигат, Ізгілік, Махаббат дүниелеріне шеккен сапары туралы түспалдан айтылған әңгіме. Брунетто Флоренцияда Дантемен көрші тұрған, оның тәрбиешісі еді.

51. Өмірінің ортасына (35 жас) келгенде тыныштық көрмедім деген мағынада.

55-78. Брунетто Дантеғе даңқты боласың дейді, алайда алдында талай азапты сапардан өтетіндігін де ескертеді. Астроном ретінде Брунетто гороскоп (жұлдыздарға қарап тағдырын тану) сызып береді. Данте Егіз жұлдыздың шерзенті, демек, астрологтардың шешімі бойынша, Дантеде жазушылық талант бар.

62-78. *Фъезоле* — Флоренциядан жоғары тұрған отрутстің ірі қаласы. Фъезолықтардан Данте "нашар" флоренциялықтарды, ол "римдіктерден" "жақсы" флоренциялықтарды таратады. Өзін римдіктерге қосады.

68. Данте туған қаласына күнөнің үш түрін тағады: қанағатсыздық, күншілдік пен меммендік. Флоренцияға "жалғандықтың ұясы" деген мінездеме беріледі.

70-72. Екі партия да сені өзіне тартады, бірақ одан түкте шықпайды, олар сенің тырнағыңа түрмайды деген мағынада.

88-90. Беатриче бейнесі ақын қиялынан бір минут тоқтап жатады. Мұнда да Данте Брунеттоның болжап айтқанын жадында тұтып, ал Беатричеден өзінің өмірі туралы толық шындықты білуге үміттенетінін айтып тұр.

109. Присциан — атақты грамматик.

110. Болониялық профессор — заңгер Францеско д'Аkkорсо, атақты заңгер Аккурсийдің ұлы.

111-114. Папа Флоренциядан Виченцаға аударған епископ Моцци.

119. Қазына — Брунеттоның негізгі шығармасы.

121-124. Веронада адамдар жаяу жарысып, озып шыққаны жасыл мауыты алатын, Брунетто да сол тәріздес тез тайып тұрды деген мағынада.

## ОҢ АЛТЫНШЫ ЖЫР

### Жегінші қат Үшінші айналымның жалғасы

9. "Күнөнің қаласы" — Флоренция.

37. Үн қатқан жан өзінің жолдастарының бірін "Гвалъдраданың немересі" деп атайды. Бұл есім бізге XIII-ғасырының алғашқы жылдары Флоренцияда болған бір уақығаны еске салады.

Гвалъдраданы Виллани былай деп суреттейді. Ол азулы да атақты, әрі құрметті Флоренцияның рыңдары Беллинчоне

Берти деи Равинъяни дегеннің қызы еді. Равинъяннаның үйін кейіннен қасиетті Петрдің ескі қақпасын мекендерген графтарға мұра бол қалған. Сол кезде Флоренцияға келген император Оттон тәртіншінің құрметіне үйымдастырылған қасиетті Репаратаның шіркеуіндегі думанда, Гвальдраданы Гвидо дейтін граф кездестіріп, қыздың әсемдігіне, сейлеу мәдениетіне құмартып, ғашық болған. Экесі императордың бір сүйегінің қабылдауда қызына рұқсат еткен. Бұқіл жүртқа острітпі Гвальдрада, өзінің болашақ күйеуінен басқа ешбір пәндеге сүйідірмейтінің айтқан. Бұл қылығы үшін император қызды мактап, Гвидоға оған үйленуге кеңес берген. Онсыз да есі кетіп ғашық болған Гвидо, қыз өзінен әлдеқайда төменгі әuletten шыққанымен, қыздың жасауын ойламай-ак, граф Гвальдрадаға үйленеді. Олардың некелесуінен болашақ, графтар, увидолар өрбіген. Оны әuletтің атасы ретінде "Карт Гвидо" деп атап кеткен.

38-39. Гвальдраданың бұл немересін Қырғын — Гвидо деп атаған, себебі ол ержүрек рыцарълардың, гвельфтердің көсемдерінің бірі болған.

41. *Тегъяйо Алъдобранди* — Флоренцияға ықпалы жүрген ержүрек рыцарь.

44. Якопо Рустикуччи, үшеудің атынан үн қатқан — әрі бай, әрі Флоренцияға сыйлы рыцарь.

63. Тамұқтың ең шыңырау түбіне түсү, демек ғаламның кіндігіне ену деген мағынада.

70. Гульельмо Борсиере — атақты флоренциялық,

92. Тұңқысында сарқырап құлап жатқан қанды сулы Флегетонның шуы деген мағынада.

102. Болмашы ғана монах бауырлар мекендерген мынау көлемді монастырь мындаған үйсіздерге пана болар еді деген мағынаны береді.

106-136. Жыр күрделі символикамен аяқталады. Виргилий мен Данте құлама-құздың жиегінде тұр, ұстазы

Дантенің беліне байлап алған арқаңды шештіріп, құзға тастайды. Жырдың осы бір жері әртүрлі пайымдалған.

Данте минариттердің үшінші орденіне, яғни тыныштықты қалаған "ақсүйек" тобына кірген; осыған қарағанда, оның беліндегі арқан оны алдарқанудан сақтайтын францискалық белбеу болуы мүмкін деп түсінген жөн. Данте онымен құмарлығын басу үшін арқан ретінде пайдаланып, сілеусін ұстағысы келген-ді. Күнәкарлар жатқан қаттан өтті, енді арқанның керегі жоқ, Тамұқтың қалған қаттарына бару үшін арқаңды тұңғиыққа тастау керек; бұл құзетші — құбыжыққа Виргилий мен Дантенің келесі қаттарға тұсу үшін берілген белгісі іспеттес. Үрейлі құбыжық, (Герион) құздан шығады.

## ОҢ ЖЕТИНШІ ЖЫР

### Жетінші қат

#### Үшінші айналымның акыры: өсімқорлар Сегізінші қатқа ену

1-28. *Герион* — сегізінші қаттың құзетшісі, алдаудың символы. Бет жүзі сопы адамға, бөксесі — жылан, құйрығының ұшында бүйірінің бізі бар. Денесіндегі алабажақ, өрнектер де алдаудың бейнесін береді.

18. *Арахна* — мифтегі Лидияның данқты тоқымашысы. Афина Палладамен өнер таластырып, акырында Афина оны өрмекшіге айналдырып жіберген.

21-22. Құндызы суға алдымен бөксесін малып, артқы жағынан балықты алдандыратын сұйық шығарады да, балық жақындағанда, шұғыл бұрылып, ұстап алады. "Өзінің соғысы" деген сөздің мағынасы осылай.

34-75. Данте жетінші қаттың ең соңғы тобына, өсімқорларға жақындаиды. Олар — иғілікті еңбекті жаратқан құдайға жанай қиянат жасағандар. Жалдап, алдаушыларға да жақын, соның үшін де сегізінші қаттың шегінде азаиттануда. Ақын олардың әмияныңдағы гербтеріне қарап ажыратады, бұл олардың арсыз істерінің символы іспеттес.

59-60. Флоренциялық Джан菲尔ъяцци әулетінің гербі.

61-63. Флоренцияның майқапшықтары Убриакилардың гербтері.

64-65. Үрімбұтак, жеті атасынан бері қарай өсімкор қызыл-құлақтықпен айналысып келе жатқан падуандық Скровинилердің гербі.

68. Атақты падуандық Витальяно дель Денте болуы ықтимал.

72-73. Флоренциялық жемқорлар 1293-жылы "адалдықтың туын көтерген", жоғарғы қызмет атқарған атақты өсімкор Джованни Буйямонтені тамүкта күтіп отыр. Оның гербі үшбасты жыртқыш құс.

106-108. Фаэтон — әкесінің отты доңғалағымен ойнайдын деп опат болған Күн құдайы Гелиостың ұлы.

109-111. Икар — әкесі Делалдың тұтқынынан құтылу үшін, қанат байлап, тым биікке көтеріліп кеткенде, қауырысындарын бекіткен балауыз күн көзіне еріп кетіп, тенізге құлаған антикалық герой.

## ОН СЕГІЗІНШІ ЖЫР

**Сегізінші қат**

**Бірінші апан: женгетайлар мен алдарқатушылар**  
**Екінші апан: жарамсақтар**

1-18. Сегізінші қат. "Сығыр саңдау" деп жалпы аталады. Бұл қат бірінен бірі бөлек он түрлі апаннан тұрады. Әрбір апан бірінен бірі тәменірек. "Сығыр саңлаудың" ортасында тамүктың құзына апаратын ұлкен құдық ұңірейген. Сегізінші қатты көмкеріп түрган құз жартастар орталық құдыққа наизадай төнген.

22-24. Бірінші апаңда басқалар үшін әйелдерді азғырып, женгетайлыққа жүргендер, өз құмарын басу үшін әрекет істеген жалдағтар жазасын тартады.

28-33. 1300-жылы шіркеудің юбилейі қезінде Римнің құдайға құлшылық еткен жандары қасиетті Періште көпірі

арқылы екі топ біріне бірі қарсы қарап келе жатқан. Бұл теңеуге қарағанда, Данте 1300-жылы Римде болған дең жорамалдауға болады.

40-66. Болондық Венедико Каччанимико атақты гвельдвертер әулетінен тараған ірі жылпос, туған қарындасы сұлу Гизолабелланы маркиз Фаррарскийге сатқан.

82-96. Ясон — алтын жабагыны ізден жорыққа шыққан агронавтардың миғіткі кейілкери. Лемнос аралында патша қызы Гипсипилланың басын айландырып, дегенін істеген. Әйелдер барлық еркектерді қырғанда, Гипсипила да өз әкесін өлтірдім деп басқаларды алдаған, алайда ол өз әкесін жасырып, тірі үстаған. Ақырында Ясон колхиданың падиша әйелі Мадеяны да қолға түсіріп, соңынан тастап кеткен.

100-114. Екінші апанға мұнқіген өз құларына өздері белшесінен батып, жазаланып жатқан жағымпаздарға өтеді жолаушылар.

115-126. Луккалық, Алессио Интерминнелли — Дантенің замандасы.

127-136. Фанда — Майын тамызған зымиян сөзімен аңқау еркектерді алдап, әбжауған алған.

## ОН ТОҒЫЗЫНШЫ ЖЫР

**Сегізінші қат  
Үшінші апан: шіркеуге қиянат қылғандар**

Жартастың қуыс құбырына олардың бастары тығылған да, аяқтары аспанда ербендей, табандары отқа қарылуда. Олар тірі кезінде қажетті рухты қастерлемеген, өлгеннен соң тамұқта табандарын жын жалыны жалауда. Дүниекор тойымсыздықтарының белгісі регінде бастары асыл заттар жатқан жерге шашылған.

1. Симон, аңыз бойынша, ол әулие Петрге қасиетті рухты ақшага сатуға үсыныс жасаған. Данте шіркеу мен симонистердің қатынасын адасушылық, деп атаған.

Шіркеуді алтын әбден ыластап бітірген. Дін басылары шетізінен отқа табынушылар. Олардың жалғыз ғана құлдайы — майлышапшық,

13-21. Күнәкарлардың аяқтары ербендеғен тесікті Данте Флоренцияның діни міндеттерін өтейтін орындағы айнала священниктер тұрган қазашшұңқырға теңеиді. Бірде Данте сол шұңқырға түсіп кеткен баланы шығарам деп, едениң тасын балтамен сындырғаны бар-ды, қасиетті қорладың деп айыпталып еді, соны есіне алады.

Жиырма бірінші жырында ол айыпты өзінен алып тастайды. Тамұқтың сегізінші қатында Данте туған қаласындағы ескерткішті есіне алады.

52-54. Ұрада жазаланып жатқан папа Николай III (1277-1280). Ол Дантені Бонифаций сегізінші екен деп қалады, бұл оның орнын басуы тиісті еді де, Николай бұдан гөрі тереңге енүі керек-тін.

56. "Әйелдердің ең тамашасы", "шіркеу мағынасында".

70. III Николай — Орсина өuletінен таралған.

82-87. Папа Климент бесінші — Француз королі Филипп төртіншінің итаршысы: папалардың "авиньон тұтқындығы" содан басталған, оны Данте Сирия патшасы Антиохтан діни атақты сатып алған еврейдің бас священнигі Иасонмен салыстырады.

99. Қазынаның қаражатын жұмсал, III Николай қурескен Неапол мен Сицилияның королі Аңжуялық Карл бірінші:

106-111. Иоанның "Апокалипсис" шығармасының XVII-тaraуында суретtelген "ғажайып бұзакы әйел" мағынасында. Алайда ол шығармада отқа табынушы Рим сөз болса, Данте оны папалық Римге символ етіп алған.

115-117. Император Италия папасы Сильвестр біріншіге кеңес сұрай келген деген лақаппен папаның кеңесінен таралған жалған құжат "Константиннің тартуы" деп аталып кеткен.

# ЖИЫРМАСЫНШЫ ЖЫР

## Сегізінші қат Төртінші апан: сиқырлар мен сәуегейлер

1-24. Олар болашақты болжап білеміз дегендіктен дөмойны бұралып, беттері теріс, артқа қарап қалған.

2. Мұнда "Күдіретті комедияның" бірінші бөлімі "Тамұқ" канцона деп аталып отыр.

19-30. Данте азап шеккендерді жанымен аяп кетеді. Алайда құдайтағала күнәкар деп тауып, жазасын тартқандар үшін қуану керек деп уағыздайды дін. Мөңгілік тоzaққа түскендерді өзөр қараған Данте оларға деген өзінің аянышын жасыра алмаған.

31-39. Амфиарай — Фивага қарсы жорыққа қатысқан "жетеудін бірі". Егер соғысқа барса, өлеңтіндігін сәуегейліктің көмегімен сезген Амфиарай жорыққа қатысадан бас тартуға тырысып баққан, алайда әйелі айтып қойып, баруға мәжбүр болған. Зевстің найзағайы қақ айырган жер оны жалмап қойған.

40-45. *Тиресий* — Трояның түбінде гректерді бастаған фивалық сәуегей. Мұнда Данте Тиресийдің бір кезде қолындағы аса таяғымен шырмауықталып қалған қос жыланды үрүп қалып, әйелге айналып кетіп, жеті жыл өткеннен кейін әлгі жыландар кездесіп, қайта үргандағана қайтадан ерекк қалпына келгені туралы аңызды есіне алады.

46-51. *Арунс* — Цезарьдың Помпейді жеңетіндігін болжап білген "этрутстік сәуегей".

52-60. *Мантто* — сәуегей, Тиресийдің қызы; Креонттың қысымына шыдамай фивадан безіп, Италияға орналасып, соңда Мантуюның негізін қалаған. Виргилийге қатысы бардың барлығын қадірлекендіктен де, Данте Виргилийдің туған қаласының тарихын оның өз аузынан айтқызады.

62. *Бенако* — Гард көлінің ежелгі аты.

63. Аллемания деудің орнына "Манья" деп аталған, мәғынасы Германия.

65. *Гарда* — көл жағасындағы қала. Гарда көлінен батысырақта араларын Пеннин Альпасының алып жоталары бөліп тұрган Валь — Камоника жазығымен іккән өзен.

95-96. *Пинамонте* — Казалоди графтарын сатқындықпен құлатқан мантуюлық тиран.

106-114. Эврипил мен Калхант — Авлидадан Трояға жорықтың сәтті күнін белгілеп болжап білген гректің соуегейлері.

115-117. *Микеле Скотто* — император, Фридрих өкіншінің дәрігері өрі астрологі.

118-120. *Гвидо Бонатти* — етікшілікті кәсіп еткен соуегей, XIII-ғасырдағы Аздента астрологі.

124-130. *"Кайн"* — бұл жерде Ай мәғынасында. Ортағасырдағы Діни наным бойынша, Ай бетіндегі дақ — Каинның көлеңкесі. Айды өртеп жіберу үшін шөпшек төріп өуреге түсуге жазаланған.

## ЖИҮРМА БІРІНШІ ЖЫР

Сегізінші қат  
Бесінші апан: паракорлар  
Тіршілігінде де түнек бағып өмір сүрген  
зымиян — паракорлар осы аpanда қайнап жатқан  
қара майға батуда

37. "Сайыпқырандар", яғни жыртқыш тырнақтылар. Бұл — ілгешекті сырый, темірмен қаруланған бесінші апанның жындарының жалпы аты.

38. Қасиетті Дзита — Лукканың қамқоршы әйелі. Бұл жерде оның есімі қала атының орнына қолданылып отыр. Старшын — өкіметтік кеңестің мүшесі, аты белгісіз.

41. Бонтуро Дати — Луккадағы демократ — пополандың партиясының басшысы. Өзінің паракорлығымен бәрінен де асып түскен, тіпті сайтандардың өзі де оны мысқыламаң атайды.

48. VIII-ғасырда Константинопольден өкелінген Луккі шіркеуіндегі ағаштағы құдай бейнесі "Қасиетті бейно" деп аталған.

49. Серкъо — Лукканың қасынан аққан өзен.

96. Капрона — 1289-жылы флоренциялықтар алған Пиза өлкесіндегі қорған.

109-111. Жақындағы тау жотасымен оңай өтуге болады деп сайтандар жолаушыларды алдаң түр. Ал анығында, келесі алтыншы апаниның үстіндегі көпірлердің бәрі қираң қалған.

112-114. Дантенің сапарынан 1266 жыл бұрын Христос өлгендегі бүкіл тамұқты сілкіндірген жерсілкініс туралы тағы да еске салу.

## ЖИЫРМА ЕКІНШІ ЖЫР

### Сегізінші қат Бесінші апаниның жалғасы

1-12. Данте өзінің соғыстан алған әсерлерін есіне алады. Жоғарғы Ариода 1289-жылы Казентина жазығында, Кампальдино маңында флоренциялықтар аретиндіктерді женгендігі туралы әңгімеленеді. Онда рыцарлар қатарында Данте де қатысады.

48-54. Ескі комментаторлар бұл паракорларды наваррлық Чамполо деп атайды.

81-90. Чамполо екі сардиниялықты атайды: бірі — Галлуралық монах Гомита, екіншісі — 1275-жылы өзінің күйеу баласы Бранка д'Орья өлтірген Логодорлық Микеле Цанке.

## **ЖИЫРМА ҮШІНШІ ЖЫР**

**Сегізінші қат  
Бесінші апанның соны  
Алтыншы апан: екіжүзділер**

4-9. "Қарт" пен "Қызыққанат" жындардың қақтығысы шыншындағы суга батырып, соның салдарынан артынан өзі күрыған бақаны, Эзоптың мысалын еске түсіреді.

25. "Қорғасын әйнек" — айна, Виргилий өзін Дантенің жанды көрініп тұрган айнага теңеяді.

58-67. Иіндерін түсіре (жалған сыпайыгершілік) үүркеншігі бар оқалаған шапан киіп, қорғасындаған ауыр жүк арқалаған екіжүзділердің тобы көрінеді. Шапан-ларының сыртын алтындастып қойғандақтан да, халық оларды "боямалар" деп атаған болу керек. Мүмкін, беті ғана жылтыраған деген мағынаны береді. Инжілде екіжүзділер "боямалы табыттылар" деп көрсетіледі.

63. "Колонъя" — монахтары екіжүзділігімен атағы шыққан Рейндегі Кельн қаласы.

65. Фридрих екінші өзінің мәртебесін қорлап, айыпқа тартылғандарды қорғасын сауытқа орап, жанып тұрган отқа тастағанда, жазықтылар балқыған қорғасынмен бірге балқып кетті деген қауесет бар.

76-108. "Куаныш ортақ" орденінен шыққан екі монах гауденттармен кездесу. Бірі — гибеллин, екіншісі — гвельф, скеуі де 1266-жылы жалпы ережеге қарсы Флоренцияның подесталығына сайланған. Осынысымен партияның арасындағы алауыздықты жойып, екі партияны татуластыруға ниеттеген. Бірақ олар азаматтарды алдаң, өздерінің зымияндық ниеттерін іске асыру үшін әртүрлі әрекеттер жасаған. Кейін оларды халық біреудің бақытына "куанушылар" емес, құлқыны тойғанға "рахаттанушылар" деп атап кеткен.

108. Гардинго — Уберти деген гибеллиндік әулеттегі тарағандардың үйлеріне көрші Флоренциядағы квартал

Гвельфтерге жалданған ағайынды гауденттер ол үйлерді өртеп жіберген.

110-125. Жерде керіліп тасталған еврейдің бас священнигі арамза Канафа Христосты жазғырғаны үшін, тамұқтың керіліп тасталған. Оның жайылып жатқан денесінің үстінен ауыр сауытты айыптылар өтуде.

121. Канафтың қайынатасы — ол да еврейдің бас священнигі — Анна.

133-146. Алтыншы апанга көпірмен баруға болады дең жындардың алдағанын Виргилий Каталаноның сөзінен туғсінеді.

## ЖИЫРМА ТӨРТІНШІ ЖЫР

### Сегізінші қат Жетінші апан: ұрылар

31. "Плащта", яғни екіжүзділердің қорғасын сауытты.

86-87. Мысалдардағы жыландар.

93. Гелиотроп — асыл тас. Шаққан жыланның уын қайтаратын әрі кімде-кім оны алып жүрсе, көзге көрінбейтін болады.

106-111. Аңызға айналған құс Фениксті Данте Овидийден алған, бес жұз жыл жасағаннан кейін Феникс өзінің ұясына нард және миrra деген өсімдіктерді төсейді де, өледі. Оның сүйегінен жаңа Феникс пайды болады.

122-139. *Ванни Фуччи* — Пистоянның атақты азаматының асыранды баласы. Ол өзінің екі сыйбайласымен бірге өзінің тұған құласындағы қасиетті Иаков шіркеуінің мүлкін тонаған. Олардың жалған көрсетуімен жазықсыз пенде үсталған, бірақ нағыз қылмыстың беті кейін ашылған.

140-151. Ванни Фуччи өзінің сөзін Данте мүше болған ақ гвельфтердің Флоренциядан жойылатыны туралы ашулы сөүегейлікпен аяқтайды.

## **ЖИЫРМА БЕСІНШІ ЖЫР**

### **Сегізінші қат Жетінші апапның ақыры**

1-9. Дантеге айтқан өзінің сөзін Ванни Фуччи құдайды лорекі тілдеумен аяқтайды. Біреуді қорлаганы үшін Италия құлаларының заңы бойынша ең жоғарғы айып салынатын болған. Тамүқта да Фуччи ерекше жазаланған.

10-15. Фуччидің қорлауы мен қастаңдығы Дантенің де Пистояға деген ескі жарасының аузын тырнаң, жаулығын арттырады. Флоренцияның күндесі болған Пистояны Данте бұрыннан жек көретін.

15. "Фивада шыңдан құлап өлген" — Капаней.

16-33. Как — жартылай адам, жартылай аң. Авентин тауының үңгірін мекендерген. Ол өзінің құлығымен Геркулестің малын айдаپ әкеткен, сонысы үшін оны Геркулес өлтірген.

Дантенің шығармасында ол кентаврга айналып, "гүйстарынан бөлек жүреді", себебі ол қары ретінде ژорлықшыларды күзететін жетінші қатқа емес, жыланның ордасына орналасқан.

34-151. Фасырдың ортақ күнәсіндей болған, өзіне жақсы таныс флоренциялық бес қазына ұрлаушы көрінеді Дантеге.

Жартасқа алғаш жақындағандар: Аньелло Брунеллески, Буозо дельи Абати және Пуччо ден Галиган. Бұлар күтіп отырған Чанофра ден Донати алты аяқты жылан болып келіп, Аньелломен шырмалып, екеуі үрейлі құбыжыққа айналады. Сонында "ете жауыз жыланшық" бейнесінде Франческо Кавальканти келеді. Буозо жыланға, Франческо адамға айналып кетеді.

94-96. Лукан — ертедегі Римнің ақыны. Өзінің поэмасы "Фарсалияда" ол Ливия шөлінде жыланның шаққанынан мерт болған Сабелмен Насидийдің жауынгерлері туралы әңгімелейді.

Жылан шаққан жауынгерлердің бірі күлге айналған қайсыбірінің ісініп кеткені соншалық, тіпті үстіндігін сауыты да айрылып кеткен.

151. Франческо Кавальканти Гавилле қорғаны тұргыны дарының қолынан қаза тапқан, соңыра туыстары әмбектің қаталдықпен оның кегін қайтарған, "ол туралы Гавилле әлі де аза тұгуда".

## ЖИҮРМА АЛТЫНШЫ ЖЫР

**Сегізінші қат**

**Сегізінші апан: зымиян ақылшылар**

1-12. Флоренция туралы жаман атақ жер, суда ғашылда емес, жаһаннама да енген.

9. Прато — Флоренцияға бағынған, бірақ әлі де онымен жауласуын тоқтатпай, оның күйреуін күтіп отырған көршілік кала.

25-48. Үстінде оттың тілі сумандаган жазық, Жүріп келөт жатқан күнәкарды бүркеп алған от. Бұлар тірі кезінде өздерінің зымияндық әрекеттерімен халықтың арасына от жаққан-ды, енді мәңтілік отқа өздері қарылуда.

34-39. Өзін қорлаган балаларын аю жеген Елисей пайғамбар, Илья пайғамбар туралы інжілдегі әңгіме. Данте екі айрылыған оттың көріп, Фиваның патшасы Эдиптің ұлдары Этеокл мен Полинниктің өзара қырқысы туралы аңызды еске алады. Ағайынды екеуі қырғын соғыста бірін-бірі өлтіреді, олардың денесін отқа тастап өртегенде, туысын туысы өлтірген жауалықтың символы ретінде от екі айрылып жанған.

55-75. Екі айрылып жанған от гректің батырлары Одиссея мен Диомедтің көлеңкесін көрсетпей түр деп түсіндіреді. Олар өзара сыйбайластар ретінде жазалануда. Солардың ақылымен жасалған ағаш та Трояның түбіне жеткен: солардың зымияндығымен әйелі Дейдамияны

астап, отанына қайтып оралмау мақсатымен Троян көрігінде қосылған. Қаланы қорғап тұратын Афина Палладаның қасиетті статуясы Палладиді де үрләған солар.

60. Эндейден тараған "римдіктердің даңқты шаңырағы" 1 жүйдән шығып, Италияға қоныс аударып, рим үрпактарының атасы болған.

76-142. Уллис (Одиссея) өзінің соңғы сапары туралы оғытамелейді. Әңгіменің желісі мен түйіні Гомердікінен мұлде болек. Гомердің айтудынша, ұзақ сапардан кейін Уллис тұган шаны Итакага адал жары Пенелопаға қайта оралады. Ал мұнда сиқыр әйел Цирцеяның тұтқынында бір жыл болғаннан кейін, Уллисс өзінің серіктерін жаңа сапарға оліктіріп, Жерорта теңізінің жағалауы мен аралдарында болады да, Геркулес бағанасының әрі жағы Гибралтардан бір-ақ шығады. Содан соң олар онтүстік шығысқа бұрыльып (Лінтенің айтуды бойынша онда құрлық, жок), елсіз-күнсіз жарты шарға келеді. Олар аспанның онтүстік полюсынан жүлдіз көреді, яғни экваторды кесіп еткен. Сапар бес айдың жүзіне созылған. Ақыр аяғында алысан тау көрінген (комментаторлардың айтуды бойынша, Дантенің гарасат тауы). Сұрапыл дауыл тұрып, алла рұқсат етпеген іс істеген шақырларды теніз жұтып қойған. Бұл да Уллистің (Одиссеяның) серіктеріне берген жаман ақылы еді. "Күдіретті комедиядағы" Уллистің тарихы Данте қиялышың жемісі деп жорамалдауға болады.

## ЖИЫРМА ЖЕТИНШІ ЖЫР

**Сегізінші қат**  
**Сегізінші апаниның ақыры**

1-15. Денесін от бүркеген, зар еңірей жақындаған күнәкар Дантенің есіне ішіне адамдарды тығып өртеу үшін агрігенттің жауыз патшасының әмірімен афиндық ұста Перилл жасаған мыс өгіздің мәнірекенін түсіреді. Ол оғиздің ішінде бірінші болып Периллдің өзі өртелінген. "Саяап болған", — дегенді қосады Данте.

16-129. Жақындаپ келген — Романьяның атақты синьоры, гибеллиндердің көсемі Гвидо да Монтефельтро.

40-42. Ол кезде Равенна мен Червъяны Франческа да Риминидің әкесі Гвидо да Полента билеген. Оның гербі — сары матаға тігілген қызыл бүркіт.

43-45. Мұнда еске алынып отырған гибеллиндердің Романьядағы орталығы Форли қаласы. 1281-жылы бұл қалаға қарсы папа Мартин төртінші француздардың қосымша отрядін қосып, гвельфтердің әскерін аттандырган. Қаланы қоршау, қашан Монтефельтро қоршагандарды қиратқанша, екі жылға созылған, 1300-жылдан аз уақыт бүрүн гербінде жасыл арыстаны бар Орделаффи қаланы алған.

46-48. Барбос Веруккью мен оның күшігі — 1295-жылдан бастап Риминидің синьоры, Джанчотто мен Паоланың әкесі. Күшігі — үлкен ұлы Малатестино. Монтанья — өзінің әкесінің тілін алып, Малатестино өлтірген риминия гибеллиндерінің көсемі.

19-51. "Ламонадағы бекем тірек" — Фаэнца, ал "Сантериодағысы" — Имола, екеуін де Магинард Пагани билеген.

52. Чезена. Саво өзеніндегі папа Бонифаций сегізінші "айттым бітті, кестім үзілді" деген папалық билікті пайдаланып, күнәсін өзі жұмақ болып, Монтефельтроны зымияндық әрекеттерге итермелеп, оны қосымша күнәға еліктірген.

85-88. Папа Бонифаций Латеран маңындағы үйлерді иемденген Римнің Колонна дейтін атақты әuletімен қырқысқан.

89. Акра қаласы, 1291-жылы сарациндер алған, христиандардың Сириядың соңғы мекен-жайы.

94-95. Алапеспен ауырған император Константин Римнің солтустігінде, Соракте тауында жасырынып

жүрген папа Сильвестр біріншіні шақыртып алыпты-мыс, папа оны дертінен айықтырыпты-мыс деген аңыз бар.

102. Пенестрино — Колонна әuletіне қарайтын қорған; "үедесі көп те, орындауы аз" деген онтефельтронның ақылына еліккен папа ол қорғанды құлықпен алдаап алып, жермен жексен етіп жойып жіберген.

136. Келесі тоғызыншы апанның қунәкарларын қарама-қайшылықпен анықтайды, олар: "бөлшектеп алып езгіні қүшейткендер", яғни адамдарды бірін-бірін айырып, әраларына от тастап, осынысымен де өздерінің қунәларын да, алдағы жазаларын да ауырлатып алғандар.

## ЖИЫРМА СЕГІЗІНШІ ЖЫР

### Сегізінші қат Тоғызыншы апан: алауыздық тудыруышылар

Бұл қатта діни бөлінушілікті, саяси тартыс, өзара жанжалды қоздыруышылар азаптанады. Бірлік пен тыныштықты жоғары бағалаған Дантенің көз алдында бұлар қүнөнін ең ауыры бол санаатын. Мұнда құнасына жазасы сай келеді. Сайтан қунәкарлардың быт-шығтын, пәре-пәресін шығарады. Қайта айналып шыққанша олардың жазасы жазылады да, "азапты жолдың бұрылсында" жаза қайталанады.

8-9. Пулилер елі, Апулия — төмендегі соғыстар болып откен Оңтүстік Италия мағынасында.

10. Трояндықтар — Оңтүстік Италияны бағындырған Әнейдің серіктегі.

10-11. Ұзакқа созылған соғыс — біздің дәуірімізге дейін — 218-202-жылдары болған Рим мен Карфагенің Пуникалық соғысы; Канна маңында римдіктерді Ганибал өлтіре жеңіп, Римнің өлтірілген атты әскерінің жүзіктерін тонаған.

14. Робер Гискар — он бірінші ғасырдағы Нормандия жауап алушысы.

16. Чеперано маңында, яғни Карл Анжуйский құлатқыш Фридрих екіншінің баласы король Манфредтің тізімінен бүккен Беневенто маңы.

18. Тальякоццода Карл Анжуйский Конрадиннің әскерін талқандаған, оның бұл жеңісіне француздың айлакер рыцары Алар ле Валлеридің ақылы көмекші болған.

22-62. Мұсылман дінінің негізін қалаушы Мұхамедтің кездесу. Дантенің айтудынша, ол халықтардың арасында сұрапыл қайшылық туғызған, дүниежүзілік діни жанжалдың айыпкері.

32. Фазіреті Фали — Мұхамедтің үмбетінің арасында алауыздық туын көтерген.

55. Фра Дольчино — Италияның солтүстік батысының кең тараған мистикалық, және революциялық, демократиялық, "әулие бауырлардың" басшысы. Ақсүйек феодалдар мен шіркеу иелеріне қарсы болған шаруалар көтерілісінің қайтпас-қайсар көсемі, тендік негізінде ерікті шаруалар қоғамын құрмақ, болған. Ресми шіркеу оған крест жорығын жариялаган, оған Новара қаласының тұргындары да қатысқан. Дольчино өзінің жақтастарымен бірге таудағы ұзақ қоршауға тәзген де, ақыры аштық, буын, берілген. Ол 1307-жылы Новарда отқа өртелген. Данте оны діни алауыздықты тудырушының өкілі ретінде айыптайды. Мұхаммед оған достық, сақтаңдыруын жолдайды.

64-90. Пьер да Медичина — жақындастып кеткенінің барлығымен жауласқан болониялық.

76-90. Пьер да Медичина айтқан уақыға былай еді: "Қыли жауыз" Малатестино, Риминидің қылышынан қан тамған әкімі, өзінің шағын қаласы Каттоликке Фано қаласының атақты екі тұрғыны Гвидо дель Кассеро мен Анджолелло да Кариньяноны шақырады да, олар жүзін

көле жатқанда өзінің қойған адамдарына екеуін теңізге тастанады, бораны қауіпті Фокара мүйісін айналып өткен олар құдайға құлшылық, та ете алмай қалады.

91-102. Курион — римнің шешені (Луканның айтуы өйінша) Римнен қуылып, Риминидегі Цезарьға барып, оның Рубиконға өтіп, азамат соғысын бастауына кеңес береді. Күнәні Риминиде істеп, тамүққа түскендіктен, "Ол қаланы мәңгілік көргісіз". Соңдықтан да Данте одан: "Жанары жайсыз мынау кім?" — деп сұрауға мәжбүр болады.

103-111. Москва деи Ламберти — 1215-1216-жылдары атақты рыцарь Буондельмонтенің Амидея өuletінен таралған қалындығына уәдесін орындауда үшікжан Флоренциядагы өuletтер арасындағы қанды кекті бастаушылардың бірі.

112-142. Берtram де Борн — ағылшын королі Генрих өкіншінің ұлдарының бірін әкесіне қарсы көтеріліске итермелеген оңтүстік Францияның рыцары, атақты трубадур.

136-138. Інжілдегі Ахитофел, Израил патшасы Дәүіттің кеңесшісі, Дәүіттің баласы Авессаломды әкесіне қарсы қойып, оны өлтірткен.

## ЖИЫРМА ТОҒЫЗЫНШЫ ЖЫР

**Сегізінші қат  
Тоғызыншы апанның ақыры  
Оныншы апан: жалған металл жасаушылар**

13-36. Джери дель Белло — "алауыздық сепкен", Дантенің туысы.

29. Сеньор Готфорсий болған Бертран да Бори.

58-66. Эгина аралының тұрғынын тұтас қырып, жаңа үрпақ, құмырсқадан қайта жаралған үрейлі теңіз туралы аңызды Овидий "Метаморфозысында" суреттеген.

109-120. Ариендік Гриффолино тамұқта алхимик ретінде жазаланып жатқаңдығын, съеннің епископы оны мұнысы үшін отқа өртемеген, өзінің сүйікті оқушысы Альбера Дедалға ұсап аспанға үшпақ болып, үшуды үйрөн деген өтініш етеді, Гриффолино оған үйреткенесиді, оны осынысы үшін епископ отқа жаққаңдығын әңгімелеп отыр.

121-139. Жеңілtek Альбероның мінезі Дантеге съеннің діктердің ақымақтығын дәлелдейді. Соңдықтан да 1293-жылы Съенде отқа өртенген алхимик Капоккьо съеннің ақымақ ысырапқорлары мен малышылары туралы мысқылмен қайталайды.

## ОТЫЗЫНШЫ ЖЫР

**Сегізінші жыр**  
**Оныншы апаниның ақыры**  
**Қолдан адам, ақша, сөз жасаушылар**

1-12. Юпитерді Семеладан қызығанып Юнона алдымен Семеланы өлтіріп өш алады. Одан соң Юнона Семеланың күйеуінің қарындасты Иноның ері, Фиваның патшасы Афамантага өзінің әйелі мен балаларын өлтірткізеді де, Семеланың бүкіл туыстарын жойып жібереді.

22-45. Аретиндік Гриффолино басқаларды қыршып, жүгіріп жүрген екі жалаңаштың бірі Джанни Скикки, екіншісі — Мирра екенін түсіндіреді: екеуі де “ойдан адам жасағандар”, яғни басқаның атын жамылуышылар.

31-45. Джанни Скикки, Кавальканти өuletінен шыққан флоренциялық, өзінің досы Симоне Донатидің өтініші бойынша, Симоненің туысы Буозо Донати өлгендеге, өліктің орнына жатып, нотариусқа өсиет жаздырған. Осы кезде ол ақшадан бөлек марқұмның ең таңдаулы қашырын өзінің атына қалдырған.

37-42. Мирра — кипр патшасының қызы, өз әкесіне өзі жаратылысқа жат қылышпен ашына болып, өзі басқа біреу болғансып, қылмысты құмарлығын басқан.

46-90. Маэстро, Адамо, Арноның жоғарғы жағындағы Казентина жазығының Ромена қорғанынан Гвиди графтарының еліктіруімен келген: бір жағында Флоренцияның гербі — ғұл бар, бір бетінде Иоан Крести-түлдің бейнесі бар жалған алтын тенгелер жасап шығарған.

78. Бранда — Ромена маңындағы бұлақ, көзі (бастау).

91-99. "Жалған сөз жасаушылар", демек өтірікшілер, олар мәңгілік сандырақтайды.

97. Інжілдегі Пентефрия. Иосиф қарамай қойған соң, ол туралы өсек таратқан.

98. Грек Синон, арандатқыш ағаш атты қалаға кіргізуге траяндарды көндірген.

129. "Нарцисстің сұзы" мифтік әңгіменің кейіпкері, тамаша Нарцисс айнадай судан өзінің жүзін көрген.

## ОТЫЗ БІРІНШІ ЖЫР

### **Алыптар құдығы Тоғызыншы қатқа ену**

1-6. Аңыз бойынша, Ахилл әкесі Плейден өзі жаракттанған жарасын өзі ғана сүйкеп кетіп жазатын найза алған. Бұл жерде Виргилийдің сөзі сол найзага теңестіреледі: сөгіп, кінәлап, сөйлеп жұбатады деген магына береді.

12-18. Ақын Ронсевалья жазығында жауы жаншып баратқанда, кернейлетіп дыбыс берген Ұлы Карлдың жиені Орланданың кернейін еске алады.

19-33. Алыптар Уранның (аспан) және Геяның (жер) ұлдары Юпитерді (Зевсті) жеңіп алуға әрекет жасаған, алайда Зевстің қаһарына ұшырап, жай түсіп, тамүққа тасталған.

41. *Монтереджоне* — он екі мұнаралы Съеннің маңындағы қорған.

46-79. Немврод (мықты күшті) — аспанға тірелетін бағана орнатуды ойлаған ұлы сейілші Вавилонның тұңғыш патшасы (інжіл бойынша) оның бұл ойын орындағатпау үшін, құдайтағала құрылышылардың тілін әртүрлі қылыш жіберген де, олар бірін-бірі түсінуден қалған.

59. Қоладан жасалған өте үлкен бүршіктің бейнесі, қазір Ватиканның бағында.

63. Фрисландияның тұрғындары өздерінің ұзын бойшаңдығымен белгілі болған.

82-111. *Эфиальт* — алыптардың құдайға қарсы құресінің жетекшісі.

98. *Бриарей* — жұз қолы бар алып.

112-145. *Антей* — өзінің қуатын жер-анадан алған, арыстанмен ғана тамақтанған алып. Алкід — Геркулес Антейдің жерге аяғын тигізбей жеңген. Антей құдайға қарсы соғысқан алыптардың қатарында болмаған; ол бұл уақытта Африканың Баграда жазығында аң аулап жүрген, онда кейін рим қолбасшысы Үлкен Сципион Ганнибалды жеңген.

124. *Тифон мен Титий* — алыптар.

135. *Гаризенда* — Болонъядагы көлбеу мұнара.

## ОТЫЗ ЕКІНШІ ЖЫР

**Тоғызынышы қат  
Сатқындар, Канна, Антенора**

11. *Амфион* — аңызға айналған музықант. Фива қаласына қорған салу мақсатымен, ол музыкалық аспабын алып ойнағанда, тастар өздігінен қаланыпты деген сөз бар.

16-19. Тоғызынышы қат төрт орталықтан тұрады: Бірінші орталық, — Каина: жақындарының, туыстарының түбіне

жеткендер жазаланатын орын. Бұл бөлім өзінің бауыры Авељді өлтірген алғашқы Адам ата мен Хаяу аナンың ұлы Каниның есімімен аталған.

Жазалылар жаһаннамның ең түбіндегі Коцит көлінің құтқан сүйінде кеңірдектеп тұрады. Оларды шегендеген мұз — олардың қанішер қatalдығының белгісін анықтағандай, Мұзды қөл Люцифер қамалған орталыққа қарай көлбекен.

27. *Танаис* — Дон өзенінің ертедегі аты.

28-29. *Тамберник* — Славониядағы тау; Пъетрапана — Тосқанадағы тау.

33. Шілденің ыстық, күнінде деген мағынада.

34. "Ұятын жасырған" — бет-жұз деген сөз.

40-60. Ағайынды графттар Мангона, тосқаналықтар, бірі тибеллин, екіншісі — гвельф, әкенің мұрасына таласып, бірін-бірі өлтірген.

62. Артур — өзінің тағын тартып алғысы келген өз ұлын өлтірген Британияның аңызға айналған кейіпкері: наиза шанышқаны соншама, өліктің денесіндегі тесіктен күн сәулесі көрінген.

63. Фокаччадеи Канчельери дейтін атақты әулеттен таралған, өзінің немере інісін айуандықлен өлтірген.

65. Сассоль Маскерони, өз ағасының мұрасына ие болу үшін, оның жалғыз ұлын сатқындықлен өлтірген атақты флоренциялық,

67. Камилоне — Паццилар әулетінен, өте күшті флоренциялық феодалдар, өз тұқымын өзі сатқындықлен олтірген.

68-69. Карлино де Пацци — жауладырына сатылып, өз партиясына жауыздық істеген флоренциялық, Данте бойынша, ол ең ауыр күнәкар ретінде Антенорада жазалануы тиіс.

70-139. Екінші орталық — Антенора: гректерге трояндықтарды сатқан троян көсемінің атымен аталады. Бул жерде отандарына опасыздық еткендер мен олардың жақтастары жазаланады.

73-111. Даңтеге өзінің атын айтқысы келмеген — Бокка делі Абати, флоренциялық 1260-жылы Монте Аперти жанындағы айқаста флоренция әскерінің ту ұстаушысының қолын қызып, жау съендіктедің женүіне көмектескен.

112-123. Буозо да Дуэра, француз әскерлерінің қолынаң келген қарсылығын көрсетпей, Италияға ендріп жіберген Карл Анжуискыйдің жалдамалысы, Кремонадағы гибеллиндердің көсемінің бірі.

119. *Беккария* — Валломброзадағы монастырдың аббаты, Флоренцияға опасыздық істеп, басы алынған.

121. *Джанни Сольданьеर* — гибеллиндерді сатып, гвельфтерге өтіп кеткен әулетті флоренциялық.

122. Ганнелон — Роланд пен Ронсеваленің өлімінің айыпкері. Тебальделло — фаэттік сатқын.

130-131. Тидей — Фиваны қоршаган жеті патшаның бірі. Фивалық, Меналиппо ауыр жарагаған ол өліп бара жатып өзінің жауын өлтіріп үлгерген, достары өлтірген адамының басып әкелгенде, Тидей өлі басты шайнай бастиған, аузынан ешкім айыра алмаған.

## ОТЫЗ ҮШІНШІ ЖЫР

### Тоғызыншы қаттың жалғасы Антенораның акыры

13-78. Уголина делла Герардеска, Лукка мен Флоренцияға бірнеше қорғанын берген Пиза коммунасының билеушісі, архиепископ Руджери оны опасыз деп айыптаған,

пизалықтарды оған қарсы қойып, екі ұлы, екі немересімен (Данте бойынша төрт ұлымен) мұнараға қамап, аштан өлтірген.

33. Гваланди, Сисмонди жөне Ланфранки — өкімет билігіне таласқан Уголиноның жауалары, атақты пизалықтар.

82. *Капрара мен Горгона* — Пиза қаласы түрған Арно озенінің сағасына жуық Тиррен теңізінің кішкене аралдары.

88. "Фиваның қарашығы" — Пизаны Фивадан шыққанда тұргызған деген аңыз бар. Ол да Фивага ұсал, ішкі өзара қырқыстан екідай болған.

88-89. Угуччоне мен Бригата — Уголиномен бірге опат болған немересі мен ұлы.

91-157. Үшінші орталық,— Толомея — өзінің дастарқаңдастарына опасызық, жасағандар. Бұлай аталу себебі, Маккавей кітаптарының айтуы бойынша, Абботың баласы Птолемея өз туыстарын тойға шақырып, барлығын қырып тастаған. Соның атымен аталуы мүмкін.

118. Альбериго — Фаэнцадағы гвельфтердің көсемі, монах; ол да достық дастарқаңға шақырып, өзінің туыстарын жауызыдықпен өлтірткен. "Жеміс әкеліндер" деген оның сөзі жалданған кісі өлтірушілер үшін шартты белгі болған.

126. Атропос, яғни өзгермейтін — адам өмірінің жібін үзетін үш серіктің бірі.

134-147. Бранка д'Орья — Генуяның рыцары, өзінің атасы Микеле Цанкені дастарқаңға шақырып, айуандықпен өлтірген.

## ОТЫЗ ТӨРТІНШІ ЖЫР

### Тоғызыныш қаттың ақыры Джудекка, Люцифер — Оңтүстік жарты шарға шығу

1. "Тамұқ патшасының туы жақындағап келеді" — Сормен сойқандық мекендереген жаһаннам тунегінің ортасына Дантені апаратардағы Виргилийдің ескерткені. Ақын бұл арада шіркеу гимнінде айттылатын латын өлеңін айтады.

10-15. Мұз басқан көлдің соңғысы Джудекка дең аталағы, Христосқа опасыздық істеген Иуданың аты қойылған. Мұнда жазаланғандар мұз қабаттарымен бірге қатып тұр. Қайсыбірі жатқан. Есқі анықтама бойынша, бұлар дәрежесі де, қадірі де тепе-тең өздеріне ізгілік жасағандарға опасыздық еткендер. Ал бастиарымен мұзға қатқандар — ұстаздарына, мемлекет билеуші жоғары дәрежедегі үлкендерге опасыздық еткендер. Бастиары жоғары қарал тұрғандар — өздерінен тәменгілерге қиянат істегендер. Ал енді доғаша иіліп қалғандар — жоғарғыларға да, тәменгілерге де опасыздық жасағандар.

34. "Жаратқанға көз алартып" — яғни құдайдан да жоғары болуды армандаған, оған опасыздық істеген.

37-45. Люцифердің үш басы құдайдың үш басына бұрмаланған қарама-қарсылық (ортағасырлардағылардың ұғымы бойынша) өктемдік құдіреттілікке дәрменсіздік пен әлсіздік қарсы қойылған: ақылдылыққа — надандық, махаббатқа — жауыздық қарсы қойылған. Сайтанның да бет-жүзінің үш бояуы берілген қызыл тұс — өшпенділіктің, ақсары тұс — әлсіздіктің, қара тұс — надандықтың белгісі. Үшеуінің де жоғары жағында Люцифердің тәбесіндегі айдары — менмендіктің белгісіндей.

55-67. Дит, сайтан, әр басының азуымен күнәкарлардың быт-шытын шығарады. Аспан мен жердің құдіретіне опасыздық еткен ауыр қылмыстылар осынай жазаланаңды. Ортадағы бастың азуындағы сайтан тырнағымен терісін сыдырған Иуда Искариотский. Люцифердің күйреуіне

Бара-бар күнәға батқандықтан, Иуданың басы сайтанның пузында. Иуданың жазасы симонистердікіне үқсайды, себебі ол отыз тыңдық күміске оқытушысын сатқан (19-жыр). Екі жақтағы екі бастың азында Юлий Цезаръды өлтірген Марк Юний Брут пен Кассий. Брут азабын қынқ, үтпей көтеруде. Иуда опасызben қатар ең ауыр күнәкар ретінде Брут пен Кассидің де жазалануы оқушыны бәрінен бұрын таңдандырады, бұлар Римдегі республикалық құрылыштың курескерлері әрі қорғаушылары еді. Бұл жаза Дантенің саяси теорияларымен анықталады. Дантенің козқарасы бойынша, Цезарь Рим империясының негізін тұрғызуши, демек дүниежүзілік монархия мемлекеттік құрылыштың ең тамаша түрі, адам баласының игілігі үшін үте қажет деп түсінген Данте. Италия республикаларының құлдырауын бақылап, оған қарсы реакциядан туған Дантенің қиялы (утопиясы) бостандық, пен әділеттілікті қамтамасыз етіп, дүниені бірлікте ұстайтын тек монархия, оның "игілікті" билеушісі деп түсінген Данте.

70-126. Сайтанның денесімен өрмеледеу және тұсу. Жиһанкездер әлемнің орталық нүктесіне келеді. Солтүстік жарты шарда олар жердің ең төменгі қыртысына енді. Олар тамұқтың табалдырығын аттағалы бері 24 сағат өтті, мұндай жылдамдық, авторға ықтимал болып көрінген керемет жағдайда ғана болуы мүмкін, Люцифердің денесімен төмен жылжып, олар жер мен көктің дәл ортасына жетеді (Сайтанның белінің тұсы). Енді олар бастарын төмен қаратып, Диттің санынан табанына, онтүстік жарты шарға қарай өрмелейді. Көп ұзамай олар сайға түсіп кетеді. Виргилий сайтанның жүніне жармасқанды қойып, Дантенің шың жартастың үстінен отыруына көмектеседі. Данте көз алдында аяғы көкте ербендең, "дүниені тесіп өткен құртты" көреді. Виргилий Дантеге қайда тұргандақтарын, Люцифердің құлауы, одан пайда болған алаттың тарихын түсіндіреді.

127-132. Вельзевул сайтанның аяғы аспанда ербендең тұрган маңдағы жолаушылар тұскен сайдың бойындағы бұлақ Лета — күнәні тазарту бұлағы. Ол гарасат тауынан басталып, оның етегіне дейін келеді де, сол жерден бастап

жердің қыртысын жарып, ғарасаттың бар күнә туралы естелігін тамүққа ағызып кетеді; адам баласының айуандық істерін тамүққа жеткізген тозақтың қанды езендері сияқты күнәдан жуындыру бұлағы Лета ді тамүқтан күнәкарлардың ғұмырын жинап алып шығады.

133-139. "Құдіретті комедияның" бірінші бөлімінің тек жеті жыры ғана Виргилий мен Дантеңің әлемнің орталығы, тамүқтың түбінен шығып, ғарасат тауының баурайына келгендейтін баяндайды. Жердің ортасы онтүстік жарты шардың ортасымен бұлақ бойындағы бұралаң тар жол арқылы жалғасады, ақындар осы түнек соқпақден өрмелеп келеді. Жоғары көтеріліп, қайтадан жүлдыштарды көрү үшін тағы да бір тәулік уақыт керек, қапас пен қайтыдаң кейін жарық, пен жақсылыққа ену деген сез.

туралы  
сының  
қанды  
ета да  
ырады.

ің тек  
зарығы,  
айына  
жарты  
о жол  
мелеп  
көрү  
рыдан

Первож оскер тарың ЦК КПСС  
төмөнкүлдүү Ахметов  
Комитеттеги Магистр  
Муканашы, профессор  
г. р. Ала-Ата, 107-күй  
Плагиатын 147-күй

## "...НИЙНАДНАСЫУ АРНИДГА БАЖА"

# Хаттар



## “АЖАЛ АЛДЫНДА ТҮРФАНДАЙМЫН...”

Адамзат өміріне небір құлак, естіп, көз көрмеген алмағайын сілкіністерді әкелген XX ғасырдың соңғы ширегінде республика партиясы мен Үкіметін басқарған Дінмухаммед Ахметұлы Қонаев – Қазақстанның жан-жақты нағайып, өркениетті елдер қатарына қосылуына үлкен улес қосқан ірі мемлекет және қоғам қайраткері. Оның тұсында Абай мен Шоқан ескерткіштері тұрғызылып, өзге де мәдени ошақтар уық шашызы. Алматыда “Қазақстан” қонақүй, “Арасан” сауықтыру кешені, Республика алаңы мен Сарай салынып, басқа да гимараттар бой көтерді. Димаш Ахметұлы сонымен қатар ұлттық мәдениеттің өркендеуіне де елеулі еңбек сінірді. Ой мен өнер алaby Мұхтар Әуезов, Нұргиса Тілендиев, Илияс Есенберлин, Әнуар Әлімжанов, Шәмши Қадаяқов, Олжас Сүлейменов және өзгелерге деген замандастық, ағалық қамқорлығы мен жанашырлығы аз болған жоқ. Тау перзенті, ақылқ қызын Мұқатаевтың да СОКП Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д. Қонаев атына хат жолдауы да жайдан-жай емес. Одан М.Мақатаевтың азаматтық та, ақындық та бітім-болмысы аңғарылады. Оны Мұқатаали мұңы десе де болғандай. Ол бұл кездे шеберлік шынына шығып, нағыз рухани биікке көтеріліп еді.

Сейтіп талай тіршілік сергелденінен соң хат жазылды. Бірақ ол уақыттыңда арнаған кісіге жіберілмей қалды. Неге? Бұл – жан жұмбағы. Біз қолдагы қолжазбаны тутел жариялай отырып, ақынның сол кезде қандай көңіл күйде болғанын білуді парыз санап, оған қазіргі оқырман өз төрелігін жасай жатар деп ойлаймыз...

“Егемен Қазақстан”.

Члену Политбюро ЦК КПСС,  
Первому секретарю ЦК Казахстана  
товаришу Динмухамеду Ахметовичу  
Конаеву  
от поэта Макатаева  
Мукагалия, проживающего  
в. г. Алма-Ате, по улице  
Панфилова, 147 кв. 95

## ПИСЬМО

Глубокоуважаемый Димаш Ахметович, посылая Вам несколько необычное письмо, заранее прошу прощение, что я урываю у Вас дорогие минуты, которые Вам так необходимы. Я этого понимаю. Но я не могу иначе поступать. Потому что чаша моего терпения переполнена, притом письмо отложивалось на моей душе годами. Честно говоря, боялся, струсил выложить вам все, что меня беспокоют. Есть причины почему я струсил, почему я не сообщал Вам раньше. Об этом-то скрепя сердце, ничего не утаивая, расскажу Вам дорогой Димаш-ага.

Я родился в 1931 году 9 февраля в Алма-Атинской области, Нарынкольского района, в колхозе им. Энгельса Чалкудинского сельского Совета, в семье колхозника Макатаева Сулеймана и Макатаевой Нагиман.

Отец мой Макатаев Сулеймен был один из организаторов колхоза, после чего он...

Асағұзырлы Димаш Ахметұлы, қапелімде Сізге хат жолдағ, өзіндігे тым қажетті асыл уақытыңызды сәлдә болса да алғанымға алдын ала ғапу етінемін. Бұны бек түсінімін. Бірақ, мен басқаша батылдыққа бара алмаған болар едім. Төзімнің де шегі бар емес пе, оның үстіне бұл шатпақ, ұзак, жылдар бойы жаңығымды жегідей жеп келді.

Ашығын айтқанда, Сізге мені мазасызданырған жайлардың бәрін жайып салуға, біртүрлі қорқасоқтап жүрексініп жүрдім. Бұларды бұрын айтпағанымның да өзгеше себеп-салдары бар болатын. Сол туралы, қымбатты Димаш аға, еш бүкпесіз жүргегіммен қан жылап тұрып айтсам дег едім.

Мен 1931 жылы 9 қаңтарда Алматы облысы, Нарынқол ауданы Энгельс атындағы ұжымшар, Шалқөде ауылдық, кенесіндегі шаруалар Сулеймен Макатаев пен Нагима Макатаеваның отбасында дүниеге келіпши. Экем С.Макатаев ұжымшарды тұнғыш үйімдістырушылардың бірі еді, соңынан сол шаруашылықты басқарды. Кедейлер зау-затынан шығып, коммунистер қатарына кірді. Ұлы Отан соғысында Калинин маңайында 1942 жылы ерлікпен қаза тауып, артына кәрі шешесі, әйелі мен үш ұлын қалдырып кетті. Онда мен тәртінші

сыныпта оқытынмын. Біз майдан шебіндегі болмасақ, та, сол жаралы жылдардың тақсіретін жүргітпен бірге тартқанымыз аян. Ұжымшар даласы мені мен тұрғыластарымның нарың мектебі болды. Ыңғырағы айналған аттар мен егіздер жеккен соқа айдаپ, тұқым сеуіп, масақ, теріп, шөп шаштық, біз. Содан кейін ғана партага отырып, біз қалай болса солай оқып, қалай болса солай оқыпты. Бұл өткендегі мен өткелектер шопаннан бастан ақадемик, студенттен бастан партияның қарапайым қызметкеріне дейін жылы қабылдаған шығармаларымда көрініс, шешім тапты. Кешірініз, айтайын дегенім бұл емес еді. Мен өзімнің өзекті өртеген өкінішті салдыр-салак, өмірім туралы, тұған әдебиетке қалай келгенім туралы, он екі жыл бойы қазақ, кеңес жырына не қосқаным туралы, тіршілігімде (әйтеуір шығармашылық, та емес) сүйінген және күйінген сәттерім туралы айтым келеді. Элкисса.

Интернатта онжылдықты бітіргенмен кейін отбасының күрделі ауыр түрмисына байланысты жоғарғы оку орнында білім алуды жалғай алмадым. А나ам қартатқаң тартып, сырқаттана берді. Кіші бауырларым әлі мектеп қабырғасында еді, әжем жарықтың әбден күйі кетіп, шаңырақтың треуі жалғыз өзім болып қалдым. Ауылдық, кеңестің хатшысы, Қызыл отаудың менгерушісі, ұжымшар комторғы қызметтерін атқарып, бірнеше жыл жеті жылдық, мектепте үстаздық, еттім. Он сегіз жасында үйлендім, биыл оған жиырма бес жыл толады. Жұбайыммен төрт бала тәрбиелеп отырмын, тұнғышым университетте оқып, алдағы жылда бітіреді. 1961 жылы мені аудан орталығына шақырып алыш, "Советтік шекара" атты аудандық үнжарияның жауапты хатшысы етіп бекітті. Үлкен сенім артып, СОКП қатарына алды. Бұған қанағаттанып, аянбай адал еңбек еттім. Бірте-бірте шығармашылықпен жасырын айналысып, қорлазбамды ешқандай редакцияға жолдамай, іштей булыптып, іңкәр ізденіске түстім. Өзімше орысша үйреніп, әлем және басқа да классика көркем ой қазыналарымен таныстым. 1962 жылы көптен бері ойда жүрген В.И.Ленин туралы поэмалар топтамасын аяқтап, оның үзінділерін "Социалистік Қазақстанға" жіберіп едім, артынша жарық көрді. Одан кейін республика басылымдарында өлеңдерім жиі-жиі жарияланып, теледидар мен радиодан беріле бастады. Жамбыл, Маяковский, Сейфуллин сияқты ізашарлардан кейін мен көсемге фәнилік пенде ретінде қарап, оның азаматтық бейнесін барынша ашып көрсеткім келді.

Олар 1964 жылы "Ильич" деген атпен жарық көрді. Сол поэмамен мен қазақ әдебиетінің есігін аштым. Сонымен бірге өмірде де, өнерде де менің мандайымды тауға да, тасқа да соққан кезең басталды.

1962 жылы (Н.С.Хрущевтің кезі) біздің ауданды жойып, тұған үжымшарды екі шақырым жердегі жаңа қонысқа аударды. Бұл колхозшылардың қалтасын қағып, көп қындық, келтірді; оз үйінді қиаратып, жаңадан ірге көтеру оңай ма? Экемнің мәндай тері сінген мектеп те бұзылды. Ғимарат оның көзіндей корінуші еді (Бұл шынында да солай болатын, керек десеніз, асыл мұра ретінде одан бір суретте қалған жок). Аудан іріленген соң, біраз қызмет төсінде оның қысқартылды. Мен тәуекел етіп, жұмыс та, баспа на да болмай тұрып, үлкен үмітпен астанага көшіп бардым (төрт бала, анам мен зайдың және кіші інім бар еді). Бір бөлмені отыз сомга жалға алыш, "Социалистік Қазақстанға" әдеби қызметкер болыш орналастым. Эйелім қазақ, тіл мен әдебиетінің маманы бола тұrsa да, мектептерде орын болмай шықты. Тіршіліктө тұрмыстың түйткілдері көп, үлкен қызыым алтыншы сыйнышта оқып жүріп алатқа ұшырап, дүние салды. Бір жыл газетте қызмет істеп, демалыс алыш ауылға кеттім. Бірінші мамыр мерекесіне тап келіп, онда үш күн қідіріп қалдым. Кешіккенім үшін жұмыстан шығарып жіберді. Енді мен үшін ең қын күндер туды. "Социалистік Қазақстандай" беделді басылымнан кеткеннен кейін қызметке орналасу оңай емес еді. Алайда үміт үзбей, өзіме, жарыма шығармашылығыма сендім. Осындаі әрі-сөрі жағдайда жүріп, Карл Маркс өмірінің Лондондағы ауыр кезеңдіне арналған "Мавр" деген поэма жаздым. Ол 1970 жылы жарылқа шықты. Онымен қатар "Армысындар, адамдар!" атты жинақ, дайындалған едім, ол 1966 жылы баспа жүзін көрді. Екі жыл өткен соң ортақ асханасты бар пәтер алыш жағдайым біршама түзеле бастады да түгелдей біржолата шығармашылыққа дең қойдым. "Қарлығашым, келдін бе?", "Мавр", "Дарига-жүрек" өлеңдер кітабым оқырманндар қолына тиіді.. Данға Алигъеридің "Адам әжуасындағы" "Тамук" бөлімін тұтас Шекспир "Сонеттері" мен Американың демократ-акыны Уолт Уитменнің "Шөп шырайын" тәржімеледім. Эрқашан уақыт шақыруына елгезек үн қосып, біздің енбеккерлердің жасампаздық тұрмыс-тіршілігін жырлап, тұған халқым, Отаным, партия туралы, маған қымбат та қастерлі тақырыптарға барлау жасадым. Егер, жырларымды есептемегенде, "Большевиктер", "Ата жүргіттан репортаж", "Алатау — Алтай — Арқа — Атырау" толғаулары солай болатын.

Бәріне де раҳмет! Эйттеуір еңбегім еш болыш, ескерусіз қалған жок, ҚСРО Жазушылар одағына мүшелікке өттім. 1973 жылы оқығым келіп, тілек білдіргенімде Қазақстан Жазушылар одағы мені Мәскеудегі Жоғары әдеби курсқа жіберді, дегенмен кейбір ез басылдағы жеке кемшіліктерімे байланысты окуды жағастыра алмағым.

Қымбатты Димаш аға! Жоғарыда айтқандағының бәрі мұлде із-түзсіз кеткен емес. Нактылай айтсам, менің ауданым

мен ұжымшар жойылып, "Социалистік Қазақстаннан" шығарылып, қызым қайтыс болыш, оған қоса бірнеше ет жақын тұған-туысқандарымның қазасынан кейін күйіні, бәрінен баз кештім. Бұның бәрі 1962-1964 жылдардың арасында (Н.С.Хрущевтің кезеңінде) болған еді. Сол түсті мен өмірімде түзелмейтін қате жібердім. Эрине, оны мойындау оңай емес. Қасакана ма, жоқ па білмеймін, өзінің төреші болыңыз, дер кезінде уақытылы жарна төлемей, СОКІ қатарынан өзімнен-өзім шығып қалдым. Билетті Совет аудандық партия комитеті тартып алды. Сыргабекова хатшы болатын. Ол тап болған жағдайда шығуға жол таба алмай тығырыққа тірелдім. Қалай дегенде де ез кінөмнан тазару үшін шығармашылықта шарқ ұрыш ойланым, толғандым, іздендім. Элгі атаған жұмыстарымның барлығы сол сілкіністерден соңы жеміс. Бар жан-тәніммен ел-жүртіммен бірге екенімді танытқым келді. Біздің қоғамда адам өзін таң шығында таза сақтау, қандай ғанибет.

Өкінішке қарай, қашама тер төгіп еңбектенсем де, бұдан он жыл бұрын жіберген қателік еш тыным бермейді маған. Кейде тұған әдебиетте қаракан басының қамын күйттейтін көлденең кек атты көріндім. Соңдықтан қателігім ешқандай жөнделмestey сезініп, ұнжырғам түсіп, көленкеде қалуга тырыстым, әлдекімдер мені де көленкеде ұстауға әрекет етті. Не істеген ләзім? Бәріне де дәріга ақын жүрек кінәл. Эйтсе де барымды салып, еңбектендім. Бәрібір женіл емес еді. Кол қаламнан қалт еткенде жағалаған жағымпаз достармен, дәлдүріш ақындармен іше бастадым. Олардың ырқына қалай түскенімді байқамай қалғандаймын. Элсін-элсін менің серілік өмірім басталды. Өзім үяттан өртене тұрсаң да құрдастарымның сәл қуаныштарына сілтейтін болдым. Ішкенімді жасырмаймын, бірақ үйіме де, басқалардың күйіне де зиян келтірген жоқтын, ал рухани жағын қайдам?!. Балқім, менің қамымды жегендер болған шығар, ез-өзімді иттің етінен жек көре турып, әденеге қорынатын болдым. Осындаі сәттерде ез ойларыммен оңашада қалып, поэзия прінен сыйыннатын едім. Айлат жазу столының жанында тапжылмай отырдым. Тек, жыр ғана менің жаныма дауа болып, дертімді емдеді. Ол маған адад, таза қызмет етті. Мен де оған қарыздар болыш қалғаным жоқ. Ешуақытта ішкіш болған емесін, болмаймын да, ал салыныш ішкен кісі ешқашан отбасын асырап, бала тәрбиелеп, ақылға қонымды әлдекандай әрекет еттейді.

Әдегте адамның күнестен гөрі, көленкеде жақтары көзге көп түседі. Нәжістің аты нәжіс. Ол адамға, әсіресе, мен сияқтыларға бір жүқса, жуық, арада одан тазару оңайлыққа соқлады. Өз іс-әрекеттерімде адамдарға ұдайы таупиксыз қарал, әсіресе ішп алғанда, имансыздыққа бой ұрып, көп

қателікке бой ұрыптын. Ешкімді күстәналамай, дөрекілік таңыттай, бетің бар, жузің бар демей, қара қылды қақ жарғандай туралығын айттынын. Ақырында осы жылғы қыңтарда Қазақстан Жазушылар одағының секретариаты мені КСРО Жазушылар одағы мүшелігінен шығарып тыңды, озіме де сол керек шығар. Ол ушін ешкімді де кінәламаймын. Кезіндеге мен Жазушылар одағының аппаратында да, "Жұлдыз" журналында да қызымет еттім. Бірақ бәрі бір өзімді орқашан базасы артық сезіндім. Ол әріптестерімнің маған деген салқын қарым-қатынасынан сезіліп тұратын, менің атыма жамалған жаманат ұдайы қаныма сіңгендей.

Күрметті Димаш аға! Қазір мен бәрінен де түнілдім. Жолдас-достардан да, әмпей ымыраластардан да, жаман әлеуеттерден де. Үйде омалып жаза беремін, жаза беремін. Бұлардың не әкелерін кім біледі? "Сырым саған, Отаным" атты жаңа кітаптың қолжазбасын дайындағым. Егер "Жазушы" баспасы немесе Қазақстан Жазушылар одағы 1975 жылғы жоспарға енгізбей, сызып тастаса тағдырым қалай болады? Екі жыл болды еш жерде жұмыс істемеймін, үлбасым үлкен, кейуана анам, төрг балам бар, әйелім жарты жалақымен мектепте үстаздық, етіп жүр.

Таяу арада менің "Аққұлар үйіктағанда" атты жаңа жинағым жарық көрді. Чилидің ұлы ақыны Пабло Нерудаға арнаған поэмам жарияланы. Сейтсе де мен өртөңиен құдерімді үзбей, жазуды жағастырып жатырмын. Жақында ғана "Халқыма хат" деген өлеңімді тәмамдадым.

Ардакты Димаш аға! Мен қырық, екі жасқа толып, жан тышшілтігін басқа тараптан іздегенімді тусіндім. Өзіме-өзім келіп, кінәмді жуып-шайып, өз ақымақтығымнан жоғалтқанымды қалпына келтіруге көмектесініз. Ажал алдында түрғандаймын, құтқара көрініз! Сіз қалай шешсеніз, солай болады.

*Ізгі ілтипаттен М.Мақатаев*

*17.V.1974ж.*

*(Қазақшалаган кім екені белгісіз).*

## БЕКСҰЛТАН!

Қалдерің қалай? Демалыс болды, бірнеше ай командировкада жүрдім де, бұрынғы хатың мен соңғысын қосып алдым десем де болғандай, айып етпе, кешірім?

Сол арпалыс тіршілік. Повесінді Ақан да оқып шыққан кейір бір пікірлерін қоспағанда, қарсы емес. Ал енді екі адамның пікірімен санасады фой, кім де болса.

Откен жыл, өзінде белгілі, ылғи бір науқанмен өтті дүни  
журнал босамады. Биылғы жоспарда тұрысқан, алаңдамай әрі  
қарай еңбектене бер. Бұл жолда адам сағын сыңдырмау  
керек, аттанбай жатып атың болдырса, сапарға аттанудың  
сәті қалай болар екен?

Әдебиет шаруаңың жұмысы, бауырым, оған жең түрін,  
жалаң аяқ кірісу керек. Еңбектен, еңбектен! Мен өз басым  
саған сенемін!

Келінгे, балаларға менен сәлем!

*Мұқагали*

13 декабрь 1966.

Жинақ, туралы "Лен.жасқа", "Жетісуға", "Қазақ  
әдебиетіне" тәуір рецензиялар жарияланды. Пікірінді іске  
асыру — өз шаруаң. Мен не дейін.

Хабарласып тұр.

## БЕКСҰЛТАН!

Аман-саумысындар? Келін, балаларға менен мың  
қайтара сәлем!

Өлең туралы пікірлерінде қосыламын. Алайда, бұл құрғыр  
поэзияға жалпы бәлен деп болмайтын сияқты. Әйтегу өз  
басым көкейге әуелде қандай ырғақден өлең туса солай  
жазам. Жазбаймын-ау, қалай шығып кеткенін өзім дің  
аңғармай қалам. Шіркін өлеңге өзім толық ерік берем.  
Оның үстінен тек ұлттық шеңберде қалып, тек ұлттық түрлі  
ғана ұстап тұрғым келмейді де, арпалысатыным сол.

Бұрын да жазған болуым керек, повестінді Ақан  
Нұрманов екеуміз оқып, жоспарға кіргізіп, бастықтарға  
ұсынғамыз, енді олар бізді аттамас деген сенімдеміз. Оның  
үстінен мынау 50 жылдық мерекеге лайықты материалдар  
жол берер емес; кешігіп жатқаны соңдықтан.

Өзім командаровка, демалыста болып, жаңа оралдым,  
жауап кешігіп қалды, айып етпе?

Хабарлас,

*Мұқагали*

20/VI 67ж.

## ХАДІРЛІ БЕКСҰЛТАН!

Аман-саулықтарынды білдім, тілектеспін солай  
булуларыңа.

Біз де орынша, тіршілік. Демалысын да, командаировкасын

да өткөріп біткендеймін. Биыл жаздай жүріс-тұрыс көбейіп кетті.

Хат жазып, хабарласып тұрғанның несі айып? Хабарласқаның жақсы.

"Күнәлі махаббатты" біз (Нұрманов Ахан екеуміз) ұнатып, ұсынғамыз, алайда, бізден жоғарғылардың алдында әлі жатыр. Әне-мінемен әлі оқымай жүр. Желкесінде отырып, мен де мазалаудамын. Өзіңе дегенім — леген, оны қалайда іске асырамын.

"Жетісу" дағынды оқып, оларға да оқыттым, ұнатып жатыр. Алаңдамай тірлігінді істей бер.

Не дейін енді, амандықтарыңа тілекtes, Мұқагали

*Мұқагали*

12/X 67ж.

## БЕКСҰЛТАН!

Рахмет, құттықтауынды алдым. Повесіңмен редакция түтел танысып құлтап жатыр; риза болғандары да жетерлік. Оншама қысқартпай, барынша түтел басу мәселесімен байланысты Хамза Есенжановке жіберілді. Ол біздің редколлегия мүшесі ғой. Оның үстіне, ашы шындықтың алдында еттеп жүрексіну де болады ғой. Өзіңе белгілі, шындықтың жарып шыға беруі — белгілі жәйт...

Қорықпа, бәрісі де менің өзіңе айтқан пікірімдей болып жатыр. Біле білсөң, мұның өзі — жарты қуаныш.

Есен-сау бол тағы да хабарлармын, үй-ішіне менен сәлем.

*Мұқагали*

14/XI 67ж.

Р.С. Жалпы жазғандарынды жинақта да, жазға кел. Біріншісіне қол тигізбе!

## БЕКСҰЛТАН!

Халдерің жақсы ма? Үй-ішке менен сәлем!

Екінші сөз — повестінді Есенжанов оқыды. Оның пікірі алдында. Қалай істесек абзал? Менімше, қысқы демалысында келесің ғой деймін. Келіп, қалай даярлад, қалай жіберуімізге қатысканың жөн ғой деймін. Хабарлас.

Сәлеммен,

*Мұқагали.*

Р.С. Есенжановтың мына пікірін жоғалтып алмай ала көл, ол түбінде керек болады.

**Бексұлтан**, қорлық тимей асығып, жолыға алмай кетіпсің қалдырып кеткен хатындан, базарлығындан білдім. — Ең өтіп кетті, амал жоқ, әйтпегенде біраз өнгімелесіп, біршама адамдардың мазасын алғып, кіріп-шықсақ па дед ем. Осында Комсомолдар мен Жазушылар Одағы бірігіп, жастардың (жазушылардың) мәслихатын өткізгелі жатыр, январьдың екінші жартысында. Баспасөзден бақылап жүрген шыгарсың тым болмаса, Одаққа кіріп, соның жәй-жапсарын да ұғынбасың ғой. Есінде болсын, кезінде менен өткен биязы (скромный) адам жоқ болатын, бұл күнде онымда тыға түруін тұра келді. Бақсам, әдебиет қана емес, жалпы әдеби өмірдегі аулақтағ, өзінше жұмыртқа басқан ақын-жазушы жоқ, еken... Кіріп, қатнасуға қақын бар ма, жоқ, па, біліп-ақ, кетуің ғой.

Сені шақыра ма, жоқ, па деген мәселемен бүтін (12/1 1969ж) бір бастыққа кірсем, әуелі тізімге жазыпты да, артынан, әдірісінді білмей, өшіріп тастапты. "Жұлдыз"дан сұраған еken, ол адамың әдірісін білмейміз, әлі қалам ақысын да алған жоқ, деген жауап айттығы. (Шынында солай ма еді?) Әлгі бастыққа айттып, тізіміне кіргізген болдым. ЦК Комсомолда Қалаубек Тұрсынқұлов (секретарь ғой) жоқ еken, командировкаға кетіпти. Келесін оған да хабарлап қоям. Шақыру барып қалар, ала қалсаң, бастықтарыңмен ақылдастып кел, қатнас.

Қолыңда қалам ұстатып, былай жазады деген көрсетпегенімен, өзің тендері құрбыларыңмен танысып, ауызекі пікірлесіп, білгіштердің дегендерін тыңдайсың ғой. Қанша дегенмен де, өз республикаң мән беріп отырған кәдімгідей мәслихат қой. Тіпті, қызық, та өтуі мүмкін. Шақыруын алсан, барып-келу қарожатын өкімет өзі төлейді.

Әнеукүнгі өзіңе айтқан повестің бірінші дәнесін ала кел. Енді оны баспаға өткізейік, менде жатқанша сонда жатсын.


Енді не айтам, із сүйтпай хабарласып тұрайық, Есінде болсын, тек қана хабарласып, пікірлесіп тұрайық, басқандай қазақшылықтың қажеті жоқ!

Балаларға, келінгे менен шын сәлем, аман-саулықтарыңа тілектестіпін!

*Мұқагали*

*12 январь, 1969 жыл.*

# Әстеліктер



## **ЕЛЕС ЖАЙЛЫ ЕСТЕЛІК**

Асылында, сарғайған қағаздың иісін сезінбейтін адамнаң сүбелі дүние жазатын әдебиетші шыққайтын болуы керек. Оңашада отырып, қиялға шома алатын адам үшін компьютердегі электронды нұсқадан гөрі сиясы сіңіп, езі үлбірей бастаған қолжазба анағұрлым ыстық, көрінеді. Фалым, қоғам қайраткері Мұрат Әуезов ақын Мұқабали Макатаевтың бүрін еш жерде жарияланбаған хаты мен аудармасының қолжазбаларын алыш келгенде ақынның жазу үстіндегі төбіренісінің күесіндей үш-төрг парақ бізің аса бір ыстық, көрінді. Алғашқы бет "өтініш" деп басталыпты. Онда ақын "Жазушы" баспасының тапсырмасымен "Тамұқты" аударып жатқаны туралы баяндапты. Өтініштің ене бойынан ақынның білімі мен қоса кішіпейілдігі ді байқалады. Одан кейінгі беттерді теменде түгелдей өздеріңізге ұсынып отырмыз. Олардың бірі "Тамұқтың" аудармасы жөніндегі сынға бергісіз, ете жоғары, Мұқабалиға тән талғаммен жазылған түсінірмे болса, екіншісі ақынның Мұхтар Әуезовке арнаған өлеңі және өзінің орысшага аударған нұсқасы.

Редакторлардың, басқа да оқып, пікір айтушылардың назарына!

Аударманы оқу үстінде мына жәйттар естерінізде болса:

1. Дастан ертеден қалыптасқан Терцины деген поэзия түрімен (формамен) жазылған. Үйқастары, біздіңшіе (қазақша), шалыс үйқасқа ұқсас, бірақ, әр шумақ, үш жолдан келеді де, кейде әрқайсысы өзінше дараланып, тиянақты бір оймен тынып, кейде бірнеше шумақ, динамикалық, байланысын үзбей, үзап барып, белгілі логикамен тоқтайды. Міне, мұңдай жағдайда, аудару үстінде, жол мен жол, тілгі шумақ, пен шумақ, өзара орын ауыстырып жетуі ғажап емес. Бірақ, автордың айтылмыш ойы бүлінбей, сол қалпында сақталуына баса көніл бөлінді. Окушылардың түсінігіне женіл болу үшін, әр шумақтың үш жолының үшеуі де үйқасып отырады.

2. Дастанды аудару үстінде, аударушы шығарманың соңындағы анықтамаларға да сүйенді. Қайсыбір шумактар орысша түпнұсқасына келінкіремей, аулақтап тұран жағдайда сол анықтамаға қарауынсызды өтінем!

3. Жасыратыны жоқ, ұлы дастанның орысша аудармасы (менің соқыр сезімімде, италиян тілін білмеймін фой) маган жолма-жол (подстрочный) аударма сияқтанады да түрады.

Поэзиялық, дүрсіл, поэзиялық, толқулар аз сияқты. Сондықтан да орысша аудармадағы кейбір әлжуаз топнегінде қалмай еркінрек кеткен де жәй бар. Поэзиялық, шығарманы аударуда ең бастысы, ойға көбірек көніл бөлуді ойдаған жөн фой дедім.

Түпнұсқадағы автор ойына жете түсінсен, әдемі поэзия жасауға да болады фой, бар сөздің бірін қалдырмай қазақшалау шарт емес-ау деп үғындым.

Басқа тілдің ерекшелігінен айнаймайын деп отырып, өз тіліндегі ерекшелігін еркін пайдаланудан қашуға болмайды ғой.

Осылар еді, назарынсызға салмағым.

M.M.

Данте: "Ад" Гослитиздат. 1939 г.

Данте. "Божественная комедия" гл. "Ад" Госиздат худ. лит. 1961г.

*Төрагасы жайасты төрге барып,  
Бос орын жоқ,  
Зал іші көмбе-халық,  
Әуезовті бір шешен мақтап жатыр,  
Аракідік тамагын кенеп алып...  
Бір бұрышқа отырдым мен де барып.*

*Жүрт мақтауда,  
Мақтаусыз сөз болмады.  
Нелер шешен жайпалтты-ау сөз жорғаны,  
Ақ шырагдан астында — төрагасы,  
Төрагасы — Әуезов қозғалмады...*

*Еңбегімен, есімен бақыты жанған —  
Айналасы Мұхаңның ақ, шырагдан.  
... Төраганың аузына қарайды жүрт,  
Қалт жібермей айтқанын қақшып алмақ,*

*Құттықтаулар, мақтаулар тыңды дағы,  
Залдың іші бір сәтке тұнжырады...  
Төрагасы сатылап сөйлеп кетті,  
Сәл ырғалып орнынан түрдү дағы.*

*Есімде жоқ Мұханың не дегені,  
(Жаңылып, жалған айтып не керегі)  
...Алдында "Абайдағы" Абай тұрды  
Әуезов жасап берген кемедегі...*

*Әрі қарай әкетті елес мені,  
Шырақ сөнді...  
Белгісіз неге өшкені?!  
(Мұхаң маған алыстан елестеді...)  
Сүр ағым...  
Сұрағым бар емес пе еді?*

*Шырақ, қайды?!  
Жаңағы жарық, қайды?!  
Кимелеп үмтүләды халық, қайды?!  
Шынымен Әуезовке маңыттай ма?!  
Мына ағын бара жатыр алып қайды?!*

*(Қалқылып, қарауылдап тұрамын ба?)  
Мен дағы қарсы жүздім бұл ағынға,  
Толқыннан кеудемді алып,  
Айғай салдым:  
— О, Мұха!  
Сұрағым бар! Сұрағым бар!..*

*Алыстан айғайлап мен қоймағасын,  
Аялдап, аңдап, шолып айналасын.  
Ағынмен арпалысқан мені көріп:  
— Айт, — деді сұрағыңды,  
Қай баласың?..  
Сұрақ та, жауап та мен қайтармадым,  
Тым құрыса атымды да айтталмадым...*

### **ВОСПОМИНАНИЕ О ВИДЕНИИ (Төрага)**

*Председательствующий устроился на почетном месте,  
Нет свободного места.  
В зале битком народу  
Один оратор хвалит во всю Ауэзова,  
Иногда смачивая горло...  
Пройдя в один из углов уселся и я.*

*Публика восхваляет.  
Без хвалы не было слов.*

*И какие только ораторы не шпорили  
иноходца слова.  
Под белым светом —  
председательствующий,  
Председательствующий —  
не слохнулся, Ауэзов...  
Трудом, разумом, добившегося цели  
Вокруг Муха белый свет.  
Тораге внемлет публика,  
Схватывая на лету его каждое слово.  
Притихли поздравления, похвалы,  
В зале задумалась толпа  
Чуть покачиваясь, вставая с места,  
Степенно заговорил Муха,  
(Ошибаясь, зачем говорить ложь)  
...На члене срубленном Ауэзовым  
Из "Абая" передо мной стоял Абай...  
Далее понесло мне видение,  
Погасла лучина...  
Без сигнала зачем померкла?!*  
*(Муха мне издали привиделся)*  
Вопрос мой...  
Ведь вопрос же был у меня?  
Где лучина?!  
Где недавний свет!?  
Куда рвется, стремится народ?!  
*Неужто к Ауэзову не подпустят?!*  
Куда несет этот поток?!..

*(Остолбонев, сторожа стоять ли мне?  
И поплыл я — таки против этого течения  
Из-под волны поднявшись.  
Крикнул я:  
— О, Муха!  
Спросить хочу! Спросить хочу!..  
На мой настойчивый крик издали,  
Промедлив, оглядев вокруг.  
Заметив меня борющегося с потоком:  
— Говори — сказал он — свой вопрос.  
Кто ты будешь, малый?  
Ни вопрос, ни ответа не последовало,  
Даже не мог сказать я свое имя...*

*"Қазақ әдебиеті", N38, 23.09.2011ж.*

## **ШЫНАЙЫ ТАЛАНТ**

Бізді сырлы сұлу жырымен, жігіттік ыстық, буымен алаңдатып; ақтарынан ақжарма көнлімен, мазасыз бүкіл өмірімен есімізде мәңгі кетпестей қалып қойған Мұқағали Мақатаевтың арамыздан кеткеніне он алты жыл толып қалыпты-ау. Зырлап, зулап өтіп бара жатқан уақыт-ай. Иә, біздін заманның ғажайып ақындарының бірі Мұқағали Мақатаевты өзін жарық дүниеге келтіріп, адам, азамат, ақын етіп жаратқан туған жері топырағының құшағына тапсырғанымызға тұра он алты жыл толады.

Біз Мұқағалиды сәл де ұмытқан жоқдыз. Ұмыта да алмаспаз. Қайта арамызға түскен уақыт оның тұлғасын зорайта, асқақтата түсіпті. Жыры жалын ақын қазақ өлеңі өлкесіндегі бір асқарға — дара Алатауға айналғандай. Шынында да, ол қазақ өлеңдерінде Қасым Аманжолов сияқты дауылдай өртке тиген өлеңімен Өмірді шайқаған құдіретті тұлға, қайталанбас кесек құбылыс. Бәрі жадымызда: Оның поэзиямызға қалай келгені. Қалай жетіліп өскені, өршігені. Амал қанша, ол барынша толысып ауылын, астанасын ғана емес, төрткүл өлем қамын ойлай бастаған шағында, сырбаз сезіміне өлеуметтік қуатты ойды, терең пәлсафанды өзек етіп, жүргегінің түбіне кір жасырмай, барлық тұлғасымен толайым көрініп, зор ақындық даусымен жырлай бастаған уақтысында, поэзияның биік шырқауларын көрсететін деңгейге көтерілген кезеңінде үзіліп кетті. Амал қанша, ол Алтайға Атырауды қоса құшақтауға құлаш ашқан кезінде, жалындаған жырларымен өзиз ата, ақ, шашты

аналардың жүргегін әлдеңдіріп, замандас құрдас-құрбының мәртебесін биіктетіп, барша ғашық, жүректерді жиі соқтырып, бөбектердің бесігін тербете бастаған шағында бұл өмірмен қоштасты. Бірақ, ол өлеңмен, қасиетті онермен қоштасқан жок, Артына саф таза ақындығын, мол да мәп-мөлдір мұрасын қалдырган еді.

Осылайша оның екінші өмірі — негізгі әрі мәңгілік омірі басталған болатын. Әрине, қара қылды қақ жарап уақыт қазы Мұқағалидың да балаң, алаң кезінде жазған жекелеген жасық туындыларын маңдайдан сипамас. Ал кейінгі нағыз ақын Мұқағалидың өлеңдеріне келсек...

Жазылар естеліктер мен туралы,  
Біреулер жан еді дер өр тұлғалы,  
Біреулер тұлпар еді дер де мүмкін,  
Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы.  
Жазылар естеліктер нешелеген,  
Көреміз бәрін оның, пешенеден.  
Әйтеуір білетінім бір-ақ, нәрсе,  
Көшеді өлең, немесе өшеді өлең.

Айдай анық, та сол. Мақатаев атты алып ақындық жарқын жүзіне, миллион адам түрлі пікір пайымдаса да, желмен желгіп қаншама жылдар өтсе де, ешбір кіреуке түспей, келешекке қарай келісті керуен түзеп көше бермек.

Міне, сол ақындық, сол өшпес өрнекті өлеңдер ертене жаңып өмір сүріп, жастардың жүргегіне, халықтың жүргегіне жарқырап жетіп, жалын құйып, өзінің жарығы мен жылуын дарытуда. Әрбір оқыған сайын жаңа сырларын аңғартып, тың толқындарын тұлатып, сырлы саздарын төгуде. Кені қат-қабат ашылып, теренге тартады. Біз оның көзі тірісінде жарық, көрген кітаптары біраз екенін білеміз. Таңдамалысы да жарық, көрді. Бірақ, оқырман қауым ақынның жарық, көрмеген тамаша өлеңдері көп екендігін біле бермейді. Иә, Мұқағалидан қалған асыл мұра бар. Бұл керемет қазына, баға жетпес байлық. Оның бәрі иесін, иемденушісін күтіп жатыр. "Жазушы" немесе "Жалын" баспасы сол маржан мұраны ортайтпай, олқыландырмай, кіршіксіз қастерлеп, аялы алаканға салып, көп кешіктірмей басып шығарса құба-куп. Бірақ, біз бұл мұраның кітап болып шыққанын күтіп,

қол қусырып қарал отырмай, оны қазірден бастап жанжақты игерे беруіміз керек. Бұл игі де ізгілікті іске "Жұлдыз" журналыға емес, басқа да мерзімді басылымдар назар аударып отырса — нұр үстіне нұр. Ақынның орны өз жүргегі, талантты, қаламы көтерген биікте болса, Мұқағали Мақатаевқа өзі көтерілген аскәр биікке лайық құрмет көрсетуге, өлмес, өшпес рухани, өнерлік ескерткіштер орнатуға тиіспіз.

Мен Мақатаевтың жарияланбаған жаңа жырларына — жүргегінің келешекке көшер сұлу, соны сырларына жолашар сезімді ақынның өз лебізімен түйгім келеді:

Қарасаз, қара шалғын өлеңде өстім,  
Жыр жазсам, оған жұртым елеңдестің.  
...Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,  
Өлтіре алмас алайда Өлеңді ешкім.

Иә, өлең өлмейді. Ендеше оны жазған ақын да өлмейді. Олай болса Мұқағали Мақатаев та көз жұмған жоқ, Қатарымызды. Құнбек-құн қасымызды. Эне, ол мұзбалаш кыранша дүр сілкініп, бүкіл залды бір өзі толтырып, жазық, маңдайы жарқырап, жарқылдаң жыр оқып тұр.

## ОЙЛАҒАНДА ӨЗЕГІМ ӨРТЕНЕДІ...

Жасым тоқсаныңда таянғанда Мұқағалиым туралы естелік айтуды құдайдан сұраптын ба мен?! ... Тағдырдың ісіне шараң бар ма. Баламның жарық дүниемен қош айтысқанына да он алты жыл боп барады. Мен әлі тірімін.

Қырық, бес жасында қыршын кеткен оның күллі қазақтың баласы боларын, ардакты ақыны атанарын, құдай ақы, туған шешесі мен де, өмірлік жары да, туған бауырлары да білгеміз жоқ. Көпшілік елде кезінде білмеген шығар... Енді қарап отырсаң, тыңдалап отырсаң, Мұқағалиымды аспанға көтеріп, өзі өлген соң еліне танытқан құдайдың берген таланты, өлеңінің қуаты шығар. Бұған да тәубе. Өзі тіршілігінде көрмеген құрмет пен қошаметті артында қалған біз — отбасы, жары мен балалары, бауырлары болып көріп жатырмыз. Қайсыбірін айтайын. Алатаудай айбарлымды ойласам, өзегім от болып жанады...

Мұқағали туралы білгісі келетін жастар, өлеңқұмар балалар маган жиі келеді.

— Апа, ағамыздың балалық шағы туралы, өскен жері жайлы, отбасы жеңінде айтып берінізші. Осыны көп елдің білгісі келеді, — деп қолқа салады. Елі үшін керек нәрсе болса әңгімелеп берейін деп осы естелікті айтып отырмын, қарақтарым.

Алматы облысының Нарынқол ауданында Қарасаз деген жер бар. Төрг жағын бірдей тау қоршаган жасыл жазықтың кең ортасында ол кездे бірнеше уақ-уақ, колхоздар болатын. Елдің негізгі кәсібі — мал бағу. Аздаң егіншілікпен айналысады. Атақты Шәлкөде жайлауының бір шеті Мұқағалидың өскен ауылына тиіп тұрады.

Мұқағалидың әкесі Сүлеймен шаруа адамы еді. Колхозда сушы, шалғышы болып жүреді екен. Мен оның ауылымен іргелес жатқан Сарыбастаудың қызымын. Тағдыр айдал, дәм жазды ма, екеуміз үйленіп, жас отау болдық. Тиын деген енem бар еді. Мейірлі, кіслігі мол жан болатын. Жоқшылық замандағы көп қындығымызды тең бөлісіп, жел жағымызға пана болып, мәпелеп өсірді.

Мұқағали түңғышым болғасын ба, енeme табиғи болып, мені жеңге есебіне санайтын. Одан кейін Қалимахан деген қыз туып едім, уш жасында өліп тынды. Әлгіден кейін туган балам Қалибекті екі жасында жер қойнына тапсырдық.. Өлген екеуінен кейін Тоқтарбай, Көрпеш деген екі балам бар. Мен қазір сол Тоқтарбайдың қолындамын.

Әлгінде айттым ғой, Мұқағалидың әкесі Сүлеймен дең. Ол ете жуас, шаруа адамы еді. Соғыс деген пәле басталғанды осы Қарасазда бір топ жігіттермен бірге майданға аттанды. Мұқағали онда он жаста. Ес кіріп қалған бала.

Міне, бүтінде елі ардақ тұтып, таланттына тәнті болып жүрген оның бейнетпен белдесуі, әділетсіздікпен бетпе-бет келі, өз бетінше болашаққа талпынуы осылай басталған. Оның жастық шағы қазір Мұқағали мұражайының деректірі болып отырған Әбдіке, комбайншы Сыдық, інісі Еркіндермен бірге өтті. Бастауыш кластарды Қарасаз өніріндегі шағын ауылдарда оқып, орта мектепті аудан орталығы — Нарынқолдағы интернатта бітіріп шықты. Ауқаттылардың балалары Алматы асып, үлкен оқу іздел жатқанда ол ауылдық кеңесте хатшы болып қызметке тұрды. Он төрт-он бес жасынан жаза бастаған өлеңінен қол үзген жоқ, Төбесі алласа үйге қалың-қалың кітаптарды үйіп тастап, бірінен кейін бірін оқытын да жататын.

Ауылдың атқа мінерлері сол кезде-ақ, таңданатын. "Нагиман шеше, сіздің тентегіңіз осынша орысшаны қайдан үйреніп жүр" дейтін... Сөйтсем, езін-өзі оқыптығы ғой шырағым.

Кейін ауылдағы мектепте де қызмет істеді. Содан аудандық газетке барды. Өлеңдері жиі жариялана бастады.

Содан не керек, 1962-жылдың жаз айында аяқ, асты бұзылды. Мені жеңге орнына санап, Нақа дейтін. Бір күні аса көңілді қалпында:

— Ал, Нақа, бұйырса, алматылық боласын, көшеміз, — деді әй-шәй жоқ,

Шынымды айтсам, мен бұған нанбадым. Өйткені астанаға бала-шагамен көше қоятындей жинаған қорының жоғын білем. Екі інісі де, балалары да жас. Мен болсам, отырған бір масылмын.

— Соңда қайда барамыз? Үйді қайтесін, балам-ау, — деймін.

— Қорықпа, Нақа! Өлеңім өлтірмейді. Асырайды  
бәрімізді, — дейді маңдайы жарқырап.

Сөйтіп, ауылдан астанага көштік де кеттік. Дайын тұрган  
үй қайда. Тастанған Шынықұл деген қазақ, шалдың  
кішкентай екі ауыз үйін жалға алды. Рас, ол кездे пәтер  
ақы арзан. Ақша да тапшы. Балам радиода, газет-  
журналдарда қызмет істеді. Анда-санда мәз болып жаңа  
шыққан өлеңдерін көрсетеді. Ара-кідік болса да қаламақысын  
алып, мәре-сәре болады.

Кең жайлауда өскен адамға ығы-жығы қалада күн кешу  
қайдан оңай болсын. Қысылып-ақ, жүрдік. Мен де, келінім  
Лашын да, Мұқағалидың өзі де сыр берmedік. Сөйтіп  
жүргенде біздің шаңырақ, аяқ, астынан шайқалды.

Мұқағалиымның Майгүл деген қызы жол аптынан  
жазым болды. Міне, осыдан бастап балам сендей бұзылды.  
Қатты күйзелді. Иығы түсіп, сылынып сала берді. Міnezінде  
ле өзгеріс пайда болғандай болды. Сөйтсем, не кітабын  
шығара алмай, не қамқор алақанның шуағына бөление алмай  
қиналып жүрген кезі еken fой. "Жығылғанға жұдырық"  
дегендей, оған қызының өлімі қосылып, жұнжіп-ақ, кетті.  
Сөйтіп жүріп толассыз жаза берді. Не жазғанын қайдам...

Пәтер жалдап бірталай жыл әуре-сарсанға түстік. Бірді-  
екілі жүқа кітаптары шықты. Қазір қай жыл екенін де  
ұмыттып отырмын, Интернациональная деген көшеден екі-  
үш ауыз тас үй тиғендеңі қуанғаны әлі есімде.

Бізде өү бастан-ақ, байлық, көп болмаган адамдармыз.  
Әлгі әдемі үйге кіргендегі барымыз — Қарасаздан келген  
ұлken текемет. Соны ең ұлken бөлмеге жайып тастап бала  
құсап кеп аунайды Мұқағали. Жолдас-жоралары сол  
текемет үстінде отырып, жайылған дастарқаннан сусын-  
шаралтарын ішеді. Бәріміз мәзбіз.

Бір күні балам мен келінімді бір ақын жолдастары  
шакырып әкетті де, мен үйде жалғыз қалдым. Тас үйде әрі  
отырып бері отырып ішім пысты. Содан жағалап есікті  
ашып, далага шығып келе жатсам, орта жастағы бір денелі  
ер адам:

— Қайдан жүрген кемпірсің? Кімді іздейсің? — дейді.

— Ұрымын! Ал қайтесін, — дедім мен де қиқарланып.

Сөйтсем, әлгі менімен өзіл аралас сөйлесіп тұрган  
Куандық, деген ұлken ақын екен. Танысып-біліскең соң  
қояр да қоймай, үйіне ертіп кіргізді.

— Біз осында көршіміз. Мықты ақынның шешесі

екенсіз. Қонағым болыңыз, — деп құрақ үшүп жүр. Ішім жылып қалды. Қанып шай іштім. Мұқағали келген соң көрші ақынның шай бергенін айттым. Ол балаша жадырап, мақтанып қалды...

Тоқсаның оңай жас па, тәйір! Бірді айтып, бірге кетіп қалам: Мұқағалидың тіршілігінде мансап пен байлықтың қызығын көрмегеніне туған анасы — мен, жан жары Лашын куә. Бірақ дәулетімді молайтайын, қызметімді жоғарылатайын деп басын қатырған емес. Кейде алталаң үстелінен тұрмай өлеңмен арпаңысқанда үйінде не бар, не жоққа назар да салмайтын. Сондайда Лашынға жаным да ашитын. Кейбіреулер: "ой, ол ондай еді, мұндай еді" дейтін де шығар. Баламның оны шаршатқан кезі болған жоқ, деп қалай айтайын. Еркелеп кететін кезін де көрдік. Тұнерген аспандай мұнды сәті де болатын. Куанса өлең үшін, шыққан жаңа кітабы үшін куанатын. Туған жері — Қарасазын мақтана айтатын. Ауылға жіп қатысады армандаитын. Барыш, еркелеп мауқын басып та тұрды. Ел деген алтын бесік қой.

Жасы қырықтан асқан соң-ақ не ауру екенін қайдам, әйтеуір бір дерг жабысты. Анда-санда тарығып отырып қиналғанын, үйқтай алмай шыққанын айтатын. Арасасында аурұханаға жатып емделіп те жүрді. Қайтадан ауырды...

Өлерінен біраз жыл бұрын Мәскеу барып, әдебиетшілердің үлкен оқуын оқыды емес пе? Оны да тауысқан жоқ...

— Олардың білегінін өзім де біледі екем. Алматымды сағындым. Балаларымның қасында болайын деп, кеттім де қалдым, Нақа, — деп, менің арқамнан қағып қоятын жарығым!.. Е, жалған дүние-ай.

Қай ай, қай жыл екенін де білмей тұрмын, әйтеуір қатты сырқаттанып жүрген кезінде өлгі атақты кәмпәзитір Нұрғиса деген балам екеуі табысыпты. Сонымен бір айға жуық, бірге жүріп Мұқағали өлең жазыпты. Нұрғиса оның сөзіне ән шығарыпты. Оны кейін келінім мен балалардан естідім. Екі тентектің бірін-бірі тапқанын көрмеймісің. Қазір айттылып, қалың елге тараған көп әндер сол Тілендінің баласының үйінде туған дүниелер екен.

...Әне, тағы да бірін айттып, біріне кете берем. Кейде менен өлеңге жақын балалар, тілшілер жиі сұрайды:— Апа, ақын балаңыздың өмірінің соңғы кезі жайлы есінізде не қалды? — деп.

Бір байқағаным, ауру жанына батқаңда қатты қүйзеліп-ак, жүрді. Әншейінде тау тұлғалы шырағымның еті қашып, ірі сүйектері саудырап сала берді гой. Несін айттайын... Әйтеуір қаламын қолынан тастаған жоқ, Оңаша үйде қүбірлеп, сөйлеп, толғатқан анадай күй кешкен кездерін де көрдім. Сейтсем, мына жалғаннан аргы ауылға аттанатынын сезіп, соңына сөзін қалдыру қамымен жанталасқан екен гой жазған бала?!

"Айналдырган ауру алмай қоймайды" дегендей, арыстай азаматтымыздан айырылып та тыңдық, Бұл — 1976-жылдың 27-наурызы болатын. Құдайдың құдіреті шығар, іә болмаса баламның таланттының арқасы ма, өлген күннен бастап қалың ел қара нәпір болды да кетті. Шынымды айтсам, пәлендей мансабы болмаған, көп құрмет те көрмеген баламның жаназасы қалың қөпшіліктің қабыргасын қайыстырап деп ойламаптын. Өзінің Қарасазынан ағайын туыстары, аудаңдық газеттегі бауырлары, нағашы жұрты мен қайын жұртынан, осы Алматыңдан көп адамдар жиналды.

Мұқағалиымның өлімі тұсында да қамқоршы ақын ағасы Әbdілдә істің басы-қасында болды. Берін өзі басқарды.

Айтпақшы, Қарасаздан інсін жоқтап келген бауырлары, Қали дейтін ағасы бар, бәрі ақылдаса келіп Мұқағалидың сүйегін өзінің туған жеріне — Қарасазына алып кетеміз дегенге шықты. Оған Әbdілдә ақын басу айтып, елмен мәмлеке келді.

— Жігіттер, — деді ол — мына арыстан болып жатқан ақын бір ғана Қарасаздың баласы, сол ауылдың ақыны емес. Бұл дегениң қазактың маңдайына біткен санаулы жыр жүлдіздарының бірі және бірегейі. Мұқағалиды Кеңсайдагы киелі ағаларының қасына қоямыз. Бұған келісім беріндер. Бала сіздердікі болғанымен, ақын қазақ халқынікі!

Сонымен талай жайсандар мен жақсылардың мәңгілік бесігі болған Кеңсайдың құшағында жатыр менің құлыми...

## МӘҢГЛІК СЫРЛАСЫМ

Мен Мұқағали туралы жазуды көптен-ақ ойлап жүргінім де, бірақ батылым жетпеген. Қалай жазу, неден бастау керек екендігі маган жұмбақтау болды. Мұның бори бұрын-соңды жазып, төсемегендіктің әсері болар.

Мениң ойым: әңгімені балалық, шағынан бастағым келген, бірақ балалық шағы кейде жоқ, кейде тоқ жағдаімі өтті. Ол түрмисы орташа ғана семьядан шыққан еді Сүйенер жалғыз тірегі — әкесі майданға кеткен. Ол сол кездегі бүкіл қазақ ауылдарындағы соғыстың ауыр мүң мұқтажын көріп, ерте ержеткен жастардың бірі ғой. Ұлы Отан соғысы жылдары кезіндегі ауыл балаларының өмірін, істеген қарекеттерін жазбаган қазақ жазушылары жоқ, десем артық болмас. Олардан мен асырып та жазбасыннан

Ал, көз алдында өткен ақындық, өмірін, қуанышын, ренішін жазу қолымнан келе ме? Соны ойладым. Қолымы қалам алсам, ойым шашырап кететін сияқты. Мұқағали көзі тірісінде: "Жаз, жаз, қолыңдан бірдеңе келеді" - дегенде тыңдатпаған қайран мінез, енді кішіреюге, қайтсең де еңбектенуге, қиналуға әкеп соғып түр.

Кейбір тілектестер: "Мұқаның өмірін жазыңыз, оның сырын сізден артық, білетін ешкім жоқ, жазыңыз" - деп қолқалап жүр. Жазу керек екенін, жазуға міндетті екенімді өзім де түсінетін сияқтымын, бірақ оның қолымнан келу-келмеуі екіталай... Қалай болғанда да сол сырларды қалың оқырманға бір жеткізсем деген мақсат жетегіне жегілдім. Жеткіздім бе, жеткізбейдім бе — оны еске алу жазбаларымен танысқан оқырмандар өздері саралай жатар.

\* \* \*

1949-жылдың наурызында кейбір қыындықтарға қарамастан екеуміз үй болып, шаңырақ, көтердік. Мен қазір сол кезде Мұқағалидың тәуекелге бел байлаган азаматтығына, ақылына тәнті болам. Бұл өтеге ауыр жылдар — жоқшылық, жылдары, сарғайған сарыңыш жылдары еді ғой.

Алғашқы үйленген жылдары біздің ауылда — Шибұтта (қазіргі Нарынқол ауданы, Киров атындағы колхоз)

Тұрдық, Ол ауылсоветтің хатшысы, мен сегізжылдық мектепте тіл мен әдебиет пәнінің мұғалімімін. Екеуміздің әдебиетке жақын болғандығымыздың, қасиетті ана ғлімізді жақсы түсіне білгеніміздің бір-бірімізді түсінуге үлкен көмегі болды деп санаймын.

Қолымызда әжеміз — Тиын, енем — Нагиман, екі қынның — Тоқтарбай, Қерпеш бар. Соғыс жылдарында, қынышылық жылдарда отбасының қамымен апамыз колхоз ғылышылары қайда жұмсаса, соңда барып, тау-таста қаңғып жүріп қой да бақдан, сиыр да сауган, егін де жинаған, дүйгеүір көрмеген бейнеті қалмаған. Балалар аш-жалаңаш, корі әжесімен ауылда қалып, олар да өлместің қамын істеген. Осындағы отбасы жиналышп, бір үйде ошарлы жан болып қалдық,

Отбасында жұмыс істейтін екеуміз ғана. Жаңа отауға титтей де болса көмегі тиер деп Нагиман апамызды мектепке үй сыйыруышы етіп орналастырып қойдық, Нениң бар, ненің жоқ, екені көп білінбейді, ол сол бір жастық, жылдарының әсері болар. "Махаббат — ең ұлы сезім" деп ұлы педагог А.С.Макаренко айтқандай, өмір сәні махаббат екен. Төнірегің толған қуаныш, толған бақыт!

Біз қосылған жылғы мектептегі оку аяқталды. Мен ҚазПИ-де сырттай оқушы едім. Институттан шақыру қағаз келді. Бірде Мұқағали маған: "Ренжімесен, биыл окуға бармай-ақ, қой. Ел іші ғой, қазақшылығы бар. Келін бол түсе сала окуға кетіп қалыпты демесін. Биылша дем ал, менің жайлайда шопан бол жүрген Құтпанбай (Ленин атындағы колхозда, Нагиман апамының туған ағасы) деген нағашым бар, соған барып қайтайық, Оқуды екеуміз бірге жалғастырамыз", — деді. Мен, әрине, қанша тұлағаныммен мынандағы келелі сөзге көндім. Сөйтіп, оку жылы аяқталып, демалыс күндері өтіп жатты.

Бір күні мектеп директоры апам екеумізді шақырып келуге бала жіберілті. Екеуміз де мектепке келдік. Мектептің іші опыр-топыр күйде екен. Директорымыз Тілесов деген орта жастағы адам. Ол кісі бізben амандасты да:

— Нақа (Нагиман апамызды ауыл адамдары осылай атайдын), мына мектепті жөндеуіміз керек. Ол енді сіздің міндетіңіз. Жөндеуге бөлек қаржы төлейміз. Мектептің іші-сыртын ақтауымыз керек. Әк бар, жетеді. Лашын да көмектесер, әзір бос қой, — деді.

Енемнің қолынан үй ақтау келмейтін, не жауап айтарын

білмей, маған жалтақ-жалтақ қарайды. Мен сасқалақтаң қалған апамды аяғандықтан "көрерміз" деп үйге кеттім. Соңынан апам да жетті. Сол уақытта тұстік ішүте Мұқағали да үйге келе қалды. Апам екеуміз мектеп директорының айтқанын Мұқағалиға да айттық, Ол да бізді қостады.

— Қорықпандаңдар, мен де көмектесем. Бір жағынаң біздей жас отауға нені болса да үйреніп, істеу артық болмайды. Екіншіден, шираймыз, — дегенде енеміз екеуміз де қуанып, жеңілденіп қалдық,

Мектеп үйі аса үлкен емес. Үш-төрт класы, жінішке дәлізі, кішкентай мұғалімдер бөлмесі бар. Бұл бөлмеге қойылған темір пешке қысты күні қебінесе мұғалімдер өздері әкелген отынын жағып, жылыгтып отыратын едік.

Ертесінде-ақ жөндеу жұмысына кірісп қеттік. Мектептің іші-сыртын ақтайтын Мұқағали екеуміз. Апамыз біз ақтаған кластардың еденін жуады. Балалар су тасиды, аздал сылағы түскен жеріне керек болғанда лай жасайтын да солар.

Мұқағали класты ақтай жүріп, бізге турлі әңгіме айтып, құлдіріп, көнілдендіріп қояды. Соңдай әңгіменің бірі есімде қалыпты.

— Біздің ауылда кейбір дыбыстарға тілі келмейтін Нұрсәли деген ағамыз бар. Өзі өте момын адам. Эйелінің аты — Раушан. Пысық, еркекірек әйел. Бір күні Раушан жұмыстан келсе, күйеуі тапа-тал түсте тәсекте үйқатап жатыпты. Бұзау сиырды еміп қойған. Бірді-екілі қойешпілері келмей қалған. Балалар да көрінбейді. Бұл жайды көріп Раушан қатты ашуланады. Айқайладап, күйеуінің жанына жетіп келеді. Момын күйеуі шошып оянып, әйелінің айқайынан қорқып, бетін басып алышты. Ұрып жібере ме десе керек.

— Ей, Расан, жетеді, ай, Расан, сандалма, ей, Расан! — деп шалбарының ышқырын бір қолымен ұстап алып, үй ішінде қашып жүр дейді, — деп әңгімесін қызықтыра айтып жатқанда бәріміз де жұмысты қойып, құлкіге бір кенелдік. Сейтіп, күлпі-ойнап жүріп екі жетіде мектептің іші-сыртын ақтап, жөндеп бітіргенімізді білмей де қалдық. Бір күні оқушы қыздарды шақырып, терезелерін жуғыздым. Келесі оку жылында жұмыс істедік.

"Адам тек адамдар арасындаған адам бола алады" деп бір даныштан адам айтқандай, Мұқағали қайын жүртіна аса сыйлы болды. Оған аккөңілділігі, жайдарлылығы, мінезінің ашықтығы да себеп болған шығар.

Ауылда екеуміз де қоғамдық жұмыстарға белсене араласамыз. Әйтеуір шаршau деген жоқ. Мұқағали көбінесе малшылар арасында. Екеуміз де үтітшіміз. Мен сабак беріп біткен соң дәптер тексеру, класс жетекшілікке қоса, педагогтерде баяндама жасау, көркемөнерпаздар үйірмесін басқару, газет шығару сияқты бастан асып жатқан жұмыстарды да атқарамын. Бірақ, бәріне де үлгерем. Екеу болған соң жүк те жеңіл.

Әзімнің ата-анам туралы бірер сөз. Әкем — Әзімжан, қарапайым колхозшы, етікші әрі ағаш шебері болатын. Ағаштан небір дүние жасай алатын. Арапша оқып, жаза билетін, қазақ газеттеріне де көз қырын салып жүретін табанды, сауатты адам еді. Күнделікті ел-елде болып жатқан саясаттарға да құлағы түрік. Бала кезіндегі өткен уақығаларды ұмытпай айтып отырады. 1916-жылғы дүрбеленде Қытайға аулымен өтіп кетіп, бөтен елді жерсінбей; келесі жазда қайта қөшіп келгенін, алғашқы колхоздасу, одан кейінгі ашаршылық, асыра сілтеу, сталиндік репрессия жылдарын — бәр-бәрін де байыппен әңгімелеп отыратын. Әсіреле хат танымайтын сауатсыз, жазықсыз, момын азаматтарды топтап қамап: "Жапонияның, Қытайдың шпионы" — деп жалған айып таңып, көзін жоғалтқанын айтып, кейде ауыр ойға батып; ұзақ, үнсіз отырып қалатын-ды. Сол бір ауыр жылдардағы қатыгездікті, имансыздықты әркез еске салатын.

Мұқағалидың өмірді түсіне білетініне риза болатын. Әкем де, шешем де күйеу баласын үннэтты. Мұқаң да оларды жанында жақсы көрді. Әкем бүкіл ауылдың акылшысы еді.

Шешем Мәшине (алғаш тігін машиналары ел ішінде пайда болғанда туса керек) баланы да, үлкенді де аяғын, кім не айтса соған сене беретін, барын ел аузына тосатын, әпенділеу адам еді. Өзі көп жылдар күрсақ көтермей жүріп, кейін егіз-егізден туыпты да, он үш перзентті дүниеге әкеліпті. Соның тәртеуі тірі болды, үш қыз, бір ұл. Ұлы 1981-жылы қайтты. Апам кейде менің жаныма келіп:

— Ләсіма, (ата-анам қойған есімім, кейін еркелетіп Лашын деп атап кеткен, бірақ әке-шешем өле-өлгенше Ләсіма деп атап етті), ерек шора ерке мінезінді таста, Мұқағалиды сыйла. Еркек деген табынушы тәңірің болады, қалқам. Ажырайып алдына шықпа, бедірейіп бетіне қарама. Сен төмен етекті адамсың. "Ағаш айғайға

құламайды" соны ұғын, — деп, жиі-жіңі сыбырлап ақылын айтып қоятын-ды, бейне біреу естіп қоятындай. Адам баласы бір қалыпта тұра ма, кейінгі кездерде ашынганда айтысып та, тартысып та кететін кездер болды ғой, алайда апамның айтқаны әр сөт есімде тұратын. Мұқағали ақын емес пе, ондайға өте кешірімді болды, себебі айқайдың неден шыққанын өзі де сезінетін.

Тұған апамыз да: "сүнінды төккемін жок, желінді сөккенім жок, Алла, балаларымды аман қыла гөр!" — деп құдайына табынып, мінәжет қып отырган заманың момын адамдары ғой. Сол апам айтады: "Ашаршылық, жылдары Эбжаным он бес жасында ауданда қызмет істеді (1930 – 32 жылдары). Қалпақтай-қалпақтай құйма шай әкеп береді. Өкімет бар малымызды ортаға тартып алып қойған. Жейтін түтіміз қалмады. Балаларымды өлтіріп аламын ба деп қорыққандықтан, түн жарымда тұрып ортаның қойына барам да жан адамға көрінбей желіні толғанын сауып аламын. Сауылған сүтті біреудің көзіне түспестей етіп пісіріп, балаларға беремін. Құйма шайдан кесек-кесек қып салып, қойдың сүтін қатып, қою шай жасап, оны да балаларыма берем. Құр сүттен гөрі шай әрі тамақ, әрі жеңілдеу болады екен. Ертең ерте күн көтеріле қой саууга менен басқа әйелдер аттанады. Ол кезде малшысы да, белсенділері де қалтап жүретін, әйелдерді қойдың маңына да жуыгтайтын. Сөйтіп, балаларымың жүрегін жалғаған күндер де өтті ғой", — дейді. Апамың айтқаны дәл келетін. Оған бір дәлел: 1937-жылы ағайым Кегенде Ораз Жандосовтың хатшысы болып істеп жүргенде, "Халық жауы Жандосовтың сырласы, секретары болған", деп үстал кетіпті. Біз Шибұттамыз ғой. Экем барып, жалғызын отыргызып қойғанын біліп келді. Кешікпей сол қамағаннан Алматыға, одан Красноярск өлкесіне апарып, акыры Кансқ деген қаладан бірақ шығарыпты. Біз Нарынқол ауданының Киров колхозында тұрамыз. Ахметқали деген жақын туысқан ағамыз Кегенге қыстықуні арбамен астық тасиды. Бір кезекте Кегенге астық, алып бара жатқан сол ағамызды көріп апам: "Ей, Ахметқали, Кегенге баrasың ғой, Эбжаным ар жағынан Кегенге келіп тұрады. Соны ғастамай ала кел, шырагым", — деді. Шынында да Ахаң астығын өткізіп, жолға шығып, арбасының бұзылған жерін қарап жатса, ишінан біреу тартыпты. Ахаң ұшып тұрып қараса, ағайым

екен. Азған, ку шөп сықылды қурап кеткен, үстінде албажұлба көнетоз шекпені бар. Екеуі жан даусы шыға жылал көріседі. Сөйтіп, Ахметқали ағамыз апамның аманатын айтқаныңдай орындаған еken. Қазірге дейін осы оқиғаны өзіміздің ауыл аңыз ғып айтады. Апамның емшілік қасиеті де бар. Таң атпастан ауыл адамдары келіп:

— Кішіапа (менің апамды айтады), қайның тұмауратып қапты, немесе кішкентайым ауырып қалды, соны үшкіріп бер, — деп жетелеп кетеді. Апам олардың сезін екі етпей, үшкіріп беріп, үйге кеп шайын қойып, солардың тілеуін тілеп жүргенін көріп, кейде намыстанып та қалатынбыз, бірақ ешкімнен жақсылығын аяғысы келмейтінін ойласақ, қуанатынбыз.

Мұқағали ауылда әркіммен тіл табыса білді. Соғыс біткеннен кейінгі жылдардағы жоқшылық, тапшылық, та халықты жүдettі, бірақ Мұқаң ондай иі түсіп жүрген, адамдарды бірдемде тірілтіп жіберетін. Бірде Мұқағалиды Шодияр деген туысқанымыз қонаққа шақырды. Ол кездерде қызметкерлер отбасы болмаса, қарапайым ауыл адамдары сол үйдің ер адамын ғана шақыратын. Ол да соғыстан қалған жұтандық шығар. Көп кешікпей Мұқағали қонақтан келді. Қолында ораулы түйіншегі бар, оны үстел үстінен қойды да, өзі төрге шығып отырды.

Мен:

— Мұқағали, атамыз сенен басқа кімдерді шақырыпты? — деп сұрадым. Мұқаң өзіне өзі дән риза. Былай деп жауап берді:

— Ehe, қонақта болған төрт ереккіз. Екеуі — соқыр Фали, екеуі — жынды Фали, сонда төрт Фалимыз, — деп құлді. Аяқ астынан мынандай жауапқа таңырқап қалып едік, өзі әрі қараң түсіндіре жөнелді:

— Екі соқыр Фали дегенім: біреуі Мысығали (Шодияр атамның үлкен баласы, бір кезі шешек ауруынан майып болған), екіншісі — Әлімғали (Мысығалидың баласы, бір көзі қылилау болғандықтан, құрбылары мұқатып, өзінше "ат" береді фой). Енді екі жынды Фали дегенімнің біреуі Аскарғали (Аскарғали деген ағамыз соғыстан контузия алып келген, тоқтамай долырып сөйлей беретін, аңғалдау адам еді). Ал ең соңғы жынды Фали міне, алдында отыр, перизадам, — деп газеттегі ораулы етті біздің алдымызға қойды. Осындаі ойламаған жерден сөз тапқыштығы

сүйсінгетін. Эрі мұндағы көңілді кездері аз емес еді. Тіпті, кейін қалага келгенде де күндіз көшеде кіммен кездескенін, олардың қалай қарсы алғанын, қалай сөйлегендерін өздерінен бір айнығтай артистік қабілеттепен ойнақылана, құбыла отырып, жырғып айттып берер еді.

Мектепте қабырға газетін шығару менің мойнымда. Әдебиеттен берген соң ба, жылда бір өзгермейді-ақ, Ол кездे сайлау деген үлкен науқан. Екеуміз де үтівшіміз. Сайлау біткенше жаңың да қалмайды. Осындай бір кезекті сайлау науқанында газет шығаруға дайындалды. Сайлаушыларды бір пионердің құттықтауы керек болды. Сол пионердің атынан Мұқағалиға айттып, өлең жаздырып алды. Өлеңнің аты — "Пионерлік сәлем".

Шын болаттай шыныққан жас шағынан,  
Ләzzат алып, білімнің асқарынан.  
Сәлем сізге, ата-ана — сайлаушылар,  
Бақытты өскен Отанның жастарынан!

Қарсы алайық сайлауды шын қызыға,  
Әйгілі етіп, әлемнің шың-құзына.  
Бір кісідей берейік даусымызды  
Халық, сүйген Отанның ұл-қызына!

Мұндағы өлеңмен шыққан газеттер окушылар арасында беделді-ақ, шүркүрасып оқып, өлеңдерін жаттап алады.

Бұл уақытқа дейін менің тәркінімде жұмыс істеген едік, енді келесі оқу жылында Мұқағалидың ауылы — Қарасазға көшіп бардық. Біздің ауылда тұңғышымыз Ләzzат деген қыз бала дүниеге келген. Ләzzатқа сұық, тиіп ауырып, алты айлығында қайтыс болды. Мұқаң қатты қайғырды. Түнде оқып отырып, кейде өлең жазып тастайды. Оны менен басқа ешкімге көрсетпейді.

Мұқағали Қарасазға келген соң, жинальш, дайындалып Алматыға оқуға кетті. Алғаш шет тілдер институтына (неміс тілі факультет!) түсken екен, соны ары жалғастырды. Жиіжі хат жазып тұрады. Ауылда пошта бар. Хат келмей қалса, телеграфпен сөйлесіп тұрамыз. Мен енді отбасына иемін. Бар, жоқтың бәрі менің мойнымда. Егер Мұқағалидан хат кешіксе болды, жұмысымда береке болмай кетеді. Бір орында отыра алмаймын. Сарыжаздан келе жатқан машиналарға қарап қоямын. Машина Елшенбүйректі айналғанда дереу жарқырап жарығы көріне кетеді. Сол машиналар Мұқанды әкеле жатқаңдай елестейді. Оны ойлай-

ойлай, кейде өлең шығарғым келеді, кейде ән шығарғым келеді. Амал не, ондай талантты құдайым бермеген соң, ойыңмен жұбанып отырасың да қаласың. Ештеңе әсер етпейді. Мұқағалидан хат келген күн мен үшін үлкен қуаныш. Мениң қабагыма қарап, Нагиман апам да жайланаң қалады. Жүргегі ете жұмсақ, адам ғой, дұшпаның да ренжіткісі келмейтін. Өлшеусіз ақ, еділ адам. Тиын әжем бұл кезде қайтыс болған. Ең бастысы Нагиман апам балаларға ие болады. Ол кісі болса, балалар мені іздемейді де. Апамыз екеуміз отандастып, Мұқағалидың тұтінін тұзу шығарып жатырмыз. Мұқағалидың Алматыдан жазған бір хатындағы:

Кім келіп, кім кетпеген көне өмірге;  
Тұсінгін ой-шұңқырын көре біл де.  
 Тағдырыңа қайтесің қарғыс айтпа,  
Мойында, шыдап баққын, көн өмірге!

деген жерлері мені талай толқытты. Кейде бұл өлеңді "акылын айтып, шыдай тұр дегені ғой" – деп ойлаймын да, кейде осыған қарсы жорып, оны сөге бастаймын. Олай ойласам да, бұлай ойласам да шыдам керек; шыдау керек, басқа не істей алам?!

"Шыдаудың өзі аңы болса да, жемісі тәтті" – депті ғой француз жазушысы Ж.Ж.Руссо. Шыдадым да, жемісін де күттім.

Осылай жалғызлікті жүргенінде жұмыста қандай қындықтар кездессе, үйде де сондай қындықтар деп келіп, есіңнен таңдырады. Мен қазір ойласам, соның бәріне қалай төзгенмін. Мұқағалиды қалай күттім!!!

"Жалғанда күту деген қандай жаман" деп ақын өз өлеңінде айтып өткендей күту — барлық өміріме жазылған еken. Тіпті, бірге жүргенде де, бірге өмір сургенде де — күттім, сарыла күттім. Сол үміт, сол күту 1976-жылы 27-наурызда шорт үзілді. Енді жаңаша күту басталды. Әрбір газеттен, әрбір журналдан, әрбір ақынның өлеңінен, радио даусынан, теледидар көрінісінен, ақын-жазушылардың әңгімесінен Мұқағалиды іздейтін болдым. Есімінің айтылуын күттім.

Тірі кезінде көбінесе кешірімді болуды ойлайсың. "Әкім бір ұлттық, ақын бар жұрттық" деп, оған кір жуытқың келмейді, пенделік жасағың да келмейді, бірақ, адам баласының өмірі тым қысқа еken, екі үзенгіні теңестіре алмай-ақ, кеттік.

Біз ауылда тұрғанда Мұқағали ақын Тоқаш Бердияровты жиі-жій ертіп келетін. Екеуі дос болды. Поэзия туралы кең пікірлер айттысатын. Жасыратыны жоқ, мен Тоқаңды сыйласам, тек Мұқағалидың көңілі үшін ғана сыйладым. Жалынды ақын, адал азamat, Мұқаңың досы деп қашшама өзімді-өзім үтітегенмен оны шын жүргіммен қабылдай алмадым. Оның себептері өзіме аян, оқырман қауымға ді түсінкті болу керек деп ойлаймын. Кейде:— Тоқа, “алдыңғы арба қайда жүрсе, соңғы арба сонда жүреді” деп Мұқағалиды өзіңе тіркең алдың-ау. Оның жайын да ойласаң етті, ағасыңғой. “Алатауға шықтың ба, қарағайын жықтың ба” дегендей, сөзінді екі еттейтін шын дос таптың, іс жүзінде де сондай адал дос болсаң етті, — деп тұра айттып ренжісіп те қалдық, Оңдайда Мұқағали жетіп келіп ортамызға түседі. Дереу бірденені айттып тастап, көңілін қалдырады-ау деп ойлайдығой. Дегенмен Тоқаң ауыр мінезді, желікпесі жоқ, ақын емес пе:

— Эй, Лашын, әй, Лашын, мінезің-ай! — деп даусын көтермей ақырын абайлап айттып отырып қалады. Мұқағали окуын жалғастырумен бірге Алматыда радиода да қызмет істеп жүрді. Ертең ерте: Алматыдан сөйлең түрмиз! — деген даусын естігенде бір жадырап қаламыз.

Мұқағалидың дауыс ыргағына, ашық та айқын мәнеріне, өлең оқығандағы күмбірлекен қоңыраудай даусына таңданып, сүйсініп, тыңдал отырамын. Мұқағали оқыш біткенше мен де радио қабылдағыштың жанынан кете алмаймын. Мәнеріне келтіре, әр сөздін бояуын жеткізе окуды қайдан үйренді екен деп бір жағынан таңданғандай болам, бір жағынан даусына тәнті болам. Даусы керемет!

Мұқағалидың Алматыда жүріп қалуы қашшама өсектер өкелді. Оған да төзесің, Әсіреле, өсектер жалғыз жургенде жаныңды қалай қариды! “Күйіл, жанып сүйген ғашығыңың саған селкөс қарауынан аңы азап жоқ” деп ұлы жазушымыз А.М.Горький айтқаңдай, өсек сөздер өзегімді өртеді-ақ,

Өсектер... Өсектер... Өсек кімнің жүргегіне қанжар салмаған, өсектер кімді ажыратпаған. Осында “қолмен қойған” өсектерге Мұқағали ермейтін, елемейтін. Мен әйел адам емеспін бе, тез ашуланып, күйіп-пісіп қалатынын. “Мұқағали мұны баласымен женгедей алғыпты” дегенді естігенде, тіпті жұмысқа бармай, жаттып алдым. Бүкіл ауыл мені қолдан өсірген, бүкіл аудан біледі гой, солар күө.

Шәқірттерім де қаншама! Өсек дегеніңіз микробтар секілді оғе тез өрбігіш. Ақиқатын көре тұра кей адамдар осыған маманданып та кететін сияқты. Бұл өсектер Мұқағали бүркіратып өлеңдерін жазып жатқанда да, ауырып емханада бір тамшы су жута алмай жатқанда да, тіпті өлгеннен кейін де, сумандарап жатты. Өсек айтушылар кеки берсін! "Жақсының артынан сөз ереді" деген. Өлеңдері орттай, дарыны дауылды ақын Мұқағалидың кейбір тентек мінездеріне кешіріммен қарап, сарғая күткен, қазақтың қарапайым қызы, оның сүйікті балаларының анасы, адал жарына сол өсекшілердің бас июлеріне болады. Өсегін айта отырып, содан ләззат алтын, әңгімесіне ондай өтірікті қоспаса ас батпайтын адамдардың аузына қалай қақлақ болайын.

Мениң өмірден бір тоқығаным: құдай, ең бірінші өтіріктен, өсек-аяндан сақтасын деп тілеңі! Мен ауылда жүргенде, Мұқағали Алматыдан қызыл жейдесімен алаулап келе жатқанда, "мен женушімін" дегендей ауылдағы барлық өсек-аянды ысырып, мандайы жарқырап, күлімсіреп бірден балаларын құшағына алатын. Өзі қызыл түсті үнататын. Ол туралы Тоқаштың өлеңі де бар рой.

Мұқағалидың қабілеті, талантты өте күшті еді. Алматыға келіп университеттің филология, философия факультеттеріне қиналмай түсіп, оқып кетіп жүрді. Ал мінезі өте күрделі. Бір оқытушысымен қарсы келіп қалса, оған кішрімейді де, сол оқуды дереу тастап кетеді.

Мұқағали Алматыда болғанда, мен күнделік жазып жүрдім. Күнделікке кездескен қындықты да, қызықты да жазып қоясың. Сол күнделікті Мұқаң оқып (1954 ж.), аяғына мынаңдай өлең жазып қойыпты:

Сен де өмірден көп жағдайды өткіздің.  
Бізге бақыт әкелер-ау тек бір күн.  
Жүргегімді жылытар да, жұбатар,  
Үміт етер тентегім бар деп білгін.

Мейлі ғасыр, айлар өтсін, жыл өтсін,  
Тек өмірім сеніменен бір өтсін.  
Сен — байлығым, сен — бақыттың, сен — досым,  
Сен — тірегім, сен кеудемде жүрексің!

Міне, осы шумактарды оқып отырып, қалай тебіренбессің, қалай сүймессің Мұқағалидай шын арысты! Оның анау-мынау артық мінездерін қалай кешпессің! Кейде жастар

өлеңмен хат жазысып жатады. Мұндай өлеңді хаттар екеуміз үйленгенше жазылып тұрды. Оларды сақтай алмадым. Ал кейін бірімізден-біріміз шалғай жүргенде, кейде сөз арасында жүретін бірер шумақ болмаса, тұтастай өлеңмен жазылған хаттар болған емес. Сол бірер жүрек жарды сөздерін радиода дикторлық, қызметтің жүргенде бір хатында былай деп жазыпты:

“Прошу, не обвиняй меня?!  
Умоляю, забудь все, что я творил?!  
Прости, моя любимая!

Мой самый близкий жизненный друг!

Может быть, я запачкал твою любовь, но уважение к тебе сохраняется до конца моей жизни! Верь, дорогая!  
Это истина.

“Так мало пройдено пути,  
Так много сделано ошибок”

(С. Есенин)

Сол кезде болар-болмас бір жағдай болған, бірақ оның қалай болғаны кеңінен шешілген. Одан Мұқан әктаған. Осы жайды да кейбіреулер тіліне тиек етпекші. Осы хаттарды кезінде мән бермей, сырғыта оқып жүре беріппін. Ал қазір қарасам әрбір сөзі біздің өткен өмірімізді айтып сайрап тұргандаі. Кей кездегі ашылау өмір соқпақтары бізді алшақтатқандай болғанмен, негізгі кейіпкеріміз акылды адам рой.

Кей адамдар шала түсінігін өрбітіп айта жатар. Мен Мұқағалиды дүниені терең түсінген, кездескен қындықтарды өз басымен, өз білігімен қорытқан, қыншылықты жеңе білген дәнъышпан адам деп білемін. Ол қандай ауыр халде жүрсе де, балаларын, алтын үя отбасын ұмыттып көрген жок, Қайда жүрсе де Қарасазына, отбасына жиі-жіі келіп жүрді. Мүмкін, бұл да шын махаббаттың белгісі болар.

Кейін мұндай тасымал өмір өзін әбден қажытқандықтан, балаларын аса жақын көргендіктен, үзап кетсе олар жоқтайтын болғандықтан ауылға келіп сегіз жылдық мектепке орыс тілі пәннің мұғалімі болып орналасты.

Мұғалім болғанда жай мұғалім емес, оқудының психологиясын, көңіл-күйін жақсы билетін, оларды өзіне магниттей тарта билетін, әртүрлі әдістерді жетік пайдаланатын білікті, жалынды мұғалім болды. Жалпы Мұқан қай жерде жұмыс істесе де, өзіне сөз келтірмей беріле істейтін, сенімді ақтай

білетін адам еді. Оның бір ғана осал жері бар-ды. Ол алыс командарапқа бір ай, жарым айға жібергенде, екі күн, үш күннен артыққа шыдай алмайтын-ды.

Оның Алматыда көп жүріп алу себебі: өзі ақын екенін біледі, бірақ ешкімге ашып ештеңе де айтпайтын. Ақындықтың кілті де, түйіні де, өрістеуі де астанамыз Алматыда өтіп жатты. Соңдықтан қайда барса да осы алтын ордамызға жетуге асығып тұратын еді.

Қарасазда қатардағы мұғалім болып істеумен шектелген жок. Өте көп оқыды. Атақты ақын, жазушылардың шығармаларын шүккішія оқыды, өмірін зерттеді. Оқып отырып, арасында өлеңдер жазып қоятын. Балаларына, жер-суга, ел ішіндегі кейбір келенсіз көріністерге арналған өлеңдері көп-ақ, Мен кейде шыдамсыздынып: "Өлеңдерінді газет-журналдарға беріп, олардың пікірін түйіп, ел-жүртқа таныла бермейсің бе?" — деп қоямын.

— Жақсы жазу үшін жақсы білім керек, мен көп оқып, жан-жақты жетілгенім жөн. Жақсы көретін жазушым Чехов: "Бармағыңнан бал тамған шебер болғың келсе, бармақтайыңнан машықтан" — деген екен. Менің тіл құдіретіне түйсінуім, сөз құдіретіне сүйсінуім өжемнің әлдінен, анамның ақ, сүтінен, халқымның ертегі-дастандарынан дарыған. Енді құдай берген тырнактай таланттымды байытуым керек, ол үшін жаттай-тұрмай оқу керек, оқу керек! — дейтін.

Өзі жазудан, оқудан қолы босай қалған кездері қара суға барып, балық, аулап келуді, біруақ, анға шығып, таутасты кезіп қайтуды, шахмат ойнауды қатты ұнататын. Кейін балалар есейген кезде ойнауға ешкім табылмағанда үлдары Айбармен, Жұлдызбен ойнайтын-ды.

Мұқағали қол жазбаларына өте үқыпты болды. Жеті сайын жазғандарын қарал, тексеріп, жарыққа шыққанын бір бөлек, шыққағанын бір бөлек, айы, күніне қарай реттеп отыратын. Аса бір қын кездерде жазғандарын жыртып, қақ айырып тастаған сәттері де болғаны маған мәлім.

Көңілді отырған кездерінде дәмді тамақ, ішгуді жек көрмейтін. "Аш еркек арыстаннан да айбарлы, сенің алдымен тамағың өзір болсын!" — дейді. Ал үлкен шығармалар жазуға отырғаңда, тамақты да, басқаны да ұмытып кететін. Есіне салып, әлсін-әлсін шақырып, дастарқан басына әрең келтіретінмін.

Мұқағалидың болашағы — ақындық арманына қол жеткізу үшін 1962-жылы жазда, түк дайындығымыз болмаса да Алматыға көшіп келдік. Әбдібек деген бауырым колхозда механик болып істейші еді. Сол екі машинамен көшіріп келді. Кейін де жиі келіп халімізді біліп тұрды. Әрине, қала ауыл емес, қайнап жатқан, шешуі жоқ, жұмбағы көп үлкен өмір екен. Өміріміз енді ғана басталған сияқтаңды. Қалаға келген соң, ауылда басшы қызыметтерде істеп жүрген, Москваның технологиялық институтын бітірген бауырым Әзімжанов Әбдімугіліп бізге үнемі көмектесіп тұрды. Мұқағали қайтыс болғанда да, есенгірец, не істерін білмей есі шығып кеткен біздерді жинап басу айтып, бас болып өлімді жәнелтіскең кісі сол ағайым еді.

Қайран, жан ашыр, жалғыз бауырым! Мұқағали өмірден кеткеннен кейін де Кегеннен осында күнде телефон шалып, балалардың амандығын біліп тұрды. Сәл қиналсақ, жердің алыстығына қарамай, жетіп келетін еді.

Өзің үшін өзегі өртеніп, жаны ауыратын бірге тұған бауыр деген осылай болады екен гой. Сол ағайым 1981-жылы сәуір айында қайтыс болды. Енді хал сұрайтын адам шамалы. Мұқағалидың ең жақын туысынан ауылда жалғыз Асанов Әбдіке ғана бар. (Ол Нарынқол ауданындағы Ленин атындағы колхозда мектеп директоры).

Бүкіл ауылымыз, аға-женғелерім Мұқағалиды көргенше сағынып тұратын. Ол бара қалса қуаныш. Қүйеу бала деп, жездесініп қалжындастып жатады. Өлеңдерінің тілі түсінікті, анық, болғандықтан женғелерім Шәкен де, Сара да тез жаттап алады. Газет, журналға шыққан дүниелерін қыш алып, сақтап қояды. Мұқағали ауылға барғанда: "ана өлеңдегі ана бір сөзді, мына өлеңдегі мына бір сөзді қайдан таптың, қарғым-ау, қалаға барған соңда сол сөздер үміт болмайды екен-ау!" — деп дуылдастып жататын дәйім.

Алматыға келген соң 7-линияда пәтер жалдап тұрдық, Үй деген аты ғана. Апамыз, төрт баламыз, екеуміз барлығы — жеті адамбыз. Қысылып-қымттырылып азаптанып екі жылдан аса соңда тұрдық, "Күйірдақтың көкесін түйе сойғанда көрерсің" — демекші, құдайдың біздің шаңыраққа әзірлеген қасіреті де бар екен. 1962-жылы қазанның аяғында онбір жарым жаста, алтыншы класс оқып жүрген қызым Майғұл жол апатынан қайтыс болды. Бұл қайғы көпе-көрнеу мектептің алыстығынан, әрі ауылдан келген

балага қаладағы көшеде жүру тәртібін сол кезде мектептің жете түсіндіріп, қадағалап отырмағандығынан болса керек. Мектеп Киров көшесінде еді. Қазіргі N4 мектеп-интернат. Көп кешікпей "Социалистік Қазақстан" газетінде істеп жүрген Мұқағалиды жұмыстан босатты. Партиялық жарнаны уақыттыңда төлемедің деп партиядан шығарды. "Бас ауырса, барша дene сыздайды" дегендей Мұқағалиға тиғен сонау тоқыраудың тоқлақтары, қызымыздың өлімі бізді қатты есендіретті. Ес жия алмай қалдық,

Ақын жаны айрықша нәзік, өте сезімталғой. Мұқаңды уайымға жібермей, қаумалап, қайрат беруге тырыстық. Мен мұғалімдік орын жоқ болғандықтан, бір жыл бос отырдым да келесі жылы орыс мектебіне қазақ тілінен сабак беретін болып, Октябрь ауданының N20 мектебіне орналастым. 1964-жылы Мұқағалидың "Ильич" поэмасы жұп-жұқа кітап болып шықты. Жазушылар Одағы ас үйі екі отбасына ортақ үш бөлмелі үй берді. Содан бастап екі жыл, үш жылда жұқа-жұқа кітаптары шығып тұрды. Елтеп қыбырлай бастадық, Санатқа енбесе де Мұқаң санның ішінде бар сықылды.

"Төс болғанында төзіп бақ, балға болғанында соғып бақ" деп француз жазушысы Р.Роллан айтқандай, Мұқағали қырық бес жастың ішінде, еңбегіне тиісті бағасын ала алмай, балға болып соға алмай, төс болумен дүниеден өтті. Мұқаңның тамаша еңбегін көре тұра, түсіне тұра көре алмаушылық, менсінбеушілік, жерлестік, рушылдық, ақынды ішуге итермеледі. Тігі ең қорлығы — Мұқағали өлгеннен кейін дабырайтып мақтап-мақтап республикалық, мемлекеттік сыйлыққа ұсынып, бірақ жеме-жемге келгенде сол сыйлықты да қимады ғой.

Мұқағали көзі тірісінде өлеңдерін "қатал" тексеруден еткізіп, көбін редакцияларға бермей жүрді. Себебі редакторлар жалбыр-жалбыр ғып "түзеп" қор қылатын.

Мұқағали тірі кезіндегінің қызылжанда, 1979-жылы шықкан "Өмір-өзен" кітабындағы "Жан азасы" жырындағы "Жетімдер үні" бөлімін қандай мақсатпен редакторлар жүзүш тастағы.

"Райымбек, Райымбек" деген поэма 1970-жылы күзде жазылған. Соңдай "тексерулерден" қорқып, оны өзі тірі кезінде кітаптарға ұсынбады. Тек 1981-жылы "Лениншіл жас" газеті жарыққа шығарды. Кей ақындар жазған

өлеңінің сиясы кеппей, газет-журналдарға ала жөнеледі. Ал Мұқағали тез бастыруға асықпайтын. Өзі оқып, жолдастары алдында оқып, әбден өлеңінің ширақ екеніне көзі жеткен соң ғана баспаларға ұсынып жүрді. Қайтыс болған соң жарық көрмеген, басылмаған өлеңдері бірнеше жинақ болып, баспадан шықты. Олар газет-журналдардан да орын алды. Өмір сүрген аз ғана ғұмырының шінде артына ұлан-ғайыр жыр жазып қалдырып кетті. Халқына қисапсыз рухани байлық, мол мұра қалдырды. Қазір кейбір жырларын оқысаң, алдағы өмірді болжагандай дәл келтіргеніне таңданасың. Әлі де жарық көрмеген өлеңдері бар.

1969-жылы, 14-маусымда Мұқағалидың бір топ өлеңдері "Қазақ әдебиетінде" жарияланды. Жазылған өлеңдің бері де біздің басымыздарғы ашы шындық еді. Сол жырлар жарияланысымен Жазушылар Одағы өзінің секретариатын шақырып (Бірінші секретары Э.Шеріпов), өлеңдерді дереу талқыға салды. М.Мақтаев өлеңдері күңгірт, көмескі, жұмбақ, пессимизмнен тұрады, күйректілік сарында жазылған деп бірінен соң бірі іліп әкетіп, Мұқағалидың басын көтертпей тастады да, газеттің басшылары Н.Фабдуллинге, жауапты хатшы Ж.Тәшеновке материалға жауапсыз қараған деп тиісті шаралар қолданды. Осында жашшу, жан-жақтан ши жүтірту, тұрткілеу Мұқағалиды қатты жүдегіл жіберді. Бұл осындағы жағдайдың біреуі ғана. Үйде отырып біздер қоса күйзелеміз, бірақ қолдан келер дәрменіміз жоқ, іштен тынамыз. Амал жоқ... Сондай мазасыз тартыстардың арасында жүріп денсаулығы да бұзылды. Жиі-жиі ауруханаға түсетін болды.

Жаратылсынан тік мінезді адам ғой, талайларға жақлады. Пенде болған соң оның да осал тұстары болады ғой. Қайта сол осал тұстарынан шырмап, нашар жақтарын термелеп, үstemелеп, қалындан түсіп, құздан құлатуға тырысқан адамдар да болды. "Фалым болудан адам болу қыныңрак" дегі ғой бір даныштан. Адам болып қалыптасуда біреу қисайғанда қол ұшын беру екінің бірінің қолынан келе бермейтінін, ете курделі дүние екенін мен Мұқағали өмірінен көріп, содан оқығандай болдым. Осы кездегі жоғарғы басшыларымыздың рухани Мешелдігі, кер-тартпшылығы, отбасының ауыр жағдайлары, тепсе темір үзетін тау тұлғалы жігіттің денсаулығын төмендете берді. Оның үстіне "жығылған үстіне жұдырық" дегендей 1969-жылы

қараша айының 5-жүлдөзүндө бір кітап болатындаидай, дайындаап қойған жыр дәптерлері, аздаған прозалық шығармалары, әдеби сындары, газет қызындылары портфелімен жоғалыш кетті. Бұл өлеңдер қайтып табылмады, қайта жазылмады. Күні бүтінгө дейін одан еш дерек жоқ,

Қолымда билік болса, ең алдымен өнер адамдарына кешірімді болар едім. Оларға жылы жүзбен қарал, демеп отыру азаматтық парыз дер едім, халықтан шыққан талант сол халықтың әлемге атын шығаратыны өү бастан белгілі.

Мұқағали туралы ойлағанда көз алдыма екі түрлі Мұқағали тұра қалады. Біреуі — күн шуакты, жайдары мінез, құлімдеп, жүзінен нұр шашып тұрған, үстіне тау құлатсаң да көтере беретін қайсар тұлға. Екіншісі — азын қайрап атылуға әзір тұрған айбарлы арыстандай қаһарлы кескін. Ол кезде жүзінеге тұра қарай алмайсың. Ақырын жүріп, андал сөйлеп, жымышп жылы сөйлеуге әрекеттегенесің.

Мұқағалидың әрқалай мінезі бар еді, соның ішінде әпендейлік қылыштары да кездесіп қалатын.

Бір күні, жаз айының бір кешінде Мұқағали үйге келді де (Панфилов көшесіндеміз) шешініп, жуынып жатып қалды. Біраз уақыт өткен соң тамақ жасап, ол да балаларымен асын ішсін деп, жатын бөлмеге кірсем, ол ояу жатыр екен.

— Ей, Лашын, бері кел, кел бері! — деді шыдамай.

— Иә, мен өзім де келіп тұрмын, не айтпақшы едің?

— Қолыңа қағаз, қалам ал! Сүйт те жаз! Жаз! Ертең кеш болады! Бол! Бол! Бұл қағаз өз атынан түйгөнін, менікі емес, — деді.

Қағаз алуға да мүмкіндік бермей, асықтырды. Үстелдің үстінде қалам және кішкенттай балдыргандарға арналған үлкен сурет кітапша жатыр екен. Соның таза бетін ыңғайладым да:

— Ал, не жаз дейсің, мен дайынмын, — дедім.

— Алдымен бүтінгі күнді, айды, жылды қағазга түсір. Жаз! Жаз! Мен "а" десем "а" деп жаз, "б" десем "б" деп жаз, — деп сөзін өрі қарай сабактады.

— Мен — Лашын Әзімжанқызы. Мұқағали Мақатаевтың заңды әйелі, некеміз қылған. 1949-жылдың 30-наурызында қосылғамыз. Бірімізді-біріміз сүйіп қосылдық, Ешкімнің жең ұшын, жылуын керек еткеміз жоқ. Менің ерім Мұқағали Мақатаев адамдығы да, ақымақтығы да мол кісі еді. Оның бәрін құдай алдында кешіремін. Ей, жаңадан

қосылған жарықтарым! Біріңе-бірің тіл тигізу — бақытсыздықтың басы. Сол үшін бірінді бірің алдама. Алдасаң берібір көзіңе көрінеді. Өмірінде "анау сезбейді" деп бірдене істей көрме. Ол берібір ашылады.

Кешегі еткен ер Мұқағалидың акымақтығын бір поезд тартып журе алмайтын. Дархандығы сонша, қалтасына екі сом түссе, арақ, сатып алсам ба екен, ат сатып алсам ба екен деп бүкіл Алматыны сүзіп шыгатын, қалтасындағы екі-ақ сом екенінде жұмысы болмайтын, бейбактың. Арамдығы жок, акымақтығы сондай, өзі ішіп жүрген арақтың да бағасын білмей бұл дүниеден өтті. Әлгі біздің үйдегі балалардың әкесі. Заманында арманына жетпеген кісі еді. Әй, бір есек, хайуан еді. Хайуандығы сондай, өзін-өзі сыйламай өтті. Оның ауырмайтын жері жок, он түрлі ауруы болушы еді, байғустың, — деп сөзін аяқтады да, — осыны бір жерге тығып қой", — деді. Мен бұл қағазды өзінің жазу үстелінің тартпасына салып қойып, төсекке қарасам, сол екі ортада үйқаптап кетілті. Осы қағазды 1973-жылы 28-сәуірде жаздырган екен марқұм. Өстіп жүріп дүниеден кетеді деп кім ойлаған. Сол кезде ойында бір күдіктің болғаны анық,

Мұқағали өлең жазарда үстелінің таза болуын, қойған заттары орын-орнында тұруын, балалардың тыныштық, сақтауын қалайтын. Ештеңеге алаң болмай емін-еркін жазуға кіріспін кетуді көнілі қалайтын. Арнасынан асып тәғілген шабыттан өлең-жырдың қайсысын бастарын білмей қалың ойға көміліп отыратын-ды.

Ол үнемі үй жиһаздарын ауыстырып қоюды жақсы көретін. Көп жиһазымыз да жок, Мен мектепке жұмысқа кетсем, Мұқаң балаларға үстелдерді сүрткізіп, орындарын ауыстырып-ауыстырып қойыпты. Бірде осындағы ауыстырудан кейін бір жолдастың әйелі келіп еді:

— Немене, жиһаз алғансындар ма? — деп жан-жағына қарап, тұрып қалды.

— Жоқ, ә, бері өтіңіз, бұл Мұқағалидың жалыққанда істейтін бір спорттық жаттығуы рой, — деп шынын айтып едім, Файни қатты таңданып қалды. Мұқағали бала үстауға да, күтуге де өте шебер еді. Майғұл<sup>деген</sup> қызыымды қырқынан шығарып, сырттай окуға келдік. Мұқағали, Майғұл үшеуміз. Мен оқудан келгеніше Мұқағали оның тамагын беріп, жөргектерін күргатып, үйқатып тастайды. Шолпанымыз туған соң да мен бір жылдан кейін мектепке

кеттім. Соңда өзі үйге бас болып, балаларға көмектесіп, менің жоқтығымды білдірмеді. Сол кезде қайнымның әйелі қатты ауру болып, енем ауылға кеткен-ді.

Көңілі келсе Мұқаң көл-дария болатын. Кейде палау басатын. Оларды "Бұхар палауы", "Наманган палауы" деп ат қойып алады. Палау көңілдегідей болыш шықпаса, оның кемшіліктерін сезінің дәмділігімен, мінезінің жайдарлығымен толтырып жіберетін. Қалай пісірлес де жемеске әбдің жоқ, Мұқагали анда-санда балаларына да, басқаларға да көрсетпей насыбай ататын-ды. Оны өзі алмайды, базардан мен алыш келемін.

Үй болған соң аяқ-табақ сылдырламай түрмайды. Кей жағдайда бәріне де тиісесін. Мұқагалиға да, құдайыңда да тілің тиіл кетеді, бәріне сыбаға дайын. Дегенмен әйел адамбыз рой. Мұқагалидай ақынға жар болу деген – қынның қыны.

Сондай бір ренжігенімде: "Ей, ей, құдайда нең бар, мені-ақ ірей бер, жаратушыға тілінді тигізбе!" – деп кесіп тастады.

Өзі: "Бір жаратушы бар", – деп отыратын. Ауылға жолымыз түскеңде бейіт басына да баратын, таныстыстаудардың зиратына дереу отыра қалып, дұғасын оқып кететін.

Ол 1970-жылы жазда қатты ауырды. Ауырса да Жазушылар одағына жұмысқа барып жүрді. Жұмекен Нәжімеденов екеуі бірге істейді. Жұмекеннен бірде: "Мұқагали қатты ауырып жүр, онда жұмыста қалай шыдап отырады?" – деп сұрадым. Жұмекен: "Кешке дейін отырады, ешкіммен сөйлеспейді, өзімен-өзі", – деді. Үйде де көп үнде мейді. Апамыз ауылдан келген. Мұқагали жұмыстан келген соң тамаққа да қарамайды, ештеңе жазбайды, оқымайды да, сондай бір үнде местік шакқа көшкендей. Өзім үй ішіне білдірмесем де, іштей қатты қорқып жүрдім.

Сол күні Мұқаң ерте жатып қалған еді. Балаларға тамақ беріп, жатқызып, жатын белмеге кірсем, ол үйқтап жатыр екен. Ананы-мынаны ойлап үйқым келмеді. Түннің жарымы болды-ау деймін. Бір уақытта ол айқайлап шошып оянды. Мен де үшіп тұрып жарықты жағып жібердім. Өзі сұп-сұр, терлең кеткен. Ояна салып шошығанын біліп, аят оқып кетті. Жарық, жанған соң, балалармен бірге жатқан апам да келді.

— Не болды, не болды, неге шошып ояндың? — деп екеуміз екі жақтан сұрап жатырмыз. Шөлдеп қалды ма деп ашыған көже әкеп бердім. Соны ішті де біраз отырып:

— Қатты үйқап кетіпшін. Жаныма аққа оранған біреу келді де: “Балаларыңың біреуін құрбандыққа бер, оларыңды қимасаң, өзің жүр!” — деп сілкілеп жатыр. Содан шошып ояндым, Нака. Қорқып түрмүн! — деді өні қашып. Ары қарай не істерін білмеген, дағдарған қалпымен мелшиіп отырып қалды. Бәріміз де осы түстен шошып, үрпісіп, болдық, та қалдық, Сейлерге дәрмен жоқ,

Өмірде жоқшылықтың неше түрін көрген апам байғұс көңілі өте бос адам.

— Сабыр ет, Мұқағалиым, Мұқашым, балаларың жас қой, құрбандық, десе, мен-ақ барайын, жасым келді ғой, қарағым. Сенің де, балаларыңың да садағасы болсам арманым жоқ! — деп жылап жіберді. Мен де жыладым. Мұқаң да өзін-өзі тоқтата алмай босап кетті. Біраздан кейін есін жиып.

— Ниетіміз қабыл болғай, біз тәнірінің құлымыз ғой, Жаратқаның жақсылығы көп, тәсегіне бар, дем ал, Нака, — деді де, тәсегіне жантайды. Аздан соң апамыз да балалардың қасына кетті. Өстіл ауырып жүрген кезінің бірінде маған:

— Қағаз ал да, айтқанымды жазып қой, менің қалам ұстауға халім жоқ, — деді. Мен дайындалып, жанына кеп отырдым.

Оңға қара, солға қара, бәрібір,  
Бұл фәнидің, жын фәнидің бәрі кір!

Мұлде жаңа жан-жағын,  
Жақсылығын таңдағын,  
Жамаңдығын алмағын!!!

Фылым да бар, дін де бар,  
Қоқыс та бар, гүл де бар.  
Адам-ата өлмесін,  
Ақырзаман келмесін.  
Көл кусырып Құдайға,  
Фылым мен дін бірге бар! —

деп өлең шумақтарын төгіп-төгіп жіберді. Мен жазуға әрең үлгердім. Осы өлеңдерді менің дәптерлеріме

араластырмай, басқа бір жерге мүқияттығып қой, — деді. Кейінректе оны өзі қайта жазды.

Мұқағали 1974-75-жылдары жиі-жиі ауырып, емханага түсіп журді. Емдеу орнында жатса да, сөл айыға бастаса, қолына қаламын алғып өлең жазуға кірісіп кетеді. Сондай кездерде алты, жеті, кейде сегіз өлең жазып тастаған күндері де бар екен.

— Өлеңді аурулар тынышталып, үйқыға кеткен соң, асханага барып жазам. Менің қабинетім — аурулардың асханасы — дейді.

— Өзінді-өзің күштей бермесеңші, дем ал, алдымен науқасынан айық, өлең қайда қашар дейсің, — деймін емханага барған сайын.

— Мен өлең жазумен, өлең оқумен ауруымды емдеймін. Өлеңге кіріскеnde барлық ауруды ұмытқандай болам. Құдайым қолыма қалам ұстаяға шамамды келтірсе, өлең өз-өзінен нөсерлеп төгіліп жатады, — дейтін. Мүмкін, өмірінің қыскарып келе жатқанын, әр сағаты есепте екенін білген де болар.

Мұқағали тағы бірде емханага 1975-жылдың аяғында, қыста түсті. Үлкен баламыз Жұлдыз екеуміз жұмыстан кейін (бұл кезде N9 мектеп-интернатта істедім) тамақ алғып емханага бардық. (Космонавт, Амангелді, Комсомол көшелерінің қылышында) Жұлдыз ҚазМУ-дің заң факультетін бітіріп, Гурьевке жіберілген. Әкесі ауру болған соң, ол жұмысынан сұранып келіпті. Мұқағали жүдеу, нардай жігіт арықтап, шүйкедей бол, азып бара жатқан сыйылды. Көздерінің еті сарғыш тартып шүнгірейе түсken. Сондай жүдеу жүзіне көзім түсіп, қалай құрсініп жібергенімді білмей қалдым. Халі ауыр адамның алдында бұл қылышымның оны қандай күйтеге түсірері де белгілі. Дереу сөзге айналдырган болдым. Мұқаң да сезіп қалса керек, дереу Жұлдызбен сейлесіп кетті.

— Енді келіп қалыпсың, келгенің дұрыс болды. Гурьевке бармай-ақ, қой. Осыннан да бір жұмыс табармыз. Өзің ештеме ойлама! — деп, баласының басынан сипады. Сонаң қоштасып, түнде үйге қайттық, Ертесіне кешкे таман Жұлдыз екеуміз Мұқаңа тағы келдік. Кешегіден сөл көнілділеу екен. Устел үстінде өлең жазған дәптері ашық жатыр. Сол беттен "Құрсінбеші" деген өлеңнің шет жағасын көріп қалдым. Осы өлеңді оқып, мені қалай

шебер суреттегеніне таңдаңдым. Өлеңін оқып отырғанда, тәбем көкке жетеді. Таңдаң қосылған жарым осындағы өзіме арнап өлең жазғаны үшін, еңбегімді бағалағаны үшін, айтар сөзін дәл тапқаны үшін, бір ақын өзінің жары туралы жазса, осындаі-ақ, өлең жазар, сол үшін мен бақыттымын ғой деген мақтаныш сезімге марқайдым.

1973-жылы Мұқағали Горький атындағы әдебиет институтында оқыды. Оны бітірмей, балаларын, Алматысын сағынып қайтып оралды. Кім біледі, өмірінің соңы тақалып келе жатқанын біліп, бір күн де болса ата мекеннің отының басында болайын деді ме, қайдам. Мұқағали әрқашан мекенін оқудан жоғары қойды. "Россия менсіз-ақ, күн көрер-ау, ал менің Россиясыз күнім қараң" — деп Тургенев айтқандай, Москваада ұзак тұра алмады. Алматысына жетуге асықты. Ол бұл өмірден ерте кететінін билетін (оны кейір өлеңдерінде жазған да ғой). Кейде: "Мен елу жылдық тойымды көре алмаймын. Балаларыңа бас бол, мені жоқтатпа, сен өзің кеткенше азық болатын дүние жазып кеттім. Соған ие бол! Қысылмассың! Өзің-өзің мықты бол", — деп отыратын. "Қойши, ертең кететіндей, қайдары сүмдік, ойды қайдан суырып аласың. Кім ауырмайды. Жаман ойлама! Әлі-ақ атыңа мінесің!" — деп қоям, бірақ артынан сезіктеніп жүрем. Уақыттысында айтқандарына мән бермеген екемнін. Бұл сөздер менің есімді тез жинаатқызды. Мұқағалиң айтқаны айдай келді. Міне, қазір жаққаным Мұқағалидың оты, намазым соның аты.

Бала дегенде оның жан-дүниесі бөлек еді. "Таңертең бала-бақшага жылжып-еніретіп әкеле жатқан кішкентайларды көргенде, не істерімді білмей, ілгері басқан аяғым кері кетіп жүргім келмей қалады. Соларды көрген сайын балдыրғандар өмірінен алынған "Таңғы үйқының тәттісі-ай!" деген дастан жазуға дайындалып жүрмін, сөті келсе", — деп отыратын. Кейде дастанының жоспарын да, қалай жазатындығын да айтып қоятын. Амал не, бұл ойын орындаі алмай кетті.

Мен жасымнан әдебиетті сүйіп өстім. Оған себепкер болған өз ағайым болса, немере ағам Әбдүйсін Әкімжанов (мұғалім, пенсияда) та көп әсерін тигізді. Кітап окуға құмарлығым осы кісінің әсерімен басталған. Қазір өлеңге деген құмарлық бұрынғыдан да арта түскен. Мұқағалидың қайсы өлеңін алсаң да қандай әдемі, тілі жатық, Бір сөзі,

үйқасы шашау шықпай орын-орнында тізіліп, нөсерлеп, төгіліп тұрады. Адам баласының шынырауда жатқан ойын, тұлабойындағы небір әдемі сезімдерін қозғайды, дәл басады. Мұқағали поэзиясы ерекше. Қартқа да, жасқа да, шопанға да, ғалымға да түсінкіті. Өлеңдері — тұнып тұрган музыка.

Мұқағали поэзиясына тек шебер аудармашы мен терең талдайтын әділ сыншылар керек-ақ,

Мұқағали — үлкен ойдың адамы. Ол құрделі жұмыс бастарда алдын ала оған көп дайындық, жүргізетін, жанжақты зерттейтін. "Бақыт — әрдайым батыл адам жағында" демекші, дайындықтан соң ісіне батыл кірісп кетеді. Айналадағының бәрін ұмыттады. Жазып біткен соңғана "Жоспар орындалды!" — деп бір бой жазып, масайрап, көнілденіп қалады. Сондай бір кезде мінезі жылдам Алмагұл деген үлкен қызым:

— Папа, қанша өлең жаздың? — демесі бар ма. Сондай орынсыз сұраққа ашуланып қалған Мұқағали:

— Алма, сен ешуақытта маған мұндай сұрақ берме. Мен тоқыма станогі емеспін фой, қызым, — дегенде, Алмамыз орынсыз әрі аңғалдықпен қойған сұрагына өкініп қалды. Қайтып мұндай сауалдарға жуымайтын болды.

Мұқағали педагогикалық, еңбектерді, әдебиеттерді көп оқитын. Мен ауылда жиырма жыл, қалада он жеті жыл мұғалім болып жұмыс істедім. Мұқағали екеуміз қосылғаннан кейінгі өмірімде, ол менің жұмыстарыма көп көмегін тигізді, ақылымен де, білімімен де. Эсіреле, қалада істеген жылдарда. Ашық, сабак, өткізerde, тәрбие сағатында, класты безендіргенде, жиналыстарда баяндағанда жасағанды, тіпті кейбір құрделі сабактарға жоспар жасағанда да міндетті түрде Мұқағалимен ақылдастып отырдым.

Біздің Айбар деген баламыз басқа балалардан тентектеу болды. Ол 12-қазақ, орта мектебінде оқыды. Сол кезде өзімен бір оқитын Миша деген жолдасы бар-ды. Ол үйге келіп жүреді. Бір күні жұмыстан келсем, үйдегі балалар: "Бір орыс қызы келіп кетті. Айбар сағатымды жоғалтты, соны тауып берініздер дейді", — деді. Ертесінде, әлгі қыз бәріміз үйде отырганда тағы келді. Әкесі алдын ала Айбардың сағатты қалай жоғалтқанын сұрап білген. Сағат иесіне Мұқағали: "Сағатың қалай жоғалды, айттып бер?" — деді. Қыз былай деп баяндағы:

— Мен КазПИ-дің соңғы курсында оқимын. Қазір мектепте практикадамын. Практикада сағатсыз қыын

болғандықтан мамам осы қол сағатты сатып әперді. Үйде сабакқа дайындалып отыр едім, інім келді де: "Маган сағат" ете керек бол тұр, сырғанаққа баратын едік, Миша деген досымыз екеуміз. (Айбардың досы қыздың інісінің де досы еken, екеулері көрші еken), — деді. Мен ініме: "Жоғалтыш алма", — деп ескертіп сағатты бердім. Інім көп кешікпей қайтып келді. Сағатты досы Мишаға тастап кетіпті. Содан Миша маган сағатты әкелген жоқ, ертесіне сабакқа кетіп қалыпты. Мектепте ол сағатты Айбар сұрап алды, бірақ класта мұғалімдерден қорқып тақпай, үзілісте партаның астына тығып қояды. Қоңыраудан кейін келіп қараса, сағат жоқ, Миша екеуі де іздең таппайды. Сөйтіп сағатымды Айбар жоғалты, төлеңіздер, егер төлемесеніздер, директорға барамын, — деп сес көрсетті аяқтады сөзін әлгі қыз.

Мұқағали;

— Кызыл, сағатың қанша тұрады? — деп сұрап еді:  
— Отыз сом, — деп жауап берді қыз.

Енді Мұқағали қызға былай деп жауап берді.

— Кызыл, сен сағатыңды сеніп ініңе бердің, ініңнің көңілін қалдырғың келмеді. Інің досының көңілін қалдырмай Мишаға берді. Миша Айбар досының көңілін жықпай соған берді. Айбар сағатты жоғалтып алды. Қарағым, сағаттың жоғалуына басты себепкер өзіңсің. Ал үш бала саған көмекші айыпкерлер. Мен сағаттың құнын төртеуіңе бөлем, бірақ өзіңді бұл төлемнен шығарып тастаймын. Себебі: біріншіден, ініңе жаның ашыңды, екіншіден ертең мектеп есігін ашып, ұстаздық жолын бастайын деп тұрсын. Мұндай игілікті істі төлемнен бастауга болмайды. Келешегіңе дақ, болар. Соңдықтан, отыз сомды үш жігітке тең бөлеміз! — деді де, қызға он сом бергізіп, — ендігі жиырма сомды екі баладан өндіріп ал, осы шешімге риза бол, қызыл, — деді де, кабинетіне кіріп кетті.

Қыз ренжірін де, риза боларын де білмей дағдарыш тұрды да, рақмет айтып шығып кетті. Міне, Мұқаңың ұстаздық тәлімінің, әділдігінің арқасында дау-дамайдан осылайша оңай құтылдық,

Мұқағалидың балаларын ете жақсы көргенін жоғарыда айтып өттім фой. Қандай қындық болса да балапандарының көңілін қалдырмаяуға тырысушы еді. Эйткенмен орынды

жерінде оларға талап қоя білді. "Ей, бәтшагар, қазақ тілін дұрыс сөйле, көпшіл бол, бәленді құлаттыйм деп бөспе! Неше өлең жаздың деме, қалай жұмыс істедіңіз, әке? — деп сұра. Өмірде не нәрсенің де өз заңы бар, соны бүзбауға тырыс", — деп өз басынан кешкен қателерін балалары қайтала маса екен деуші еді-ау, жарықтық,

Қазақ тілі демекші, екі бала қазақ, екі бала орыс мектебін бітірді, бәрі таза қазақша сөйлейді.

Осы жерде Мұқағалидың балалары тұрасында бірер сөз айта кеткеннің артығы болмас. Ақынның өмірінің жалғасы ғой, олар.

Мұқаңнан төрт бала бар, екеуі — ұл, екеуі — қыз. Ең үлкені Жұлдыз ҚазМУ-дің заң факультетін бітірген, қазір әскери прокуратурада тергеуші болып істейді. Айбар — құрылысшы. Алмагұл — ауылда, кітапханада істейді. Шолпан — шет тілінің мұғалімі. Бәрі де, құдайға шүкір, өмірден өз орнын тапқан төрізді. Айбардан басқасы үйлі-бараңды.

Егер Мұқаң тірі болса, байлығыңа да, шайлығыңа да қарамай, Айман, Айжан, Роза, Әсел, Болат сыңды немерелерінің қызырын қызықтаап, өлеңдерін жазып, біздің де, халқының да ортасын толтырып жүрер еді-ау! Қайтейін, тағдыр ейтуге жазбалгы... Ендігі жаратқан иемнен тілерім: Мұқаңның артында қалған түяқтары өмірден қағажу көрмей, дәндері сай, көнілдері тетік жүрсе екен.

Ауру бір жабысқан соң, кетуі қыын екен. Мұқағали тағы ауырып, төсек тартып жатып қалған соң, дәрілерін бердім де, Алмаға тапсырып, жұмысқа кеттім. Үйде бір адам ауырса, ештеңенің берекесі болмайды ғой. Кешкे келсем, Мұқағали үйқтағандай кейіпте, көзін жұмып жатыр екен. Өні боп-боз. Жүргегім алай-тулей болып, ас әзірлейтін бөлмеге кірсем, Алмагұлім боздал отыр.

— Папам тіпті нашарлап жатыр ғой, дәрігер шақыр. Ерні кеуіп, әлсіреп қалды. Аздал сусын бердім, көп іше алмайды. Құндіз бір дәрі бергенімде: "Алма, анау балконның бұрышында өрмекшінің торы бар екен. Соған өрмекші бір шыбынды қамап алып, кешкे дейін зарлатты. Көріп жатып одан әрі қиналдым. Сол торды құртшы!" — деген соң, торды сыбырып тастадым, — деді Алмагұл көз жасын сұртіп. "Ақынның жаны не деген нәзік! Өзі әрең отырып, шыбынға жаны ашығанын қара", — деп ойлап

отырмын. Алдында ауыр қайғы күтіп тұргандаі соны ойлап едім денем дірілдеп кетті. Түнгө қалса сырқаты одан ары ауырлайтынын білем. Не істерімді білмей, ой түбінсө жете алмай отырып, Мұқағали өлеңіне бірінші "сәт сапар" тілеген Әбділда ағамыздан көмек сұрадым. Әбекең қалалық, денсаулық, бөліміне телефон шалып, жағдайды айттыпты. Бір демде бір топ дәрігер машинамен жетіп келді. Мұқағалиды ештеп қарай бастады, қан қысымын өлшеп, жүргегін тыңдал, уколын салып, дәрісін берді. "Ауруханага жеткізбесе болмайды, үйде ауыр болады", — деген соң Мұқаңды дереу киіндіріп, ауруханасына апардым. Дәрігерлер бірінен-бірі естіп дереу жәрдемдесе бастады. Солардың арқасында, Әбекеңнің арқасында, Мұқаңның беті бері қарай бастады. Жиырма шақты күн емделіп, тәуір болып, емханадан шықты.

Сол бір жылдары үлкен үмітпен, ең болмаса бір жұмысқа орналастырап деген мақсатпен Мұқағали Қазақстандағы "ең мықты" ағамыздың атына бар жайды айттып хат жазды. Сол хаттан көп үміт күтіп жүрдік. "Ай соңынан ілессе, жұлдыз қайда қашар дейсің" дегендей "мықты ағамыз" бір хабар берсе, бәрі қалпына келеді деген ойдамыз. Біраз уақыт өткен соң Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті шақырып жатыр деген хабар алдық, Екеуміз де қатты қуандық. Барлық, жағдайымыз дереу жақсарып кететіндей болып отырмыз. Мұқағалиға мен де ілестім. Соңдағы жайды ойласам, күні бүтінгідей жүрегім қан жылайды. Үлкен үйге жақындал барғанда, кең дәлізде екі адам тұр. Екеуді де мұздай кінген. Сонын біреуі "Жұлдыз" журналына көп жыл редактор болған Бекежан Тілегенов. Өздері бізге қыр көрсетіп: "Сен кім едің, Мақатаев?" — деп тұргандаі. Мұқағалиды сол дәлізге шақырып алды, мен сыртта күтіп қалдым.

— Сіз үлкен кісіге арызданған екенсіз. Енді жұмысыныңдың бәрін де Жазушылар одагы бітіреді, соған барыңыз! — депті. Отыр деп айту да жоқ, сәлемдесу де жоқ, сонымен қайырымға келмей екі бейне жоқ, болды.

Тіпті, жай қарапайым адамгершілік деген қайда?! Ең болмаса кабинеттеріне шақырып әнгімелеспей, адам қатарына есептемей, креслода отырғаныңа кісімсінген бюрократтар жерге тірідей тығып жібергендей болды. Осындаі қорлау адам түгілі, хайуанды да ашындырады рой.

Осы бір топас мінездер, келеңсіздіктер ақынның қанша ғұмырын қысқартып жіберді. Кейін Жазушылар одагы да бір сөз айттай, "Баяты жартас, бір жартас" деп Абай атамыз айтқандай, жылы жүзін көрсетпеді. Бірде академиядан бір кісі келіп, Қазақ, Кеңес энциклопедиясы үшін Мұқаның суретін, өмірбаянын жаздырып алыш кетті. Онда өзі бар. Қарал журдік. 1975-жылы 7-том шықты. Бұл кезде Мұқагалидың сүйекті шығармаларының бәрі басылып, жарыққа шығып, халыққа танылған дарынды ақын атанған кезі. Ал энциклопедия Мұқагалидың суретін бермеген. Қітаптарының тізімін ғана берген. Энциклопедиядағылардың басқалармен салыстарғанда Мұқагалиға тарлық жасағанына қарның ашады. Беймәлім біреулерге суретіне қоса, мақалаға да етектей-етектей орын берген.

Көп адамдар осындағы жүдеп жүрген кезінде қол үшін берудің орнына, әйтеуір бір ләжін тауып, құздан құлатуға тырысты, бірақ, Мұқагалидың қазақ, халқы аман болса, атаусыз қалмасы ҳақ. Мұқагали еңбегі, дарыны, талантты, ақындығы арқасында ешкімге кіріптар да болған жоқ, ешкім оны құлата да алған жоқ, Қайта жыл өткен сайын әр қырынан жарқырай танылуда.

Мен кейде таңданам. Мұқагали жыр тәккен жылдар тоқырау заманы болды. Дәл қазір сол тоқырау дүниесінен артылып тұрған өзгерісті көре алмадым. Миымызды соның тұқымы кетпестей үя салып алған сықылды. Қайсыбір жазушылар тілі де бай, ойы да кең, болашақ, үрпакқа рухани тәрбие бере алатын, қай жағынан алса да жотасы биік шығармаларымен бағаланбай қалғанда, қайдары бір жазушысымақтар "қыз мінезімен", халтурасымен мемлекеттік сыйлықтарға ие болып, елінің "елеулісі" халқының "қалаулысы" бол өмірде шалқып жүр. Бұрын кімдер мықты өмір сүрсе, қазір де өмір солардікі. Қашан әділеттілікке қолымыз жетеді? Мұқагалидың ұлан-ғайыр еңбегі әлі өз бағасын алған жоқ, Біреулер шығармаларында Мұқагалидай көнбіске тау-тау жүгін көтертпі қойып, сол жүктің қалқасында жүріп, өзі мақталғанына, көзге түскеніне, өз құлығына өзі дән риза. Әлгі иттің арбаның көлеңкесінде келе жатып, мына арбаны мен сүйреп келе жатырмын, деп мардымситын мысал өлеңнің кері.

Теледиңдер көргенде де, кино көргенде де Мұқагали соның кейіпкерлерімен бірге қуанып, қайғырып отыратын. Бірде

Чилиде болыш жатқан қайғылы оқиғаны көріп отырдық, Халқының ұлы суреткери Пабло Нерудаңың өлімін естіл, Мұқагали қатты түнілді, қиналды, жанын қоярга жер тапшады. Сол хабар бітіе салып, Мұқаң дереу жазу үстеліне отырып "Чили — шуағым менің" деген поэмасын түнімен жазып, ертесіне газетке барып тапсырып келді. Екі-үш күн өткен соң Москва ақындарының Пабло Неруда туралы азалы өлеңдерін газеттерден оқыдық, "Ұлы ақынға жан күйзелісімді бірінші рет жеткізген мен екенмін!" — деп мұнайшп отырды.

Мұқагали өзі қатарлы адамдармен тез тіл табысып, достасып кетіп жүрді. Бірде Қалжан Нұрмакановты, бірде Қажығұмар Куандықовты ертіп келіп таныстыруды. Бірі әдеби сыншы, жазушы, бірі қазақтың түңғыш театр зерттеушісі еді.

Әнуарбек Дүйсенбиевті де әрі құрдасым, әрі туысым деп жақсы көруші еді. Әнуарбектің "Қаһарман қорған" деген кітабы баспадан шыққанда екеуі бізге келіп кітаптың куанышын атап өтті. Кетерде Әнуарбек қолтаңба жазған кітабын сыйлады. Онда: "Мұқашқа! Бір-бірімізді өзімдей түсінетін ұлы туысыма! Алтын құрдасым! Іздейтін жалғыз бауырыма! Ә.Дүйсенбиев", — деп жазылған алтын қолдарының таңбасы тұр. Өр кеуделі ардақты ақын, ол да қайтты дүниеден. Шеміл құрдасын да ұнататын. Араға бір жыл, екі жыл салып, үшеуі де кетті о дүниеге!

Орыс жолдастары да болушы еді. Геннадий Кругляков, Сергей Кисилев деген әрі жас, әрі талантты ақындар үйге келіп жүрді.

Үйде қолтаңба жазылған кітаптар бір кебеже! Оқып отырсан әрінен бірі өтеді. Ерекше бір сөз өнері көрмесіне кірген сияқты боласың. Оның ішінде Андрей Вознесенский, Украина ақыны Е.Летюк те, А.Елков, т. б. бар.

Осы ақындардың бәрі де ақын жүргегінің дарқандығына, өлеңінің үнді, құдіреттілігіне, кеңдігіне, таланттының биіктігіне, өзінің жеке басының адалдығына, азаматтығына бас иеді.

Мұқагали, әсіресе, өзінен кейінгі сөз қадірін билетін, жаңа ғана қаламын ұштай бастаған жаңа ақындарды, студенттерді топ-тобымен үйге ертіп келетін. Мен басқа ештең болмай қалса да, арпадан, тарыдан, күріштен көже салып ашытып қоям. Балалар да, Мұқагали да соны ішуге үйреніп кеткен. Менің уақыттың болмаса, көжені өзі салып

қояды. Мұқаң жаңағы жүргегінде алауы бар жастарды үтгे кіргізіп, қатар-қатар отырғызып қояды да: "Мынау ашыған көже, атаңың асы, ішіндер!" — деп шетінен үлестіре бастайды. Жасыратыны жоқ, көңілдің хошы жоқта, бәрін қызып шығам. Оны Мұқаң есептемейді де, кек тұттайды. Ертесінде нәкерлерін тағы ертіп келеді. Балалар есік жақта "қалай болар екен?" деп тіреліп, маған қарап тұрады. "Ей, қызталалқтар! Жогары шығындар! Женешелерің оттай береді, оған қарамаңдар!" — деп ашыған көжесін үлестіріп жатады, дарханым. О да бір қатты сағындыратын дәурен екен гой!!

Мұқағали Жазушылар одагын өз жылы ұясындағай, жығылса сүйейтін, қысылса көмектесетін алдыңғы ағасындағай, кең тыныс алатын ақ ордасындағай көрді. Бүтінге дейін соңдай Одақты сүйетіндерді білмеймін. Жазушылар одагы есіне түссе "Одаққа барам!" деп жазып отырған дүниесін токтатып қойып, дереу жиналып шығып кететін. Өстіп "Одағым, Одағым!" деп өтті өмірден.

Мұқағали кірпігі әрең қимылдан ауруханада акырығы сағаттарын күттіп жатты. Әбден арыған, сөйлеуге шамасы жоқ, сол қалпымен жатып, акырын күшін жинап, акыргы рет тілге келді: "Лашын, такси әкел, Одаққа барайық.. Балаларым жас еді. Бітпеген жұмыстарым бар еді..." деп сыйырлап әрең-әрең айттып шықты. Міне, қасірет көзіме жаңа көрініп тұр, көзім ештеңе көре алмайды, жас сорғалауда. "Мына сүмдікты, Мұқағалидың осындаі халін көрген көзім, ештеңе көрмей соқыр боп қалсашы!" деп тұрмын. Айтуға тілім жеттейді. Мұқаның сезін емдеуіші дәрігерге айттып едім: "Сіздің есініз дұрыс па; мына халімен ауруды таксимен алып жүрмек екенсіз гой. Онан да жақындарыңыз болса, хабарлай берініз!" дегені. Жылы жүзімен дем береді деп сенген дәрігерім, мына сезімен жүргегіме қанжарды бір-ақ салғандай болды. Сүмірейіп есім бірде бар, бірде жоқ, үтгे әрең жеттім. Ертесінде тілі мулде жоқ, боп қалды да, тұн ауганда қиналып жатып, қайтыс болды...

Мұқағалидың тілі бай, халық тілі еді гой.

Ол халқын қалай сүйсе, халық та оны солай сүйді. Оған — жырларына жазылып жатқан белгілі композиторлардың да, әуесқой композиторлардың да әсем әндері, қолына қалам алған ақындардың арнау өлеңдері, суретшілердің

жасап жатқан бірінен-бірі өтетін Мұқағали портреттері, тағы басқа да дүниелері — бәрі-бәрі күә. Олардың қай-қайсысы да халық, сүйіспеншілгінің белгісі болса керек. Лауреаттықты "жоғарғы топ", мықтты ағалары қимаса да, ел-жүртты ыстық, ықыласына бөлеп, өлдекашан шын бағасын, зор құрметтін беріп те қойған. Мұқаң халқына піріндей сенді. Соңдықтан:

"Әрине суық, қайғы, суық, қайғы,  
Көңілін халқын, бірақ, суытпайды.  
Егерде халық, өзін ұмытпаса,  
Бақыл бол, халқың сені ұмытпайды.

Қайырымсыз қағазға елің бас ұрмайды,  
Саған деген сағыныш басылмайды.  
Табытынды жасырса, жер жасырар,  
Ал, уақыт, өзінді жасырмайды!"

деп тірі күнінде ол өзінің "Жаназасы" толғауында алтын әріппен жазып кетті емес пе!

### ...БІЗ ОСЫЛАЙ ТАБЫСЫП ЕДІК...

Дәл қай жылы және қай күні екені анық есімде жоқ, Әйтеуір менің Мұқағалимен тұнғыш рет кездесіп, жақсы таныс болғаным Қазақ радиосының музыка редакциясында еді. Мен туралы хабар берілмекші екен. Дауысымды жазып алатын болған соң қелгем. Алдынан арсаландаپ Әнуарбек Байжанбаев шықты. Ол осында бас диктор. Екеуміз бүріннан жақсы таныстырыз. Амандақ, сұрасып отырганымызды біздің жаңымыздың кең жауырынды, бүркіт тұмсық, палуан денелі жас жігіт келді. Екі бетінен қаны тамып түр. Нұрлы екен. Батыл амандасты.

— Нурага! Ассалаумағалейкум! Мен Мұқағали деген ініңіз боламын. Әдейі амандасайын деп келдім сізге. Райымбек бабаның үрпағымын, аға.

— Бәрекелде, бауырым, бәрекелде!

Сұраса келіп оның осында диктор болып қызмет істейтінің білдім. Қарасаздан астанаға көшіп келгеніне де көп болмаған екен. Қарт шешесі, бала-шагасымен пәтер жалдаپ тұрып жатқан сыңайы бар.

Не керек, ол екеуміз аса көп сырласа алмасақ, та біріміз жайлы біріміз әжептеуір хабардар болып қалдық. Мен осыдан бастап ақын інімнің газет-журналдарда жарияланған кейір өлеңдерін оқып та журдім. Жас жігіттің өлеңдеріндегі қарапайымдылық пен ойлылық, адам сезімін қозғап өтетін қуаттылық, жақсы әсер ете бастады.

Мақатаев екеуміздің екінші рет бетпе-бет кездесуіміз Жазушылар Одағында болды. Ол жерге ақын Тұманбай Молдағалиевты іздең барғам. Мұқағали Тұмаштың кабинетінде отыр екен. Мені өзіне аға санап, арсаландаپ қарсы алды. Біраз әңгіме дүкен құрдық, Өнер туралы, қазіргі кезеңдегі поэзия жөнінде, ән жайында өзімізше сырласып, біраз отырып қалдық. Тұмашқа өз басымда жүрген дайын әуенге сөз жаз деп қолқа салдым. Мұқағали болса анда-сонда тау қыранындағы мінезбен козғалақтарап қойып үнсіз тыңдал отыр. Байқаймын, ол Тұманбайды, ал Тұмаш оны жақсы сыйлайтын секілді. Сейтіп, мені қосқанда үш бауыр — екі ақын мен бір композитор өз

заманымыздың өнері жайлы көнілде көктеген біраз ойларды ортаға салып, өзара ой бөлісіп, сырласып тарастық,

Әлті кездесуден соң Мұқағали маган етene жақын інім сияқты болып кетті. Енді оның шығармашылығына бұрынғыдан да баса назар аударатын болдым. Өзіме ерекше ұнаған өлеңдері туралы кездесе қалғанда оған қуана айтып та жүрдім. Оның шығармашылығында көп ақындарға ұқсай бермейтін ерекшелік, ер міnez бар екенін аңғара бастадым. Мерзімді баспасөз беттерінде жарық, көрген көлемді дүниелері мен шағын өлеңдерін жас ақындардың жаттап алыш айтып жүретінін де хабардармын. Бірақ, неге екенін кім білсін, сол жылдарды Мұқағали поэзиясының табыстары туралы ешкім маңдытып жаза қоймады-ау деймін. Иә, дәл солай. Тек Әбіш Кекілбаев ініміз тәуір дүние жазды дегенді естідім. Пенденіміз фой...

Мына тынымы жоқ, тіршілікте әркім әр шаруамен байланып, таңның атысымен күннің батысына дейін тыптырлаймыз да жүреміз емес пе? Мәселен, мен композитормын. Ал Мұқағали ақын. Әсіресе жетпісінші жылдардың орта шенінде оның поэзиясы шарықтау шегіне жеткендей аспандады. Барлық ел, қалың оқырман Мұқағалидың өзгеге ұқсамайтын дара талант екенін мойындаса да қолында баспаның тізгіні, мансаптық билігі бар кейбір ағайындарымыз оған жабыққанда жанашыр бола қоймадты. Әскенді өшіруге тырысатын қазекемнің іштеген шалып, сырттан айдақтайдыны бар емес пе. Мұқағали да осындағы сорақы әрекеттердің тұзағына жиі түсті-ау шамасы. Мен оны ақын ініммен оңаша бір әңгімелескенде анық, сездім. Бірақ, таланттың аты талант қой. Кедергілер кездескен сайын ол жігеріне жігер қосып, қайраттанып, тамаша дүниелер жаза берді. Қырсыққанда сол жетпісінші жылдардың орта шенінде ақын ауыр сырқат еді... Өзінің айтуынша бауырына қатты күш түскен. Соның әсерінен басқа іш құрылышы да әлсірей бастаған. Жиі-жиі ауруханага жатып, емделіп шығып жүрді. "Өлеңді өндіріп жазып жүрмін. Енді бұдан басқа маган не қалды" дегені әлі есімде. Неге айтты екен осыны?..

1975-жылдың күзі. Ол кезде Мұқағали еш жерде жұмыс іstemей, үйде шығарма жазып жатқан. Неге екенін қайдам, інімді арнайы іздедім.

Ақыры таптым. Екеуара кең-мол әңгімелескен соң мен оған аға ретінде қолқа салдым:

— Мұқаш батыр! Мен сенің өлеңдеріңің куаттылығын енді ғана толық түсініп, енді ғана танығандаймын. Эр сөзің халыққа жақын әрі ұтынықты, қарапайым. Еңдеше неге өз халқың аузынан тастамай айтып жүретін әнге айналдырмасқа оны? Бұған қалай қарайсың.

— Мен бұрын-соңды әннің сөзін жазған ақын емес едім, ага... Осының өзі қалай болар екен...

Ол әжептәуір ойланып қалды. Мен қайталап қолқа салдым. Бұл жолы қарсылық, көрсеткен жок, Тек ауыр курсінді. Соңда не ойлады екен?..

Бұл кезде мен Алматы қаласының Коммунистический (қазіргі Абылай хан) көшесімен Гоголь көшелерінің қылышындағы "Қаракөз" кафесінің үстінде тұратынмын. Келісім бойынша Мұқагали екеуміз үйге келдік. Сол күннен бастап біріміз композитор, біріміз ақын ретінде талжылмай отырып жұмыс істеуге келістік. Мұқагалидың үйіндегі келін — Лашынға телефон арқылы хабар беріп, мән-жайды түсіндірдік. Кім білсін, алғашында келініміз ерке ақын мен "шатақ" композитор бірігіп жұмыс істейді дегенге сенбеген де шығар... Мейлі, наныңыз, мейлі, наңбаңыз, сол жолы Мұқагали екеуміз тұра отыз күн бойы біздің үйде өндіре жұмыс істедік. Мен отыздан аса ән шығардым. Ал ол сол өндердің беріне мөлдіретіп тұрып өлең жазып шықты.

Бұл күнде иісі қазақ, аса жоғары бағалап, құрметпен айтатын "Сарыжайлай", "Сәлем берем Жетісұға", "Сөнбейді, әже, шырағың", "Есіңе мені алғайсың", "Болмасын соғыс, болмасын", "Кел, еркем, Алатауым", "Домбыра — досым" және басқа да қөптеген өндер тұра сол отыз күн ішінде әрі жедел әрі сәтті тұган дүниелер еді. Ал енді әр әннің қашсан және қалай жазылғаны өзінше бір-бір әңтімеге арқау бола алады. Мен соның бірнешеуіне ғана барынша қысқаша тоқтауды жөн санап отырмын.

Мұқагали екеуміз айдан астам біздің үйде бірігіп жұмыс істедік дедім рой. Сол күндердің бірінде ақын інім екеуміздің Бауыржан Момышұлына барып, сәлем беріп қайтуымыз керек болды. Бәуkenің үйіндегі жеңешеміз қуана қарсы алды да бізге ескерту жасады.

— Ағаларың сендерді күтіп қалды. Айқайлас алуды әбден мүмкін, — деді. Жеңгеміздің айтқаны айдай келді. "Сөгісімізді" алдық, Сосын барып батыр ағамыз жазылып сала берді:

— Сендер білемісіңдер? Мен мына шылым деген бәлені

неге жиі шегемін? Неге ана пәлені?.. Қан майданда көз жұмған есіл ерлерді, майдандастарымды іздеймін!.. Сағынамын соларды!.. — деп қалды Бәукең.

Мен Мұқагалиға, ол маған қарауды. "Батырдың мына тебіренісімен бір ән жазар ма еді" дедім іштей. Ақын інім менің бұл ойымды бірден аңғарғандай. Нанасыз ба, дәл сол жерде мениң көмейіме белгісіз бір ән ыргағы, сағыныш сазы келгендей болды. Мазам кетті. Асығып отырмын. Бәукең бөлме ішін көкала тұман етіп әңгімесін сабактайды.

Момышұлының үйінен шығып үйге жеткенше мен де, Мұқагали да тіс жармадық, Мен болашақ, ән туралы, ал ақын інім оның сөзі жайлыш толғатып келеміз.

Үйге кіре күйсандаққа отырдым. Мұқагали болса Дарига женесіне: "Маған асхананы бересіз бе? Жұмыс істей керек", — деп өтінішін айтты да қағаз-қаламын алып отырып қалды. Сөйтіп дәл сол күні "Мен сендерді іздеймін" атты жаңа ән дүниеге келді. Сәтті шықты. Дереу әнші Нұрғали Нұсілжановты іздедік. Нотага енді ғана тускен жаңа әнді көріп ол да қуанып жатыр.

Кім білсін, сол күні Мұқагали екеуміз Бәукеңнің үйіне бармасақ, әлгі ән туар ма еді, жоқ, па?..

Елдің сүйікті әніне айналған "Саржайлаудың" тууы да қызық, Ол да ақын інім екеуміз бірге жұмыс істеген 30 күннің ішінде дүниеге келген шығарма. Ілгері бір жылдарда Мұқагали екеуміз ақынның туған жерінде, жайлауда болғанымыз бар. Сол жолы ол арақ-шарапқа мойын бүрмай сары қымызы ішүмен болды. Өзі білетін жер-су аттарын айттып, туған жерін, ағайын-туыстарын таныстырды. Жүрт айтатындағы бөгде "еркелік" көрсеткен жоқ, Аз күн болса да жақсы демалып қайттық. Сол жолы бір малшы ағасы тамақ, үстінде бізге әзіл тастап еді:

— Екі бірдей тамаша талант иесі жайлау төрінде отыр. Бірі атақты композитор, бірі мықты ақын. Неге мына жасыл жайлау туралы ән шығармасқа. Нағыз сарыжайлау дегеніңіз мына жатқан Шалқөденің кең төсі емес пе, — деп қалған.

Сол сөз менің көкейімде көптен жүретін. Мұқагали жанымда болған айта жуық, уақыттың сәтті бір күннің өмірге ән келді. Ал ақын інім лезде оның сөзін егілдіріп, төгілдіріп, құлпыртып тудыра салды. Сөйтіп "Сарыжайлау" әні шықты.

...Жасыратыны жоқ, шынайы жүйріктер мен нағыз

талант иелерінің артында әртүрлі сөздер қалады. Біреу қосып, біреу боямалап жеткізеді. Тіпті қайсыбірі көлеңкелі жақтарын терігі алып, сыр білдірмей таратып жүреді. Бұғінде арамызда жоқ Мұқағали жайлы аз білетіндер оны асып кеткен тентек, тек ішіп қана өмір кешкен деп былжырайды. Бұл — нағыз қиянат. Біріншіден, ол аса еңбеккөр әрі ерекше талантты ақын болды. Еркелесе еліне, туған жеріне, қадірін білетін ағалары мен жеңгелеріне еркелеген шығар. Қайсыбір өсекшілер айтқандай тек ішіп ғұмыр кешсе, соңына бүтінгідей асыл мұраларды қалай қалдыра алар еді?

Мен Мұқағалимен өсіресе оның өмірінің соңғы кезеңдерінде қоян-қолтық араластым. Ағасы ретінде акылымды да айттым. Соңда аңғарғаным ол пәк сәби сияқты мәлдір тұлға еді. Кім біледі, ашы судың желігімен міnez өзгерген кездері де болған шығар. Ал мен үшін ол ұяң да нәзік, ақ, көніл де көвшіл, әрі мейлінше қаралайым азамат болатын. Рас, әділетсіз мансапқорларға қырандай шүйілетін. Өзін сыйлаган адамға өзегін жарып беретін ақ, көніл еді. Сезімі қаңдай ұшқыр десенші?!

Бірлесіп жұмыс істеп жатқан күндердің бірінде қала ортасындағы Панфиловшылар паркін өйелім Дариға, Мұқағали үшеуміз әбден аралап келіп, қызыл күрең шайды ішіп алған соң мен Дариғага:

— Дариға, домбырамды берші маған, — дептін ғой.

Осыны байқап қалған ақын інім қағаз-қаламын алып, біздің шағын бөлменің біріне асығыс кіріп кетіп, ілездे "Домбыра — досым" деген өлең жазып келіпти.

— Осыған ән жаз, аға, — дейді өтініп.

Сейтіп өмірге тағы да бір жаңа ән келді. Шығармашылық, деген қызық, қой.

Бір жолы біздің үйдің іші және Мұқағали бәріміз Медеу жаққа серуенге шықтық, Таудың аты тау ғой шіркін. Салқын самал. Таза ауа.

Асая бұлақ, Жасыл шыршалар мен қалың қарагайлар. Мұрынға жұпар ісі келеді. Көмейіме әдемі ырғак, — жаңа ән келгендей. "Жетісу қаңдай ғажап, сұлу өлкө ә, бауырым", — деймін Мұқағалиға.

Ол сәл ойланған қалпында біраз тұрды да үлкен бір қой тастың үстіне шығып отырып, шұққия қалды. Әжептәуір отырды. Мен әлі ыңылдан жүрмін.

— Аға, мынаны көрінізші. Буын саны келетіндей ме, —

дейді Мұқағали. Екі адамның сезімі іштей қалай қабысады десенші. Әннің ыргағымен сезі сайма-сай келе қалды. Үйге асығыс оралып, дереу құйсандыққа отырдым. Сол күні "Сәлем берем Жетісуға" әні шықты.

Жә, әр әннің туған уақытын, оның себебін тізбелей берсек әңгіме ұзаққа кетер. Енді Мұқағалимен ақыргы рет кездесуімді көңіл көзімен бір шоғып көрейінші.

Жаңылмасам, жоғарыда айтқанымдай, ақын інім екеуміз біздің үйде тұп-тура отыз күн үздіксіз жұмыс істедік. Арасында серуенге де баратынбыз. Бірақ өндіртіп жұмыс істедік. Бүгінде ел арасында да шырқаулып жүрген Мақатаев сөзіне жазылған менің әндерімнің көбі сол отыз күн ішінде менің шаңырағында жазылған дүниелер екенін екінің бірі біле бермес, бәлкім.

Сол тұста кай әннің қалай жазылғанынан белгілі әнші Бақыт Әшімова мен Нұргали Нұсіпжановтың және Қайрат Байбосыновтардың да хабарлары бар. Өйткені олар Мұқағали екеуміздің жаңа әндерімізді алғаш рет орындаған әншілер.

Кім білсін, былайғы жүрт әртүрлі ойлайтын да шығар. Нұргиса мен Мұқағали қалайша ай бойы тәртіп бұзбай, тапжылмай, өндіре жұмыс істеді екен деушілер де табылар. Мейлі, айта берсін. Ал мен өз басымнан көшкен өмір кезенінің бір үзігін ғана айттып отырмын.

Бір күні Мұқағали маған ойлы көзімен қадалып тұрып:

— Аға, мен үйге кетем. Енді босадыңыз. Осы дүниелер елімнің кәдесіне жараса, онда бақыттымын. Бауырымның дерті қозғалып қалыпты, — деді. Ауыр курсінді. Соңда мен оны бұл жалған дүниенің жарығында соңғы рет көріп тұрганымды білсемші?!

Мұқағали дүниеден өткен соң қатты құйзелдім. Жүргегім әлсіреп екі айға жуық емханада жаттым. Арада екі ай өткен соң жұмысқа киеттің бешпенттің қалтасынан хат шықты. Мұқағалидың жазуы... "Аға, мен рой. Дертім қозып барады. Не боларын білмеймін. Мынаған назар аударып көрерсіз" депті.

Емханада қатты ауырып жатқанда маған жіберген сол өлеңі "Есіңде мені алғайсың" екен. Жаңым құйзеліп отырып, ақын інім көз жұмғаннан кейінгі екінші айдың ауыр бір күнінде өлгі өлеңде ән жаздым.

Міне, аяулы Мұқағалиымды бүгін де есіме алып отырмын.

## **СЕРТИНЕ ЖЕТКЕН АҚЫН**

Хафиздің Ширазы, Есениннің Рязаны, Абайдың қара қойтас хан Шыңғысында Мұқағалидың Қарасазы ақын атымен қатар айттылатын болды. Күн тауы — Тянь-Шаньның кек тіреген Хантәңір шоқысына іргелес Елшенбұйректің бауырындағы бұл мекенде табиғатқа тән табиғи сұлұлықтың, барша байлықтың бәрі бар. Айғайтастан басталатын тау суы, Шалқөде жайлалауының қапталы — қарақатқа толы, қарағай-қайыңды әр сайынан келіп қосылатын ботакөз бұлақтармен көбейіп, тұнғында патша балық — форель асыр салатын қуатты өзенге айналады. Ол Қарасазға жеткенде тұнғықтанана үнсіз жылжитын жиегінде құндыз бұғынып, іірімінен үйрек ұшып, қалың қау бұталы тоғайында қырғауыл ұлайтын қарасуымен қосылысып, арнасын кеңейте, алабына нәр бере түседі. Аспанында қыран қалықтағ, тастарында тауешкі, арқар, құлжа ойнақтаған жақтар таулар жан-жақтан өзара тұтасып, бірінен бірі биіктеп кең қорғандай алыстан қоршайды. Атына заты сай Алтынкеннен алтын, Тұзкөден тұз, Көміршіден көмір шығатын, Шоқанақсан деп аталатын аңызға айналған тарихи асуы бар осынау жаннат жайлалауды тұтіні тұман болған, қаймағы бұзылмаған қалың албан мекендейді. Осы ортада табиғатқа тартып тұғанын талантты туындыларымен дәлелдеп, майталман, дархан ақын Мұқағали Мақатаев туып еости.

Он жасар болашақ ақын майданға кеткен әкесін аңсап:

Ол жерде Сырымбеттей тау бар ма екен,  
Жайдактың шебі шүйгін қаулар ма екен.  
Мінеки, көп ай болды хабары жок,  
Әкем кеп көңілімізді аулар ма екен,  
Әкеміз бір әкеден жалғыз еді,  
Судагы жаңа біткен жалбыз еді.  
Мінеки, көп ай болды хабары жок,  
Біз дағы әкемізге зармыз енді.

Ақан серінің “Ақтөқты” әнінің (“Қазақ, әндері” 2-том, 91-б. “Жазушы” 1968-ж.) бірінші шумагының әсерімен

өлең бастап өз көңіл күйіне икемдеп өндей, қазақтың қара өлеңіне сүйене аяқтаған бұл өлең, небәрі үшінші класс оқушысының ақындық бастамасымен қоса, үйренер ұстаздарын дұрыс таңдағанынан дерек беріп тұргандай. Еліктеп болса да өлең жаза бастаған осы он жасын кейін кемелденген Мұқағали:

Шаруаның баласы болғасын ба,  
Айналыстым шаруамен он жасымда.  
Майдандағы әкеме оқ, жібердім  
Айырбастап күлшемді қорғасынға, —

деп шыншылдықпен әсерлі суреттейді. Қара өлеңге уызында жарыған ақын бертін келе қалыптасқан кезінде:

Қалқам, мен Лермонтов та, Пушкин де емен,  
Есенинмін демедім ешкімге мен.  
Қазақтың қара өлеңі — құдіретім,  
Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген, —

деп сол өзіне ақ сүт берген ана өлеңге өлі де тәнті қалып танытады. Сонымен бірге алып ақындарға еліктеуден әлдеқашан құлантаза арылғанын, ешкімнің ортағы жоқ, өз сара жолында келе жатқанын анғартқандай. Ол жол бірден даңғыл бола қойған жоқ. Қаз тұрып тәй-тәй басудың ізден сүрлеу боп басталып, соқпақтан жолға айнаудың соқтықталы ұзақ, сонар кезеңдерін бастан кешті.

Мұқағали Мақатаевтың "Інімнің ойы", "Шебер" деп аталағын екі өлеңі жас ақын ретінде бірінші рег "Жастық жыры" атты ұжымды жинаққа еніпті. 1952-жылы "Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан" шыққан бұл топтаманы Қасым Аманжолов құрастырып, сол кезде өлең жазып, ақын болу жолында жүрген өлеңдері жарияланған 23 ақынның ішінде М.Әлімбаев, F.Қайырбеков, Т.Бердияров, Т.Исмаилов, I.Мәмбетов сияқты қазіргі қазақ әдебиетінің белгілі өкілдері бар. "Жастық жырына" алғашқы өлеңдерін ұсынған сол кездің жас ақындарының ішінен үлкен топты іріктеп, болашағын көрегендікпен болжай білген Қ.Аманжолов талғамына еріксіз таңданамыз. "Қыранды қыран айыстан таниды" дегендей осы топтың бел ортасында Мұқағалидың болуы тіпті де кездейсоқ емес екендігін уақыт дәлелдеп берді. "Жастық жыры" жинағында Мұхаметқали деп Мақатаевтың ата-анасы азан шақырып қойған есімі толық, жазылған.

Анасының "Мұхаметқалиым-ау" деп дауыс айтқаны ақын азасына қатынасқан азаматтардың есінде болар.

Осы 50-жылдар ішінде республикалық баспасөз бетінде М.Мақатаев есімі, ара-тұра болса да, жақсы өлеңдерімен оқырмандағы іздете, күттіре жарияланып тұрды. 1954-жылы "Әдебиет және искусство" журналының 6-санында Мұқағалидың "Әке туралы сөз", "Біздің жақтың інірі", "Хат" деп аталатын үш өлеңі жарияланады. Ол уақытта Шынжаң провинциясының орталығы Үрімжі қаласындағы Ұлттар институтының тіл-әдебиет факультетінде оқып жүрген кезім. Совет Одағында шығатын газет-журнал, оқулық, көркем әдебиет кітаптары Шынжаңға кеңінен тарағын. "Әдебиет және искусство" журналы біздің асыға күтіп, үзбей оқытын ең сүйікті басылымыздың бірі болатын. Мұқағалидың жоғарыда аталған 6-сандағы үш өлеңі бізге ерекше, ала бөтен әсер етті. Оны құмартса оқымаған бірде-бір жас қалмады. Жаттап алыш, әсіресе "Хат" деген өлеңін әнге салып айтыш жүрдік. Махаббат аңсаған арманшыл бозбала шағымызда, іздеңгеле сұраған болуы, көркем өлең ретіндегі сұлу сырлылығы мен қоса тамылжыған табигат көрінісі көнілге үялай түсті білем. Өйткені өлеңдің тууына әсер еткен Нарынқол жері мен біздің тұрган мекеніміз жалғас — бір Іле өзенінің жағасы, табигаты үқсас болғандықтан өз жан сырмыздай етene естілген.

Саған таныс адыр, қырқа, беттегі,  
Жыңғыл, жусан, тобылғылар көктеді.  
Рахатта іші-сырты ауылдың  
Сен де, сәулем, куантсаңшы кеп мені.

деп басталатын "Хат" өлеңі өз жүргегіміздің сырындағы сезіліп:

Күндеңіден әлдекайда жай тіпті,  
Дөң артынан әрең-әрең ай шықты.  
Ұясына кешеу қалған топ үйрек  
Жайылымнан жаңа ғана қайтыпты, —

деп келетін "Біздің жақтың інірі" біз жақтың да ініріндей, кекілімізде ғана сәулеленіп қоймай, көз алдымыздығы көрініспен де біте қайнасатын.

1955-жылы атамекенім Қазақстанға түбекейлі көшіп келдім. Нарынқолдан нағашыларым табылып, үй-ішім сонда кетті де мен окуға тұсу үшін Алматыда қалып

қойдым. Сол кезде Алматыда оқитын нарынқолдық студенттер Алдаберген, Жұнісбек, Күлән, Нұрым, Сүлет, Оспандармен таныстым. Олар өлең жазатынымды білгенде мениң үйім барып орналасқан Киров атындағы колхоздың Қарасаз дейтін бөлімшесінде Мұқағали деген ақын мұғалім бар екенін айтқанда, қуанышында шек болмады. Ауылға жеткенше асық болдым. Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсіп, жетінші қазан мерекесінде 3 – 4 күнге үйге аттандым.

Киров атындағы колхоздың орталығына баратын жол Қарасазды басып өтеді екен. "Бұл қай жер?" деген сұрағыма "Қарасаз" деген жауап алғанда көліктен қалай секіріп түскенімді өзім де аңғармадым. Сұрастыра-сұрастыра ауылдың аяғын ала орналасқан тоқал там қоржын үйдің есік алдына келіп, аулада отын жарып жатқан жартылай жалаңаш, еңгезердей палуан денелі, қақпақ жауырынды, иңкіті, бойшаң жігітпен есендесіп:

— Мұқағалидың үйі осы ма? — деп жөн сұрадым.

— Осы, — деген жауап естілісімен әлгі жігітпен қол алысып, үйдің есігіне қарай беттедім. Әлгі жігіт те, балтасын шөркеге сүйей салып, қолын қағып соңымнан ерді. Үйге кірген соң, мен жатқа білетін өлеңнің авторы жалаңаштанып отын жармайтындей:

— Мұқаң қайда екен? — дептін. Жайдарылана күліп: "Мен едім" деп жатыр. Орнымнан үшып тұрып қайта амандастым. Үйде өзге ешкім жоқ, екен. Таныстықты өз өлеңдерін өзіне жатқа айтып беруден бастадым. Өлеңнің қызы сүқпаты өрбіді де кетті. Шешесі, зайыбы, балалары келді. Олармен қысқа-қысқа амандақ-есендік айтысып танысулардан кейін, шешесі "Қарағым" деп мәндайымнан сүйді. Кейіпкері тыңдасын деп Мұқағали "Хат" өлеңін маган қайтадан айтқызды.

Саған таныс адыр, қырқа, беттегі,  
Жыңғыл, жусан, тобылғылар көктеді.  
Рахатта іші-сырты ауылдың,  
Сен де, сәулем, куантсаңшы кеп мені.

Соңына Лашын да қосылып айтты. Әңгіме өлеңнің алма-кезек өрілген арнасына түсіп тау сүйндей тасқындаі берді.

Бөлменің бір бұрышына қойылған үстелдің үсті тәбеле жеткенше қатарлап тізілген кітап. Бір кісі бір парап,

қағазын қойып жаза алатын ғана орын қалдырылған. Шашы екіге жарылып толқынданыңқырап тұрған, бет пішіні берекелі, етті-женді Мұқағали үстіне киім киіп, қолына кітап ұстағанда Балъзакқа ұқсап кетіп отырды. Тоқаш Бердияровпен жіе қарым-қатынаста еken. Осында келіп тұратынын айтып, өзіне ұнаған бір екі өлеңін оқып, мақтап отырды. Сөз арасында өзінің әзіл өлеңдерінен де оқып күліп, күлдірумен болды. Соның бірі "Менің бір досым" деген өлеңі:

Ана бір жыл Алматыға келгенде,  
Өз аузынан досым былай деп еді,  
"Дүниенің барлығын да өлеңге,  
Сыйғызатын ақын болғым келеді".

Былтырығы жыл Алматыға келгенде,  
Былай деген сезін ұқтым батырдың.  
"Шалқар ойым сыймайды еken өлеңге,  
Алты актылық пьеса жазып жатырмын".

Был тағы Алматыға келіп ем,  
Досым менің барлығын да тастапты.  
"Ақысы мол, өрісі кең, жолы көп",  
Екі томдық романын бастапты.

Бұл өлең де, бұдан жоғарыда ұзінді келтірген "Біздің жақтың інірі" деп аталатын туындысы да ақынның екі томдығына енбей қалыпты. Осы өлеңнің өзінен-ақ Мұқағалидың әдебиетшілермен үнемі тығыз байланыста еkenін, бір бағыттан айнымайтын тұрақтылықты барынша дәріптейтіндігін аңғарғандай болдым.

Осы ауылда тұратын сол кездің өзінде  
Еске алмаса өзінді есіл анам,  
Қажет болмак жүректің несі маған.  
Қабіріңнен осынау шыға келіп,  
Қалың қалай, құлыным, деші маған.

деп өлең жазып:

Бәрін тартып алған жоқ, өмір менен,  
Жанарымда жас қалды төгілмеген.  
Көз жасымды ағызып жыр жазам да  
Оқып соны артынан көңілденем, —

деп Есениннен еркінірек аударма жасап жүрген Еркін Ібітанов деген ақын бар еken. Мұқағали мені сол ақынмен

таныстырыды. Жарыса өлең жазып, үнемі бірге болатын ауылдағы екі ақынға қызыға қарап, олармен танысқаным, бұдан былай қалаган уақытымда хабарласып, сырласып, пікірлесе алатыныма қатты қуандым.

Астанадағы әдебиетшілер әлемінің жаңалықтарын айтып, өз туындыларымыз төңірегінде әңгіме қозғап бірқауым отырып қалыппыз. "Колхоз орталығындағы біздің үй жаққа баратын машина іздел мініп кетермін" десем қөнбей, Мұқағали қашауа шанасын шегіп, үстіне хош іісін бүркүратып, жұмсақтап шөп салды. Киіз төсеп, мені үлкен сенсең ішікке орап отырғызды. "Енді ат айдаушыға қасыма бір бала қосып береді" екен десем, божыны қымти үстап, шананың алдына өзі отырды. Сөйтіп мені үйге, жолшыбай айналамен таныстыра, Мұқағалидың өзі жеткізіп салды. Шешем сырқаттанып жатыр екен. Біз келген соң басын көтерді. Амандасу кезінде қолын алған Мұқағали:

— Эпке-ау, дененіз қызып түр ғой, дәрігерге қаралдыңыз ба? — деп жатыр.

— Е, тұмау ғой, әншейін. Жақсыладап бір терлесем сауығып кетем. Балам келіп, көңілім жай тапты. Ауру енді өзі-ақ, кетер...

— Жок, болмайды. Мен мына дайын шанамен сізді дәрігерге ала кетемін.

Аурухана ол кезде Мұқағалилар тұратын бөлімшеде екен.

— Рахмет, айналайын. Әуре боп қайтесің, баламды алыш келгенінің өзі, дәрігер алыш келгенмен пара-пар, — деп апам қарсыласып, сағынып әрең көрген шешемді үйден ешқайда жібергім келмей мен де:

— Мұқа, апамның үйреншікті қыңқыл-сынқылы ғой жазылар, әйтпесе, мен келдім ғой. Өзім ертең-бұрсұгундері дәрігерге алыш барамын, — деп жатып зорға көндіргендей болдық. Үй-ішінің шүйіркелескен әңгіме-кеңесімен біраз отырып, енді үйқтауға бет алғанымызда, аула алдында ат дүбірлеп, абыр-дабыр бола қалды. "Бұлар кім болды екен" деп елеңдесіп, шам жағып, тыскә үмтүлғанымызда есік ашылып, қасында сөмкө көтерген дәрігері бар жарқылдай күліп, Мұқағали кіріп келе жатты...

Мұнда таң қалмай қайда таң қаласың. Менімен жаңа ғана танысып, үйіме алғаш рет ат ізін салған, бір көрген

біліс түгіл дос, туыстың да мұндаидай жақсылық істей қоюы екіталаі.

1960-жылы, 18-наурызда "Қазақ әдебиеті" газетінде Ә.Тәжібаев өз атына жолдаған Мұқағалидың бір топ өлеңін бастырды. Соған жазған алғы сөзінде "Ойынды байыттып, сезімінді тыңайтар жырлар оқығанда қуанбасқа бола ма? Өзінен де жігерлілеу, оттылау жас жеткіншек жеткенде мақтанбасқа бола ма?" деп жазды. Ұстаз деп өлеңін сыннатқан, соңынан ерген жас талантты өзінен оздыра мактап, ағынан жарыла қуанған, жалпы жұртшылыққа көріндер, бағалаңдар деп жар салған әз аға Әбекең, шын талантты қекке көтергені үшін, өзі кішірейіп қалған жоқ, қайта адад да ақ, көнілі аян бола түсіп қазір де, болашақ, алдында да бұрынғысынан да биіктей, тулғалана түсті.

Осы таныстырудан екі жыл кейін "Апассианата" атты тұңғыш жинағын шығарған Мұқағали 1976-жылғы алғашқы таңдамалы жинағына дейінгі 14 жыл ішінде 8 жыыр жинағын берді. Әдебиетке де, қоғамдық қызметке де қызыу араласты. Ауылда ауылдық советтің хатшысы, әдебиет пәннің мұғалімі болып келген ол, астанада Қазақ радиосының дикторы, "Жұлдыз" журналының әдеби қызметкері, Жазушылар Одағы поэзия бөлімінің жастар жөніндегі кеңесшісі міндеттерін атқарды.

1967-жылы Қаракалпақстанда творчестволық, сапарда жүріп Төлеген Айбергенов ажал қармағына ілігіп қыршын кеткенде, ақындар атынан Алатаудан сүйт аттанып "бауырымдап" барған да осы Мұқағали еді. Бір табиғи талант екінші табиғи талантқа еніреп тұрып еріксіз топырақ, салып соңғы сапарға шығарып тұрып:

Тұңғыш көрдім өлгенін шын ақынның,  
Қызырып батты өртөнді шығатын күн.  
Торғай — өлең шырылдап бара жатты,  
Аузында ажал дейтін сұрапылдың.

деп тебіреніп Алматыға аңырап қайтты. Төлеген қазасына арнап Мұқағали бір емес, екі өлең жазды. Біріншісі жоғарыдағы шумақлен басталса, екіншісі мына төменгі шумақлен аяқталады:

Ет жүректің езілмес кезі ме бұл...  
Жылай білсен, шын жыла!  
Жасыма тек,  
Кезек күтіп түрғандай сезінемін  
Алдымдағы апамның басына кеп.

"Ағайын бір тіріде, бір өліде" деуші еді қазақ, Тірісінде шүйіркелесіп жүріп, көз жұмған соң "өлді, бітті" — деме. Керісінше, тірісінде дұрдараз болып жүріп өлгеннен соң ғана өкініп, өкіріп көкке көтерме. Тірісінде тірек бол, өлгеннен соң да керек бол, дейтін осы қагиданы берік ұстанған осынау ерекше екі ақынды талант мәнгі туыстырган екен-ау.

Ақынның арман-мақсаты, бүкіл творчестволық өзекті нысанасы не екен дегенге келсек:

Жылап келіп, келмейді жылап кеткім,  
Ол ғұмырды ауызға бір-ақ, тептім.  
Жамаңдықты жақсартып, жақсылықты  
Одан әрі келеді шуақты еткім.

(2-том, 140-бет.)

Баршамыздың да, бүкіл адад ниетті адамзаттың да түпкілікті ортақ, мұддесі осы.

Қатыбас өмірден мен пайда алмадым,  
Жаныммен жазған жырым жайған малым.  
Қылышиң емес пе едім қынаптағы,  
Жоғалттың неге мені пайғамбарым.

деген жан айғайы тірлігінде еленбей, көзі жұмылғаннан кейін ғана анық естілгендей.

Кейде Мұқан: "Мен ақынмын ба?" деп сұрайтын. "Әрине ақынсың" дейтінбіз. Оған қанағаттанбайтын. Бұл сұрағын лауазымды тұлғаларға да қойып тұрғанын талай көрдік. Өте өкініштің жауап өте кеш, ол жоқта көз жасымен аралас айтЫЛДЫ. Соның бір дәлелі мынау: "М.Мақатаевтың алғашқы қадамынан-ақ оның айрықша талант иесі екенін аңғаруға болатын еді. Аңғармашызы". — деді ақынның 50 жылдығына арналған салтанатты жиналыста жасаған баяндамасында академик сынышы М.Қаратаев. ("Жетісүй" 3.VI.1981ж. N106). Бұл өкініштердің орнын Мұқағали мұрасының қыры мен сырын өз ішімізде ғана емес, бүкіл одақ көлемінде кеңінен таныттып, автордың өзі ести алмаған бағасын еліне естіртіп, ала алмаған атағын рухына беру арқылы, мұрасын мұқияттай **Жинап** бастырып, таратып, қастерлең, сақтау арқылы толтыра аламыз.

Байтақ ел, балауса тау, бозаң далам,  
Секілді бәрі менен көз алмаған.

Кең дүние кенде етсең сыбағамнан,  
Шырылдаған сәбидей мазаңды алам,

дайтін қайран Мұқағали енді ешкімнің мазасын өзі тікелей ала қоймаса да, осынау өлмес өлең шумақтарының туган республикасына, тіпті бүкіл айдай әлемге арналғанын ескерейік. "Жеті қат жердің астына жетер ме, сірә, осы өнім" дей тұрсақ, та оның дара даңқын жеті ықылым жер жүзіне жеткізу ендігі елдік, халықтық қасиетті борыштымыз.

Осы бір көктемді көгерген,  
Жұз жылдан кейін кеп көрер ме ем!  
Осы бір қызғалдақ жас гүді  
Жұз жылдан кейін кеп терер ме ем!

...Осы бір ожарлы кеудемде,  
Жаралған жалын бар сөнбеуге!  
Жұз жылдан кейін кеп көрмей-ақ,  
Серт еттім өлмеуге, өлмеуге.

Иә, Мұқағали өлген жоқ, Ол тірі. Ол сертіне әлдекашан жеткен ақын. Жақында мен Қыттайға бардым. Үрімжі қаласынан Мұқағалидың өлеңдер жинағы арап әрпімен басылып шығыпты. Дүкенде жоқ, Қолда, қойында жүр. Мұқағалимен мен соңда кездестім. Жұмыр жердің қай түкпіріне барсақ, та Мұқағали алдымыздан шығатын болады әлі. Ол — шын мәніндегі халық, ақыны.

**БІР ФАНА ПОЕМА ЖАЗҒАН АҚЫН**

Қазақ, естелігінің, дені адам жаңының күрделілігін ашуға емес, жақсылардың жақсы болғандығын уағыздауға әуес. Оның өзіндік себебі де бар: естелік кебіне-көп өзі арамызда жоқ адамдар жайында жазылады, сондықтан өмірден өткен адамның кем-кетігін айттып жату, бір жағы, ынғайсыз; екінші жағы, оныңды оқырман да он үға бермей қинайды. Өзіндік мінез-құлықсыз өнер адамы өмірде болмайды. Оның өнердегі ерекшелігінің өзі жеке басының мінез-құлқымен астасып жатады. Ал мінез-құлық, дегеннің өзі әкімшілік тәртіппен үйлесе бермейді, ол адамның өзіне гана тән ішкі заңдылықтардан туындаиды. Басқаның ондай ерекшелігін әркім өз дәреже-денгейінде немесе белгілі бір жағдайға байланысты ғана түсінеді. Біреулер көрген-білгенін айтса, соның төнірегінде саясат жасап, біріміз қорғаушы, тағы біріміз қорлаушы бол айттысып жататынмыз бар. Ілдалда бірлікті о да бұлдіріп кете ме деп, көп адамның көрген-білгенін дәл айтудан қашатыны — сол.

Бірақ Мұқаң — Мұқағали Мақатаев — жайында үндемей қалу маған үлкен күнә сияқты. Өйткені мен — оның ағалық, алаканың әдебиет табалдырығын аттаған сәтте-ақ, көрген адаммын. Ағаның да ағасы болатынын өмір тәжірибелі тәп-тәуір көрсетті. Үлкенді сыйлау — қазаққа ертеден қалған өнеге. Бірақ аға шіркін әр түрлі: жалпақтал, алдынан қия еттей, жұмсағанына жүгіріп тұрсақ, қана іні санап; есесіне ініге де ілтипат керегін не ұмытып кететін, не оған ой бөлуге ерінетіндері; керісінше менен ғөрі мүмкіндігі аз рой, менен ғөрі соған қажет шығар деп, өзінен бұрын інісіне қамқорлық жасайтындары да болады. Мен үшін Мұқағали осы соңғы ағалардың қатарына жатады.

Мен оған көзі тірісінде інілік жасап жарымадым, қолымнан келмеді, мүмкіндігім болмады, ал ол маған риасыз, еш пайда күтпеген, жасаған жақсылығым өтеледі-ау деп дәметпеген аға болды. Ондай ағаға кезіккенімді өзімнің бақыттылығым санаймын.

Құдайға шүкір, қазақта ғұлама да, данышпан да, қайталаңбас өнерпаздар да баршылық, Ұлттық, болмысымызға олардың әрбірі өзіндік үлес қосты да. Оларды қанша мадақтасақ, та артық, емес. Алайда олардың да адам екенін,

біздің кез келгеніміз сияқты ет пен сүйектен жарапғанын қалайша ұмытуға болады? Перштенің өзінен басқа ешкім де перште бол туып, перште бол өлмесе керек. Даңышпан да ашуланып, әлдекімнен алданып, әлдекімді өзі де іренжітіп, бала-шағасына ұрысып, жұмыр басты пендеге тән талай-талай өткелектерден өтуге тиіс. Ой өрісі, мәдениеті мен білімі соншалық, заңтар, соншалық, биік бола тұрып; ылғи елдік, халықтық, істерде өзгеге үлгі бола жүріп; ісімен де, сөзімен де биік парасаттылықты сан рет көрсете тұра анда-санда, онда да өмір деген ұлы құштің ықпалымен даңышпан да өз дережесінен мұлде төмен, тілгі ұсақ қылыш, жасап қоюы әбден мүмкін. Меніңше, естелік жазудың бір қыындығы осында: сондай-сондайды айту керек пе, жоқ, па? Айтсан, аруаққа шет болатын сияқтысын; айтпасан, онда естелікті несіне жазасын?

Өмір тәжірибесі дәлелдеген мынандай да шындық, бар: ой-парасаты, таланты биік адамдар ұсақ қылыш, жасап, кейде өз тұғырынан төмендеп жатқанмен, ой-парасаты, таланты жоқ адамдар ешқашанда өз тұғырынан асып, бір рет те болса биік іс-әрекет жасай алмайды. Сондықтан атақты адамдардың осалдықтарын айту да өзінше бір қызық дүние. Биік биігін, осал осалдығын, қыскасы, әркім одан өз керегін алады. Естелікке деген ықыластық көзі — шындықты білуғе құштарлық. Сол себепті әркім өз көрген шындығын бүкпесіз жазуға міндетті, аруақ алдында бір-ак, нәрседен — өтірік айтудан ғана — қорқу керек, тірілер үшін қажет нәрсені айтқаңдықтан, қалғанын құдай өзі кешірер.

“... Бұқіл менің жазғаным — бар-жогы бір ғана бүтін поема. Адамның өмірі мен өлімі, қасіреті мен қуанышы туралы поема. Егер нанбасандар, барлық өлеңімді жинап, бір жинаққа топтастырып көріндеріші. Естерінде болсын, әрбір өлеңім өз орнында тұрсын, — депті Мұқаң 1976-жылдың 14-ақпанында жазған құнделігінде. Өлерінен бір ай бұрын ғана. — Егер мені содан таппасандар, онда ақын болмағаным!».

Бұлай деу, меніңше, өзіне өзі сенген адамның сөзі. Жазғанына, бітіргеніне көңілі толған кісі ғана осылайша кесіп, кесек айтуга тиіс. Ақын екеніне ол өзі сенді, бірақ оқырман жүрттап жаутаңдап жылы сөз күтті, олар да сенсе екен, бағаласа екен деді, ақыры тірлігінде біразын, өлгеннен соң бұқіл қазақты ақын екендігіне сендірді. Қай

нәрсеге де қазақтың көзін жеткізу қынғой, Мұқағалидың классик ақын екендігіне көз жеткізу де өзіне тән кезеңдер мен кедергілерден өтті. Оның бәрін өмірдің заңы деп қабылдаған дұрыс.

Ол, рас, жиірек ішіп жүретін, кейде ішпей-ақ, кішпейіл жүретін. Кейбіреулер оны үнемі ішіп жүретін алқаш атағысы келеді, біреулер ол жағын айтпай-ақ, мактайды бергісі келеді, бірақ, оның өзі айтқан бүтін поемасынан бір де өлеңді өз орнынан алып тастауға болмайтыны сияқты, оның өмірінен де шын қылығын жасырып қалуға болмайды. Бүтін Мұқағалиды бүтін күйінде көру керек. Ол ұрпаққа соңдағана қызық, Бірақ, бәріне қаншалық, бүтін айтсаң да Мұқағали бәрібір жұмбақ, "Мениң нәзік жанымды кім түсінер?" – деп оның күрсінгені өзінің жұмбақ болатынын сезгендіктен.

Оның жұмбағы – өлеңіндегі сиқыр. Өзінғана, өзі туралығана жазып отырган адам қалайша сенің де жаныңды дәп басып, сеніңғана құпия сырларыңды өлеңге қосады? Оны қалай біледі, қайдан біледі? Оның қолданған сөздері түгелдей сен білетін сөздер, бірақ оқысан, шындық, өмірдің бір шымшымын алдына әкеп жая салады:

— Таудағыдай еш жерде күн шықпайды,  
Тұн болмайды еш жерде таудағыдай.

"Рас-ая", – дейсің ішіндең. Өзің көрген таудың таңын, таудың түнін қалай сағынышпен еске алғаныңды өзің де аңғармай қаласың. Бір ғажабы: тау көрмеген адам да, ой көрмеген адам да таудың таңы мен түнін ойша елестете алмайды, оның сұлулығын тау мен ойды тең көргендеганғана шынайы түсінуге тиіс.

Өз көңіл күйін ақын біткеннің бәрі жазған. Және үйқасын да, сөз байлығын да – бәрін жарагастырган. Сырт қарасаң, Мұқағалидікі де сол сөз, сол үйқас. Тек әсері басқаша. Неге? Нендей жұмбағы, қандай құпиясы бар? Біз қайғыны жазсақ, қайғырған адам қайтуі мүмкін дәп, соны елестете отырып жазамыз, ал Мұқаң өйтіп елестеппейді, өзі қайғырып отырып жазады. Соңықтан оның өлеңі өзгеміздікінен табиғи, өмірдің өз туындысы бол шығады. Өзі айтқандаі, ол "жырламайды, сырласады".

Мұқаңның бүтін өмірі менің көз алдында өткен жоқ, Мен оның кезеңін де емес, бірер үзігінғана көрдім. Сол үзігінің өзі бүкіл өміріме азық, бол келеді.

Оның жағдайын түсінікті қып айту үшін, өз жай-күйімді де біраз түсіндіріп айтуга тиіспін.

Мен 1964-жылы күзде, 5-курста үйлендім. Әйелім Айзаштың аулы Шымкенттің Тұлқібасы болғанмен, ол Жамбыл қаласында медучилиштеде оқыды. Мен ҚазМУдан төрт айлық ісдағдыға Жамбыл қаласындағы қазақ, орта мектебіне бардым да, тұзымыз жарасып, екеуміз сол арада табыстық,

Мен оқу бітіріп, өзімнің туған ауданыма барып мұғалім болдым. Ушарал дейтін колхозды ауылда тұрып жаттық, Ләйлә атты тұңғыш қызымыз сол ауылда дүниеге келді. Мен каникулға шыққан кезде Айзаштың аулына барып қайтуға бел будық. Бірақ, бірінші сапар сопайып өзімізғана баруды ыңғайсыз көрдік, қазақы тәртіпке де қысынсыздау көрінді. Алайда бізді бастап апара қоятын жақын туыс шыға қоймады.

Ақырында ейтіп-бүйтіп жүріп, туған жездемді жалдадық, Жол қаражатын біз көтеретін болып келістік. Жалдадық, деп отырганым соңдықтан. Сонымен, жездем үшеуміз он айлық, Ләйләмізді алып Алматыға қарай жол тарттық,

Ол кезде Жаркенттен Алматыға "Марава" дейтін төрт орындық Чехословакияның ұшағы үшатын, соның таңертеңді рейсімен 1966-жылғы 4-шілдеде шықтық, Ұшақ, тұп-тура 45 минөт үшты. Отырганда үйқтаған Ләйлә жерге қонғанша ояңбады. Өте жайлы көлік екен.

Сағат таңғы сегіздің шамаларында таксимен Алматының орталық түсінің да жетіп үлгердік. Үкімет үйінен онша алыс емес арада жиен өпкем тұрушы еді, сол үйге түстік. Мен үйге келген бойда шамаданнан қолжазбамды алдым. Қолжазба дегенім — окушы дәптеріне жазған тұңғыш повесім. Немірлеп жазған сегіз дәптер еді. Повесімнің аты — "Күнәлі махаббат". Ойым — қазір дереу Жазушылар одағына бару, жазғанымды "Жұлдыз" журналини тапсыру. Сол үшін ауылда ұзақ дайындалғам. Бар ықыласыммен таза көшіріп шылқам. Жақын жер болғандықтан, Айзашта бірге баратын болды. Ләйләні көтеріп, дәптерлерімді алып Жазушылар үйіне келдім. Ол кезде "Жұлдыз" журналиның редакциясы, ұмытпасам, 3-қабатта "Балалар әлемі" дүкені жақта болатын. Сағат таңғы тоғыз әлі бола қоймаған, бірінші болп кірейік деген оймен асығып келдім.

Үшінші қабатқа көтерілсек, барлық есік әлі жабық, Біз үшеуміз вестибүлде күттік. Тоғыздан әбден асқан кезде

бір ақ сары әйел келіп "Жұлдыз" редакторының кеңесін ашты. Жөн сұрасақ, машинкашы екен.

— О, бұлар сағат онда келсе де erte келгені той, әлі көп күтесіндер, — деді ол кісі.

Ол кісі отырган бөлменің оң жағында редактордың, сол жағында бөлімдердің есігі бар екен.

Вестибүлге келіп тағы күттік. Біраздан кейін баспаңдақты солқылдата басып, ірі денелі сары жігіт көтеріліп келе жатты. Мен не де болса тілдесуге дайындалып, икемделе бастадым.

— Ассалаумаликум! — дедім ол баспаңдақтан көтерілген бетте қарсы кеп.

— Әлікісалам, — деді сары жігіт жынысып. Айзашпен, ұмытпласам, бас изеп қана амандасты.

Ол арадағы барлық әңгіме қазір менің есімде жоқ, Ол жөн сұрады, мен жөнімді айттым. Сірә, "жазғаным бар еді" деп жалпылай айтқан болуым керек, "Проза ма, поэзия ма?" — деп, ол кісі нақтылап қайыра сұрады.

— Проза, — дедім.

— Ә-ә, оның адамы Ақан Нұрманов деген, ол роман жазамын деп, Қостанайын аралап кеткен. Қане, әкеleші, жазғаныңды қөрейін!

Сегіз дәптерінді түгел қолына ұстарттым.

— Ә, мұғалім екенің көрініп тұр, — деді дәптерінді ашқан бетте.

Әр жерін ашып көрді де, повесімнің басталуын оқыған сияқтаңды. Соナン соң бетіме қарап:

— Сен былай істе, — деді. — Қазір мына дәптерлерінді бастыруға беріп кет, сен Шымкенттен келгенше даяр бол тұрады. Келген соң өзің 2-данасын оқы, түзет, бірақ 1-данасына қол тигізбе. Оған дейін Ақан да келіп қалар, келмесе, тағы жолығамыз той. Жүр, қазір келісіп алайық, — деп мені маңағы машинкашы әйелге алып келді.

Әйелге менің жағдайымды айтты да, әйелдің шартын маған көзбе-көз айтты:

— Әр бетіне 20 тиыннан төлейсің. Сен келгенше басып қояды. Оны оқисың да, маған әкеп бересің.

Осы келісім бойынша мен өз жөніме кеттім. Кешкісін 7-пойызбен Шымкентке тартып отырдың. Тұлқібаста 8 күн болып, тоғызыншы күні, 14-шілдеде Алматыға оралдық, Жалпылай алғанда, көңіл күйіміз жаман емес еді. Ағаженгелерімен, ел-жұрттымен татуласып, Айзаштың көnlі

көтерілген соң, жездем екеуміздің де жағамыз жайлау болатын.

15-шілдеде "Жұлдызға" барып машинкашы Ырымкеш апайдан қолжазбамды сұрадым. Ол кісі әлі басып үлгермелеген еken. Қынжылғанмен амал жоқ, 3-4 күннен соң бітіріп қояйын деп келісті.

Шілденің 19-ы куні өз шығармамың алғаш машинкаға басылғанын көрдім. Балалық па еken әлде шынында да солай ма, машинкаға басылған дүниеде әлдебір артықшылық бар секілденді. Жазу күйіндегіден гөрі оңай оқылады, оңай түсініледі, беделділеу тәрізді.

Обалы не керек, Ырымкеш апай қолжазбамды қатесіз дерліктей басыпты. Оқып, түзетіп шықтым. Айзаш, Ләйлә үшеуміз тағы жүрналдың редакциясына келдік. Әпкем онда сырттай оқытын, оның жазғы сессиясы біткенше жездем қасында қалатын болып, бізден бөлініп кеткен.

Әйелім мен қызымында Жазушылар үйінің 3-қабатындағы вестибүлге отырғызып қойып, редакцияға өзім кірдім. Үлкен бөлменің іші айнала үстел, ортасы ғана ашық, Мұқаң сол жақ, бұрышқа таман Рахматолла Райымқұловтың қасында отырады еken. Не дегенім сөзбе-сөз есімде жоқ, Әйтеуір, қолжазбамды Мұқаңның қолына ұстарттым. Асылқай аударыстырып көрді де, алдына қойды. Ұққаным: Ақан Нұрманов әлі іссапардан келменті. Оны естіп, үнжыргам түсіп кетті ме еken, білмеймін.

— Жарайды, мен мұныңды әуелі өзім оқып көрейін, — деді қолжазбамды Мұқаң қайта қолына алып. — Ертең тоғызда кел, сонаң соң біржола сейлесейік.

Мениң өң-түсімнің қандай күйде болғанын бір құдай біледі, бірақ өткенде машинкашы әйелдің: "Олар онда келсе де ерте келгені рой", — дегені есімде, тоғыз дегені мән бермей айта салғандай көрініп, жолығатын уақыттымызды қайыра сұрадым.

— Қорқпа, келем, — деді. Уәделестік.

Ертесін тоғызда тағы үшеуміз келдік. Мұқаң дәл тоғызда, кешікпей келді. Баяғы вестибүлден қарсы алдым. Жымынып, ете жылы амандасты.

— Сен жазушысың, бәтшагар, — деді салған жерден. Күаныштың буы бүрк, етіп бетіме тепті, басыма шықты.

Алақайлаған шүйінші сезім өне бойымды кернеді де кетті. Ол кісі мені ұзақ, ойлантып толғантпады.

— Сен мұның жазғанын оқысың ба? — деді Айзашқа бұрылып.

— Оқымын, аға. — Эйелімнің үні әрен-әрең естілді.

— Міндепті түрде оқы. Бұл анау-мынау емес, үлкен жазушы болады. Сен бұған жағдай жаса! — деді үрысқан адамның даусындаі дік-дік үнмен.

Сезімтал адам алғашқы әсермен шығармам жайлы мақтау айтса айтқан шығар, бірақ әйеліме айтқан өлгі ақылына әлі күнге дейін ризамын. Сол Айзаштың қазіргі Айзаш болуына Мұқаның ақылы, сөз жок, бас себеп болды.

Дәл менің көкейімдегі сөзді айтты. Жазушы екені белгілі адамға жағдай жасау бір басқа да, әлі жазушы емес адамға жағдай жасау бір басқа гой. Менің қаразга қадалып отырып алғанымды Айзекең ылғи жақтыра бермейтін, одан да үй тіршілігіне қолқабыс жасағанымды артық көретін. Менің жазғым келгенде, оның маган жұмыс істеткісі келе қап, екеуміз жиі-жиі күкілжіңдесіп қала беретінбіз. Мұқаның мына сөзі маган әншнейін жұмақтың жолын дәл сілтеп жібергендей болды.

Жазушылар үйінің 3-қабатында тұрып Мұқан маган не бір мақтау сөздер айтты. Қанаттансын деген болар, тәбемді көкке жеткізіп тастады. Ол кісіге повестегі атамның образы әсіресе ұнапты. Менің "Күнәлі махабbat" деп ат қойраныма Мұқан таңданды. "Кінәлі" мен "күнәлі" дегенинің айырмашылығын әдейілеп қадала сұрады. Мен, ұмытпасам, "кінәлі — виновный; күнәлі — грешный" деп түсіндірдім, үн демеді.

— Ал енді мен мұныңды жер бетінде тірі жүрсем, жариялатам. Бұған алаң болмай, басқа дүниелерінді жаза бер, — деді Мұқан мейрімі түсе бетіме қарап. Сонаң соң қойын қалтасынан алып, маган бір кітапша ұсынды. — Мынау таныстырымыздың басы болсын.

Жұқалтаң ғана өлең кітапшасының "Армысындар, достарым" екенін, бірінші бетіне көп сөз жазылғанын ғана шолып үлгердім. Толқығаннан аузыма жөнді сөз де түспеді.

— Аға, бір жерден шай ішешікші! — дедім шын жүргегіммен өтініп.

— О, қызталак, — деп, Мұқан раҳаттана күлді. — Шай ешкайда қашпас, ішерміз әлі. Қайын жұртқармоның үстінен Шымкенттегі қайын жұртқа барудың оңай емес екенін білем. Бұл жолға екеуміздің осы танысқанымыз да аз емес.

Мына кітапты зейін сап, сенше айтқанда, сәп сап оқы. Сенің мені сыйлағаның — сол.

Мен повесімде "зейін сап" дегенді жергілікті ерекшелікпен "сәп сап" деп жазады екем, Мұқаң алдында ғана соның мәнісін тәттіштеп сұраған.

"Шай ішейік" дегенім ресторанға барайық, дегенім фой. Онымды Мұқаң, әрине, түсінді. Бірақ, бармады. Екеуміз енді хатпен хабарласып тұруға келістік. Ол кісі кабинетіне қарай кетті, мен өз отбасымды бастап төменге қарай асықтым. Сыртқа шыққанға дейін шыдамым жеттпей, екінші қабатқа түсе бере кітапшаны ашып, жалма-жан қолтаңбаны оқыдым.

"Бексұлтан! — дегі бірінші жолға атымды оқшаулай жазып. — Повесінді бір өрпін қалдырмай мен қалай оқысам, сен де осыны солай оқы. Есінде болсын, өлеңнің де басы мен аяғы болады... Сапар алыс, жол ұзақ, талайларға кездесерміз, бірақ осы қалпымызда қалуды тілеймін мен. М.Мақатаев. 21/VII-66 ж."

"Талайларға" мен "осы қалпымызда қалуды тілеймін мен" дегенинің астын сызып қойыпты. Қазір ойласам, екіжүзділер мен күншілдердің біразына жолығып та үлгерген кезі екен фой Мұқаңның. Әдебиеттің есігінен енді аттайын деп тұрган маған кісілік, адалдық, қалпынан өзгермеуді аманат еткен екен. "Сұлу әйелден үсті-басы таза әйел қош артық" — деген-ді мен есейіп қалған кезімде бір жеңгем ақыл қып. Мен ол сөздің мәнін тап сол сәтте түсінгем жок, кейін — бойдактықтың ыстық-суығын бастан өткірген соң барыш — білдім. Сол сияқты, Мұқаңның "талайларын" да кейін — аluan түрлі алыс-жақын адамдармен дәмдес-тұздас болған соң — түсіндім. "Е, Мұқаң жарықтық, та іштей өксіп өстіген екен-ау!" — дейтін болдым.

Осы қуанышпен ауылға жинала бастадық. Ертесі белетке барғалы жатқанымызда, оку бітірген інісін алып Тулкібастан Айзаштың ағасы келіп қалды. "Қазақстан" пойызынан түсіпті. Енді амал жок, Айзаштың інісі институтқа құжатын тапсырып, жатақханаға орналасқанша аялдау керек болды.

Сол күні түске таман Айзаштың ағасы Тұртан көкем бәрімізді ресторанға шақырды. Балаларды үйге қалдырып, жиен әпкем, жездем — бесеуміз кіші парктері "Жетісү" ресторанына бардық. Барсақ, Мұқаң бір жолдасымен соңда отыр екен. Ұзын сөздің қысқасы, Мұқаңдарды өз үстелімізге шақырып әкеledіk.

Тұлқібаста болған тоғыз күнде түк таттай, тәртіпті қүйеу бол абыроймен қайтқан мен сол күні сөз бен қуаныштың әсерінен әп-әжегіттөүір сілтеппін. Ақырында абыройым айрандай төгіліп, Айзаштың айтуынша, мас болғаным сондай, қайнагам (көкем) таксиден көтеріп түсіріп, үйге көтеріп кіргізіпти.

— Мені көтерудің орнына маған көтертіп қрыйды ғой, — деп, көкем кінелай құлліпті. Оны кім біліпті, ол күннің егжей-тегжейін күні бүгінге дейін есіме түсіре алмаймын. Ал Айзаш айтса, айызы қанып, мені масқаралай айтады. Көкем көтеріп келе жатқанда, тілті әрі құлқілі, әрі ұягтау жағдайға тап болғанымды да кейітеді.

Одан кейінгі оқиғаларды егжей-тегжейлі есімде қалғандай жаза бергенім жараспайтын сияқты. Сондықтан шындыққа қиянат болmas үшін, әр жағдайды Мұқаңның хаты мен күнделігімде сақталған жазбалар арқылы ғана өрбіткенім орынды секілді.

Менде сақталған Мұқаңның бірінші хаты 1966-жылдың 13-желтоқсанында жазылыпты. "Жұлдыз" жүрналының бланкісіне басылған ресми хат, тіркелген нөмірі — 13.

"Бекслтан!"

Халдерің қалай? Демалыс болды, бірнеше ай коман-дировкада жүрдім де, бұрынғы хатың мен соңғысын қосып алдым десем де болғандай, айып етпе, кешірім!

Сол арпағы тіршілік. Повесінді Ақаң да оқып шыққан, кейір пікірлерін қоспағанда, қарсы емес. Ал енді екі адамның пікірімен санасады ғой кім де болса.

Өткен жыл, өзінде белгілі, ылғы бір науқанмен өтті де, жүрнал босамады. Биылғы жоспарда тұрсың, алаңдамай, әрі қарай еңбектене бер. Бұл жолда адам сағын сындырмау керек, аттанбай жатып атың болдыrsa, сапарға аттанудың сәті қалай болар екен?!

Әдебиет шаруаның жұмысы, бауырым, оған жең түріп, жалаңаяқ, кірісу керек. Еңбектен, еңбектен! Мен өз басым саған сенемін!

Келінге, балаларға менен сәлем!

Мұқағали.

Жинақ туралы "Лениншіл жасқа", "Жетісүра", "Қазақ әдебиетіне" тәуір рецензиялар жарияланды. Пікірінді іске асыру — өз шаруаң, мен не дейін. Хабарласып түр".

Екінші хатымда, сірә, мен повесімнің жарияланана қоймағанына қамығып, түңіліс байқатқан болуым керек.

Мұқаңның ақындығын қолтаңбасымен сыйлаған өз жинағы арқылы алғаш таныдым. Одан бұрын оқымаппын. Оқысам да, ойымда қалмапты. "Армысыңдар, достарға" хат арқылы пікір айттып, "Осы ойларымды газетке ұсынсам, үтт болмай ма?" — деген сияқтымын-ау. Бірақ мен ондай пікір жазбадым да, ешбір газет-журналға жолдамадым да. Алайда жазбақ болып бірнеше оқталдым, ақ, қағазды алдыма жайып, жазбаққа отырдым да. Ақыры жаза алмадым. Қолымнан келмеди, өлеңге ой айту оңайға түспеді.

1967-жылдың 16-мамырында: "Жылға айналды "К.махаббат" әлі жарық, көрген жоқ, Уәделердің өзі де ескіріп бара жатқандай", — деп қамыншының да, орысшалап: "о данным переписи 1926 г. казахи составляли 61,3 проц. всего населения республики", — деппін. Ол мәліметті қайдан оқығанымды көрсеттеппін.

67-жылдың 20-маусымында Мұқаң тағы хат жазыпты. "Бексұлтан!

Аман-саумысыңдар! Келін, балаларға менен мың қайтара сәлем!

Өлең туралы пікірлеріне қосыламын. Алайда бұл құрғыр поэзияға, жалпы, бәлен деп болмайтын сияқты. Әйтеу, өз басым кекейге әуелде қандай ыргақпен өлең туса, солай жазам. Жазбаймын-ау, қалай шығып кеткенін өзім де анғармай қалам. Шіркін өлеңге өзім толық ерік берем. Оның үстіне тек ұлттық шенберде қалып, тек ұлттық түрдіғана ұстап тұрғым келмейді де, арпалысатынным сол.

Бұрын да жазған болуым керек, повесінді Ақан Нұрманов екеуміз оқып, жоспарға кіргізіп, бастықтарға ұсынғамыз, енді олар бізді аттамас деген сенімдеміз. Оның үстіне мынау 50 жылдық мерекеге лайықты материалдар жол берер емес, кешігіп жатқаны соңдықтан.

Өзім командировка, демалыста болып, жаңа оралдым, жауап кешігіп қалды, айып етпі!

Хабарлас. Мұқағали. 20/VI-67 ж..

Мұқаң мақтаған повестің "Жұлдызда" жатқанына бір жылға толып қалған. Әуелгі қуаныш күте-күте құдер үзуге таяды. 22-маусымда күнделігіме: "Үміттің өшүге жақын, ынтаның қайтуға жақын тұрған кезі", — деп жазыппын. Дегенмен үмітімді әлі біржола үзе қоймасам керек, "Жасуды жинап қойып, тағы бір талпынып көрем-ау, осы. "Осуді" бітіріп барып өшсем, дұрыс сияқты", — деп, өзімді өзім қайраптын. "Осу" деп отырғаным — кейінгі "Бір өкініш, бір үміт" романының алғашқы жоба аты. Алғашқы повесімді

жариялай алмай жүріп роман жазуға жоспарлағаным жастықтың ғана қолынан келетін құлышыныс болар.

1967-жылдың күздінде Алматы облысының "Жетісү" газетіне "Күй толғақ" деген әңгімелем басылды. "Менен жазушы шыға ма, жоқ, па?" — деген күдік сонда да кілкіп кекейімде тұрды да қойды.

Осындағы халде жүргенімде, Мұқаңнан тағы хат алдым.

"Қадірлі Бексұлтан! — депті Мұқаң. — Амансаулықтарыңды білдім, тілектеспін солай болуларыңа.

Біз де орынша, тіршілік. Демалысын да, команандировкасын да өткөріп біткендеймін. Биыл жазда жүріс-тұрыс көбейіш кетті.

Хат жазып, хабарласып тұрғанның несі айып? Хабарласқаның жақсы.

"Күнәлі махаббатты" біз (Нұрманов Ақан екеуміз) ұнатып, ұсынғамыз, алайда бізден жоғарғылардың алдында өлі жатыр. Эне-мінемен өлі оқылмай жүр. Желкесінде отырып, мен де мазалаудамын. Өзіңе дегенім деген, оны қалайда іске асырамын.

"Жетісудағыңды" оқып, оларға да оқыттым, ұнатып жатыр.

Аландағамай тірлігінді істей бер. Не дейін енді, амандақтарыңа тілекtes Мұқағали. 12/X-67 ж.".

Сірә, Қазан мерекесімен құттықтаған болуым керек, кешікпей Мұқаң тағы хат жолдаңты.

"Бексұлтан!

Рахмет, құттықтауыңды алдым. Повесіңмен редакция түтел танысып құттап жатыр, риза болғандары да жетерлік. Оншама қыскартпай, барынша түтел басу мәселеісімен байланысты Хамза Есенжановқа жіберілді. Ол біздің редколлегия мүшесі фой. Оның үстіне ашы шындықтың алдында еттеп жүрексіну де болады фой. Өзіңе белгілі, шындықтың жарып шыға беруі — белгілі жәйт...

Қорықпа, бәрісі де менің өзіңе айтқан пікірімдей болып жатыр. Біле білсөң, мұның өзі — жарты қуаныш.

Есен-сау бол, тағы да хабарлармын, үй ішіне менен сәлем, Мұқағали. 14/XI-67 ж.

R.S. Жалпы, жазғандарыңды жинақта да, жазға кел. Біріншісіне қол тигізбе!".

Мұқаңның жанашырлығы, ағалық қамқорлығы әр хатынан ашық аңғарылады. Үмітімді үздірмей, үнемі дем беріп отырады. Көп кешікпей тағы бір хат алдым. Эдептегідей,

оны да: "Бексұлтан! — деп бастапты. — Халдерің жақсы ма? Үй ішке менен сәлем.

Екінші сөз — повесінді Есенжанов оқыды. Оның пікірі — алдыңда. Қалай істесек абзal? Менімше, қысқы демалысында келесің ғой деймін. Келіп, қалай даярлап, қалай жіберуімізге қатысқаның жөн ғой деймін. Хабарлас.

Сәлеммен Мұқағали.

P.S. Есенжановтың мына пікірін жоғалтып алмай ала кел, ол түбінде керек болады".

Бұл хат, сірә, 67-жылдың күз айларының бірінде жазылған болар. Хатты алғанда, Хамзекеңнің пікірін оқығанда, қандай қуанғаным есімде. "Бітті, менен жазушы шығатындығы анықталды. Енді құдіктенбеуге болады", — деген сезімнің құшағында жүріп, Хамзекеңнің сол пікірін көшіріп те алмапшын-ау!

Хамзекең пікірін Рахметолла Райымқұловтың атына жазыпты. Ол кісі "Жұлдыз" журналының проза бөлімінде істейді екен. Хамзекеңнің мені: "Бұрыннан жазып жүрген адам болуы керек", — дегені әсіресе қуантты. Повесті жариялау керек дей тұра, бас кейіпкер тым көп күйеуге тиеді екен, соны азайтса деген ыңғай таныттыбы.

Қысқы каникулда Алматыға келдім. Мұқаң онда Интернационал көшесіндегі 129-үйдің 20-пәтерінде, ұмытпасам, Жұмекең Нәжімеденовтің отбасымен ортақтас тұратын.

Мұқаңның "Капиталды" астын сыза мұқият оқып, Дантенің "Құдіретті комедиясын" аударып жатқан кезі екен. Ойлап отырсам, менің жеке үтеге дербес қонақ есебінде алғаш сыйын мейман санаудым да сол Мұқаңның үйінен басталыпты. Мұқаңның Карл Маркс пен Данте жайында біраз әңгіме айтқаны еміс-еміс қана есімде. Ақынның анасы мен әйелі дастарқан устінде көп әңгіме айтпады. Нариман шешеміз берін Лашын жеңгеміз ет асып, жақсылап күтті. Мұқаңның жұмыс кабинетіндегі диванға үйқап шықтым.

Повестің атын "Кінәлі махаббат" деуге келістім. "Күнәлі" дегенді бәрі, әйтеуір, ұнатпады. Жүрнал бірінші бөлімін ғана басатын болды. Мен оған да қуандым. Ақын адамның үйінде болып, өзімен емін-еркін сөйлесудің өзі де маған аз қуаныш емес еді.

Ақырында "Кінәлі махаббаттың" бірінші бөлімі жеке повесть тәрізденіп "Жұлдызың" 1968-жылғы 5-нөміріне шықты. "Тірі болсам, жариялатам", — деген уәдесін Мұқаң осылай орындады.

"Жақсы шығарма қайтсе де жарық, көреді", — деп жатамыз. Солай солай да шығар. Әйткенмен өз жағдайымды ойлап қарасам, егер Мұқан болмаса, мен екі жыл бойы редакция адамдарымен табанды түрде байланысып, повесімнің жариялауға жарамды екенін дәлелдей алмаған болар едім. "Баса алмаймыз", — десе, баса алмайды екен деп құдerà үзер едім. Бақытыма қарай, күтпеген жағдайда алдыннан Мұқағали Мақатаев шығып, маған қамқорлық, жасауға міндетті адамнан бетер бейнетіне төзіп, алғашқы шығармамның баспасөз бетінде жарық, көруіне асқан табандылықпен көмек жасады. Оның сол ағалығын тәлейіме жазылған үлкен сәттілік санаймын.

Бір сәттілікті еске ала отырып, екінші сәттілігім жайында айтпай кетуім өз көңіліме кінәрат секілді. "Кінәлі махаббатым" журнал редакциясының тартпасында жатқан кезде, екі әңгімелемді бірінен соң бірін облыстық "Жетісу" газетіне өзімді көрмей-білмей-ақ жариялад жіберген тағы бір ақын Бекен Әбдіразақов ағам болып шықты. Ол кісімен мен кейін, Алматыға келген соң таныстым. Мен үшін ең қуаныштысы: Бекен мен Мұқан бір-бірін шынайы сыйлайтын, пікірлес таланттар екен. Өзара сыйласа білгендер өзгөні де сыйлай біледі гой.

"Кінәлі махаббат" мені мансапқа да жетелеп әкелді десем, қателеспеспін. Жазатын қабілеті бар дегенді естіп, ауылдағылар маған той басқартатын болды. Сөйтіп жүріп, бір күн аукомол қызыметкерінші, дәлірек айтсам, аукомолдың 2-хатшысы болып жүрген кластасымның үйлену тойын басқардым. Сонда мені сол тойға қатысып отырған ауларткомның басшылары да байқалты. Ақырында сол жаз мені аудандық патрия комитеті комсомол жұмысына шақырды. Шілдеде аукомолдың 2-хатшысы, желтоқсанда 1-хатшысы бол сайландым. Сайланар алды Алматыға шақырылып, ҚЛЖКО Орталық Комитеті хатшыларының алдынан өттім. Сол арадағы жағдайдың біраз түсінігін Мұқаңның мына хаты жаман бермейтін секілді:

"Бексұлтан, қолың тимей, асығып, жолыға алмай кетіпсің, қалдырып кеткен хатынан, базарлығынан білдім. Енді өтіп кетті, амал жоқ, әйтпегенде біраз әңгімелесіп, біршама адамдардың мазасын алып, кіріп шықсақ па деп ем. Осында Комсомолдар мен Жазушылар Одағы бірігіп жастардың (жазушылардың) мәслихатын өткізгелі жатыр, январьдың екінші жартысында. Баспасөзден бақылап жүрген шығарсың, тым болмаса Одаққа кіріп, соның жай-

жапсарын да үғынбасың ғой. Есінде болсын, кезінде менен өткен биязы (скромный) адам жоқ, болатын, бұл күнде онымды тыға тұруға тұра келді. Бақсам, әдебиет қана емес, жалпы әдеби өмірден аулақтап, өзінше жұмыртқа басқан ақын-жазушы жоқ, еken... кіріп, қатынасуыңа қақың бар ма, жоқ па, біліп-ақ, кетуің ғой.

Сені шақыра ма, жоқ па деген мәселе мен бүтін (12/I-69 ж.) бір бастыққа кірсем, өуел тізімге жазыпты да, артынан әдірісінді білмей, өшіріп тастапты. "Жұлдыздан" сұраған еken, ол адамның әдірісін білмейміз, әлі қаламақысын да алған жоқ, деген жауап алышты. (Шынында солай ма еді?). Әлгі бастыққа айтып, тізіміне кіргізген болдым. ЦК комсомолда Қалаубек Тұрсынкулов (секретарь ғой) жоқ, еken, командировкаға кетілті. Келгесін оған да хабарлап қоям. Шақыру барып қалар, ала қалсан, бастықтарыңмен ақылдасып, кел, қатынас. Қолыңа қалам ұстатьып, былай жазады деп көрсетпегенімен, өзің тенді құрбыларыңмен танысып, ауызекі пікірлесіп, білгіштердің дегендерін тыңдайсың ғой. Қанша дегенмен де өз республикан мән беріп отырған кәдімгідей мәслихат қой. Тіпті, қызық, та етуі мүмкін. Шақыруын алсаң, барып-келу қарожатын өкімет өзі төлейді.

Өнеуқүнгі өзіңе айтқан повестің бірініші данасын ала кел. Енді оны баспаға өткізейік, менде жатқанша, соңда жатсын.

Енді не айтам, із суыттай хабарласып тұрайық, Есінде болсын, тек қана хабарласып, пікірлесіп тұрайық, басқадай қазақшылықтың қажеті жоқ!

Балаларға, келінгे менен шын сәлем, аман-саулықтарыңа тілекtesпін!

Мұқағали.

12-январь, 1969-жыл".

Жас ақын-жазушылардың тұңғыш кеңесіне шақыру алдым, бірақ келе алмадым. Келе алмағаным — аупарткомның I-хатшысы Шаймұхан Сапиев жібермеді. Сол жылы онғустік аймақта асантын айрықша қатты қыс болды: қар күні-түні жауып, биіктігі белуардан келді; бір қора қойдан айрылып, таяғын ғана ұстап қалған қойшы аз болған жоқ. Аукомолдың I-хатшысы болғандықтан, мен Қоңыролен қой совхозына аудандық өкіл бол бөліндім де, дереку сол шаруашылыққа аттанып кеттім. Алматыға жол қатынасы қындалп, жол бойында адам шығыны да кездесті, соның бәрі мені Алматыға жібермеуге себеп болды.

Комсомол қызметінде жүріп, мен жөнді ештеме жаза алмадым. Оған кіріскенге дейін жазып қойған "Не үшін?" атты әңгімелді ауданға іссапармен келген Сайын Мұратбеков алыш кетті де, Бек Тогысбаевқа тапсырып, "Жалын" альманағына бастырды. 1969-жылдың желтоқсанында ҚЛҚО Орталық Комитеті қызметке алыш, Алматыға келдім. Мұқанмен жирик жүздескен кезім — осы түс. Алайда әр кездескенім бастан-аяқ, әлі есімде, ұмытқам жоқ, деп өтірік айта алмаймын. Есімде қалғаны қалды, қалмаганы ұмыттылды.

Жаңылмасам, екі-үш рет-ақ Мұқанмен бірге ресторанда болдым. Соның бірде-бірінде ол кісі артық ішіп, басы артық, әңгіме қозғаған жоқ. Бірде "Есік" ресторанында отырғанымызда, жабыла бастаған кезі ме екен әлде бос орын болмады ма, ешкімді кіргізбей қойған кезде, қонақу жақтағы темір тордың сыртынан Олжас Сүлейменовтің даусын естіп, Мұқан орнынан ұшып түрегелді. Барып келді де, маган бір бөтелке конъяқ алдырыды. "Үйіне қонақ келіп қалтты", — деді маган мән-жайды түсіндіріп. Олжасты өте қатты сыйлайды екен, маган ұғындыра оның атына біраз жақсы сез айтты.

"Поэзия бітеді, таусылады, — дегені есімде. — Мен әлі сениң егінің түсіп, проза жазам". Деуін дегенмен, Мұқан поэзиясын жазып бітіре алмай кетті. Бірақ проза мен драматургияға поэзиясын бітірмей жатып-ақ, қалам сілтеп байқады.

"Саясатты жазбай болмайды. Әсіреле жас ақын-жазушыға онсыз қыын. Саясатты жазбасаң, сені санатқа ілмейді", — дейтін. Осы ойын екі-үш рет естідім.

Қызып жүретіні, Жазушылар Одағына қызып келетіні болушы еді. ҚЛҚО Орталық Комитетінің қазіргі Абай мен Алтынсарин даңғылы қыылысындағы жатақханасында тұрдым. Бір бөлмеде әйелім, үш қызым және өзім — бес жанбыз. О баста бұл бөлмені Олег Ли деген көріс жігіт екеумізге берген. Ол менің бала-шагамның бар екенін білген соң, өз еркімен бөлмені босатып берді. Кейін мен "Көріс қыз" деген әңгімелді оған да арнадым. Сөйтіп, сол тар бөлмеме Мұқанды қонаққа шақыруды үйғардым. Жалақым 130 сом, ол кез үшін аса жамағ емес.

Мұқанды Одақта (Жазушылар Одағын ақын-жазушылар күні бүгінге дейін осылай атایмыз) жолықтырдым. Қатты қызу екен. Үй көрсетпек ойым бар екенін айттып ем, сәл

ойланғандай сыңай танытты да: "Женгеңе әдірісті жазып беріп кет!" – деді.

Дереу Мұқаның үйіне барып, женгейге әдірісті жазып қалдырым. Бірақ Мұқан да, жеңгем де шақырган күні келмеді. Сірә, демалыс күнінің біріне шақырсаң керек, дүйсенбіде ме екен, жұмыс күні Мұқанды жолықтырдым да, реніш білдірдім.

— "Женгеңе әдірісті қалдыр", – деп ем ғой, – деді Мұқан.

— Бәрін жазып беріп кеттім ғой?

— Женгеңе ме?

— Иә, жеңгеме.

— Ўй, жеңгепнің... – деді де, Мұқан бұрылып қетті. Женгемнің айтпай қойғанын ұқытты да, мен қайтып Мұқана үндемедім. Бірақ, содан кейін о кісіні үйге шақырып, отбасымды көрсете алмадым. Тек шешем қайтыс болғанда көппен бірге келіп көніл айтты. Алтыжеті адам ақша жинап берді, тізімнің басында Мұқан тұр екен. 1972-жылы мен әлі қаланың әдет-ғұрпына үйрене қоймағам, өйтіп ақша жинап көмек көрсетуді білмейді де екем. "Өмірде жаман әйел болса болар, бірақ жаман ана болмайды", – деді Мұқан соңда мені жұбатып тұрып.

Жаңа жылдан кейінгі күннің бірі болатын. Мұқан Одақтың 2-қабатынан түсіп келеді екен. Қызы Шолпан қолынан жетектеп алыпты. Мұқан қатты қызу. Бірдемеге үрынып қала ма деп, есік алдынан бір мәшина жалдадым да, Күләш Байсейітовадағы үйіне жеткізіп салдым. Есікті Лашын жеңгей ашты. Мұқанды үйге кіргізп алды да, есікті тап мұрнымның тұсынан жаба қойды. "Е, мен ішкізіл әкелді деп ойлад қалды-ау!" – деп түйдім.

Мұқан сол үйде тұрғанында, қазіргі Төле би көшесіндегі ауруханада қайтыс болды. Ол жасаған 45 жасты аз деп те, көп деп те айттуға аузым бармайды. Өйткені оның өмірі әлі жалғасып келеді. Құдайға шүкір, жалғаса да беретін шығар.

Оның күшті ақын екендігін көп адам көзі тірісінде-ақ таныған. "Қазына", "Әбділдаға" деген өлеңдері "Қазақ, әдебиетіне" жарияланғанда, гу-гу мақтау сөздің талайын өз құлағымызбен-ақ естігенбіз. Тірінің қадірін тап өлгеннен кейінгідей білу тірі адамға мүмкін емес те болу керек. Қасында жүрген адамның аты, қанша айтқанмен де, қасында жүрген адам ғой. "Қолда барда алтынның қадірі жок, Қолдан шығып кеткен соң өкіндім-ай" дегенді қазақ,

өзіне айтпағанда, өзгеге айтты деймісіз. Кімге де болса анық бағасын өлгеннен кейін ғана, үрпақ беретін болар.

Мұқанды тірісінде мықты ақын деп ең алдымен ең жақын адамдары танымады. Оны таныса, өлеңін оқып, бірақ, өзін көрмегендер мен қасында жүрмегендер таныды. Сүйегін үйден шығарарда, жеңгейдің ағасына, яғни Мұқаның қайнағасына бейіттен қайтқан адамдардың үйге түсетінін, соған ас әзірлеп қою керектігін айтқанымызыда, ол кісі: "Кім келеді дейсің? Ешкім келе қоймас", — деді. Бақжоға Мұқаев екеуміз әлгі кісіні зорға қөндірдік. Кейін, бейіттен қайтқанда, ақсақалымызы Эбділдә Тәжібаев бастап күнірене үйге кіргендерді көріп, әлгі кісі Мұқаның өзі ұқлаған қадірін алғаш аңғара бастады. Мұқанды басқаша тану бетбұрысы дәл сол жерленген күні сол оқиғадан бастады.

Мұқаңмен жұрт Жазушылар Одағының үйінде қоштасты. Топ-тобымен, жекелеп те ел ағылып келіп жатты. Бір кезде әнші Бақыт Әшімова келді. Өзгелер құсан мәйітті айналып өтпелі, тіке Мұқаң жатқан ортага тартты да, кеуде тұсына апарып гүл таstadtы. Таstadtы да, қайта бұрылып шығып кетті. Әлгі қылыш, еріксіз есімде қалды.

Бір кез елден бөлектеу кетіп, 2-қабаттың "Балалар әлемі" тұрған жағына қарай жүрсем, арқасын қабырғаға сүйеп Асқар Сүлейменов тұр еken. Асекең өйтеді деп кім ойлаған: жылап тұр еken. Ерекше мінезді Асекеннен ондай ерекшелік күтпеп ем. О кісі өле-өлгенінше Мұқаның өлеңіне тамсанумен өтті. Бір жолыққанда, Мұқаның бір томдық, тандамалысы шылқалы жатқанын айттым. Мырс етті. "Оның тандамалы емес өлеңі бар ма еді?" — деді бетіме қарап.

Бейітінің басына жылына дейін мұсінін орнатпақ болдық. Мұқаның мұралары жөніндегі Жазушылар одағы комиссиясының жауапты хатшысы болғандықтан, ол іске ептеп мен де арапастым. Комиссияның тәрағасы Эбділдә Тәжібаев ағамызға керекті хаттарға қол қойдырып алдып, со кісінің беделін алдыға салдық. Ақша мәселесін шешудің бір үші Мұқаның туған аулындағы ағайындарға тірелді. Сол арадағы арық, қана, көзілдірікті парторғ: "Мен оның үйінен шай ішіп те көрген емеспін", — дегенді айтқанда, жағамды ұстадым.

Мұқаның қандай ақын екенін білмейді еken, байғұс. Кезінде білмесе де, "Осы жұрт неменеге оны осынша мақтап жүр? — деп, оңашада оның кітабына бір қарап та алмапты. Алайда мәселені ондайлар шешкен жок, халық шешті. Халық Мұқанды қалтқысыз таныды.

Мұқаңның соңында қалған шығармаларын реттеп, баспаға ұсыну үшін үйіне Бақжоға Мұқәев, Нұрлан Оразалин үшеуміз бардық, Алған әрбір өлеңді дәгтерге тізімдел жазып отырдық, жоғалып кетпесін дег сақтаңдық, Лашын жеңгеміз: "Бары осы", — дег қолжазбаларын алдымызға жайды.

Сол біз жинақтаған өлеңдері кейін "Өмір-өзен" деген атпен "Жазушы" баспасынан 1979-жылы жарық көрді. Бірақ біз ұсынған өлеңдер түтел шықпады. Редакторы, басқасы ол жинақтан алған қалған біраз өлең кейін 1984-жылы "Шолпан" деген атпен "Жалын" баспасынан жарық көрді.

Кейін Мұқаңның қунделігі табылды. Бірақ қунделігінің көп жерін біреулердің жыртып тастағанын көрдім. Жаңа өлеңдері де шетінен табылып жатыр. Кезіндегі Мұқаңның өлеңдерін де редакциялағандар больпты, соларды қалпына келтіру керек деген оқырман хаттарын да оқыдым. Мұқаң тіршілікке әлі араласып келеді. Оның өзі өлгеннен кейін пьесасы да қойылды, проза кітабы да шықты. Оның "Хош, махабbat" пьесасының сахналық жолын ашқан досым Дулат Исабеков болды. Мәдениет міністірлігінің репертуарлық алқасын басқарып отырганында, маған біраз жерін өзгертуірді де, репертуарға қабылдап жіберді. Кейін оны Әуезов академтеатры қойды. Сөйткен Мұқаң Мемлекеттік сыйлық, ала алмай қалды, бірақ бүкілхалықтық сыйға ие болды. Оның 60 жылдығын жалпы қазақ мақтанышпен тойлады.

Оның атағын қызғанғандар, әрине, болды. Оның ақындығын айтудың орнына, ішкенін, кезінде Жазушылар Одағының мүшелігінен, партия мүшелігінен шығып қалғандығын баса айттып, сол арқылы сыйлықтан, абырайданқтан қаққылары келген әркім-әркімнің жаман әрекеттерге барғаны белгілі. "Бұл сыйлықты сонда өлгендердің сыйлығы қыламыз ба?" — дег на мыстанғансып, "Ішіп жүрген адамға сыйлық бергенімізде не тәрбие болады?" — дег адальынған адамдар бұрынғыдай батырлықпен айқайлауларын қазір тоқтатты. Өйткені Мұқагалиға қарсы болу халықтың өнеріне, қазақ халқының өзіне қарсы шабу екенін олар да анфара бастады.

Мен Мұқагалидың тірлігінде болмаса да, өлгеннен кейін-ақ бақытты қазақ болғанына қатты қуанамын. Оның аты, өлеңі жалпы жақсы қазақтарды біріктірді, әлі де біріктіруде. Оның үлкен бақыты — осы.

## АҚ САҒЫМДАЙ САҒЫНЫШ

Алып таудан алыстаған сайын оның зор еңсесі анық аңғарылары бар. Күні кеше ортамызда жүрген, жалынды жырларымен, ғажап таланттымен "пенделердің" көңгіліндегі қызығаныш отын өршіткен ақын ағамыз Мұқағалидың арамыздан кеткеніне де 16 жыл болыпты, туганына 60 жыл толыпты дегенге де сенгің келмейді. Егер ол жарық дүниеде бар болса, өмірінде көп көрмеген қошеметті, сый-сияпatty осы жолы көрер ме еді, көрмес пе еді...

— Күндердің күнінде мен туралы сендер айтатын боласыңдар. Айтасыңдар әлі. Және дә талайлар мойындаиды. Эрине, мені емес, таланттымды мойындаиды. Мен бұған сенемін, дер еді Мұқаң шабыгты бір шағында.

Қашанда жақсыдан ажырап қалып, жүйріктен адасып барып жоқтайтын халықтың ғой. Енді міне, ақын өміріне байланысты ойымызда жүрген мөлтек сырды өз замандастарымызға боямасыз жеткізсек дейміз. Кейде қайсыбір жастардың Мұқағали жайлы тым жалпылама, оны айтасыз, қоспасы бар жасанды әңгімелер айтқанын естігенде, өзегіме от түскендей болады. "Шіркін-ай, деймін. Өзге арқылы орайын тауып өзін көрсетуге тырысу дейтін пәле бізге қайdan жұқты?!"

Ауызекі әңгімелерде көбіне ақынның еркелігі немесе тентектігі, сусын-шарап жайы көбірек сез болады. Ал Мұқағалидың ешқандай оку орнын бітірмей-ак, терен білім жинағаны, шалғайдағы ауылда өссе де орыс тіліне соңшалықты жетік болып, сол арқылы әлем әдебиетінің жауһар мұраларымен сусындағаны жайлы ескерілмей жүр. Мұқағалидың жастарды жаңындаі жақсы көретіні, оларға сенегіні, соларды мият тұтатынын айту жағы кемшін. Кейбір жап-жас азаматтар: "Мұқаңмен бірге сыра ішкенде..." деп бөсіп тұрғанда, "сені сол киелі ақынның аруағы үрсын" дегім келіп кететінін несіне жасырайын. Өйткені Мұқағали өзінен кейінгі інілеріне арақ-шарап ішуді емес, адал өмір кешуді, ары үшін жаңын беріп күресуді үйреткен ақын. Ол азулылармен алысқанда да ары мен нағызын қорғап алысқан болатын.

1967-жыл. Алматыға оқуға бармақшымын. Астанада ең болмаса етene жақын бір туысымның жоқтығын ойлад,

қатты қысылып жүрдім. Аудандық газетте істеп журген кезім. Мен істейтін бөлімнің менгерушісі, Мұқағалидың ауылдасты, ақын Еркін Ібітановке жағдайымды айттым.

— Эй, бала, — деді Еркін, маған тілдей қолхатты ұстатьш жатыш,— Алматыда Мұқағали деген ағаң бар. Мұнда мекенжайы жазулы. Жастарды жанында жақсы көреді. Менен сәлем айт. Ар жағын көрерсіндер.

Бұрын бірер жыр кітабын оқып, көрсем деп армандаپ жүрген ақын үйінің табалдырығын тұнғыш рет аттап тұрмын. Ол кезде Мұқаң Интернационал көшесінің 129-үйінде бірінші қабаттағы 20-пәтерде тұратын. Есікті Laşын женғем ашты.

— Мұқағали, сені бір бала шақырып тұр...

Ар жақтан кең жауырынды, бүркіт қабакты, нарттай қызыл шырайлы, алыш дәнелі ақын келе жатты.

— Ассалаумагалейкүм, аға.

— Эй, мынау ауылдың баласы-ей. Әлейкумсалам. Қане, кір бері...

Қысылып-қымтырылып отырып Нарынқолдан келгенімді, бір жыл аудандық газетте қызмет істегенімді, мына қолхатты Еркіннің бергенін айттым.

— Жігіт. Бір жыл қызмет істедім де. Ал енді ауыл жайлы айтты: Әлеkeң қалай? (Мұқағали аудандық газетте істегендеге тұнғыш өлеңін жариялаған редактор Әлнұр Мейірбеков) Еркін жалқау не істеп жатыр? Насыбайлын ата ма? Жайлау сәніне кіріп-ақ тұрган шығар, ә? Қайран, Шалқөдем-ай!..

Жағын таянып ойланып, үнсіз отырып қалды.

...— Сөйтіп журналист боламын де. Бола ғой; Сендердің болғандарың керек маған. Әлде кімге пәре беріп шабылма. Білімің жараса түсерсің. Жолың болмаса қайтарсың ауылға. Ана редактор Мейірбековтерінің өзі бір университет қой. Көп оку керек, бала. Оқитын кезің осы кез. Алдымен құдайға, одан кейін өзіңе ғана сен. Ұқытың ба?!

Мұқаңның кеңесі бойынша университеттің қайды екенін, документтерді кімге қалай өткізетінін төлтіштеп біліп алдым.

— Сонымен, бауырым, erteң сағат 11 шамасында университеттің Киров көшесіндегі бас корпусында кездесейік. Сол жерде ақылда самыз, — деді.

Айтқан уақытта, айттыған орында табыстық, Мұқаңның жанында екі бетінің ұшы алмадай қып-қызыл, қаймақ, ерін, сап-сары жігіт тұр.

— Кәне, танысып қойындар, мына баланың аты —

Кеңшілік. Эйбет ақын. Тек окуы озбай жүр зәнталактың. Бір түседі, бір шығады. Тағдыры қызық өзінің.

Кеңшілік ырсылып күледі. Ұялған болады. Сейтіп екеуміз таңысып та ұлгердік. Қабылдау комиссиясына документтерім де өтіп кетті. Мұқаның үйіне қарал жаяу келе жатырмыз.

— Эй, балалар, — дейді Мұқан.— Екі жағымда келе жатқан екеуің бейне менің қос қанатымсыңдар. Ендеши, неге үшпаймын мен бүгін!

Салқын бақ арасында сәл бой жазып отырып, Мұқагали ақын жаңадан ұлken дастан жазып біткенін ерекше бір мақтанышпен айтты.

— Эй, айтпақшы, әлгінің аты "Қос қанатым менің". Ой, алла-ай, сүмдыш, тез жазылды.

Әңгімеге әлгінде ғана таңысқан сары жігіт араласты.

— Мұқа, қос қанат дегеннен гөрі қанаттарым менің десеніз қайтер еді? Алғашқыныз біргүрлі сияқты.

Мұқаң селт ете қалды.

— Айттым фой. Мынау — ақын. Тауып отыр. Шынында да қос қанат дегенді орысшаласаң суренсіз болып шығады екен, ә? Қанаттарым менің, — деді ерекше бір сүйсініспен.

— Сендер сыра ішіндер. "Ақын ішеді" дегенге еліктеудің кек тыынға қажеті жоқ. Мен ішсем іс тыңдырып, өз отыма күйіп ішемін. Сендерге не жоқ! Арақ, не тендерің! Кітап оқындар. Өздерінді өзгелермен салыстырындар. Осал жерлерінді іздендер!..

Ақын нөсер алдындағы бұлттай түйіліп, алабұрттып отыр.

\* \* \*

Мұқагали ақынның "Дарига-жүрек" кітабы шыққан жыл. Тағы да ауылдан келем. Мұқанмен Жазушылар Одағының алдында күтпеген жердей ұшырастық. Сәл бір нәрсеге тарыққандай, әлдекім намысына тигендей бұырқанып түр екен.

— ...Шіркін-ай! Қайран ауыл-ай! Қарасазым-ай?! Сағынғаным-ай! Ауыл жайлы әңгіме айтшы, — дейді.

Мен бірнеше кітап дүкендерінен "Дарига-жүректі" таба алмаганымды айттып, үйде бар болса біреуін бермейсіз бе деп қолқа салдым.

— Осы ел өзімнен қашады. Кітабыма ~~неге~~ сонша құмар, ә! Көніліңе алма, бала. Саған айттып тұрганым жоқ, Сен сияқты құлыншақтарыма тауып беремін. Жердің астынан болса да табамын. Жүр, кеттік, — деді.

Бас почтаниң тұсынан өте бергенде қаршығадай шағын денелі, мұрнының астында ғана титімдей мұрты бар, басына берет киген өні сұстулау бір кісі бізге қарай жүрді.

— Эй, Мұқаш! Мұқашым-ай! Бағың бар жігітсің ғой. Құдай біледі ауылдан інің келіп, өрісің кеңіп, жайылымға шығып барасың, ә шіркін, — дейді әлгі кісі.

— Қойшы осы сен, Тоқа. Жұдыштықтай бала ғой, қайдары жайылымға апарып жарыттар дейсің. Маган кітап тауып бер дег жабысып тұрган жоқ, па.

Жаңағы өні сұсты, ноқат мұртты кісі — Тоқаш Бердияров еken. Неге екенін қайдам, Мұқанұның әлгі жерден тез кеткісі келді. Ал әлгі адамның қалғысы жоқ,

— Эй, Мұқаш! Күн болса ыстық, Жоқты іздемес бұрын алдымен сусын ішіп алғандарың жөн шығар, — дег астарлы әзіл тастады.

— Сусын ішетін теңінді тапқан екенсің. Бала ғой бұл деген. — Пастер көшесіндегі (қазіргі Мақатаев) көк базардың қарсысындағы бір кітап дүкеніне кірдік. Сатушы — қазак, қызы еken. Жап-жас. Қос бұрымы иығынан төгіліп тұр. Өні де соңшалық, жып-жылы. Мұқан әлгіге жақындал келіп:

— Қалқам, Мақатаев дегеннің “Дарига-жүрегі” бар ма? — деді.

— Елу шақты дана түсіп еді, бір-ақ күнде етіп кетті, аға. Бұдан бұрынғы кітaby да сейткен дейді, осында менен бұрын істегендер.

— Ең болмаса бір талы жоқ, па? Өздеріңе қалдырғаны болса да берші біреуін мына балаға.

— Үшеуміз үшеуін алғанбыз. Үйге апарып тастадық, аға. Оны қайтарып бере алмаймыз. Кітапты оқып көрсөніз ғой! Қандай гажап.

Ақын біртүрлі нұрланып кетті. Қуанып тұрган сияқты.

— Ойпир-ай, ә. Онда әлгі Мақатаевың тәп-тәуір ақын болды ғой, шырақ?..

Артынан мәз болып кеп күлді-ай дейсің. Қыздар аң-таң.

Мұқан дүкенші қызға жақындалады. Құлағына бір нәрсе дег сыйырлайтын сияқты. Қыз жақындалайын десе, үялыш, жақындалайын десе әбес болар дег аңтарылып қалды.

— Келе ғой, қалқам. Ақ, қозыңдай болған көркінен айналайын. Бұрымныңды құма. Мақұл деші. Қимай-ақ, қой. Әлгі Мақатаев деген ағаң мен боламын, шырагым.

Сатушы қыз аузын ашып, таң-тамаша қалды.

— Жүр, кеттік. Басқа жақтан іздең көреміз. Райымбек атаң жатқан көшедегі кітап дүкенін білуші ме ең?

Не керек, уш-төрт жерге барып жүріп "Дарига-жүректі" және біраз жақсы кітаптар таптық,

Енді ойлап қарасам, алыш ақынның жүргегі баладай нәзік екен рой. Егер ол мансаптың құлы болса қайдагы бір ауыл баласымен жарты құн өүре болар ма, кім білсін, өзінің өлеңін қадір тұтқан адамды ардақтаң өтуді парыз санаңды ма екен.

\* \* \*

Есте қалатын тағы бір кездесу Нарынқолда болып еді. Күз кезі. Автостанция маңы. Мұқанғының қаладан келген беті екен. Шаршаңқырағаны байқалады. Әлде бір танысын іздегендей, әр жаққа жанарын қадап түр екен. Әдейі барып амандастып жатырмыз.

— Эй, балалар! Әлгі менің бажамды білесіңдер рой. Кезімбеков Дігәрбекті айтамын. Соның үйіне жеткізіңдерші мені.

Екі-үш жігіт ақын ағамызға ілесіп, көше бойлап келеміз. Төрт жолдың қызылысындағы жолымызды кесіп бір әйел өтіп бара жатқан. Мұқаң шарт бұзылды.

— Эй, қатын!.. Кеспе жолымды! Атаң қазақ, бола тұрып, үш бірдей жігіттің алдын орайтын кім едің! — дегенде әлгі әйел состиш тұрып-ақ, қалғаны. Не өтерін, не кетерін білмей еси ауды бейшараның. Әлгінің алдын кесіп өтіп бара жатып ақын тағы да жалт бұрылды.

— Қатты айтты деп сөкпле, шырак, Ата салтын сақтау керек. Өзің сияқтыларға айта жүр, — деді де жүріп кетті.

Осы сапарында ол аудандық газетте істеген кезде редактор болған Әлнұр Мейірбековтың, туған бажасы Дігәрбек Көзімбековтың, басқа да ағайын-туыстарының үйінде болып, аунап-кунап қайтты...

\* \* \*

Арада айтулы жылдар, айлар өткеннен кейін Мұқағалидың қатты сырқаттанып жүргенін Еркін Ібітанов ағадан естідік. Ақыры 1976-жылдың 27-наурызда жалған дүниенің жарығымен қоштасқан ардақты ақынға ақырғы рет қош айттып, бір уыс топырақ салуға тұра келді.

Иә, өлең үшін өмрімен де, кеудесі өр, көңілі көр кейбір "пенделермен" де куресіп өткен ғажайып ақынның қай қырын айттып тауысарсың. Мұқағали туралы ойлағанда

Оның еркелігі мен тентектігі ғана емес, Қарасаздың Қарасуындағы мөлдірлігі, қазақ даласындај жомарттығы, баладай сенгіштігі, намысына шоқ түссе, жолбарыстай атылар айбаты, арлылығы, әсіресе өзінен кішілер алдындағы инабат-ізеті алдымен есіңде түсіп, жан-журегінді елжіретеді. Бәрі жақсы аға, арқалы ақынға деген сарыныштан болар...

## **ТӘУЕКЕЛДІҢ ЖЕЛКЕНИН КӨРГЕН...**

*"Лениншіл жас"!.. Қазақ баспасөзі қара шаңырактарының бірі ғана емес, бірегей! Осынау жастар басылымы шығармашылық ізденистер мен батыл сынақтардың (эксперименттер) мектебі болды десем қателестептін. Тағдыр менің маңдайыма кәсіби қызметімді осынау қара шаңыракта бастап, оның ғажайып мектебінде 14 жылдан дәріс алу бақытын жазған екен.*

*Өзі жастар басылымы болғандықтан әрі үжымында жас журналистер жұмыс істегендіктен болар, әйтеуір "Лениншіл жаста" шығармашылық батыл қадамдар жиі жасалатын. Тым тәуекелшіл істер еш кібіртіксіз еркін атқарылатын. Өзім күә болған соңдай тәуекелшілдіктің бірі жайлы айта кетсем деймін...*

Бір күні бөлімге мені іздеп кинорежиссер Серік Айтбаев келді. Деректі фильмдер бойынша маман екен.

— Мұқағали ақын жайлы деректі дүние түсірсем деген ойым бар. Сценарий авторлығына сізді таңдал отырмын, — дейді жаңа ғана танысқан қонағым.

— Неге? — деймін таңғалысымды жасыра алмай.

— Мұқаңның поэзиясы жөнінде біраз рецензияларының оқыдым. Тақырыпты сіз жақсы түсініп, аша алатын сияқтысыз, — деді режиссер.

— Ол бар болғаны Мұқағали аға поэзиясын менің жеке қабылдауым ғана рой. Ал деректі фильм үшін маған нақты дүниелер керек емес пе? — деп қашқақтаудамын.

— Ол жағынан қам жеменіз. Менің қолымда керемет бір нәрсе бар. Соны дұрыс іске асыра білсеңіз болғаны.

Сөйтті де Серік Айтбаев қапшығынан бір қалың дәптерді шығарды.

— Мұқаңның күнделігі!!! — деді ол аса салтанатты үнмен.

Қолыма алып парақтай бастадым. Өзі көзіме өзім сенер емеспін. Ұлы ақынның өз қолтаңбасы... Кесек те түйдек-түйдек ойлар... Біртүрлі көnlім алабұртып, ерекше толғанысты күйге түстім.

— Бұл нағыз шедевр рой! Қолыңызға қайдан, қалай түсіп жүр?!

— Лашын апайдан алдым. Кино түстірмек ойымды айтқан едім...

— Сіз білесіз бе, менде мынаңдай ұсыныс бар. Әуелі

бұл дүниелерді біздің газетімізге жариялайық, Яғни, халықта ортақ дүниеге айналсын. Содан ары қарай сценарий әңгімесін келісе жатармыз.

— Сіз кешіріңіз. Мен бұл дәптерді сізге дәл қазір үстатьып кете алмаймын. Лашын алаймен келісімім бар еді. Өз қолына тапсырайын. Кешіктірмеуге тырысамын. Апарып берген күні сізге хабарлап, айтармын.

Режиссермен қош айтыса салысымен Уәкеңнің, "Лениншіл жастың" сол кездегі редакторы Уәлихан Қалихан кабинетіне қарай құстай үштүм.

— Осылай да, осылай...

— Жақсы, егер сен шынымен ол дүниені қолыңа түсірер болсаң, тоқтатпастан бірнеше нөмірге берейік. Алысымен тіке маған келерсің.

Содан арада әрқайсысы аптаға, тіпті айға бергісіз бірнеше күн өтті-ау, зарықтырып. Режиссер сезінде тұрды. Лашын жеңгейдің қолына табыс ете салысымен телефон шалып тұрғанын жеткізді, келесі күннің, яғни жексөнбінің кешінде Лашын жеңгейдің үйінде, Мұқағали ақынның қара шанырағында отырдым.

Күнделік дәптерді жеңгей маған табыстар кезде ол кісінің қасында жұмсақ, жымып қойып, Мұқаңның сүйікті перзенті Шолпан отырды.

Тысқа шықтым. Куанышым қойныма сыяр емес. Күнделік салынған қапшырымның сыртынан әлсін-әлсін сипалап қоямын. "Жоғалтып алмасам екен" деген қауіп те жоқ емес. Үйіме жетісімен бас алмaston оқып, жақсылап танысып шықтым. Шамамен 80-90 пайыздайы орыс тілінде жазылған екен. Кейбір беттері жоққа ұқсайды. Бірақ барының өзі керемет! "Күнделікті міндетті түрде Шолпанның атынан жариялауымыз керек. Маған аманатқа табыстағандай болды рой. Ұлт рухын биіктететін осындаі іске атсалысқанымның өзі үлкен бақыт емес пе! Өз атымды еш жерде көрсетпей-ақ, қояйын" — деген ішкі ойыма ә дегеннен-ақ, бекініп алғанмын. Ал келесі күні таңертең ол жәдігерді Уәкен параптап шықты да:

— Дайындал үлгерсөң, тездеп берейік. Бүтін алта басы рой, — деді ойланған.

— Бұл жерде аудармашының шеберлігі мен жылдамдығына көп нәрсе байланысты болғалы тұр, — дедім мен күнделіктің тіл ерекшелігін аңғартып.

Екеуара ақылдаса келіп, сол тұста кезекті кітабын

жазбаққа, шығармашылық демалысқа шыққан көрнекті жазушы Бексұлтан аға Нұржекеге қунделік аудармасы туралы қолқа салуды жөн көрдік. Жеке шығармашылық жазуынан ол кісінің қолы оңайлықпен босамайтыны аңғарылып тұрды. Алайда, Мұқаның жазбасын аттап кете алмасы да белгілі еді.

Жәдігер тым көлемді болғандықтан, тек таңдаулы тұстарын ғана аударып, газетіміздің әрі кеткенде үш нөміріне көлемді етіп жариялауға үйғарыстық, Арасын үзбей, қатар нөмірлерге бермекшіміз.

Уағдаласқан дүйсенбі күні-ақ, Бексұлтан аға аудармаға кірісіп кетті. Бұрын ойлаушы едім: "Жұмысы күйіп-жанып жататын газет журналистері ғана шапшаң жазуға көндіккен болар" деп. Оным бекер екен.

Күнде таңертең өзі қызметке келісімен Уәкең редактор көлігін маған береді. Салып-ұрып Бекенің үйіне жетемін. Ол кісі бір нөмірлік аударманы қолыма ұстата қояды. Шала үйқылы бол аударғаны жүзінен көрініп тұратын. Содан Айзаш жеңгейдің ұсынған таңғы шайына да мойын бұра алмастан, нан ауыз тие салып, редакцияға қайта шапқылаймын.

Жауапты хатшы Ерғали Сағат ең жүйрік деген машинкашы қызды осы жұмысқа арнайы босатып қойған болатын. Дереу "диктовкаға" отырамын. Сабаздың шапшаңдығы сонша, жазу машинкасының түймешіктеріне қарамастан, зырылдатып баса беретін. Эйтеуір тексті үлгеріп оқып отырсаң болғаны. "Әй, зырылдатуына қарағанда, талай қате кетті-ау, шркін. Қайта жөнделеп, әуреленетін болдым-ау" деген оймен бөліміне кірісімен су жаңа тексті оқи бастадым. Бірлі-жарым болмаса, қате жоқ, Риза болмасқа амалың қалмайды екен.

Ал жауапты хатшы бастаған секретариаттың жігіттері болса, макеттерін өзірлең, Мұқагали ақынның соны суреттерін іздестіріп, зыр қағып жүргендері.

— Текстіңіз өзір болса, "досылмен" жіберейік, — дейді маған "макетші" жігіттер пысықтай түсіп. Редактордың орынбасары Ержұман Смайыл болса, баспахана терімшісімен алдын ала келісіп қояды. "Шұғыл материал барады. Қиналмай баса қойындар", — деп.

Бір нәрсені ескерген жөн: ол кезде газетті қазіргідей компьютермен теретін заман емес. Терімнің бәрі кәдімгі баспаханалық қара темір арқылы атқарылатын. Яғни, жұмыс

ауыр да күрделі еді. Бірақ, сүттей ұйыған шығармашылық, ұжым қызметкерлері оның бәрін оңайлатып жіберді.

Осыншалықты аукымды іс, бір қарасаңыз өзінен-өзі, оп-оңай-ақ, бітіп жатқан сияқты. Себебі, ол істі атқарып тжүргендер бірін-бірі жарты ауыз сезден түсінісп, бірінебірі көмектесуге ұмтылып тұратын шығармашылық, ұжым мүшелері еді.

Мен сол жолы анық түсіндім: табысқа жеткісі келетін ұжымның "важтерынан" бастап, бірінші басшысына дейін іскер, талантты әрі керемет ұйымшыл болуы шарт.

Содан не керек, мысалы сейсенбінің таңындаған қаламмен жазылған қолжазбасын қолымызға ұстасып жіберген Бексұлтан Нұржеке келесі күнгі таңертенғі газетімізден көрнекті жазушы Эбіш Кекілбайдың "Алтын қаламды ардақ ақын" деген алғысөзімен ашылған әлгі аудармасын оқып отырды. Күнделіктің тақырыбын "Махаббаттан — парасатқа" деп қойдық, Мұқанұның өз сөзі еді...

Ал аса құрметті оқырманымыздың қуанышында шек болмады. Күнделіктің алғашқы бөлімі шыққан күннен бастап телефондарымыздан маза кетті. Тағы қанша нөмірге шығармақшысыздар? Келесі бөлімдері қашан жарық көреді? Күнделікті тұтас бересіздер ме? Мұқанұның мұнданай күнделігінің бар екенін бұрын қалай білмегенбіз?" деген сауалдар қаршы борал кеткен болатын.

Келесі күні таңертен Бексұлтан ағаның қолынан жаңаған нұктесі қойылған кезекті аударманы алыш, редакция-мызға жетісімен машинкашы қызға қарай тағы да асырып бара жатырмын. Жазушы ағанын үйі мен редакция арасы кішігірім сүрлеу жолға айналды десе болғандай. Өстіл төрт-бес күн жанталастық-ау. Осынау жәдігер дүниеден үзіндіні "Лениншіл жастың" 1988-жылғы 20, 21, 22-қаңтар күнгі сандарында жарияладық. Түйін сезімізді жазып, күнделікпен толық, таныстыру алдағы жылдардың еншісінде екенін айтып, қалың оқырманымызға сүйіншілей жар салған бұл шаруамызды да осылайша аяқташ шыққан болатынбыз.

"Лениншіл жаста" жарияланған сол мәтіндердің негізінде ақын күнделігі кейінрек жеке кітап болып, бірнеше мәрте басылып шықты. Алайда, аударма мәтінінің "Лениншіл жастан" алынғаны көрсетілмеді. Бәлкім, әлемдік баспа ісінде сондай мәдениеттің бар екенін біздің баспағерлер білмеген де болар? Айту қын... Ал жылдар ете келе күнделіктің толық мәтіні де жинақталып шыққан болатын.

Айтпақшы, тәуекелшілдік демекші... Аудару барысында Бексұлтан аға тарарапынан мынаңдай ұсыныс айтылды.

— Мұқан ғұл дүниесін еріккенен орысша жазбаған болар. Ой қандай, орысша тіл қандай! Осы қырын оқырманы танысын. Біраз орысша ой оралымдарын белгілең қойдым. Құнделіктің кей тұстарын сол орысша күйінде берейік.

Дереу ақылдаудамыз. "Қалай болар екен? Республикалық қазақ тілді үлкен газеттің аракілдік болса да орыс тілінде мәтін басқаны қандай болмақ? Қос ЦК не дейді? Ең бастысы, оқырман қалай қабылдамақ?" Ойлар толастар емес...

— Несі бар, тәуекел етіп көрейік. Мәтін мықты. Сондықтан өзін-өзі актайды ғой деп ойлаймын, — деді Уәкен. Қалай болғанда да шешуші сез — редакторда. "Тәуекелді өз мойнына алып отыр ғой. Орысша барса, барсын, бәлкім оқылар", — деген ойға қалдық, Келесі күні біздің бас сарапшыларымыз — оқырмандарымыз: "Мұқағали ақынның орысша жазғаны да білінбейді!" — деп қоңырау шалысты.

— Кейін жылдар ете келе ойға қалатынмын. "Қолымызға тиер-тиместен, күнделікті шұғыл түрде жариялауга неге сонша асықтық, екен? Толық, аудартып алып, асықпай шетінен неге бере бермедік. Соңдай жауапты істің тізгінің қорықластан қолыма қалай алғам?" — деп. Мениң ойымша, оның ең басты себебі: ақын, ақынның осынау қайталанбас жәдігер-мұрасын оқырманға мейлінше тездеп жеткізуге үмттылыс болса керек. Яғни, үлкен тәуекелге бел буган екенбіз. Екіншіден, кәсіби түйсік-дағдының ырық, бермес табиғаты болар?! Нактылай айтқанда: "Басқа басылымдарға мәлім болмай тұрганында, мұндай шедевр дүниені алғашқы бол біз жариялауымыз керек" деген.

Жаратушы берген, ал "Лениншіл жас" қабыргасында одан әрі шындала түскен осы мінезім кейіндері мені талай тығырықтардан алып шығып журді. Бір Аллаға тәуекел етіп бастаған ісімнің, жузеге асқанын көрген сөтте ойыма ылғи сен оралатынсың, Қара шаңырағым менің!

Сені алда әлі талай Тәуекелдер күтіп тұр, "Жас Алаш" — "Лениншіл жасым" менің! 90 деген сен үшін қылшылдаған жігіттің жасыған, мәнгі жасыл бәйтерегім!

"Жас Алаш", N59, 27-шілде 2010-жыл.

## **МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ТУРАЛЫ ЛЕБІЗДЕР**

*Әбділдә ТӘЖІБАЕВ:*

Мұқағали Мақатаев — біздің замандағы ғажайып ақындардың бірі.

Мақатаев атты алып ақындық жарқын жүзіне, миллион адам миллион түрлі пікір пайымдаса да, ешбір кіреуке, көлеңке түспей келешекке қарай керуен түзеп, көшө бермек.

*Мұқаметжан ҚАРАТАЕВ:*

...Арамыздан тым ерте кеткен тамаша ақынымыз Мұқағали Мақатаевтың алғашқы қадамында-ақ, оның аяқ, алысынан айрықша талант иесі екенін аңғаруға болатын еді. Аңғар-маппзы...

*К.В.СКВОРЦОВ:*

Қазіргі қазақ, әдебиеті туралы сөз қозғасам, аузыма ең алдымен, аса ірі ақын Мұқағали Мақатаев түседі. Оның творчествосымен көптен таныстын. Аудармалары діттеген жерден шықтай жатса да, оның ақындық, қуат деңгейі мен парасат өрісі кім-кімді болсын таңғалтпай қоймайды.

*Михаил КУРГАНЦЕВ:*

Мұқағали Мақатаев поэзиясы арқылы қазақ, әдебиетінде өте жарқын, күшті де көрнекті жаңа бір дара тұлғалы ақын пайда болған екен-ау деп те айта аламын. Оның творчествосы біздің бойымызға қуаныш, мақтаныш, рухани құш-қуат құяды.

*Әбіш КЕКІЛБАЕВ:*

М.Мақатаев — адамдар арасындағы, өмірдегі, табиғаттағы жаразтық, пен келісімнің жыршысы. Оның... өлеңдері шын тебіреністен, шын шабыттан, шын құйзеліс пен шын қуаныштан, шын сағыныштан туған.

*Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ:*

Қазақ, жырының аспанындағы аз ғана жұлдыздардың арасынан сенің жұлдызыңды біз оңай танушы едік. Сенің жұлдызың — ең шүгылалы, ең мейірімді жұлдыз.

*Қадыр МЫРЗАЛИЕВ:*

Әдебиетті салынып жатқан ғаламат бір ғимарат, көк тіреген күмбез, сұлулық, сарайы деп есептесек, сен соның талантты тас қалаушыларының бірі едің.

*Зейнолла СЕРИККАЛИЕВ:*

Мұқагали мұрасы, сұлулық, үлгісі біздің бүтінгі иглілігіміз ғана емес, Мұқагали мұрасы, маржан поэзиясы — болашақ, ұрпақтардың да еншісі, қастерлеп-қадірлейтін қазынасы.

# **МАЗМҰНЫ**

## **Аударма**

|   |     |
|---|-----|
| А. ДАНТЕ. Құдіретті комедия.....                      | 6   |
| И.М.ГРЕВС. Данте дастанындағы жаһаннамың құрылышы.... | 166 |
| Анықтамалар.....                                      | 169 |

## **Хаттар**

|       |     |
|-------|-----|
| ..... | 222 |
|-------|-----|

## **Естеліктер**

|   |     |
|---|-----|
| Мұрат ӘУЕЗОВ. Елес жайлы естелік.....                 | 232 |
| Әбділдә ТӘЖІБАЕВ. Шынайы талант.....                  | 236 |
| Нагиман БАТАНҚЫЗЫ. Ойлағанда өзегім өртенеді.....     | 239 |
| Лашын ӘЗІМЖАНҚЫЗЫ. Мәңгілік сырласым.....             | 244 |
| Нұргиса ТІЛЕНДИЕВ. ...Біз осылай табысып едік.....    | 273 |
| Оразакын АСҚАР. Сертіне жеткен ақын.....              | 279 |
| Бексұлтан НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ. Бір ғана поэма жазған ақын.... | 288 |
| Айтакын ӘБДІҚАЛОВ. Ақ сағымдай сағыныш.....           | 306 |
| Нұрлытай ҮРКІМБАЕВА. Тәуекелдің желкенін көрген....   | 312 |
| Мұқағали Макатаев туралы лебіздер.....                | 317 |

**Мұқағали Макатаев**

**ШЫФАРМАЛАРЫ**

**көп томдық толық жинағы**

**V-том**

*Құрастырған — Қуанышбай Қурманғалиев*

*Сарашысы — Үлжалғас Зәуірбекова*

*Техникалық сарашысы және*

*беттеген — Нұргүл Сейдахметова*

Теруге 06.05.13 жіберілді. Басуға 11.07.13 қол қойылды. Қағазы оффсеттік.  
Каріп түрі “Таймс”. Пішімі 84x108<sup>1/32</sup>. Оффсеттік басылыш. Баспа табағы 20.0  
б.т. Шартты баспа табағы 17.0. б.т. Таралымы: мемлекеттік тапсырыс бойынша  
2000+баспа есебінен 50 дана. Тапсырыс № 912. Келісімді баға.

**ИБ № 5125**

“Жалын баспасы” Жауапкершілігі шектеулі серікtestігі. 050009. Алматы  
каласы, Абай даңғылы, 143/93-үй. Тел.: (727) 394-36-40

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан  
басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,  
Алматы каласы, Гагарин д-лы, 93а.  
E-mail: [tpik-dauir81@mail.ru](mailto:tpik-dauir81@mail.ru)

120 95.

**ISBN 978-601-7286-66-8**



9 7 8 6 0 1 7 2 8 6 6 6 8